

Ж. Ж. Жеңіс

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ИРАННЫҢ МӘДЕНИ,
САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Оқу құралы

ӘОЖ 94.3(075.8)
Ж 47

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі
(№1 хаттама 2 қараша 2016 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Р.К. Садықова**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Б.С. Әбжет**

Жеңіс Ж.Ж.

Ж 47 Ежелгі және орта ғасырлардағы түркі тайпалары мен
Иранның мәдени, саяси қарым-қатынастары: оқу құралы /
Ж.Ж. Жеңіс. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 216 б.
ISBN 978-601-04-2163-9

Кітапта ежелгі және ортағасырлардағы қазіргі Қазақстан террито-
риясында жасаған түркі тайпаларының Иранмен жан-жақты қарым-қаты-
настары қарастырылады. Автор осы қарым-қатынастардың рухани және
материалдық нәтижелерін талдап, отандық тарихымыздағы алар орынын
анықтайды.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының шығыстану, тарих, мәде-
ниеттану, дінтану мамандықтары бойынша білім алатын студенттер, ма-
гистранттар мен докторанттарға арналған.

ӘОЖ 94.3(075.8)

ISBN 978-601-04-2163-9

© Жеңіс Ж.Ж., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

КІРІСПЕ

Иран – елімізбен тарихы мен мәдениеті сабақтас, төркіндес, тамырлас ел. Бұл ел тек көрші, отырықшы мәдениеттің ошағы ғана емес, тарихи мұраларымыздың әлі де сырын толық аша қоймаған алтын сандық. Мыңдаған жылғы иран-түркі саяси-экономикалық, мәдени, тіпті рухани қарым-қатынастар тарихы іс-түссіз қалған жоқ. Ирандық отырықшы мәдениет Тұран жерінде өз белгілерін қалдырса, көшпенділер мәдениетінің елестері Иран жерінде көрініс берді.

Қазақстан мен Иран бір-біріне тек Каспий теңізі арқылы ғана емес, мыңдаған жылғы саяси тарих пен мидай араласқан мәдени қатпарлар арқылы да жақын. Бұл жақындық бірде аласапыран жаугершілік жағдайда орнаса, кейде өзара жымдасқан, тығыз өріле байланысқан мәдениет арқылы өрбіді.

Қазақ тіліндегі «наурыз», «астана», «сенбі», «жеке» (парсыша йек – бір), «гүл» (түркіше «шешек») сияқты мен мұндалап тұрған парсы сөздерін былай қойғанда «көмек» (парсыша комак), «мықты» (мих – шеге) сияқты шығу тегі қай тілге жататын күмәнді, ортақ сөздердің болуы қазақ-парсы қатынасы өз бастауын, ортақ аймақта бейбіт-қатар өмір сүрген ерте кезеңдерден алатынына көз жеткізесің.

Осы орайда орта ғасырлар мен қазіргі заманымыз аралығында бірнеше ғасырлар өтіп, сол дәуірлердегі тарихи оқиғалар мен саяси үрдістер ауылы алыстағанмен, олардың салдарларының қазіргі кездегі әсері әлі де аса маңызды. VI-XIV ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстанның кең-байтақ территориясын мекендеген түрлі түркі тайпаларының иран тілдес отырықшы мәдени территорияны жаулап алуы да осы аймақтың саяси-экономикалық, мәдени өміріне айтарлықтай әсер қалдырды. Ирандағы жергілікті бытыраңқы мемлекеттерді бір орталыққа бағындырған түркілер ең алдымен, араб жаулап алуының нәтижесінде мұсылман әлемінде орын алып, кейін қайта үзілген интеграциялық процестерді одан әрі қайта жалғастырды. Мұсылман әлемінде өз мемлекеттерін құрған түркілер, халифат билеушілерінің дін бұзарлығы және оның қол астындағы халықтың әлеуметтік-саяси ахуалына теріс әсер етуі

салдарынан рухани наразылықтар ретінде пайда болған әртүрлі діни ағымдардың саяси әрекетіне тосқауыл болды. Селжүктердің жаулап алулары қарсаңында исламның негізгі мұраттарынан алшақтаған діни ағымдар күш алып, тіпті өз антиисламдық идеяларын ту еткен мемлекеттер (карматтар, исмайлышылар) құрған болатын.

Сонымен бірге түркілер ислам мемлекетінің сыртқы жаулары – Византия империясы, крестшілер, шығыстағы христиандар тірегі – грузин-армян патшаларының халифат иелігіне ауық-ауық ұйымдастырып отырған әскери жорықтарының бетін қайтарып, ислам әлемін сыртқы жаулардан қорғаушылар рөліне де ие болды.

Ирандағы XIII-XIV ғасырларда түркі-моңғол көшпенділері орнатқан Ильхан-Хулагулер билігі де ислам интеграциясының дамуына, ислам құндылықтарының сақталуына, мұсылман әлемінің біртұтастығының беріктігіне айтарлықтай әсер етті.

Алайда нақты тарихи дәлелдерге қарамастан осы мәселені зерттеушілердің пікірлеріндегі бірауыздылықтың болмауынан әлі де түркілер мұсылман әлемінің саяси-мәдени тарихында өздеріне лайықты орнын ала алмай отыр. Кеңестік дәуірде негізі қаланған исламға теріс көзқарас осы түркілердің бүгінгі ұрпақтарын дүниежүзілік ислам өркениеті мұраларынан қол үздіруге итермеледі.

Тәуелсіздікке қол жеткізумен халқымыздың мәдени мұраларын жинақтап, зерттеудің оңтайлы мүмкіндігіне ие болып отырғанымыз шындық. Тарихымыздың зерттелмей, күмәнді мәселелерге өзек болған тұстары да аз емес. Әсіресе кеңестік идеология әсерінен халқымыздың ортағасырлық тарихы тар шеңбердегі зерттеу объектісіне айналып, ортақ түркі бабаларымыздың мекен ету аймағынан тысқары жерлердегі тарихы жете зерттелмеді. Осы орайда халқымыздың мәдениеті мен өркениетіне қатысты осындай мұралардың денін олар билік құрған Иран мен ислам әлемінде мольнан кездестіріп отырмыз. Дегенмен бұл мұраларға ортақтығымызды білдіріп, иемдену оларды терең зерттеусіз мүмкін емес. Осы кезге дейін түркілер өркениетіне, оның ішінде түркілердің тарихи отандарынан тыс аймақтарда түркілер жасаған мәдениетке қомсына қараушылық үрдісі басым болып, түркілерге тек басқа дайын мәдениеттерді

тұтынушылар ғана ретінде қарап, олар билік құрған аймақтардағы мәдениетке түркілер қосқан үлестер де зерттеліп, өз бағасын алмады. Егемендікке қол жеткізумен, тарихи-мәдени мұраларды түгендеу тұсында барша түркі халықтарының ортақ ата-бабаларының жасаған мәдени мұраларын зерттеу аса өзекті мемлекеттік-идеологиялық маңызы бар мәселелер болып отыр. Міне, сондықтан да Түркістан даласында пайда болған көшпелілердің материалдық мәдениет нұсқаларының, мәдени құндылықтары мен дүниетанымдық мұраларының жекелеген элементтерінің олардың өздерімен басып алынған жерлерге, оның ішінде Иранға енуін көрсету – өз өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпай отырған мәселелер.

Мәселеге қатысты тұжырымдар жасап, дәлелдеу сол дәуірлердегі түркілердің дүниетанымына терең талдау жасаусыз күрделі болып қала береді. Осы орайда, зерттеушілер тарапынан жеткілікті түрде зерттелмей, назардан тыс қалған түркілер дүниетанымының ислам дінімен рухани байланысы арқылы түркілердің ислам өркениеті мен тарихындағы алар орнын анықтау жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

XI-XIV ғасырларда Ирандағы түркілік мемлекеттердің негізін қалаушы түркілердің осы аймақтағы саяси, діни және мәдени маңызына арналған біршама зерттеулер бар. Өкінішке орай, бұл зерттеулер түрлі себептерге байланысты сыңаржақ сипатта болып, мәселенің шынайы шешілуіне көп үлес қоса алмады. Мұның басты себебі, *біріншіден*, олар деректік негіз ретінде қарастырған материалдар авторлары – ортағасырлық араб-парсы тарихшыларының денінің түркілерге қатыстының барлығына теріс көзқарасы болса, *екіншіден*, әлемдік тарих ғылымындағы еуроцентристік үрдіс те ортағасырлық түркілер маңызының төмендетілуіне себепші болды.

Жалпы, түркілерге, көшпенділерге деген парсы тарихшыларының көзқарасы өз негізін ирандықтардың дәстүрлі діни сенімі – зороастризмнен алады. Зороастризм діні бойынша дүние жауыздық пен жақсылық, жарық пен қараңғы сияқты қарама-қарсы екі қасиеттен тұрады. Сондай-ақ бұл дін халықтарды да екі топқа бөле қарап, көшпенділерді жауыздық пен қараңғылықтың иесі – Ахриманның халқына жатқызып, оларға қарама-қарсы шаруашылық пен мәдениет формаларына ие

парсыларды ізгілік пен жақсылық пірі – Ахураның сүйікті ұлдарына теліп, қарастырды. Осы көзқарас негізінде бүкіл орта ғасырлар бойы жазылған тарихи-әдеби шығармалардан ирандықтардың көшпенді түркілерге деген қайшылыққа толы көзқарас лебін байқауға болады.

Кеңес дәуірі кезеңінде кеңестік тарихшылар әлемдік пікірлестерімен бірге көшпенділер құндылықтарын белсенді түрде қаралаудан танбады. Л.Н. Гумилев бұл туралы: «Түркілер өз мәдениетін дамытып, оны Қытай, Иран, Үндістан, Византия өркениеттерімен қатар тұр деп есептеді. Осынау өзгеше, дала мәдениеті сүйексінді дәстүрлері мен терең тамырларға ие. Бірақ біз онымен отырықшы халықтың мәдениетіне қарағанда болмашы дәрежеде ғана таныспыз. Мұның себебі, әлбетте, түріктер мен басқа да көшпелі халықтардың көршілермен салыстырғанда дарын-қабілеттерінің кемдігінде емес, олардың материалдық мәдени жәдігерлері – киіз, тері бұйымдары ағаш пен ұлпатастан гөрі нашар сақталатындығында. Міне, сондықтан да батыс ғалымдарының арасында көшпелілер «адамзаттың арамтамақтары» деген пікір де пайда болған. Қазіргі таңда Оңтүстік Сібірде, Моңғолия мен Орта Азияда жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстар бұл пікірді жылдан-жылға жоққа шығарып келеді. Енді көп ұзамай көне түркілердің көркем өнері жайлы әңгіме қозғайтын да күн алыс емес», – деп сәуегейлікпен болжап кеткен болатын. Осыған орай, жас тәуелсіз еліміздің тарихи құндылықтарын қайта түгендеп, тарихи ақиқаттарды қайта қалпына келтіру де оқу құралының мақсаты болып табылады.

I ЕЖЕЛГІ ТҰРАН МЕН ИРАН

1.1. Ерте кезендердегі түркі-иран рухани байланыстары

Еңбегіміздің тақырыбының нысаны ретінде Тұран атауын алуымыздың өзіндік себебі бар. Көшпенді түркілер мекендейтін Еуразияның кең-байтақ аумағы әртүрлі тарихи кезендерде түрлі атауға ие болды. Салыстырмалы бірыңғай этникалық сипатқа ие халықтар мекендейтін бұл аймақ ирандықтар тарапынан да Тұран деп аталды. Ирантанушы ғалым И. Жеменейдің айтуынша, жазба деректерде (араб-парсы деректерінде) түркі халықтарының ортақ тарихы мен мәдениеті ежелгі дәуір – б.з.д. VI-V ғасырлардан бастап б.з. VIII ғасырына дейінгі аралықта «Тұран» деп аталып келді. Ал VIII-XV ғасырлар аралығында ортағасырлық дәуірде «Түркістан» деген атауға ие болды. Түркілер XIV-XV ғасырларда ұлт-ұлысқа бөлініп, бір-бірінен ажырай бастаса да «Түркістан» атауы Кеңес Одағы құрылып, бүгінгі «Орталық Азия» атына ие болғанша аталып келді.

Көне парсы діни жазбаларында, деректерінде Тұран мен Иран көрші жатқан, бірақ екі түрлі мәдениетке – отырықшылық пен көшпенді шаруашылыққа ие ел де, ирандықтар мен тұрандықтар бір тамырдан тарайтын, алайда кейін дәстүр алауыздығына орай бір-бірімен бітіспес жауларға айналған халықтар.

Иран тарихы қазіргі парсылардың арғы ата-бабалары – арийлердің бұл аймаққа б.з.б. 2-мыңжылдықта Орал таулары маңы мен Қазақстан жерінен келіп қоныстанғандығын көрсетеді. Орталық Азиядан ауып барған арийлер б.з.б. 673-672 жылдары қазіргі Иранның солтүстік-батысында Мидия мемлекетін құрып, б.з.б. 616-605 жылдары Ассирияны талқандап, аса ірі мемлекетке айналды.

Б.з.б. 550 жылы өкімет билігі парсылық Ахемен әулетіне көшті. Ахемен әулеті мемлекетінің шекарасы шығыста Үнді өзенінен батыста Эгей теңізіне дейін, солтүстікте Армениядан оңтүстікте Ніл өзендеріне дейін жетті. Батыс пен Шығысты жалғастыратын сауда жолдары үшін бұл мемлекет гректермен ұзаққа созылған соғыс жүргізді. Сақтар еліне бірнеше дүркін

басқыншылық жорықтар жасайтын атақты II Кир мен I Дарий патшалар да осы Ахемен әулетінен (1-сурет).

Парсылардың тегіне қатысты көзқарастарды талдай келе осы мәселеге қатысты олардың шығыс-еуропалық, орталық-азиялық және арийлік тегі туралы ұстанымдар бар екендігі белгілі. Иран Ислам Республикасына бірнеше мәрте барып, ирандықтардың әдет-ғұрпы мен мәдениетіне зерттеу жүргізгенімізде олардың мәдениетінің қатпарларынан қазақтардың, өзбектер мен тәжіктердің, тіпті орыстардың мәдениетінің элементтерін кездестірдік. Мысалы, ирандықтарда орыстар сияқты от жағып үстінен (Купала мейрамы) секіретін дәстүрі сақталған. Наурыз мейрамы кезінде жұмыртқаны бояу да орыстардың пасха кезіндегі ұқсас әрекетті еске түсіреді. Қазіргі парсы тілінде орыс тілімен (славян) тамырлас сөздер де көптеп кездеседі.

Ежелгі қазақ жерін мекендеген сақтардың да біртұтас мәдениет пен шаруашылық типіне ие емес тайпалар екендігін археологиялық ескерткіштер дәлелдеп отыр. Көрнекті ғалым З. Қинаятұлы да сақтардың ең кемі түркі, иран-парсы және еуропалық сияқты үш түрлі мәдениеттің ықпалында болғандығына шүбә келтірмейді.

Сақ мәдениетін зерттеуші ғалымдар оны Иран (Ахемен және Бактрия) және Қытай мәдениетінің (Чжоу және Хан) әсерімен қалыптасқан деп есептейді. Сақтардың нақты қай тілде сөйлегенін ашып айту қиын да даулы мәселе. Ғалымдар олардың басым көпшілігі иран тілді еді десе-ді. Алайда кейбір солтүстік сақ тайпаларының түркі тілді болуы әбден мүмкін. Қазіргі қазақ тілінің сөз қорында парсы тілінен енген мыңдаған сөздердің болуы осы иран тілді сақтар мен соғдылардың түркі тілді халықтарды қалыптастырған тайпалардың құрамына кіргендігінен.

Бір кездері саяси-экономикалық және мәдени-рухани тұрғыда мидай араласып, кейде соғыс жағдайында, көбінесе бейбіт түрде қарым-қатынастағы осы Тұран мен Иранның шекарасы Өмудария өзені болды. Бұл өзен тек екі мемлекетті ғана емес, екі өркениеттің – дала көшпенділері мен отырықшы мәдениеттің шекарасы саналды. Хорезмдегі Су-йарған қазбалары біздің жыл санауымыздан бұрынғы II мыңжылдықта аталған өңірдің Иран

мәдениеті шеңберінде болғанын аңғартады. Зерттеушілер андроновшыларды салған суреттеріне, әдет-салттары мен басқа да белгілеріне қарап, үнді-иран халқы деп тұжырымдайды. Ғалым С.Б. Толстовтың пікіріне қарағанда аталмыш кезеңде Түркістан және Хорезм аумақтарын Иран қауымдары жаулап алған-тұғын.

Олкотт көне үйсіндерді түркі тілді, бірақ моңғол текті халық дейді. Кейбір ғалымдар оларды Шығыс Иран халықтарына жатқызады. Ғалым А.Н. Бернштам жыл санауымыздан бұрынғы қаңлыларды түрік тілді деп болжайды. Ал көпшілік зерттеушілер қаңлыларды солтүстік Иран халықтарына жатқызады да, олар V ғасыр шамасында Сейхұнның (Сырдария) ар жағындағы түркі тілді тайпалардың әсеріне ұшыраған деген пікірді жақтайды. Қаңлыларды иран тілді халықтарға жатқызған Б.А. Литвинскийдің пікірінше қаңлылар және олармен туысқан сармат тайпаларының ыдыстарында қой бейнесінің жиі кездесуі тікелей зороастризмге байланысты, өйткені қой отқа табынуда тәңірдің нәрселенген (инкарнация, мүжәссәм) халі еді.

О. Смағұлов көне Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың палеоантропологиялық сипатына талдау жасай келе, темір дәуірінде де, қола дәуірінде де еуропалық нәсілдің шығыс-жерорта теңіздік типінің белгілерінің басым болғандығын жазады. Ал қазіргі парсылардың (ирандықтардың) да еуропалық нәсілдің шығыс-жерорта теңіздік типіне жататындығы тағы белгілі.

Ахемен әулеті мемлекетін б.з.б. 330 жылы Александр Македонский талқандады. Иран эллиндік мемлекеттердің билігіне көшіп, б.з.б. II ғасырдың орта тұсынан бастап Парфия патшалығына бағынды. Иран жерінде 224 жылы Парфия мемлекеті құлап, орнына Сасани әулеті мемлекеті құрылды. Сасани әулеті мемлекеті Оңтүстік Арабияны, Сирияны, Палестинаны, Мысырды жаулап алып, Византияға қауіп төндірді.

Орталық Азиядағы этносаяси ахуал III ғасырдың соңында ғұндардың южжаларды жеңіп, түркі көшпенді этносы басқарған ғұн әскери мемлекетінің құруынан соң өзгерді. Осы кезден бастап, алдымен түркі, кейіннен моңғол тектес көшпенділердің Орталық Азияға тарап, осында мекендеп жатқан иран тілдес көшпенділерді этникалық, мәдени және тілдік тұрғыда ассимиляциялауы белсенді бола бастады. Бұл үдеріс жеті ғасырға жуық уақыт жүрді.

Жібек жолы саудасын бақылауға алған кейбір хун хандалары сауда айналымына да әсер етіп тұрған. Сол кездің өнер туындыларында қытай және иран накыштары, хайуан (аң) бейнелері басымырақ болды. Алан тайпаларының көне Иран мәдениетінің ықпалында болғаны археологиялық қазбалардан анықталған. Халқы ирандықтар болған Ферғананың сәйгүліктерінің атағы күллі құрлыққа таралған-ды. Ферғана батыс жақтың, әсіресе Иран мәдениеті әсерлерінің Орталық Азияға шығатын қақпасы еді.

Археологиялық материалдарды талдап, тарихи оқиғаларды қалпына келтіру барысында С.Г. Кляшторный ежелгі түркілердің ата-бабалары мен ғұн тайпалары Алашань маңындағы территорияларға б.д.д. II ғасырда келе бастап, ал III ғасырдан бастап жаппай қоныс аударған деп есептейді. Пиньянь мен Хэсиде олар қытайлықтар «аралас ху» деп атайтын иран тілдес және тохар тілдес тайпаларды ассимиляцияландырды.

Біздің заманымыздың VI ғасырдың ортасында Еуразияның далалық аудандарының көшпенділері Бірінші түркі қағанатының билеушілерінің бастамасымен бірікті. Түркі қағанатына Енисейдегі қырғыз мемлекеті де бағынды. Көне түркілердің қол астына «Ұлы Жібек жолының» Қытай мен Иран шекаралары аралығындағы айтарлықтай үлкен территориясы мен Оңтүстік және Батыс Сібірге апаратын сауда жолдары қарады.

Жібекпен саудадағы сауда көлемі сияқты даулы мәселелер бойынша түркілер Иранмен араздасып, Иранды Еділ бойы мен Қара теңіз арқылы айналып өтіп, Византиямен жаңа сауда жолын салуға талаптанды.

Пазырық мәдениетіндегі діни рәсімдердің және көзқарастардың қатарына, мүмкіндігінше, үнді-ирандық шығу қайнар көзін жатқызуға болады: ғаламшар үлгісі ретіндегі табыт туралы түсінік; материалды мәдениеттегі түрлі нысанда тұратын үш әлем (әлемдік ағаштың концепциясы) концепциясын қосатын космологиялық көзқарастар; ашвамедхи немесе оған жақын рәсімдерге, немесе табынушылық мазмұндағы идеялық ашвамедхиге сәйкес; отқа табынушылық; күнге табынушылық; бальзамдау рәсімі; өлгенді отпен тазалау (ыстау) рәсімі; билеушіні, көсемдерді сакрализациялау; рәсімді жерлеу, бұл еркектер мен әйелдерді жұптап жерлеу; жоғарғы әлемде – құдайлар

әлемінде өлген адамның, ата-бабалардың және аспандағы өрістің қайта туылуы; политеизмнің дамыған жүйесі, онда белгілі бір орын скифтік дәуірдегі Еуразия көшпенді халықтарында жеткілікті түрде таралды (салыстыру: пазырықтарда – Ұлы Құдай, скифтерде – Табити және т.б.) және кейбір басқа да компоненттер.

Дәстүрлі дүниетанымның көне қатпарларына талдау жасаған тағы бір ғалым – К. Ақышев. Ол археологиялық мәліметтерге (жерлеу ғұрпы, қабір құрылымы) сүйене отырып сақтар мен үйсіндердің наным-сенімдерін қалпына келтіруге тырысты. Рулық-патриархальды қатынастардың ыдырап, ерте түркілердің мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіндегі наным-сенімдердің ерекшеліктерін анықтады. Ғалым өз зерттеулерінде көне түркі сенімінің ерте формаларының қалыптасуы кезеңінде-ақ сол кездегі саяси оқиғаларға байланысты өзге идеологиялық жүйелердің, әсіресе көне ирандық мифологияның ықпалына ұшырағандығын археологиялық мәліметтер арқылы дұрыс дәйектеп берді.

Түрік мәңгітас ескерткіштерінде шад, қатын, тигин (тегін), тархан сықылды иран сөздерінің кездесуі көне түріктердің парсылармен етене араласқанын дәлелдейді. Шад сөзі көне парсы диалектінде діни билеуші, қасиетті билеуші мағынасындағы «пат» сөзінен өзгеріске ұшыраған «шад» формасы – бек (князь) деген мағынада. Түріктер соғдылармен қатар VI ғасырда Жібек жолы саудасының бас кейіпкері болған-ды. VI ғасырдың екінші жартысында соғды Маниахтың басшылығында Византияға барған түрік елшілігі ұрымдықтармен тіл табысып, Ыстамбұлда 100 саудагер қонақтайтын «Митата» деп аталатын арнайы махалла жасауға рұқсат алған-ды.

Пазырық (з.б. V-III ғ.) қорғандарында табылған, бүгінге шейін бұзылмай, шірімей жеткен нәрселерден сақтардың о дүние туралы сенімдерінің Мысыр, Грекия және Иран сенімдерінің араласқан формасы екендігін байқаймыз; мысалы, табыттың бетін жапқан жаулықтағы қораз суреті отқа табыну белгісі. Қораз (әтеш), Авеста дінінде, яғни зороастризмде ұйқыны қуатын періні білдіреді. №5 қорғанның қабырғасындағы тұскиздегі суретте гректің ажал тәңірісі Артемис пен оның атты адам кейпінде бейнеленген қызметшісі Мегабизес көрінеді.

Енисей аңғары – кыргыздардың ежелгі мекені. Орыс археологы А.В. Адрианов Минусинскіден 60 шақырым солтүстіктегі Оғылақты деген жерде жыл санаудан бұрынғы II ғасырға тән 9 мазарды ашқан. Өліктердің барлығы да мумияланған және беттері маскамен жабылған, мол мөлшерде қытай жібек маталары табылған. Профессор Таллгрен маскаларды Иран әсері деп санайды. Ал өліктерді өртеу де Иран діні – маздеизмнің ықпалы. Кейінірек осы өңірді мекендеген кыргыздар да өліктерін өртеуші еді. Табылған заттардан кыргыз мәдениетінің көне сақа және иран-қытай мәдениеттерінің ықпалында болғаны байқалады. Көптеген иран-қытай тауарларының табылуы осының айғағы.

Сонымен, Иран-Тұран қатынастарының көне қатпарларына зерттеу жасағанда екі елдің, екі мәдениеттің, екі халықтың мәдени-дүниетанымдық жүйесінде ортақ элементтердің болғандығы белгілі деп айтамыз. Дегенмен қасаңдалған діни жүйе мен қарама-қарсы шаруашылық-мәдени типтер негізінде туындаған қайшылық екі халық пен елдің саяси текетіресін тудырмай қоймады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Тұран» атауына түсінік беріңіз.
2. Ахеменидтер билігі тұсында сақтар мен ирандықтардың қарым-қатынасы қандай болды?
3. Екі өркениеттің арасындағы діни-мәдени байланыстар туралы айтыңыз.

1.2. Тұран мен Иран арасындағы саяси қатынастар

Сасанилік Иранның өз көршілеріне қатысты сыртқы саясаты ресми дін – зороастризмнің негізінде қалыптасып, іске асты. Зороастризм діні бойынша дүние қарама-қарсы екі қасиеттен тұрады. Сондай-ақ бұл дін халықтарды да екі топқа бөліп қарастырады. Түркілердің Иранға төндіретін қаупі жайлы тіпті зороастризмнің қасиетті кітабы Авестада «Уа, әзіз Заратуштра! Сенің заман ақырың жетуімен ең жаман дәуірлердің басталуының белгісі мынау болмақ – шығыстан қахар

елінің шаштары жалбыраған, жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған жын-перілері келіп, Иранды жаулап алады. Олар байлық, шындық, сенім, ерлік, көрегендік, қуаныш пен Ахураның барлық амалдарын аяқасты етіп, маздакизм мен оттың көзін жояды, сол кезде жауыздық пен айуандық үстемдік құрмақ» дейді.

Т. Қыдырдың пікірінше Орхон-Енесей, Талас ескерткіштерінде «Тәңір» сөзі көп қолданылса, Оңтүстік-Батыс Азияда дүниеге келген «Бехистун» мәтінінде жақсылық құдайы «Ахура Мазда» атауы көп кездеседі. Себебі ол дәуірде түркілер көктегі Көк тәңіріге табынған болса, парсылар Заратуштра пайғамбар негізін қалаған зороастризм (отқа табынушы) дінін ұстанатын болған. «Мен Дари, ұлы патша, патшалардың патшасы, бүкіл әлемнің патшасы» деп басталатын сына жазулы мәтінде: «Кәси журат немикәрд, чизи говтан дәрборе-е Гумате моғ то мән рәсидәм. Пәс, мән әз Ахура Мазда явори хостам, Ахура Мазда мәро явори дод. Мән бо (тәдод-е) кәми мәрд он Гумате-е моғ ро оуждам вә онон ро ке мукаддеме-е пирвоне будәнд. Бе хосте Ахура Мазда мән шох шодам Ахура Мазда шахриери ро бемән ето кәрд», яғни «Мен келгенімше ешкімнің де Гумата абызға бір нәрсе айтуға батылдары бармап еді. Кейін мен Ахура Маздadan көмек сұрадым, Ахура Мазда маған көмектесті. Мен азғантай адаммен Гумата абыз бен оның соңынан ерушілерді қырдым. Ахура Мазданың қалауымен патша болдым. Ахура Мазда маған билікті сыйлады», – деген жолдар бар. Бұл діни жазбадан зороастризм дінінің сол кездегі ирандықтардың мазасыз сыртқы саясатының идеологиялық тірегі болғандығын байқау қиын емес.

Көне Иран Византия мен Қытайдан бөлек, оған толық мүмкіндіктері болса да түркілерге қатысты сыртқы саясатында жаулап алу құралы ретінде діни экспансияны тиімді қолдана алмады. Бұл орайда Иранның қолындағы идеологиялық мүмкіндік ретінде зороастризм дінін алуға болады. Өйткені Иран мемлекеті өздерінің діни қағидаларына байланысты осы зороастризмнің қасиетті жазбаларындағы жауыздық елі – Тұранды өздерінің басты саяси қарсыластары санады. Дегенмен осы зороастризмдегі тұрандықтарға қатысты саяси концепцияның өзі жауыздық елімен қарым-қатынасқа түспеу жайлы нұсқауларға байланысты болды. Сондай-ақ бұл ирандықтардың

дәстүрлі Тұран-Иран шекарасы ретінде Әмудариядан әрі асуға аса құлық таныта қоймауына әсер етті. Дегенмен зороастризмнің мемлекеттік дін ретінде әлсіреуімен Иранның да сыртқы саясаты өзгеріске ұшырап, ирандықтар көшпенділер даласына ауық-ауық шабуылдар ұйымдастырып отырды.

Сасани мемлекетінің шекарасы шығыста Әмудария өзені арқылы түркілермен шекаралас болды. Оңтүстігінде Парсы шығанағы, батыста Рим империясымен шекаралас мемлекет көрші елдермен соғысып өтті. Сирия үшін Армениямен соғысты. Сасанилер кезінде Парфиян дәстүрі жалғасты.

Жаңа әулет парфияндық дәстүрді жалғастырғандықтан мемлекеттік істе аса күрделі өзгерістер болмайды. Парсы тілі грек, армян тілдерін ығыстырып, мемлекеттік дәрежеге жетеді. Көп ұлттар мекендейтін сасанилер мемлекетінде түрлі идеялар мен діни ағымдар кірді. Еврейлер, маздакилер, манилер діни әртүрлі себептермен осы жерде қанат жайды. Бірақ мемлекетте зороастризм діні де мемлекеттік дәрежеге жетеді.

Осылайша, Иранның түркілерге қатысты саясатының бағыт-бағдары олардың діни сенімдерінің негізінде жатты. Иран-Тұран шекарасына қатысты әрекеттер де өз бастауын діни сенімдерден алды. Жаратылуды баяндайтын көне ирандық мәтін – Бандехеште жер бетінде шекаралардың пайда болуы туралы былайша жазылған: зороастризм бойынша жердің 33 түрлі болатыны айтылады. Тиштер алдымен желді жаратып, теңіздер суы жерді барлық жақтан ылғалдады. Жерді жеті қабатқа бөлді. Жердің беті алты бөлікке бөлініп орналасты. Сол алты бөлікті ел деп атады. Өйткені оларда шекара бар. Бір елден екінші елден Язидтің (Тәңірі) рұхсатынсыз өтуге болмайды. Осылайша, көне ирандықтардың сенімінше шекара Язидпен тығыз байланысқа ие қасиетті ұғым. Шекарадан Құдай-Язидтің рұхсатынсыз өту – құдайлар еркіне қарсы шығу. Көріп отырғанымыздай, шекара мен шектесу әлемнің жаратылысы кезінен-ақ пайда болған. Алғашқы 3000 жылдың аяғында Үрміз, Ахумавар дұғасын оқып, Ахриманды есінен тандырады да әлемді жаратуға кіріседі. Ол шексіздік заманынан шектеулі заманды жасады. Одан соң аспанды және суды, жерді жасады және бұдан соң Ахриманның шабуылы ізімен осы Гумизшан атты кезеңде жерде қайырымдылық пен зұлымдық айқындала бастайды.

Зұлымдық пен қайырымдылық арасындағы талас және Ахура мен Ахриман күштерінің соғысы жалғасты. Иран тарихи аңыз негізінде он екі мыңжылдық әлем өміріне дейін жалғасады. Бұл талас ирандық пікірде Ахриман мен оның күштерінің Офаринаш (ахуралық) жеріне шабуылы түрінде көрсетіледі. Сонымен қатар басқа түрде, яғни ирандықтар (ахуралық) және ирандықтар емес (Ахриман) соғысы ретінде «Шахнаме» мен діни жазбаларда беріледі. Зороастризм жазбаларында әрқашан шекараларды сақтау мен қорғау қасиетті саналады және кейде бұл пікір аңыз бен дастан түрінде беріледі. Осындай бір аңызда ұзақ жылдар бойы Иран мен Тұран жерін күзеткен сиыр туралы айтылады. Шекараның қасиеттілігіне қол сұққан адам не бір пәлеге душар болады, не өледі. Бұл жазым аңызда сиыр тілімен айтылып, сиырдың айтқанындай аяқталады. Осылайша, Иран мәдениетінде шекара әрдайым қасиетті, аспандық ұғым. Шекараны күзеткендер Ахура күшіне ие және олардың үнемі қамқорында болады. Өйткені шекара – жамандық пен жақсылықты ахуралықты ахримандықтан бөліп көрсетуші. Шекарадан өту жақсылықтан жамандыққа немесе жамандықтан жақсылыққа өтуге себепші болады.

Пехлевилік «Минуй хорд» ескерткішінде, Саалевидің «Шахнамасында» (XI ғасыр) Тұран билеушісі Афрасиабтың Иранға жорық жасап, бұл елдің бір бөлігін жаулап алып, Иран патшасы Наузарды өлтіргенін жазады. Ирандықтар ауру мен жұтқа душар болады. Осы кезде Зоу Иран тағына отырып, соғыстан қалжыраған Афрасиабпен арада бітім басталады. Екі ел арасындағы шекараны белгілеу кезінде ирандық батыр Араштың садағының оғы жеткен жер шекара болсын деп келісіледі. Мазендараннан атылған оқ Әмудария жағасына жетіп, осы өзен екі ел арасындағы шекараға айналады.

Келтірілген мәліметтерді талдау Иранның Тұранға қатысты сыртқы саясаты сасанилердің ресми діні зороастризмге байланысты реттеліп отырғандығын байқауға болады. Ирандағы осы діннің күшеюі кезінде екі елдің арасындағы қарым-қатынастың тұрақты жағдайда болғандығын байқаймыз. II Хосроу кезінде Иранның агрессиялық жоспарларына кедергі келтіріп отырған Авеста қайта қаралды. Бұл кітаптың өз мағынасын жоғалтпаған беттерін жаңартуға бағытталды. Бірақ Авестаны

қайта қарау мен оның ескірген мазмұнын жаңалау мүмкін болмады.

Өкінішке орай, мұның соңы Ирандағы зороастризмнің басқа жатжерлік идеялар тарапынан шеттетілуге ұшырағаннан кейін Тұран мен Иран шекараларының бұзылуы және осының нәтижесінде екі ел арасындағы ұзаққа созылған соғыстардың етек алуы басталғанын көреміз.

Сасанилік Иранда биліктің зороастралық діни қызметкерлермен одақтасуы христиандарды, гностикалық секта-ағымдарды, еврей қауымын діни қудалау деген сөз болды. Ал осы дін өкілдері экономикалық жағынан мықты болып, сауда-саттықты өз қолдарына шоғырландырған еді. Екі таңдаудың ортасында қалған соңғы сасанилер Иранға мүдделі барлық діндерге бірдей қараса сөзсіз зороастралық басшылардың қарсылығына ұшырайтын еді. Ал бұл кезде осы дін өкілдері өзара соғысып жататын, Хосроу кезінде VI ғасырға қарай сол алуан діндер ішінен неғұрлым белсенді топтары жоғалып, бұрын белгісіз болғандар тарих сахнасына шықты.

589 жылы Иранда Византиямен соғыс болып жатқанда Армения мен Әзірбайжанға түркі-хазар әскері, шығыстан Қытай түркілері кірді. Бірақ 589 жылы Гераттағы түркілермен соғыста парсылар жеңеді. 603-604 жылдары түркілерді қытайлар талқандайды. Осыны пайдаланып Иран Византиямен соғысты бастайды.

Көріп отырғанымыздай, Иран мен Тұранның түркілердің өзге көршілерімен салыстырғанда әскери тұрғыда бейбіт болғанымен, мәдени-идеологиялық тұрғыда тынымсыз, белсенді болды. Әсіресе түркілердің оңтүстік аймақтарын мекендейтін иран тілдес, зороастризм дінін ұстанатын соғдылықтардың мәдени әсері айтарлықтай еді. Екі ел арасындағы саяси қарым-қатынастағы сасанилік Иранға қараған Соғды өлкесіне қатысты күрделене түсті.

Түрік қағанаты кезінде соғдылардың өте-мөте құдіретке ие болғаны белгілі. Қазақстанның оңтүстігіндегі Пенжикент мекенінде табылған қорғандар, бұл өңірдің тұрғындарының иран тілдес халықтар болғанын анықтаған. Соғдылар барлық Орталық Азия қалаларына тараған-ды. Соғды мәдениеті – түрік мәдениетін түсінудегі ең маңызды құралдардың бірі. Пенжикент

казбаларында табылған мүсіндер осы өңірдің Иран-Ауғанстан мәдениетінің ықпалында болғанын байқатады. Сондай-ақ қаланың орталығында (шаһристан) көптеген оссуарлар табылған. Көне Иран діні отқа табыну бойынша (маздакизм) өліктің еті сүйегінен сыдырылып алынған соң, етсіз сүйектер топырақтан жасалған ыдыстарға қойылып, сақталушы еді. Міне, осы ыдыстар дін тарихында оссуар деп аталады. Жетісу өңірінде де көптеген оссуарлар табылған.

Ислам қарсаңындағы Жетісу өңірі тұрғындарының басым көпшілігі соғдылар еді. Түрік қағанатында Иран мәдениетін таратқан осы соғдылар. Өйткені соғдылардан өнерлі әрі ісмер адамдар көбірек шығатұғын. Олардың жан-жаққа жайылуымен қоса отқа табыну, маздеизм (маздакизм), будда діндері де таралушы еді. Түріктерге отты сыйлау, отқа сиыну әдеттерін тап осы соғдылар үйреткен. Ежелгі Иран жерінде пайда болған отқа табыну жоралғылары бара-бара түріктерге сіңіп кетеді. Мәселен, Византия елшісі, «*praefectus pretorioper orientum*», яғни «шығыс мәселелері жөніндегі император кеңесшісі» атанған Земархос (Земарх) Истеми қағанның ордасына кірмес бұрын, алдымен оттан аттап өтуге мәжбүр болған.

Жетісуда Сұқылық, Кенбұлдн қатарлы белді соғды орталықтары бар еді. Аталмыш қалалардың үйінділерінде V-VIII ғасырлардың мұраларынан Иран тәңірлері мен мифологиясы, грек-бұрқан өнер накыштары бейнеленген көптеген оссуарлар, отқа табыну соғдылардың әр алуан шырағандары мен Сасани (224-651) шаһтарының мүсіндері табылған. Аталмыш олжалар Жетісу өлкесінде бірнеше діни нанымның болғанын аңғартады.

Қытай саяхатшысы Сюань Цзан Орта Азиядан өткенде 630 жылғы жазбаларында Су-Ли-Соғд деп Шу мен Шахриябз аралығындағы аймақты атады. 728 жылы Орта Азия арқылы өткен қытай тарихшысы Хой Чао өз жазбаларында Кеш, Бұхара, Соғд, Усрушанды, Шашты бір аймаққа жатқызады. Территориялық, шаруашылық-экономикалық және мәдени-рухани тұрғыда Иранмен іргелес жатқан бұл аймақта ирандық мәдениеттің ықпалы басым болды. Сондай-ақ Орталық Азияның осы аймағы әлемдегі түрлі діни ағымдар мен философиялық ілімдердің өтетін, тарататын, тұрақтап қалатын аймағы

болды. Бұған, *біріншіден*, аймақтың этникалық тұрғыда алуан түрлілігі себеп болса, *екіншіден*, қолайлы территориялық орналасуы мен табиғи-климаттық жағдайы да осы жағдайға аса ыңғайлы болды.

Аймақтағы діни ахуалға қатысты деректер Соғдыда зороастризм, будда, христиан діндері мен ата-баба рухына, бұтқа табыну сияқты жергілікті нанымдар болғанын, біртұтас мемлекеттік діннің болмағанын жазады. Бірақ аймақта анағұрлым кең тарағаны жергілікті сенімдермен шатасқан зороастризмнің жергілікті нұсқасы ықпалды болды. VI-VII ғасырларда соғды халқының негізгі тілі шығыс иран тіл тобына жататын соғды тілі болды. Бұл тілде тек Соғд, Бұхара, Усрушан мен Шашта ғана емес, Шығыс Түркістан халқы да сөйледі.

Авестаның өзінде де Соғд және басқа ортаазиялық аймақтарда зороастризм әулиелерінің қалың мекені екені жазылған. Ал Иран мен Соғд зороастризмінде аздаған рәсімдік айырмашылық болғанына қарамастан қос аймақ та мәдени, рухани тұрғыда біртұтас саналды.

Аймақтың түркілер үшін ең маңызды ықпалы – оның түркілермен шекаралас бола отырып, өздері арқылы түркілер жеріне басқа аймақтарда қудаланған түрлі діни ағымдарды дүркін-дүркін өткізіп отыруларымен байланысты. Кушан кезеңінде Соғдыға будда ілімі енгенімен сөз болып отырған кезеңде бұл дін аймақта аса маңызды рөлге ие болмады. Ал VII ғасырда Соғды аймағында будда діні мүлде жойылды. Христиан діні де тек халықаралық саудамен айнылысқан саудагерлер арасында тарайды. Тек зороастризммен идеялық жақындыққа ие манихей ілімінің тарауы табыстырақ болды.

Тек маңызды сауда жолдарына ғана емес, сондай-ақ бөтен идеологиялық ілімдердің «кеніне» айналған бұл аймақтың түркілер тарапынан толықтай жаулап алынуы аса маңызды еді. Сондықтан да бұрынғы сасанилер иелігіне түркілердің шабуылы жиіледі. Бұл туралы көне түркі жазба ескерткіштерінде «Инжу өзенінен өтіп, Бэнглигяк-Тинейл ұлының ауылындағы тауға өттік. Біз жауларды Темір қапыға дейін қудық. Біз оларды кері қайтуға мәжбүрледік. Сук бастаған барлық Соғды халқы келгенде». Бұл оқиға 711-712 жылдары Тохаристанның Батыс түркі

қағанатына бағынғанын бейнелейді. Осылайша, бұл аймаққа түркілер келіп, жүз жылға жуық достық қатынас орнады. Аймақ түркілену үдерісін бастан кешіп, Тохаристан ябғулары түркі есімдері мен титулдарына ие болды.

Түркілердің аймақты өздеріне қаратуы түркі қағанатының шекарасын кеңейтті. Дегенмен бағынышты елге айналған бұл жерлердегі халық пен түркілердің одағының баяндылығы ең алдымен рухани-идеологиялық тұтастықтың табыстылығына байланысты болды. Ал оларды біріктіретін түркілік дәстүрлі дінге негізделген идеологиялық жүйе бұл кезде өз мүмкіншіліктерін түгесіп біткен еді. Сондықтан да түркі-соғды одағы саяси тұрғыда түркілер үшін тиімді болғанмен, зороастризм дінін әлі де берік ұстанатын соғдылықтар үшін бұл одақтың рухани-мәдени және экономикалық артықшылықтары көп болды. Басқаша айтқанда, түркілердің бұл аймақта отырықшы соғдылармен этникалық ассимиляциялану процесі қаупі анық біліне бастады.

Осы кезде Араб түбегінен шыққан ислам дінін таратушы арабтардың көрші мемлекеттерді жаулап алу жорықтары басталған болатын. Жаңа дін – исламның тасыған идеологиялық қайнарымен қаруланған арабтар 651 жылы сасанилердің Тұранмен шекарасы бекінісі Мервті алды. Осы жерге бекініп алған арабтар енді ауық-ауық Орталық Азияны шабуылдап отырды. Енді аймақ жаңа, күшті және түркілер мен соғдылардың діндеріне қарағанда әлдеқайда жас идеологиялық тегеуріннің шабуылына айналды.

Соғдылар алғашқы рет арабтармен өздері соғысты. VII ғасырдың соңында дейінгі қақтығыстар айтарлықтай нәтиже бермеді. 705 жылы Хорасанның жаңа өкілі Кутейба ибн Муслимнен соң аймақты жаулап алудың жаңа кезеңі басталды. Аймақтағы өз саяси мүдделері бар түркілерден құтылуды ойлаған Кутейба 709 жылы түркілер мен соғдылардың арасына от салды. Ол Соғд билеушісімен жасырын келісімге келіп, «егер біз кетсек түркілер сендерді басып алады» деп оларды түркілерге қарсы айдап салады.

Түркілерді аймақтағы саяси оқиғалардан шеттеткен арабтар бұдан соң 710 жылы Бұхараны, Шуман, Кеш, Нахшеб патша-

лықтарын алды. Жаулап алынған жерлерде исламды таратуға, мешіттер салуға кірісті. Бұрынғы храмдар мешітке айналды. Саяси-экономикалық жеңілдіктерге байланысты соғдылар жаппай ислам дінін қабылдай бастады. Жаңа дінді ықылассыз қабылдаған жергіліктілерді исламдандыру мақсатында арабтар жергілікті халықтың үйлеріне арабтарды қоныстандыруды қолға алады.

Түркілер аймаққа жаңа қожайындардың келуімен келісе қоймады. Кутейбадан кейінгі жаңа әкім Асад ибн Абдаллахқа (724-727) қарсы Самарқандтағы арабтарға жиі шабуыл ұйымдастырды. 737 жылы арабтарға қарсы түркілер, Шаш пен Хуттал, соғдылар одақтасты. Бастапқыда олар жеңгенмен, тіпті Асад өз ордасын Балхты тастап, Мервке көшпекші болды. Бірақ Харистан түбіндегі кескілескен шайқаста арабтар жеңіске жетіп, ат-Табаридің жазуына қарағанда Жетісуға қашып келген қаған жаңа жорыққа дайындалды. Бірақ оны Түркеш әмірі Курсул өлтірді. Қаған әскері бытырап кетті. Батыс қағанат тарады. Ірі қалаларда арабтар әскери гарнизондар салды.

Соғдылардың арабтармен соғысында түркілер біріншілермен жаулық қатынаста болса да одақтастыққа барды. Осы аймақ арқылы сауда керуендері өтетіндіктен түркілер соғдылықтармен сауда қатынастарына мүдделі болды. Сондықтан түркілер бұл аймаққа арабтардың келуін қаламады. Өздерімен жапсарлас аймақта жаңа дұшпанның болуын қаламаған түркілер алғашқы араб жаулап алуларынан бастап соғысты.

Жаңа дін түркілер мен арабтардың бастапқыдағы белсенді, біріккен қарсылықтарына қарамастан аймаққа табысты түрде тарай берді. Өзінің саяси икемділігімен, әлеуметтік тұрғыдағы әмбебаптығымен, идеялық тұрғыда шынайылығымен, ең бастысы саяси-әскери тұрғыда анағұрлым күштілігімен исламның басымдылығы анық байқала бастады. Қарсылыққа қарамастан, Соғды жерінің араб халифатының құрамдас бір бөлігіне айналу процесі шапшаң жүре берді. Ирандық зерттеуші А. Бейат исламның жаулап алынған аймақтарда табысты түрде тарау факторларын былайша түсіндіреді: 1) мұсылман еместердің «джазйә» төлеуге міндеттілігі; 2) жергіліктілердің халиф сарайына қызметке тартылуы; 3) жергіліктілердің мұсылман

көршілерімен мәдени, саяси-экономикалық қарым-қатынасқа түсуі.

Орталық Азиядағы исламның таралып, араб үстемдігінің табан тіреуіне байланысты жергілікті иран тілдерін жаңа араб тіліне тез икемделген парсы тілінің ығыстыруымен аймаққа Сасани мемлекеттілігінің дәстүрі ене бастады. Сасани мемлекеттілігінің басты сипаты – деспотизм исламдағы әділетті билік жүйесін өзгеріске түсіріп, Орталық Азиядағы ислам мемлекеттілігінің деспоттық-монархиялық жүйесін жасады. Осы кезде түркілер ауық-ауық осы аймаққа әскери жорықтар ұйымдастырып отырды. Осы жорықтар кезінде дехқандар – орталық-азиялық жер иеленушілер түркілерге қолдау көрсетті. Бұдан дәстүрлі дехқандар деспотизмнің ауыр езгісінен қашып, түркі билеушілерін өздері шақырды деп пайымдауға болады. Тоныкөк Соғдға кіргенде, арабтар Соғд мемлекеті федерациясының орталығы Самарқандқа кірді. Түркі-соғд одақтастығы кейін Самани мемлекетінің құрылуына мұрындық болды. Тіл мен мәдениетте және мемлекеттікте ирандық дәстүр басым исламдық мемлекет – саманилердің құрылуы түркілердің оңтүстігіндегі аймақтың түркілер тарапынан жұтылып кетуден сақтап қалды. Саманилер мемлекетінің құрылуы арқылы соғдылар өздерінің көне ирандық дәстүрлерінің негізгі элементтерін сақтап қана қоймай, енді ислам діні арқылы түркілерді саяси-экономикалық және рухани-мәдени тұрғыда бағындыруға кірісті.

Шығыс Көктүрік қағанатымен қарым-қатынасын үзген Тарду қаған (576-603 ж.), бір жағынан, Шығысқа өз өктемдігін танытуға кіріссе, екінші жағынан, Батыста бірқатар жаулау жорықтарын жүзеге асырды. Ол Византия мен сасанилік Иранның арасындағы келіспеушілікті өз пайдасына жарата отырып, өзінің саяси ұпайын түгендеуге кірісті. Ол Шахиншах IV Ормузд (579-590 ж.) тұсында Иранның ішкі саясатына араласты. Ұлы қаған ретінде «Білге қаған» атағын алған Тарду қаған Өтікеннен Мервке дейінгі жерлерде билік құрған кезеңнің тұсында 603 жылы елде көтеріліс басталып, осы көтерілістің тұсында ол із-түзсіз жоғалды. Тарду қағаннан кейін мемлекет дағдарысқа ұшырап, бұл дағдарыс оның кіші немересі Тоңжабғудың (618-630 ж.) кезіне дейін созылды. Өз билігі кезінде

Тоң-жабғу телестерді өзіне бағындырып, ирандықтарды жеңді. Тоң-жабғудың 630 жылы өлтірілуінің тұсында таққа талас басталды. Осылайша, Батыс Көктүрік қағанаты да Шығыс Көктүрік қағанаты секілді Қытайдың саяси үстемдігін мойындап, тәуелділік жағдайға түсті.

Аталмыш кезең Византия үшін аса күрделі кезең болды. Христиандықтың саяси орталығы болған империядағы діни-саяси билікке дәмелі топтар арасындағы кикілжіңдер, шығыс иеліктегі саяси ахуалға үнемі қатер төндіріп отыратын «жабайы көшпенділер», жаңа да жас дін – исламның пайда болуы, күш-қуаты өздерімен тайталаса алатын сасанилік Иран сияқты мемлекеттермен болып тұратын соғыстар империяның мазасыз сыртқы саясатының белсенділігін тудырды.

Үш құрлықтың түйіскен жеріндегі бай, қолөнері мен егіншілігі дамыған, Дунай мен Евфратқа дейінгі алқапты алып жатқан Византия империясы өзінің алдындағы Рим империясынан тек осы кең-байтақ территорияны ғана емес, сондай-ақ даму дәрежесі әртүрлі сатыдағы көршілер мен соларға қатысты саясатты да мұрагерлікке қабылдады. Шығыстағы империяның ең басты қарсыласы IV ғасырда күшті мемлекетке айналған Иран шахиншахтары Византиямен шығыс провинциялар мен Кіші Азияның бір бөлігі, әсіресе христиан діні орныққан Армения мен Лазика үшін кескілескен шайқастар жүргізді. Бұл соғыстарға себеп тек жер таласы ғана емес, Иран арқылы өтетін маңызды сауда жолдары да болды.

Империялық дәстүр жалғастығына ие империя мемлекеттің қабырғасын бекітіп, күшейте түсу үшін мемлекеттік идеологияның барлық тетіктерін пайдаланды. Жалпы, Византияның христиандық негізіндегі мемлекеттік идеологиясында христиан емес мемлекеттер мен халықтарға үстем тұрғыда қарау тән болды. Ал түркі көшпенділерін тіпті жабайылар қатарына жатқызып, олармен тек түркілердің әскери-саяси қолдауын қажет еткенде ғана амалсыздан санасып, түркілермен қарым-қатынасқа саяси мән берді.

Византия тарихындағы осы империяның сыртқы саясаты үшін ең табысты кезеңдер елдегі идеялық бірліктің, діни тұрақтылықтың орнауымен байланысты болып келеді. Осымен бір мезгілде, олардың саяси қарсылас мемлекеттері мен этникалық

бірлестіктерінің ішіндегі идеялық алауыздық пен тоқырау қатар жүріп, осы топтардың саяси сахнадан тезірек кетуіне себепкер болады. Бұл үрдіс империяның солтүстіктегі көршілеріне ғана емес, шығыстағы дала көшпенділеріне де қатысты.

VI ғасырдың 50-жылдар аяғында Қара теңіз өңіріндегі Византияның саяси жағдайы шиеленісті. Империя Дон мен Днепр аралығындағы құтырғырлар мен Қобандағы олармен туыс ұтырғырларды бір-бірімен қырқыстырып, құтырғырлардың Фракияға жасайтын шабуылын алдын алып, бұрынғы Ғұн империясының бір бөлшегі болып табылаты екі туыс халықты жоюға тақады. Ал Қобанның бойын Византияның одақтасы аландар мекендейтін.

Осы сәтте бұрынғы империяны қайта қалпына келтіруге кіріскен түркіттерден бөлінген аварлар тарих сахнасына шығып, одақтас іздей бастады. Олар аландардың көсемі Саросиден Византиямен жақындасу үшін ара ағайындық көмек сұрады. Бұл ұсынысты тиімді пайдалануға тырысқан Юстианнан аварларға Валентин бастаған елшілер келіп, оларды Иранға қарсы ұрысқа шақырады. Осылайша, өздерінің нақты саяси бағдарламасына ие империя мен өз тайпаластарынан бөлінген тайпа арасында 558 жылы біріншісі үшін тиімдірек одақ құрылады. Бірақ бұл әскери-саяси одақ күтпеген жерден империя үшін басқаша сипат ала бастады. Одақтасқа айналған аварлар империя шекарасына ұмтылды. Тіпті империяға бара-бара өз үстемдігін жүргізе бастады. Валентин елшілігінен кейін аварлар Византия жақтастары сабырлар, ұтырғырлар, анттарға қарсы шығады. Осылайша, Иран өзінің қауіпті көршісінен құтылады.

Түркі қағанатынан іргесін мүлде аулақ салған аварлар осы кезде Византия дұшпаны ретінде Иранға жақындауға мәжбүр болды. Осы сәтте аварлардың жауы түркіттер Византиямен одақтасу керек еді. Бірақ мұны түркіттер мен Иранның ортақ жауы эфталиттер болдырмады. Сол себепті 560 жылы Истеми Хосроумен одақ құруға мәжбүр болып, Түрік қағандығы мен Византия (395-1453) ортақ қарсыластары сасанилерге (224-651) қарсы одақтасады. 628 жылғы соғыста түрік қағаны ирандықтарды жеңіп, ойсыратады. 565 жылы эфталиттерді жеңіп, соғдыларды жерімен бірге өз қағанатына қосып алады. Осылайша, эфталиттер мен Солтүстік Қытай патшалықтарын күйреткен соң түркілердің саяси жағдайымен қоса экономи-

калық қуаты да артты. Өйткені Батыс пен Шығысты қосып жатқан керуен жолын бақылады.

Юстианның әлемді билеуге ұмтылысы Еуропаның барша мемлекеттерімен дипломатиялық байланыс орнатуға итермеледі. Сол кезде алтынмен бірдей бағаланатын жібекке Византияның сұранысы зор болды. Бірақ Жібек жолы Византияға Иран арқылы өтетін. Ал Иран болса Византияны әлсірету үшін жібек нарқын жасанды түрде қымбаттатты. 553 жылы Византияның өздері өндіру себебінен жібекке сұранысы төмендеді. Империядағы идеялық қақтығыстар мен алауыздықтар өз дегенін істеді. Византия бұрынғы қуатынан әлсіреп, өздерінің күшейген қарсыластарына есе жіберетін болды.

Түркі қағанатының күшеюімен византия-түркі қатынасы салқындады. Бұған жібек саудасындағы бәсекелестікпен қоса, аварлар мәселесі де өз әсерін тигізеді. 575 жылдан Византия-Иран келісімінен соң түркі-византия қатынасы күрт шиеленіседі. Түркілер 570-576 жылдары арасында Солтүстік Кавказды бағындырады. 576 жылы түркілер ұтырғырлардың көмегімен Босфорды алып, Қырымға кіреді. Олар Батыс Кавказ арқылы Византияға кірмекші болады. Бірақ олар Эгриси патшалығының қарсылығынан әрі өте алмай, Солтүстік Кавказ бен Дербентке дейінгі жазықты місе тұтады.

552 жылы Моңғолияда түркілер жуан-жуандардың билігін тоқтатып, Батысқа жылжи отырып, бес жыл бойы Еділ жағасында тұрақтады. 565 жылы эфталиттерді талқандады. 568 жылы византиялық император II Юстинианге соғдылық көпес Маниах бастаған бірінші көк түрік елшілігі келіп, сауда және әскери салада келіссөздер жүргізді. Кейін византиялықтар Земарх бастаған елшілікті жіберіп, ол Константинопольға Тағма тархан бастаған түркі елшілігімен келді. Түркілер мен византиялықтар осы кездесулерде Иранға қарсы бірігіп соғысуға келісті. Дегенмен түркілердің дайындығына қарамастан византиялықтар соғыс әрекеттерін кешіктіре берді.

576 жылы византиялықтар ақыры Иранмен соғысып, түркі көмегін аса қатты сезінді. Валентинус бастаған елшілік Жайық маңында Тұр шадпен кездесті. Тұр шад елшіні империяның екіжүзділігі үшін ұрысты. Сөзден іске көшкен Тұр шад Қырым мен Босфорды жаулап алды. Түркілер Византияға қарсы

соғысты одан әрі жалғастырып, Кавказдағы империя иелігі Лазикаға кірді.

Византия иелігін түркілердің одан әрі жаулап алуы 582 жылдан 593 жылға дейін көк түріктер арасында орын алған азаматтық соғысының етек алуына орай тоқтап қалды. Тек 588-589 жылдары ғана византиялықтар түркілермен көптен күткен одаққа қол жеткізді. Бірақ ирандықтар Герат түбінде түркілерге соққы беріп, түркілерді соғыстан шығарып тастады.

598 жылы император Маврикийге түркі елшілігі келіп, өздерінің парсыларға қарсы әскери одаққа дайын екендіктерін білдірді. Түркілерге қарсы угор тайпалары көтеріліп, аварларға барып қосылды. Түркілер біртіндеп әлсірей бастады.

Осы тартыстан Иран да шет қалмай, 626 жылы Сирия, Палестина, Мысырды жаулап алды. Славян-авар күштері империя астанасы Константинопольды қоршады. Бірақ 628 жылы Иракии патша Ираннан бұрынғы жерлерін қайтарып алды. Осы кезде әлсіреген Иран империямен алысуға шамасы келмеді. Ирандағы идеялық тығырықты пайдаланған жаңа, ислам дүниетанымымен қаруланған арабтар тарих сахнасына шықты. 634 жылы арабтар Сирияны, 638 жылы Антиохияны, Месопотамияны, Арменияны, VII ғасырдың соңына қарай Солтүстік Африканы алды. Арабтар жаулап алулары бұл жерлерде феодалдық қатынастарды жеделдетті. Ал империя болса христиандық идеологияның дағдарысын бастан кешіп, құлдырау үстіне құлдырай берді. Шіркеу дағдарысқа ұшырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Зороастризм дінінің Иран-Тұран қарым-қатынасындағы маңызы қандай болды?
2. Сасанилер билігі тұсында Түркі қағанаты мен ирандықтардың қарым-қатынасы қандай болды?
3. «Жібек жолының» Византия – Түркі қағанаты – Иран қатынасындағы рөлін сипаттаңыз.

1.3. «Шахнаме» дастанындағы Тұран мен Иран

Фердаусидің орта парсы тілінде жазылған «Шахнаменің» толық мәтіні 1999 жылы Қатре баспасынан (Иран) 1367 бет

болып алтыншы рет басылып шықты. Иран әдебиеті мен тарихының керемет үлгісі «Шахнаме» (патшалар кітабы) жырының авторы Әбілқасым Фердаусидің «Шахнамедегі» автордың келтірген түркілер мен Тұранға қатысты мәліметтерді түркі тарихын зерттеуде пайдаланудың едәуір қиыншылықтары бар. Әсіресе осы мәліметтер арқылы түркі тарихын хронологиялық тұрғыда жүйелеп көрсету өте қиын. Тіпті жырдағы түркі билеушілерінің есімдері бір ғана жиынтық түрде, тек Афрасиаб есімімен берілген. Дегенмен оқырмандардың өздеріне керекті мәліметтерді жырда келтірілген оқиғалармен салыстыра қарауына мүмкіншілік беру үшін Ирандағы сасан әулетінің билеушілерінің билеу кезеңдері мен Тұран билеушілері (Түркі қағанаттары) кезіндегі тарихи оқиғаларды қатар көрсете кетуді дұрыс санадық.

Қазақтар мен парсы-тәжіктер – баяғы тұрандықтар мен ирандықтардың қазіргі ұрпақтары. «Шахнамедегі» Тұран тұлғалары көне тарихтың қаһармандары ретінде есімдері халық ауыз әдебиетінде насихатталып, қазақтың ат қою дәстүрінде де олардың әсері байқалуы тиіс еді. Қазақ арасында кісі есімдерінің жырдағы кездесетін тұрандық батырлар – Қарн, Барман, Құман, Қарухан, Пашанг, Ағрирас, Андаман, Мақатөрелерден гөрі ирандық Рүстем, Дастандардың көптігінің өзіндік себептері барлығы анық.

Әбілқасым Фердаусидің иран әдебиеті мен тарихының керемет үлгісі болып табылатын «Шахнаме» (патшалар кітабы) жыры желісінің негізі Иран-Тұран қатынастарының тарихын суреттеуден тұрғандықтан шығарманың көне түркілердің тарихы мен мәдениетін қалпына келтіруде маңызы баршылық. В. Бартольд, Л. Гумилев сияқты мәшһүр тарихшылар да өз зерттеулерінде аталмыш жырға сілтеме жасаудан тартынбаған. Шахнаметанушы И. Брагинский кітаптың формальды түрде аңыздық және тарихи тұрғыда елу Иран патшасының билік ету дәстүрлері желісінде құрылған, ал іс жүзінде жыр үш әртүрлі бөлімнен тұратынын жазады.

Дастанның мифологиялық бөлігі алғашқы патшалар – Каюмарс, Хушанг, Тахмурад пен Жәмшид патшалықтары кезіндегі оқиғаларды суреттеуден басталады. Бұл патшалармен байланысты оқиғалар барлық халықтарда сақталған адамдарға мә-

дениетті үйретуші алғашқы адам мен патша туралы мифтерге жақын. Мысалы, Каюмарс адамдарды үңгірден алып шығып, тамақ жасауды үйретті. Хушанг от пен темірді ойлап тауып, адамдарды егіншілік пен мал шаруашылығына үйретті (б.э.д. 1200 ж.), Тахмурас жазуды ойлап тапты. Жәмшид аң терісінің орнына матадан киім тігуді үйретіп, дәрігерлерді тәрбиелеп, кеме жасады, адамдарды абыздарға, хатшыларға, егіншілер мен қолөнершілерге бөлді. Жәмшид патшалығы – алтын ғасыр болды. Бірақ оның Ахриманмен (зороастризм дініндегі ізгілікке қарама-қарсы, шайтан ұғымы) қақтығысынан қиыншылықтар басталды. Иранды Захак атты жат жерлік басқыншы биледі. Кава бұл билеушіні тақтан тайдырып, орнына Фаридунды патша қояды. Фаридун Захакты темір шынжырмен бұғаулап Дамовенд тауларына тастайды.

Фаридун елді өз ұлдарына бөліп береді. Салмға Рум (Кіші Азия) мен Батысты береді. Турга – Қытай Түркістаны мен Тұранды, Ираджға – Иран мен араб елдерін береді. Тур мен Салмның Ираджды өлтіруімен иран-тұран соғыстары басталады. Жыр желісінің едәуір бөлігі де дәл осы соғыстарға арқау болады.

Батырлық жырлардың ортасында Рүстем орналасқан. Рүстем ерліктері Кей ұлдарының үш патшалығы – Кейкубад, Кей-Кабус, Кей-Хосрау кезінде бейнеленген. Осы патшалар кезінде шиеленіскен иран-тұран соғыстары тек патша Кей-Хосраудың соңғы патшалық ету кездерінде саябырсыды. Ол Афрасиабтың ұлы Джихшаны тұтқыннан босатып, оған Тұранды береді.

Эпостың осы бөлігінен соң интермеццо басталады. Бұл жердегі кейіпкерлер жартылай аңыз, жартылай тарихи тұлғалар, олардың негізгісі жырда Ескендір деп берілген Александр Македонскийдің осы аймақтар мен Үндістанға жорығы бейнеленген.

Дастанның тарихи бөлігі Сасан әулеті (220-665) билігіне арналған. Онда Ардашир, Бахрам Гур, Ануширван, Хосрау Парвиз, Бахрам Чубин сияқты тарихи тұлғалар мен олардың кезіндегі оқиғаларға шынайы баға берілген. Жыр соңы сасанилер патшасы Яздигердтің өлімімен және араб шапқыншылығынан есеңгіреген сасанилер мемлекетінің құлауымен бітеді.

Шахнаменің түпнұсқасындағы түркілер мен Тұранға қатысты назар аударарлық мәліметтерді екшелей көрсетсек, оларды былайша топтап көрсетуге болады:

1. «Шахнамедегі» Тұран мен Иран шекарасы.
2. Тұрандықтар шаруашылығы және басқа елдермен қатынасы.
3. «Шахнаме» және түркілік дүниетанымы.
4. Тұранның көрші елдермен қарым-қатынасы.
5. Тұрандықтардың тілі мен жазуы.
6. Тұрандықтардың қару-жарағы мен соғыс өнері.

«Шахнаме» бойынша Фаридун мен оның ұлдары патшалық еткен тұста Иран-Тұран шекарасы болып Әмудария (Джейхун) бекітілген. Екі жақтың осы шекарадан өтуі шекараны бұзған болып есептеледі:

*Чу Лашкар бе наздике Джейхун расид
Хабар назде пуре Фаридун расид.*

Әскер Джейхунға жеткенде, оның хабары Фаридун ұлына (Наузар) жетті (өлеңдер мен текстерін аударған – Ж. Жеңіс).

Немесе:

Сепохи аз Джейхун су кешид.

Әскер (тұрандықтар) Джейхун жақтан бері қарай өтті.

Жыр сюжеттеріне сәйкес тұрандықтар шаруашылықтың екі түрімен – көшпелілік және отырықшы-егіншілікті қатар ұстанған сияқты:

Рүстем түркілер даласына келгенін суреттегенде:

*Дегар суй Серахс ва биобонаш
Паш гале гаште дар даит аху ва миш.
Хаме даит пор харге ва хейме кеит.*

Серахстың келесі беті – шөл дала, отар-отар қойлар мен маралдар. Дала толы үлкенді-кішілі киіз үйлер.

Жырда тұрандықтардың көшпелі өмірін суреттегенде тағы бір дәлел Рүстемнің Афрасиабқа:

Надони ке Иран нешастман аст Джахоне сар сабз зире дасте мен аст.

Сен Иранды отырықшы екен деме, жасыл желек әлем менің қол астымда.

Жырдың тағы бір жерінде Тұран жерін бос жатқан кең дала ретінде суреттеп, ирандықтардың бұл жерде қойлар мен малшыларды қырғанын жазады:

Куджо буд бар даште Турон иле

Герефтанд бесиор ва котанд низ мавуд аз бад вахт монанде чиз.

Галедор ва чупоне васи коште шод.

Тұран елі бос жатқан дала, бұл жерде көп нәрсені алып, көп нәрсе жойылды, жеткілікті түрде қойшылар мен малшылар өлтірілді.

Тұрандықтарда қалалардың да болғаны белгілі болып отыр. Шахнамеде осындай қалалардың бірі былайша суреттеледі:

Чу омад бар он шарестон даете охт.

до фарсанг боло ва пахнош сохт

Аз ейвон ва мейдон ва кохе боланд

Зе полиз ва зе голаш аржманд

Биорост шахри бесон бехешт

Бехамун гол ва сонбал ва лоле кашт.

Алақандай қалаға келгенде,

Ені мен биіктігі екі фарсанг,

Айван мен алаң және биік сарай.

Гүлге толы қаланы

Жұмақ десең болады.

Археологиялық мәліметтерді талдай отырып, отырықшылық қоныстар Қазақстанның ең шеткері аймақтарында да болғанын айту керек. Осы аймақтағы көптеген көне архитектуралық ескерткіштер, қоныстар қалдықтары мен суландыру каналдарының қалдықтары өткен замандарда тұтас бірқатар мәдени-экономикалық ошақтардың болғанын білдіреді.

Бұл жайлы Шахнамеде түркілердегі күмбезді құрылыс жайында (2-сурет):

Дигар су Афросиоб ва Сепох

Чу Пирон Ба Гарсиуз кинехох

*Бе хар гуше гонбади сохте
Сараи ро бо барондар афрохте.*

Келесі бетте Афрасиаб пен әскер
Пиран мен Гарсиуз сияқты кекшіл батырлар
Әр бұрышқа күмбез салды
Ұшы аспанмен таласқан.

Тұрандықтардың басқа елдермен тығыз экономикалық қарым-қатынаста болғандығына жырда кездесетін тұтыну тауарлары мен қару-жарақтардың шығу тектерін әр елден екендігі дәлел бола алады. Мысалы, дибой чини, чатре хенди, чочи камон, пулоде чини, сепархой чини, шамшире хенди, аспоне този, яғни қытай жібегі, үнді шатыры, шаш садағы, қытай болаты, қытай қалқаны, үнді семсері, хаданг оғы, таз-тәжік жылқылары, кабул канжары болып келеді.

Рүстем Тұранға, Хотанға саудагер болып келіп, Бижанды құтқаруға келгенде одан жергіліктілер кімсің, қайдансың деп сұрағанда:

*Бе бозоргони зе Ирон бе Тур
Бе пеймудам ин рохе душвор ва дур.
Форушанде ам хам харидор низ
... Харам чорпой ва форушам гохар.*

Саудамен келгем Ираннан Тұранға,
Қиын да қауіпті жолдардан өттім
Әрі сатамын, сатып аламын,
Мал аламын, гаухар сатамын, –

деп көшпенділерден мал өнімдерін алғандығын көрсетті.

«Шахнамеде» автор ирандықтар мен тұрандықтарды кейде ортақ дүниетанымға ие етіп көрсетеді. Жырда тұрандықтар ирандықтар өздерінің ресми хаттарын жазғанда оны күн мен айдың жаратушысы атынан бастайды:

Бе номе худованде хуришд ва мох (күн мен айдың жаратушысы атынан).

Күн мен айды қасиетті санау біршама түркі халықтарында, солардың ішінде қазақ халқында да әлі күнге дейін сақталған дәстүр. Зерттеушілердің пікірінше, оңтүстік Сібірді мекендейтін

шор, алтай, хакас халықтарында осы дәстүрдің сарқыншақтары молынан кездеседі. Адамдар әлемі – бұл күн мен ай жарық қылатын әлем. Төменгі әлем жарық емес не нашар жарықталған. Жер әлемінде күн мен ай – уақыт өлшемі. Түркілер босанатын әйел туралы айтқанда ай-күні жеткен дейді, ай туғанда сәлем беріп, «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» дейді.

Жырдың кейінгі бөліктерінде тұрандықтар мен ирандықтар екі дүниетаным өкілдері ретінде суреттелетін жерлер аз емес. Бұған басты себеп ирандықтардың зороастризм дініне жаппай кіруімен байланысты болар.

Мысалы:

Гарсиуз айтады: *До кешвар – иеки оташ, ва дигар об.*

Екі ел – бірі от, екіншісі су.

Жырда сондай-ақ көне түркілердің негізгі сенім нысаны болған Тәңірі – Аспан ұғымы жайлы да мәліметтер кездеседі. Жырдың «Ескендір патшалығы» тарауында:

*Аз ин пас биоад иеки номдар,
Зе даште савороне нейзегорон.
Иеки марде покIZE на никхуй
Беду дине Яздон шавад чорсуй.
Иеки пуре дехконе аташпарастэ
Ке пор дине Муса ке хони жаху
Ке гуяд джоз он ро нашояд сетуд
Дегар дине Иунони он парса
Ке дод овард дар деле падша.*

Бұл жақтан бір атакты,
Аттылар мен найзагерлер даласынан таза ер кісі келді:
Төрт тарапты Яздон дiнiндегi,
Келесiсi отқа табынушы дихан – кария,
Келесiсi жөйт деп аталатын дiндi
Мактай беретiн Мұса жолын куушылар
Келесi патша жүрегiнен
Орын алған гректер дiнi.

Бұл жердегі Яздон діні деп отырғандары түркілердің Тәңірі діні болуы әбден мүмкін.

Жырдың тағы бір жерінде түркі қолбасшысы Барман хан кеңесшісі Пиранға былай дейді:

*Кезе Асман созар нист,
Аспаннан артык ештеңе жок*

немесе

*Педар Асмон бод ва мадор Замин
Аспан – эке, Ана – жер.*

Осымен үндес көне түркі жазбаларының мәтінінен мына үзінділерді де мысалға келтіруге болады: «Аспан менің әкем Елтеріс қаған мен анам Ілбілге қатынды өз құдіретімен басқарып, оларды көкке көтеріп әкетті. Қағанға басқаруға мемлекет беретін аспан, мені түркі аты мен халқы жоғалмасын деп қаған етті. Аспанның ырқымен түркілер жеңіске жетті».

Жырда түркілердің арасында жұлдызшылар маңызды орынға ие болғандықтары жайлы деректер мол. Солардың бірінде:

*Зе Туркон иеки буд Бозур ном
Бофсукн бехар джой гостарде кам
Биомухте кажи ва жови.*

Түркілерде Бозур атты біреу болды
Оның сиқыры барлық жерге жүреді.
Сиқыр мен жадылықты меңгерген.

Осы бақсыны Пиран ирандықтарға жұмсайды:
*Ке аз ой дар бороу то саре тиге кух
Барф ва сармо ва бод дамон
Баройшон биобар хам ондар замон.*

Осы жерден тау басына бар
Сол мезет оларға қар, суық жел жібер.

Бұдан соң түркілер ирандықтарға шабуыл жасайды. Жеңіліп бара жатқан ирандықтар аспанға назар аударып:

*Сепях дор ва гардан кешон он замон
Герептанд зори суй осмон.
Ке ей! Бар тар аз дош ва хуш ва рой
На дар джой, ва на зире джой
Хаме бандей порнегохе тим.
Ве би чореше дод хохе туйн.
Зе афсун ва аз джодуй бартари*

*Джахондор ва бар девороне девори.
То тавонтар аз отаи ва аз мехрин.*

(Камус Кашани, 359)

Қолбасшы мен сарбаздар
Сол кезде аспанға қарап зар иледі,
Ей! Барлығынан биік Жаратушы!
Бір жерде емессің, жер асты, үстінде де емессің!
Барлығына сенің қырағы көзіңнің құлымыз,
Сенің жолында бейшарамыз.

Барлық сиқыршы мен бақсыдан күштісің, әлемнің билеушісің. Құдайлардың құдайысың, оттан да күштісің!

Отқа табынушы ирандықтардың аспанға назар аударуы бұл қиналған кезде түркілердің Тәңірі – Аспанына назар аударуы секілді еді. Тіпті олар Тәңірі – Аспанды мадақтағанда, оны оттан да жоғары қояды да, олар Тәңірден:

*Аз ин барф ва сармо фариодарс,
Надорим фариодарс джозе Ту касс, –*

дейді.

Мына қар мен суыққа қарсы Сенен басқа ешкімнің көмегіне сүйене алмай отырмыз.

Бақсы көмегімен жауға қарсы қар, суық жіберу түркілер үшін үйреншікті нәрсе болды. Жырдың тағы бір жерінде:

*Ба аз ин ру бар омад иеки тонд бод
Ке каси ро аз Ирон набод разм иод,
Иеки абре тонд андар омад чу гард
Зе сармо хами лаб бедандон фесард.
Саро парде ва хамихо гаит иах
Кешид аз бар қух бар барфе йах.*

Бұл тараптан бір ала құйын шықты,
Оның артын ала дөңгелеген бұлт шықты.
Суықтан еріндер тіске жабысты,
Шатырлар мұзға оранды,
Тау басынан қар жауды.

Жырда тұрандықтардың дәстүрінде түс жорушылар мен жұлдызшылар да маңызды орын алатыны шебер бейнеленген.

Мысалы, Афрасиаб түс көргенде оны жорытуға адам іздестіреді. Сонда Гарсиуз былай дейді:

*Гозарандейхе хоб бояд каси ке
Аз донеш андазе'е дорад баци.
Бехоним бидор дел мубадон
Аз охтар шеносон ва аз бехардон.*

Түс жоритын адам білімі жеткілікті болу керек.

Ойы сергек бақсылар, жұлдызшылар мен ақылгөйлерді шақырады.

Осы тұрғыда Ж. Баласағұнидың «Құтты білігіндегі» мына шумақтарға назар аударсақ:

Тағы бірі – түс ілімі деседі,
Жорушы тек жақсыға жол кеседі.
Кісі ұйықтаса түрлі түстер көреді,
Жори білсе айтқаны анық келеді ...
Не жорысаң сол болады сенгейсің.
Түс көруші, түсті нәзік көргейсің.
Жақсы жорып, жақсылыққа балайтын,
Ақылдылар бар, жақсылық қалайтын.
Жақсы көріп, бұларды ізгі санасаң.
Қаласаң – дос, туысқан қыл қаласаң.

Тұрандықтардың тілі мен жазуы. Тұрандықтардың түркі тілінде сөйлегендігі жайлы жырда Гударз Тұранға өз адамын жібергенде:

*Забон ро бе торки биорости.
Түркі тілінде сөйле деп тапсырады.*

Тұрандықтардың Базур атты бақсысын суреттегенде:

Бедонесте чини ва хам пахлави.

Қытай мен пехлеви (парсы) тілін менгерген. Яғни ирандықтар пехлави тілінде сөйлесе, түркілердің өз тілі болғандығы анық. Жырдың тағы бір жерінде:

*Бе торки ченин мехр ва пейванд чист,
яғни түркіше осындай махаббат пен ынтықтық не?*

Жырда түркілердің өз тілінде сөйлегені жайлы:

Ке ру шиш Хумон бе торки забон.

Хуманға карап түркі тілінде сөйледі.

*Зе аржасп солоре гардоне чин.
Саборе джахондиде гарде замин.
Невешт андарон номей хосроуй.
Неку офарини хатте ябгуй.*

Қытай әскербасшысы Аржасп
Шаққа яғбу жазуымен хат жазды.

Соғыс өнерін зерттеушісі М. Иванин түркілердің дәстүрлі әскери өнеріне күдікпен карап: «Моңғол-татарлар терең әскери тәртіпті сақтай отырып, өздерінің басты міндеттерін өзара белгілесті. Атты әскер алаңда соғыса білді. Қорғандарды қоршап, шабуыл жасау сияқты ерекше ұрыс тәсілдерін шеберлікпен меңгерді. Осыдан келіп мынадай заңды сұрақ туады. Осы жартылай жабайы, малшы татарлар осындай әскери тәсілдерді қайдан үйренді», – деп сұрақ тастайды да, оған өзі татарлар даласына Рим империясынан қуылған несториан топтары моңғолдар арасына келуімен немесе көрші Қытай елімен байланыспен түсіндіре жауап береді.

Дегенмен «Шахнамені» талдау түркілердің әскери өнерінің тамырының тым тереңге кететінін көрсетеді. Афрасиаб өз әскеріне:

*Хаме бо дарафш ва табире шабим.
Барлығымыз кернейлетіп, барабандатайық, –*

дейді.

Одан беріде барабан соғудың түркілік соғыс өнерінің ажырағысыз бөлігі болғандығын Марко Полодан табамыз: татарлар өздерінің жетекшілерінің накарлары (барабандары) соғылмай тұра соғысты бастамайды: ол соғылғаннан соң ғана ұрыс басталады. Татарларда мынадай әдет те бар: олар дайындалып, соғысты күтіп тұрғанда накар соғылмас бұрын олар ән

салып, екі шекті аспапта ойнайды: ән салып, би билейді, ұрысты күтіп тұрып, олардың ән салып, ойнағаны қызық.

Тұрандықтар өздері жасаған қару-жарақпен бірге көрші елдерде жасалған қару түрлерін де кеңінен пайдаланды. Түркілер әскері темір сауытты болғанға ұқсайды. Мысалы, Рүстем өз ұлына ақыл айтып, түркілерді суреттегенде:

*Зал, ей, Песере Гушдор! ...
... Ке он торк дар джанг аждохост.
Дар оханг ва дар кине абр болост.
Дерафшан сиюх аст ва хофтане сиюх
Зе оханг со'ад зе оханг колох*

Зал, ей, ақылды балам! ...
Ол түрік соғыста айдаһар,
Ол темірге оранған, қайсар,
өшпенділігі жоғары,
Темір шоқпар (қамшы)
Темір архалук (кіреуке),
темір дулығалы, –

деп айтады.

Жырдың тағы бір жерінде:

*Зе торкон ва аз даште найзаварон
Зе хар су биомад сепохи герон.*

Түркілер мен найзалылар даласынан.
Әр жақтан ауыр салмақты әскер шықты.

Немесе

*Герон лашкари сохт Афрасиаб.
Афрасиаб ауыр салмақты әскер ұйымдастырды.*

Археологиялық мәліметтер сақ-массагет тайпаларының металл өңдеуді шебер меңгеріп, оны тұрмыста кең қолданғанын көрсетеді. Олардың еңбек құралдары, қару-жарақтары, ыдыстары да металдан жасалды. Түркілер дүниетанымында темір – Тәңірлік сипатқа ие қасиетті зат болды және Тәңірінің оларға тартқан осы бір игілігін шебер қолданып, іске асыра білді. Міне, сондықтан да «Шахнамеде» келтірілген «темірге оранған» түркілер ұғымын тарихи шындық ретінде қабылдауымыз дұрыс.

Түркілердің соғыс өнерінде кең пайдаланған әдісі ол – тыңшылық болды. Афрасиаб бір шопанды тыңшы ретінде Иран әскеріне жібереді:

*Негах кун ке чанд аст ро
Ирон сепак зе гардон ке дорад
Ке дерафи ва колох*

Байқап қара Иран әскері қанша, сарбазы, шоқпары мен дулығысы неше екен?

Тағы бірде Афрасиаб өз қолбасшысы Фаргарды Иранға жібереді:

*Хам акнун бороу сүйе Иран сепох
Негах кун бедин Ростам размхох
Саборон негах кун ке чандон ва чун
Ке дорад барин бум на рахнемун.*

Дәл қазір Иран әскеріне жөнел,
Сол Рүстем жауынгерді байқа,
Әскерін қара: қанша және қалай бекінген, несі бар, бәрін біл.

Сонымен, «Авеста», «Шахнаме» жырларынан тарихымыз бен халқымыздың мәдениетіне қатысты біршама мәліметтерді көрсеттік. Әрине, бұл шығармалар көне тарих бойынша толыққанды сенімді қайнаркөздер бола алмайды. Дегенмен жырлардағы мәліметтерді басқа деректермен, археологиялық материалдармен салыстыра отырып зерттеудің оң нәтижелер беретіні анық. Қазіргі кезде көптеген ғалымдардың қасиетті Інжіл, Тәурат, Құран кітаптарындағы мәліметтерді тарихи оқиғаларды зерделегенде пайдаланып отырғандығы жаңалық емес. Сондықтан да төл тарихымызды зерттегенде жоғарыдағы шығармалардағы мәліметтерге назар аударудың берері баршылық.

Бақылау сұрақтары:

1. «Шахнаме» дастаны сюжеттерінің Иран-Тұран қарым-қатынасының дереккөзі ретінде қаншалықты маңызы бар?
2. «Шахнаме» дастанындағы түркілердің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтерді сипаттаңыз.

II ТҮРКІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ИРАН ЖӘНЕ ТҮРКІСТАННЫҢ КӨШПЕНДІ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ (X-XI ғ.)

2.1. XI ғасырдағы түркілер қозғалысы қарсаңындағы аббасилік Ирандағы діни-саяси ахуал

Түркілердің ортағасырлық Иран мен ислам әлеміндегі тарихи маңызы олардың осы аймақтағы діни-саяси ахуалдарға тигізген әсерлерімен өлшенеді. Міне, сондықтан да салыстыра талдау мақсатында түркілер жаулап алулары қарсаңындағы Ирандағы саяси-діни ахуалдың қалыптасу деңгейін қайта електен өткізу осы тарау міндеті болып тұр. Хронологиялық шегініске орын беріп, осы тарихи оқиғаларға талдау жасап кету және оның нәтижелерін келесі тараушадағы түркілердің тарихи отандарындағы ұқсас жағдаймен салыстыра қарастыру зерттеуге арқау болар мәселелерді айқындауда ықпал жасары анық. Осы себептерге байланысты бұл тарауда, ең алдымен ислам дінінің Иранға тарау ерекшеліктері, жаңа діннің келуімен байланысты Иранда орын алған саяси ахуал мәселелері сөз болады.

Жалпы, түркілердің Иранды жаулап алу қарсаңында Иранда өте күрделі діни-саяси ахуал қалыптасты. Оларды топтап көрсетер болсақ: 1) ислам діні мен оны таратушылардың ирандық көне дәстүрді ұстанушылар тарапынан айтарлықтай қарсылыққа ұшырауы; 2) ислам діні мен араб үстемдігіне наразылық ретінде бірнеше ұсақ мемлекеттердің пайда болып, елдің саяси бытыраңқылыққа ұшырауы; 3) саяси-діни дағдарысқа қарсы тұрарлық бірден-бір саяси күш – халифат билігінің осалдығы; 4) дәстүрлі исламға қайшы келетін діни ағымдардың пайда болуы және осының негізінде діни алауыздықтың өршуі; 5) Ирандағы саяси дағдарыс. Осы мәселелерді жеке-жеке талдау, кейінгі тарауларда түркілер жаулап алуларынан кейінгі осы ахуалдың өзгеріске түскенін салыстыра талдау – зерттеу мақсатының бір бөлігі.

Сонымен, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар қайтыс болған соң бір жылдан кейін оның бірінші орынбасары Әбу Бәкір кезінде сасанилік Иранды арабтардың жаулап алуы басталды. Арабтарға

өз еркімен бағынғандар бір жолғы контрибуция мен әр жыл сайынғы салық төлеу керек болды. Арабтар мұсылмандардан басқа христиан, иудей, заратуштра дінін ұстанушыларды «зим-миялар» деп атады. Рей мен Құмда бұлардың саны бес жүз мың болды. Олар өз дінін, әдет-ғұрпын сақтауға мүмкіндік алғанымен, дінсіздерден алынатын салық төлеуге мәжбүр болды.

VIII-IX ғасырларда араб халифатының исламды қабылдауымен Иран халқы да біртіндеп исламдана бастады. Дегенмен көптеген парсылар дәстүрлі діндері – зороастризмге адалдығын сақтап, жасырын түрде, кейде ашықтан-ашық ескі нанымдарын дәріптей берді. Истахри, тіпті IX-X ғасырларда Фарс жерінде халықтың көпшілігі зороастризм дінінде болғанын және ол жерде көптеген от храмдарының жұмыс істегенін, омейялар (661-750) кезіндегі Керман халқы ашық түрде зороастризмді ұстанғанын, Шиз қаласы мен бірқатар Каспий маңы аймақтары, Гилян, Мазандеран, Горган қалалары көне дін орталықтары болып қала бергендігі жайлы жазады. Фарс провинциясындағы Истахр қаласы осындай қалалардың бірі болды.

Бұған қарамастан, Иран жерінің араб халифатының құрамдас бір бөлігіне айналу процесі шапшаң жүре берді. Ирандық зерттеуші А. Бейат исламның Иранға тарау факторларын былайша түсіндіреді: 1) мұсылман еместердің «джазйэ» төлеуге міндеттілігі; 2) ирандықтардың халиф сарайына қызметке тартылуы; 3) ирандықтардың мұсылман көршілерімен мәдени, саяси-экономикалық қарым-қатынасқа түсуі.

Халықтың исламдануы географиялық жағдайларға да байланысты болды. Иранның орталығы мен батысы исламды ерте қабылдағанмен, елдің солтүстігі мен шығысы, оңтүстігі ұзақ уақыт зороастризм дініне адал болып қалды. Таулардағы адам аяғы бара алмас тас сарайларда зороастризм дініне қатысты қасиетті кітаптар мен бағалы қолжазбалар сақталды. Истахри, Сабур округындағы осындай тас сарайды былайша суреттейді: «Қолжазбаларда парсыларға белгілі барлық патшалар мен ақсүйектер, отты сақтаушы барлық ұлы мөбедтер (зороастризм дінбасысы) мен басқалардың аты жазылған. Бұл қасиетті жазбаларды «Джисс қамалы» деп аталатын Арраджан округының тұрғындары қорғайды». Осы аймақтар ислам дінінің Иранда қанат жаюына барынша қарсылық көрсетіп, түркілердің

жаулап алуларына дейін исламға қарсы қозғалыстар мен идеялардың ошағы болды.

Араб үстемдігі мен жаңа дінді көне дәстүр мен мәдениетке ие өркениетті ел тұрғындары бірден қабылдай алған жоқ. Араб билігі мен ислам діні жергіліктілердің ұзақ қарсыласуларымен қатар орнай бастады. Бұған әсіресе ислам діні мен зороастризм дінінің дүниетанымдық алшақтықтары әсер етпей қоймады. Халықтың жаңа ислам дініне сүйенген жаңа билікке деген өшпенділігі мен мойынсынбаушылығы жайлы К. Босворт былай деп жазады: «Арабтардың келуінен бастап X-XI ғасырларға дейін бірнеше мәрте қарсыласқан, кейбіреулеріне Иранның көне діндері – маздакизм мен зороастризмді ұстанушылар қатысқан әлеуметтік-саяси қозғалыстар болды. Бұл қозғалыстар исламның күшеюімен әлсіреген соң да іс жүзінде исмайлышылар мен шииттер қозғалысы түрінде жалғасын тапты». Көне дәстүрлі мәдениетке ие ирандықтар ислам діні негізіндегі жаңа өркениетке осылайша өз қарсылықтарын білдірді.

Оңтүстік Каспийдің жағалау аймақтары Гилян, Табаристанның, сонымен қатар Эльбурс тауларымен қоршалған таулы ішкі аудандар халықтар мен идеялар үшін әрқашан сенімді баспана болды. Бұл жерлерде этникалық топтардың қалдықтары, ескі тілдер мен күпірлік сенімдер, көне қолжазбалар мен әлеуметтік дәстүрлер өз өмірлерін ислам Иран жеріне берік орнаған соң да жалғастырып жатты.

Барша мұсылмандардың сеніміне ортақ діни темірқазықтың басым дәрежеге жетпеуі діни ала-құлалықты тудырып, біртұтас ислам мемлекетінің, қала берді Иран мемлекетінің саяси бірігуіне айтарлықтай кедергі келтірді. Исламды таратушы араб жаулап алушыларының билігіне мойынсынғысы келмеген халық наразылықтары мен жергілікті билеушілердің қарсылықтары нәтижесінде Иран жерінде әртүрлі ұсақ мемлекеттер пайда болды. Осы жергілікті әулеттердің ішіндегі көрнектісі Табаристандағы бавандилер әулеті болды. Әулет билеушілері дәстүрлі ирандық титулды қолданып, өздерін «испахдад» – әскербасы, кейде «мулук ал-джибал» – тау иелері деп атады. Иранның саяси бірігуіне мүдделі болған бұл әулет жеті жүз жыл бойы ильхандар билігі кезіне дейін өмір сүрді. Селжүктер олармен үздіксіз соғыс жүргізсе де бұл әулетті толық құрта алмады. Осы

әулеттің екінші тармағы – испахабдадилер мемлекетін хорезмшахы талқандап өз иелігіне қосқанмен (1210 ж.) отыз жылдан соң қайтадан кинхбарилер болып, 1349 жылға дейін моңғолдардың вассалы бола өз өмірлерін жалғастырды. Солтүстік-батыс Ирандағы осындай бір әулет – мусафарилерді (916-1062) селжүк Тоғрул бек талқандады. Тағы бір әулет – шаддилер мемлекеті солтүстік Иранда «дейлемилік интерлюдия» (дейлем халықтарының саяси белсенділігі дәуірі (X ғ. 30-ж. – XI ғ. екінші жартысында)) кезінде пайда болды. Бұл әулеттің негізін қалаушылар курдтар еді. Бұл мемлекет әзірбайжан дейлемилері мен христиан-армян, грузиндер патшалықтары аралығында өмір сүріп, астанасын Гянжә қаласы етіп алды. Сұлтан Тоғрул бұл әулеттің өмірін 1063 жылы тоқтатты. Ал шаддилердің Ани қаласына орналасқан бұл қаланы Алп Арслан сұлтан талқандаған соң, 1199 жылы бұл қала грузиндер қарауына өтті.

X ғасырдың басында Дейлемде, Каспийдің оңтүстік-батысында зиярилер әулеті билік құрды. XI ғасырда зиярилер ғазнауилерге мойынұсынғанмен, селжүктердің тарих сахнасына шығуымен олар соңғыларға бағынды. Раввадилер мен какуйлер де дейлемилік әулеттер болды. Какуйлер батыс Ирандағы буйлер құлдырауы кезінде пайда болып, кейін орталық Иранны (Исфахан, Хамадан) 1008 жылы жаулап алып үлкен саяси күшке ие болды. 1029 жылы Ғазна билеушісі сұлтан Махмуд Рейді жаулап алғанда әулет негізін қалаушы ибн Какуия Махмұдка бағынып, Тоғрул 1051 жылы Исфаханды жаулап алғанда селжүктерге бағынды.

X-XI ғасырларда гүлденген мемлекеттердің ең күштісі буйлар үлкен иелікке ие болды. Бұл мемлекеттің иейлар Иран жеріндегі бытыраңқы мемлекеттерді біріктіріп, сасанилер кезіндегі Иран даңқын қайта әкелмекші болды. Бірақ бұл тарихи маңызды жүкті олар іске асыра алмады. Осы кезде Иранның солтүстік-шығыс аймағы да бір-біріне тәуелсіз бірнеше мемлекеттерден тұрды. 821-877 жылдары Хорасанда тахирилер билігінен соң бұл аймақта саманилер билігі орнады. Державаның негізін қалаған Балх облысынан шыққан диқан Саманхуда еді. 893 жылы Исмайл ибн Ахмад Сырдарияның ар жағындағы қарлықтарға шабуыл жасап, олардың астанасын тонады. Саманилер ұзақ уақыт бойы өз территориясында тыныштық орнатып,

парсы тілі мен әдебиеті, ғылым мен мәдениет өркендеп гүлденуіне мұрындық болды. Парсы тілі араб тілі мен мәдениетін ығыстырып, осы мемлекетте ұзақ уақыт үзілістен соң қайта ғылым тіліне айналды. Алайда бұл әулет билігі де осы уақытқа дейін Иран жеріндегі бытыраңқы патшалықтарды біріктіре алмады.

Байқағанымыздай, түркілер келуі қарсаңында Иран жері бірінен соң бірі тарих сахнасына шыққан әулеттердің елді біртұтас етіп біріктіруге жасалған қадамдарына қарамастан, бірнеше тәуелсіз бытыраңқы ұсақ мемлекеттерден тұрды.

Аталған мемлекеттер баяғы исламға дейінгі Иранның даңқын қайта әкелмекші болды. Міне, сондықтан да олар үшін ислам мүддесі аса маңызды бола алмады. Зиярилердің X ғасырда Бағдатты алып, оны Ктесифон етіп өзгертіп, өзі шахиншах титулын иеленбекші болып әрекет жасауы да айтарлықтай нәтиже бермеді. Мемлекеттердің ішіндегі ірілері буйлер де, саманилер де Иранның дағдарыстардан құтқармақ тұрмақ, бұл мемлекеттерді біріктіріп, біртұтас ете алмады. Осы ұсақ мемлекеттер аймаққа түркілердің келуімен ғана күшпен біріктіру процесін бастан кешіріп, олардың көпшілігі селжүктер билігін мойындаса, кейбіреулері моңғол-түркілер билігіне дейін қасарысуын қоймады. Айта кету керек, тек Орталық Азиядан келген түркілік билеушілер ғана Ирандағы бытыраңқы мемлекеттерді бір орталыққа бағындырып, елде тәртіп орната алды.

Ал Ирандағы билікті қолдарына шоғырландыруы тиіс халифат билеушілері бұл кезде рухани құлдырауға ұшырап, исламдық негізден едәуір алшақтаған болатын. Әлидің халифтығы кезінде омеялар билігінің негізін қалаушы Муавие бар күшін халиф тағын алуға салды. Муавиенің мақсаты орындалып, Әли қастандықпен өлтірілген соң ол Куфаға барып, өзін ислам билеушісі деп жариялады. Иран тарихшысы Р. Исфакханидың жазуынша, «Бәни омеялардың исламдық принциптері олардың шын мәнісінде мұсылман болғандықтарын теріске шығарады. Олар тек өз жандарын алып қалу үшін және дәулетке ие болу үшін мұсылман болып, барлық күштерін исламның дамуына жұмсады. Ал, бір жағынан, ислам қоғамын іштей ірітіп-шірітіп, дінге көлеңке түсірді». Дегенмен бұл әулет халық пен дінбасылардың теріс көзқарастарына қарамастан жеткілікті ұзақ өмір сүрді.

Иранның шығысында, Хорасанда осы әулетке қарсы үздіксіз болып жатқан көтерілістердің ішінде Әбу Мүслімнің көтерілісі жеңіске жетіп, жүз жылға жуық билік басында болған Омеялар әулетін құлатып, жаңа билеуші әулет – Аббасилерді (769-1258 ж.) таққа алып келді. Халифаттағы келеңсіз жағдайлар мен діндегі кері кетушілікті ретке келтіреді деп үміт артқан жаңа билеуші әулет те мұсылмандар үмітін ақтамады. Дін іштей алауыздыққа ұшырап, билік пен таласты қағидалар негізіндегі діни қырғиқабақтық өршіп, исламда түрлі ағымдар мен топтар пайда болды. Алғашқы халифтар кезіндегі басқа территорияларды ислам иелігіне айналдыру процесі саябырсып, керісінше, бұрынғы жаулап алынған жерлер қайтадан мұсылмандардың уысынан шыға бастады.

Осындай аса күрделі ішкі және сыртқы жағдайды реттеуге Аббас халифаты басшылығының дәрмені жетпеді. Олар саяси істермен айналысып шиеленіскен мәселелерді шешудің орнына ислам мұраттарын аяқ асты етті. Исламның қатаң тыйым салғанына қарамастан Харун ар-Рашидтің ұлы халиф ал-Амин 800 жылдар шамасында этектерге құмар болғаны соншалық, оларды өз сарайында көптеп ұстады. Ол әдемі құл жігіттер мен бозбалаларға арнайы хирургиялық операциялар жасап, жынысын өзгертіп, өзінің қызық құралына айналдырды. Тағы бір халиф Абу ад-даул (982 жылы өлген) тұсында исламға қайшы келегін әрекет жасап, халифаттағы бишілер мен жезөкшелерден мемлекет қазынасына салық жинауды ойластырды. Ал Мысырдағы Фатимилер мемлекетінде бұл іске асқан жүйе болатын. Мұсылман әлеміндегі ең сорақы құбылыстың тағы бірі – түркілер қолдауымен салынып, жұмыс істеген Бағдад медресесінің шәкірттері шарап ішіп, гомосексуализммен және зинақорлықпен айналысты. Терең рухани дағдарыс, осылайша халифаттың ресми идеологиясы суннизмнің рухани ошағы – медреселерді де жайлады.

Селжүк-түркілердің келуімен бірқатар келеңсіз құбылыстарға тойтарыс болғанымен, терең дағдарыстағы Аббас халифатының толық жойылмауы себепті, селжүк-түркілері де халифаттағы діни басбұзарлыққа толық тойтарыс бере алмады. Тек орталық азиялық түркілердің тағы бір легі – моңғол-түркілердің келуімен және солар арқылы халиф билігінің толық тоқтауымен ғана ислам қоғамындағы «қатерлі ісік» алынып тасталды. Тіпті

ибн ал-Асир, Мағризи, ибн Халдун сияқты тарихшылар моңғолдардың Иранды жаулап алуларына халиф себепші болды дейді. Осы мәліметтен-ақ түркілердің Иран жерін жаулап алуының діни негізін көруге болады.

Түркілер келуі қарсаңында ислам қоғамы үшін ең өзекті мәселелердің бірі – ол исламдағы әртүрлі діни ағымдар арасындағы алауыздықтардың өршуі еді. Пайғамбар (ғ.с.) қайтыс болған соң оның орынбасарларын тағайындау алауыздықтардың негізгі себепшісі болды. Осы мәселе төңірегіндегі ортағасырлық мұсылман күпіртанушылық (ересографиялық) дәстүр Мұхаммед пайғамбарға түскен хадистен шықты. Онда иудейлерді 71 ағымға, христиандар 72 ағымға, ал мұсылмандар 73 ағымға бөлінеді делінген, соның 72-сі тозаққа түсіп бірі ғана жұмаққа баратыны айтылған. Күпіртанушылық әдебиеттің көрнекті өкілі Абу л-Музаффар ал-Исфара'ини «Ат-табсир фи-дин ватамиз ал-фирка ан-наджиа» атты шығармасында «ислам елдерінде қарапайым халықты алдап, олардың сенімін шатастыратын күпірлер пайда болды» деп жазды. Ислам діні пайда болғаннан соң қысқа мерзімде пайда болған осындай күпірлік ағымдар кейін жекелеген мемлекеттердің идеологиялық негізіне айналып, ислам дініндегі қайшылықтарды тереңдете түсті.

Ислам пайғамбары (ғ.с.) қайтыс болған соң бірқатар мұсылмандар халифтық екі себеппен Әли ибн Әбутәлібке тиіс еді деп есептеді. Олардың пікірінше, *біріншіден*, пайғамбарымыз көзі тірісінде-ақ Әлиді мұсылмандардың жетекшісі деп таныған. *Екіншіден*, ол пайғамбардың күйеу баласы. Осының нәтижесінде исламда сунниттік, шииттік және хараджилер ағымдары пайда болды. Осылайша, имамдық пен халифтыққа тек қана Әли мен оның ұрпағы құқылы деп білгендер шииттер деп аталды. Кейіннен шииттердің өздері Әлиден соң билікке кім келу керек деген мәселенің талқылануы барысында өзара таласқан бірнеше ағымдарға бөлініп кетті. Осындай күпірлік ағымдардың ішіндегі ең қауіптілері де, кең тарағандары да исмайлшылар мен карматтар қозғалысы еді. Исмайлшылардың да, карматтардың да негізгі діни қағидалары барлық білімнің жалғыз иесі ретінде имамат және имам қағидасы болды. Исмайлшылар, тіпті шииттердің де, сунниттердің де жақтаушылары тарапынан күпірлік деп танылды. Бұған дәлел ретінде шииттердің сунниттерді

исмаилшылар тәрізді ілім (та'алим) мен із қуушылықты (тағлид) пайдаланды деп кінәлауынан байқауға болады. Карматтар да, исмаилшылар да заттай және рухани әлемнің екі жағы немесе екі мағынасы бар деп есептеді: сыртқы – анық, ішкі – жасырын. Олардың идеологиялық жүйесіне сәйкес екі қарама-қарсы негізден тұратын экзотериялық доктрина (захир), яғни жалпыға бірдей экзотериялық доктрина (батин) қауымның аз ғана мүшелерінің ашқан, Құранның әр мағынасын ішкі құпия, жалпыға бірдей дәл сыртқы мағынадан бөлек болады деп түсінді. Исмаилшылар ағымы өкілдері сенімінше, адамның денесінің өзі – захир (қабық), ал оның ішінде құпия (батин) – жан жатыр. Исмаилшылар өз идеялық жауларын олар құпия ілімді білмей тек экзотериялық доктринаны ғана ұстанады деп кінәлап, захирилердің монотеизмін пұтқа табыну деп қорытынды жасады. Низам ал-Мүлік ең атақты кармат авторы Абданның «Жетінші дәрежедегі Кітап» атты шығармасын оқып, карматтарды құдайсыздығы пен күпірлігі үшін кінәлады. Бұл жайлы ибн ан-Надим: «Мен бұл кітапты оқып шығып, одан арсыздық пен шарифат ілімін масқаралайтын сұмдықтарды кездестірдім», – деп жазды. Осылайша, ислам әлеміндегі белді ғұламалардың қарсылығына қарамастан әсіре күпір ағымдар іргетасын бекіте түсіп, мұсылмандар арасына дендеп еніп, жайыла бастады.

Көптеген суннит теологтары карматтардың шарифаттың бекіткен ғұрыптарын жойғанын жазады. Ал-Малати «Намаз (салат), садақа (закат), ораза (сиаам), Меккеге зиярат (хадж), т.б. парыздар міндетті деп есептелмеді, Алла өзінің құлдарының өзіне қызметіне зәру емес, кім қаласа орындасын, қаламаса орындамасын, олар бар болғаны Жаратушыға ризашылық білдірсе болды деп есептеді. Ал-Газали, карматтар қасиетті мінәжат дәстүрін орындауды доғарды, өйткені олардың ойынша күнделікті «күрделі гимнастика» не ақымақтарға, не өте ақылдыларға пайдалы, тек бұл исламның заңдары мен қағидаларын бұзды. Мысалы, намаз оларда тек екі ракаттан тұрды: күн шығуға дейін екеуі, күн батуға дейін екі ракат. Құбыланы олар Иерусалимге қаратты, өйткені олар онда қажыға барды. Демалыс күні дүйсенбі болды. Карматтар ащы шарапты (набиз) ішуге тыйым салды, ал тәтті шарапқа (хамр) рұқсат берді. Осындай ислам ішінде жік тудырған ағымдарды ұстанғандар

тобы ислам тарихында бірнеше мәрте қарулы көтерілістер жасап, ел билігін қолдарына ұстауға тырысты. Осындайлардың бірі – Иранда билік құрған бұйлар мемлекетінің негізін қалаушылар. Билік басына келген бұйлар шиизм (он екі имамдық) тармағын ұстап, сунниттерге қысым жасады. Олардың мемлекетінде шииттер жоғарғы үстем жағдайға ие болды. Ал діннің тірегі мен қорғаушысы болып есептелетін халиф ал-Муктафи өзінің антишииттік көзқарасы үшін тақпен қоштасуға мәжбүр болды. Шииттер мен сунниттер арасында күрес толастамады. Жүз он жылдық бұйлер билігі кезінде осы екі лагерь арасындағы алауыздық күшейе түсті. Деректерді талдаудан күпірлік ағымдардың Ирандағы ішкі саяси ахуалды шиеленістіріп, ел ішіне іріткі салғанын байқауға болады.

Жетінші Аббас халифы ал-Мамун (813-833 ж.) кезінде му'тазалиттік ағым халифаттың мемлекеттік діні болды. Му'тазалиттердің сенімі бойынша иман мәселесінде кімде-кім өз жеке басы болмысында таза кіршіксіз қасиеттерге ие болса, ол мұсылман. Олардың сенімінше, егер бұзылған адам қайырлы істер істеп дінге пайда келтірсе, оның жеке басындағы имансыздығы мен күнәкарлығын кешіруге болады деп есептеді. Өйткені олар дін үшін күресті. Осы принциптерге сүйенген му'тазалиттер сол заманға дейінгі ислам тарихында орын алған барлық оқиғаларды халифтердің пайдасына шешуге мәжбүр болды. Ақырғы омея халифтері Йазид бен Валид, Маруан ибн Мухаммед осы ағымда болды. Мамун барлық мұсылмандарға тән ортақ ағымды іздеп, ақыр соңында осы ағымға тоқтады. Басқа ағымдарға цензура жариялағанына қарамастан, бұл ағымды тек ақсүйектер мен қалалықтар қолдады. Халиф ал-Мутавакил (847-861) кезінде бұл ағым мемлекеттік саясаттан шеттетілді. Ол Құранды, оның мәтінін талқылауға қарсы шығып, мутазализмді күпір деп танып, суннизмді қайта ресми дін деп жариялады. Бұдан соң басқа діндегілерге қудалау басталды. Кербаладағы имам Хусейн мавзолейі қиратылды, зиндикилер-хурамилер, манихейлер, атейстер қудаланды. Тіпті ислам бойынша кітап иелері саналатын христиандар мен иудейлер де қуғынға ұшырады. Оларға мемлекеттік қызметке орналасуға, атқа мінуге тыйым салып, арнайы белгі тағып жүруге тиіс болды. Сунниттер әсіресе күпірлер деп саналатын хариджилер,

шииттер мен хурамилерді қатты кудалады. Му'тазалиттер қоғамнан алшақтап, бөлек өмір сүруге тырысты. Көріп отырғанымыздай, кейбір халифат басшылығының да діни күпірлік ағымдардың күш алуына мұрындық болды.

Хариджилердің пайда болуы «ля хукм ала иллах» (құдайдың билігінен басқа үкім жоқ) ұранына тікелей байланысты болды. Олар Әлиді де, сол кездегі омеялық халиф Муаввиені де, тіпті Омарды да мұсылмандардың арасындағы алауыздықтың себепшісі деп білді. Әли қайтыс болған соң хариджилердің маңызы арта түсіп, Омар қайтыс болған соң омеялардың шіріген саясатына риза емес халықтың бір бөлігі олардың тарапына өтті. Омеялар тұсында хариджилер мәселесі Ирандағы ең басты қиыншылықтардың бірі болды да аббасилер тұсында біршама уақыт өз маңыздылықтарын жоғалтпай, бірақ біртіндеп тарих сахнасынан кетті. Олардың халифатқа қарсы күресін махдилік шииттер, карматтар мен фатимилер жалғастырды. Осылайша, X-XI ғасырлардың діни өмірінің басты ерекшеліктері ортодоксальды исламға зиян келтіретін шиизм бастаған нанымдардың ислам қоғамында күш алуы болды.

Халиф билігінің осалдығы мұсылмандардың арасындағы алауыздықтары мен қақтығыстарды тоқтата алмады. Ал-Макдисидің жазуынша: «Ал-Машрикте басқа облыстарға қарағанда ғылым мен заңтану күшті дамыды. Дін уағызшыларының даңқы керемет жоғары болды. Бұл жердің тұрғындарының байлығы да көп болды. Бұл жерлерде христиандарға қарағанда еврейлердің саны көп. Сонымен бірге әртүрлі магтардың саны да жетерлік. Әли ұрпақтарына жоғарғы құрмет көрсетіледі. Бірақ сен бұл жерден хашидилерді кездестірмейсің. Хариджилер Седжестанда, Гератта, Керух, Астрабианда көбірек. Нишапурда мутазалиттердің саны басым. Әбу Ханифа ілімін ұстанушылардың дені Шаш, Илак, Тус, Неса, Абиверд, Тараз, Сығанақта. Ал шафиилер Бұхара, Синдж, Данданекан, Исфариан, Джуянда көбірек».

Исламдағы мұндай діни ала-құлалық оларды ұстанушылар арасында діни алауыздықтың болмай қоймайтынын көрсетті. Иран жері де осы ағымдардың жақтаушыларының күрес майданына айналды. Нишапурда шииттер мен керрамилер, Серахста Әбу Ханифа мен шафии ағымдары арасында, Джурджан мен Бекрабад қалаларының арасында діни негізде ал-Хасан

жақтастары мен керрамитер арасында «жабайы төбелеспен алауыздық» орын алды. 998 жылы Бағдадта шииттердің екі үлкен діни салтанаты ал-Ашура (10 мұхаррам) мен Тадир Хуммды (18 зу-л-хадж) тойлаған кезде халық толқулары күшейді. Сунниттер оларға қарсы екі салтанат – Мус'аба б. зубайра (18 мухаррам), үңгір күні – Иаум ал-ғар (26 зу-ль-хиджа) мерекелерін тойлады. Бұл мейрамдардың біріншісі Мус'абаның ал-Мұхтарды жеңуіне байланысты болса, екіншісі Мұхаммедтің Әбу Бәкірден бөлініп қарсыластарынан тығылғанына байланысты еді. Халық толқулары осы салтанаттарға байланысты 1002 жылы астана көшелерінде қарулы қақтығыстарды тудырды. Сондықтан да келесі жылы мұндай қақтығыстар болдырмас үшін осындай мейрамдарға тыйым салынды. Қақтығыстар 1008 жылы қайта орын алып, 1011 жылға дейін созылды. Аздаған уақыт тыныштықтан соң 1015-1017 жылдар аралығында Бағдадта сунниттер мен шииттер аралығындағы жанжалдар қайта жанданды. Бұған халифтың ал-Ашураны қайта тойлауға рұқсат бергені себеп болды. 1016 жылы Кербаладағы имам ал-Хусейн мешіті өртелді. Бағдад, Самаррада да қақтығыстар орын алып Мекке, Иерусалим мешіттерінде ұрлық кең етек жайды. 1045 жылы Тоғрул Исфаянды алған кезде Бағдадта сунниттер мен шииттер арасында жанжал болып, мұның соңы «Кітап адамдарымен» қарулы қақтығысқа алып келді. Еврейлердің үйлері мен синагогтар өртелді. Христиан қабірлеріне ойран салынып, монастырь тоналды. Түркілер келуі қарсаңында Иранда діни негіздегі қайшылықтар осылайша тереңдеп, өршіп тұрды.

Діни ағымдардың пайда болып, белсенділікке көшуінің басты себебі Ирандағы діни негіздегі әлеуметтік-моральдық дағдарыстар еді. 934 жылы исламдағы өте консервативті қанат – ханбалитер күн сайын Бағдадқа келіп исламға қарсы келетін әрекеттерді тойтаруға күш салды. Жезөкшелер мен гомосексуалист, маскүнемдерді ұрып соқты. Олар шонжарлардың үйіне кіріп, бөшкедегі шараптарды төкті, әншілер мен бишілерді соқты, музыкалық аспаптарды қиратты. Осылайша, халық дұрыс төрт халифтан соңғы халифатта берік орын алған жөнсіздіктерге өз наразылықтарын білдірді. Бірақ негізі жоғарыдағы әлсіз биліктен бастау алатын дінге қарама-қайшы әрекеттерді тоқ-

татуға тырысушылық сыртқы араласушылықсыз іске асуы мүмкін емес еді.

Діни ағымдардың идеологиясының күшеюі осы ағымдардың өкілдерінің қарулы жолмен өз мемлекеттерін құруға алып келді. 890 жылы Ирактың Васита қаласы маңында етек алған карматтар қозғалысы нәтижесінде 894 жылы Бахрейнде астанасы Лахсай қаласы болған карматтар мемлекеті құрылды. Бұл мемлекет бір жарым ғасыр өмір сүрді. XI ғасырда лахсайға келген Насири Хосроу карматтардың қоғамдық құрылысын суреттей келіп, бұл мемлекетте құлиеленушілік құрылыс орнағанын жазады. Бахрейндегі карматтар мешіт салмады, намаз оқымады, ораза ұстамады. Басқа діндер мен ағымдарға олар шыдамдылық танытты. Рей қаласында карматтар билігі жүргенде «Аджа'иб ад-дуниа» авторының айтуынша сұлтан Махмұд олардан қаланы тартып алып, қарсыласқандарын өлтіріп, қалғандарын шын дінге қайта оралдырды. Діни негізінде құрылған мемлекетке діни идеологиясы исмайлизм болып табылатын солтүстік Ирандағы селжүктердің алдында негізі қалыптасып, олардың билігі кезінде құрылған исмайлышлар мемлекетін де (1090 ж.) жатқызуға болады.

X ғасырдың аяғын ала ұлан-байтақ араб халифатының сыртқы саясаты дағдарысты бастан кешірді. Алғашқы халифтар кезінде ислам әлеміне қосылған ұлан-ғайыр иеліктер біртіндеп уыстан шыға бастады. Бұл процесс әсіресе Византия империясының басына бірінен соң бірі келген қолбасшылар Никифор Фоку, Иоанна Цимисхия, Василий Болгаровойцтың кезінде күшейе түсті. 961 жылы сегіз айлық қоршаудан соң Никифор мұсылмандардың негізгі тірегі Крит аралын алды. Бұдан соң бес жыл өткен соң Кипрді алды. Бұл оқиғадан соң Жерорта теңізіндегі ислам билігі құлады. 962 жылы Никифор Алеппо, 965 жылы Масисса, бұдан соң ақыр соңында мұсылмандардың ең берік тірегі Тарсты алды. 968 жылы Никифор Иоана Крестительдің басы алынған Хама мен Химсті алды. Бұдан соң Летакияны, келесі қыста жеңілмейтін Антиохияны алды. X ғасырдағы Византия әскерінің шабуылынан Сирия мен Месопотамияның бірқатар аудандарында мұсылмандар сиреді. Өйткені арабтар византиялықтар келісімен-ақ қорқып қашты немесе басқа аймақтар мен аудандарға көшіріліп, босаған аудандарға

грек, армян, сириялықтар сияқты христиан халықтарын орналастырды. Мұндағы мақсат мұсылман халқына қарсы оларды тірек ету болды. Олар жер алып, есесіне әскери қызмет атқаруға тиіс болды. Көз алдында болып жатқан дін мен елге қатерлі процестерге халифат басшылығы көз жұма қарады.

972 жылы христиан күштерінің шабуылынан Қос өзен аймағы бос қалып, Нисибия тоналғанда, Бағдатта ашуланған халық көтеріліске шықты. Әсіресе мұнда Месопотамия мен Сириядан қашып келген мұсылмандар үлкен рөл атқарды. Ашынған олар мешіттердегі мінәжаттарға бөгет жасап минбарлардың күл-талқанын шығарды. Ашуланған халық халиф сарайына шабуыл жасады. Мұсылмандардың қысымымен византиялықтарға қарсы алпыс мыңдық еріктілер армиясы құрылды. Еріктілер халифтан «қасиетті соғысқа» қаражат сұрады. Тек ұзақ тегеурінді талап етуден соң ғана, қарсыласып баққан халиф төрт жүз мың дирхем берді. Бұл ақшаны ол тек өз сарайындағы кілемдері мен киімдерін, қорғасындарын, тикпен тысталған ағаштарын сатқан соң ғана жинады. Осы оқиғадан соң халық арасында «халифты тәркіледі» деген кекесінді әңгіме тарады. Бірақ Бахтияр сұлтан бұл ақшаны өз мақсатына пайдаланып кетті. Ал еріктілер армиясы болса өздерімен өздері, сунниттер мен шииттер болып екіге бөлініп жағаласты. 974 жылы византиялықтар Баальбек пен Бейрутты жаулап алды. Ал Дамаск жыл сайын алпыс мың динар контрибуция төлеп тұруы тиіс болды. Оңтүстікте Нувия тарапынан көне Рим империясының шекарасы қалпына келтірілді. 943 жылы Мысырда болған ал-Масуди Нувия тұрғындарының империяға құлдармен салық төлеп тұратынын жазды. 955 жылдары нубиялықтар тіпті өздерінің шекаралық қаласы Ибримнен (Primis) айырылды. Түркілердің Иранды жаулап алулары қарсаңында христиан мемлекеті осы аймаққа тікелей агрессия қаупін төндіріп, ислам әлемінің бір парасы саналатын Иран жеріне көз аларта бастаған болатын.

XI ғасырда түркілердің ислам әлемі мен Иранды жаулап алу қарсаңындағы араб халифаты құрамындағы Ирандағы саясидіні ахуал негізінен жоғарыда баяндалғандай жағдайда өрбіді. Көне, дәстүрлі ирандық дүниетанымның жаңа дінмен идеялық ымырасыздығы нәтижесінде орын алған жергіліктілердің араб

басқыншылығы мен ислам дініне қарсы ұзақ қарсыласуларына карамастан Иран жері біртіндеп исламдана бастады. Иран халқының жаңа дінді қабылдауы айтарлықтай күрделі дәрежеде өтті. Араб билігі мен ислам діні жергіліктілердің ұзақ қарсыласуларымен қатар орнай бастады. Халықтың жаңа ислам дініне сүйенген билікке деген өшпенділігі мен мойынсынбаушылығы, елдегі ислам билігіне бағынбайтын дербес мемлекеттер құруға талпынушылықтармен қатар жүрді. Арабтардың келуінен бастап X-XI ғасырларға дейін бірнеше мәрте қарсыласқан, кейбіреулеріне Иранның көне діндері – маздакизм мен зороастризмді ұстанушылар қатысқан әлеуметтік-саяси қозғалыстар болды. Бұл қозғалыстар исламның күшеюімен әлсіреген соң да іс жүзінде исмайльшылар мен шииттер қозғалысы түрінде жалғасын тауып, интеграцияланып келе жатқан ислам әлемінде іріткі тудырды. Араб жаулап алулары нәтижесінде Иран жерінде араб халифатына қарсы негізде ұлттық дәстүрлі ирандық мемлекет идеясы елдің бытыраңқылыққа ұшырап, ұсақ мемлекеттердің құрылуына алып келді. Дейлемилік саяси белсенділік дәуірінде пайда болған бұл мемлекеттер Иранның тұтасыруға қауқары жетпеді. Халифат басшылығының іріп-шіруінің нәтижесінде ортодоксальды исламның беделіне көлеңке түсіп, исламның іштей алауыздыққа ұшырап дінге қарама-қайшы келетін түрлі діни ағымдардың пайда болуына душар етті. Діни ағымдардың әсерінен мұсылмандар арасында діни қақтығыстар күшейді. Сондай-ақ осы ағымдарды өздеріне идеология еткен шағын мемлекеттер пайда болды.

Халифаттың ішкі әлсіреуін пайдаланып Византия мұсылман әлеміне табысты жорықтар ұйымдастырып, мұсылмандардан көп жерлерін қайтарып алып, Иранға айтарлықтай қауіп төндіре бастады. Осындай күрделі саяси жағдайды реттеуге халифат басшылығы толық дәрменсіздік танытты. Оқиғаның бұдан әрі өріс алуы халифат иелігіне ғана емес, Иранға, дінге аса қауіпті еді.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркілердің Иранның жаулап алу кезеңдері қандай?
2. Түркілердің келуі қарсаңындағы Ирандағы саяси-діни ахуал қандай болды?

2.2. X-XI ғасырлардағы көшпенді түркі халықтары және олардың исламды қабылдауы

Ислам әлеміндегі интеграциялануға төнген қауіпті сейілту, ислам дінінің іштей іру үрдісін тоқтату сырттан келетін үшінші бір күштің араласуынсыз іске аспайтыны барған сайын айқындала бастады. Бұл үшінші күш сол дәуірдегі ислам қайраткерлері мен қарапайым мұсылмандардың діни жазбалар негізінде мойындап, күткен шығыстағы түркі халықтары еді.

XI ғасырдың бірінші жартысында Түркістан аймағынан шығып, ұзақ уақыт бойы гүлденген ғазнауи әулетіне соққы беріп, олардан Хорасанды тартып алған соң, аббасилер халифатының қол астындағы Иран жері мен бүкіл Кіші Азияны жаулап алған түркі халықтарының селжүк топтары осы аймақта өздерінің мемлекетін құрды. Селжүктердің жаңа аймақта саяси табыстарға жетуіне түркілерге тән жоғары әскери дайындықпен қатар, олардың діннің ішкі жаулары (карматтар мен исмаилшылар сияқты әртүрлі күпірлік ағымдар) мен сыртқы жаулардан (Византия империясы, крестшілер қозғалысы, грузин-армян патшалықтары) құтқарушылар ретінде келуі де оң ықпал жасады. Тарихи маңызды оқиғаға талдау жасаған зерттеушілер түрлі себептерге байланысты ислам әлемі үшін аса маңызды кезеңге саяси ренді көбірек беріп, саяси үрдістердің түркілердің дүниетанымымен сабақтастығын көзге ілмеді. Әсіресе алғашқы селжүк билеушілерінің сол кездегі жалпы түркілік тазалыққа негізделген жеке бас қасиеттерінің, олардың әзірше, деспоттанған отырықшы билік дәстүрлерінің әсеріне ұшырай қоймаған билік жүйесінің ислам қағидаларының талаптарына сәйкестігі мұсылмандар арасындағы беделінің өсіп, түркілерді шын мәнінде ислам мен мұсылмандардың нағыз қорғанышы мен тірегі дәрежесіне жеткізді. Түркілердің саяси белсенділігінің артуы нәтижесінде батыстағы шекараның кішіреюі, есесіне шығыстағы халифат шекарасының кеңеюімен ұласты. 925 жылы Белуджистан жаулап алынды. 960 жылы 200 мың шатыр түркілер исламды қабылдады. IX ғасырдың аяғындағы түркілер тарапындағы шекаралық қала Испиджаб болса, Бограхандар кезінде бұл шекара Таримге дейін ұзарды. Макдиси бойынша

ислам шекарасы шығыста Қашқарға дейін жетті. Ал 1006 жылы Хотан мұсылман әлеміне қосылды. Осы кезде Ғазна билеушісі сұлтан Махмуд Үндістан территориясының көп бөлігін ислам әлеміне қаратты. Дегенмен зерттеушілердің түркілердің дәстүрлі тарихи дүниетанымы мен таныстықтың терең болмауы, олардың мәселеге ағүсті қарауына себеп болды. Өздерінің дәстүрлі мекен ету ортасын тастап шығып, салыстырмалы түрде экономикалық-мәдени ерекшеліктерге ие отырықшылар аймағын жаулап алуларымен қатар, осы аймақтардағы діни-саяси ахуалға әсер ету стихиялы түрде іске асуы күмән тудырады. Шынында да, тарихи деректерді талдау түркілердің саяси белсенділігінің себебі олардың ислам дінімен қатысына байланысты екендігін көрсетіп отыр. Түркі қоғамының исламдану үрдісінің ерекшеліктерін қайта қарап, «түркілер – ислам әлемі», «түркілік дүниетаным – ислам діні» қатынастарын терең талдамаса, зерттеуде мақсат етіп қойылған мәселелердің шешімін таппай, басы ашық күйінде қалатыны шүбәсіз. Осы мақсаттарды шешу үшін түркілердің ислам дінін қабылдау үрдісін қайта талдаудан өткізу осы тарауша міндеті болып отыр.

Жалпы, түркілердің исламды қабылдауына бірнеше маңызды факторлардың тікелей қатысы болды. Бұл факторларды атап айтар болсақ, олар: 1) географиялық фактор; 2) исламның түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен, әсіресе Тәңірі сенімімен сабақтастығы; 4) араб жаулап алулары мен соның нәтижесінде ислам миссионерлері мен ғұламаларының үгіт-насихат жұмыстары; 5) түркілердің билік жүйесі мен исламдағы басқару принципінің ұқсастығы.

Ең алдымен, географиялық фактор – исламды бұрын қабылдаған дәстүрлі отырықшы аймақтармен көрші орналасу және олармен саяси-экономикалық байланыстарға түсуін қарастырайық. Исламның Еуразия даласының түркі көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары мекендеген аймағына енуі VIII ғасырда-ақ басталды, ал оның таралуы мен орнығуы жүздеген жылдарға созылды. Исламның таралуы географиялық жағдайларға да байланысты болды. Жергілікті, исламға дейінгі мәдениет пен мұсылман моделінің өзара әсерінен IX-XIV ғасырларда аралас, синкретикалық түркі-ислам типінің мәдени дәстүрі қалыптасты. Міне, сондықтан да кітаптың бастамасында

түркі тайпаларының оңтүстік тарапқа қарай жылжып, өздерінің отырықшы көршілерінің иеліктеріне енуіне себепші болған түркілер территориясында IX-X ғасырларда орын алған саяси оқиғаларға шолу жасау қарастырылады.

Көшпенділер Орталық Азияның отырықшы халықтары территорияларын жаулап алу қарсаңында өз аймақтарында түрлі этникалық сапырылыстарға түсті. Олар мал жайылымдары мен өрістеріне қажеттіліктердің өсуі салдарынан өзара жауласуға душар болып, әлсіздері жеңіліс тауып, өз иеліктерін жеңімпаз қарсыластарына беруге мәжбүр болды да, табын-табын малдарына жаңа жайылымдар іздеп, салыстырмалы бос жатқан жерлерге жөңкілді. Сондай-ақ көшпенділермен арадағы сауданың дамуына байланысты маңызы өскен оңтүстіктегі қалаларға ие болуға бәсекелестікте түркі көшпенділерінің осы аймаққа келіп орналасуына себеп болды.

Т.К. Чоротегиннің айтуынша: «IX ғасырдың ортасындағы (840 ж.) қырғыздар мен ұйғыр қағанатының соғысы, IX ғасырдың екінші жартысынан X ғасырдың басындағы қырғыздардың қимақтар тарапына, ал қимақ-қыпшақтардың Ертіс маңынан батысқа қозғалысы, Орхон ұйғырлары мен Енисей қырғыздарының шығыс Тянь-Шаньға келуі – Шығыс Түркістанның жергілікті халқын батысқа айтарлықтай ығыстыруға, қарлықтардың Орталық Азияға орын ауыстыруы батыс Тянь-Шаньдағы халадждардың оңтүстік-батысқа жылжуына, Сырдария маңы оғыздарының батысқа одан әрі жылжуына, қимақтар мен оғыздардың печенегтерге қысымы, соңғыларының бір бөлігінің төменгі Еділ мен Қара теңіз маңына кетуіне мәжбүр етті де, Орта Азиядағы жергілікті түркі тілдес компонент Орталық Азия мен Саян, Алтай түркілерінің есебінен толықты».

VIII ғасырдың ортасында Орталық және Орта Азияда ірі оқиғалар болды. Құрамына шігілдер кірген қарлықтармен қақтығыс нәтижесінде оғыздар Жетісу маңайын тастап Сырдария мен Арал маңы бассейніне кетуге мәжбүр болды. Нәтижесінде оғыздар жаңа жерде, бұл аймақты оларға дейін мекен еткен печенег-қанғар тайпаларымен қақтығысты. Көп жылғы соғыстар нәтижесінде оғыздар қанғар-печенег бірлестігін талқандап Батыс Арал маңы мен Солтүстік Каспий далаларын жаулап алды. Печенегтермен ұзақ уақыт бойғы соғыс IX-X ғасырлар-

дағы оғыз тайпа одағының қалыптасуына және саяси консолидацияға алып келді.

Осылайша, IX-XI ғасырлардағы Орталық Азиядағы миграциялық процестердің нәтижесінде орын алған түркі халықтарының территориялық орын ауыстырулары етек алып, XI ғасырдың басында Қазақстан мен Орта Азия территориясында олардың орналасу аймағы айқындалды.

Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып, малдарының қажеттілігіне орай меридиан бойынша көшкен түркі тайпалары қыстауы шаруашылыққа қолайлы оңтүстіктің жылы аймақтарына қарай ұмтылды. Бұл туралы қазақ зерттеушісі Н. Масанов: «Мекен ету ортасының табиғи ресурстары және көшпелі қоғамның өмір сүруін қамтамасыз ету, өндіріс циклін ұйымдастыруда қысқы жайылым мен жазғы маусымның аса бағалы екенін анықтады. Бұл, біріншіден, өсімдік жамылғысының төменгі азықтық құнарлылығының әсерінен малдың жаппай қырылуына ұрындыратын жылдың қысқы климаттық жағдайының айрықша қаталдығынан, күнделікті табындап жайылу, қардың көп түсуі, күшті жел, т.с.с. Сондықтан да көшпелілер мал шаруашылығының қажеттілігіне орай қысқы жайылымға ерекше назар аударды. Еуразия көшпелілерінің қысқы жайлауы негізінен көшу ареалының оңтүстігінде шөл және шөлейтті аймақтарда орналасты», – дейді. Шаруашылық қажеттілік итермелеген түркілер осылайша салыстырмалы бос жатқан отырықшылар аймағын мал жайылымы ретінде пайдалануға мәжбүр болды.

X ғасырда оғыздар қыста өз аттарының табынын Каспий теңізіне қарай айдады. Бұл жерлердегі қарсыласушы күш оғыздарға тосқауыл бола алмады. Сондықтан да Хазар патшасының өзі келіп, көптеген әскермен оларды кері қайтарып отырды. Әрине, көшпенділердің бұл қозғалысы сол жерлердің отырықшы халықтарының заңды қарсылықтарын туғызды. Бірақ мал жайылымдарының жетіспеушілігі мен қажеттілік түркілердің қозғалысына еш кедергі бола алмады. Ортағасырлық деректерде оғыздардың Хорезммен соғыстары туралы жазылады. Абу Райхан Бируни күз сайын Хорезм шахтар түркі-оғыздарды өз шекарасынан әрі қарай қуып жіберу үшін әскерімен аттанып отырғанын, оғыз шабуылына қарсы Хорезм шекарасының бойында күзет мұнаралары мен қамалдар салып, бұл бекіністі

күзететін әскерлер жаудың көрінуін түгін түтету арқылы білдіріп отырғанын жазады. Осындай мұнаралар Урга мүйісінен Үстіртке дейін созылып жатты. Оғыз көшпенділері Хорасанның шекаралас қалалары мен ауылдарына дүркін-дүркін шабуыл жасап отырды. «Серахстан Мервке дейін, – деп жазады Иакуби, – алты күндік жол. Бірінші аялдама Үштұрмағақ, одан соң Данданекан, одан соң Генугирд. Бұл Әли ибн Хишам ибн Фаррух Хосроудың иелігі. Бұл бекеттер шөлде орналасқан. Бұлардың әрқайсысында бекініс бар. Бұл бекіністер анда-санда шабуыл жасап тұратын түріктерден қорғайды. X ғасырда оғыздарға қарсы Джурджан, Дехистан, Ферава шекаралық бекіністер салынды. Джурджан облысы күшті бекініс аймағына айналды. Хорасан мен ғұз даласының аралығында қорғаныс сызығы пайда болды». Дегенмен бұл бекіністер түркілер тасқынын уақытша тоқтатқанмен, оларға түпкілікті қарсы тұра алмады. Кудаман ибн Джафардың айтуынша «түркілер Джурджанмен шекаралас шөлді мекендеді. (Джурджан) халқы күйген кірпіштен олардың (түркілердің) шабуылынан қорғану үшін дуалдар соқты. Бірақ түркілер Джурджан халқын жеңді». Осылайша, түркілер ешқандай да кедергілерге қарамастан барлық мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, отырықшы көршілері территориясына ағылып келіп, жаулап алуға тырысты.

Осы орайда америкалық зерттеуші А. Тойнби көшпенділердің саяси белсенділікке көшуін, олардың өздерімен шекаралас отырықшылар территорияларына қозғалысын төмендегіше түсіндіруге тырысады. А. Тойнбидің пікірінше көшпенділердің белсенділігіне көрші отырықшы елдердегі саяси жағдайдың нашарлап, құлауының басталуы. Осының әсерінен ол қоғамда өзіндік вакуум пайда болады да мұны көшпенділер шебер пайдаланып кетеді. Оның ойынша көшпенділердің отырықшы оазистерге жылжуына климат, әлеуметтік вакуум және осы екеуінің қосындысы әсер етеді. Қолдағы бар деректерді пайдалана отырып, көшпенділердің белсенділікке көшуіне сыртқы да, ішкі жағдай да әсер еткенін байқаймыз. Мал шаруашылығымен тығыз байланысты көшпенділер үнемі мал жайылымдарына жетіспеушілікті сезінді. Орталық Азиядан әртүрлі саяси жағдайдың әсерінен оқтын-оқтын орын алған халықтардың қоныс аударуы түркі даласында халық санының өсуіне

әсер етпей қоймады. Мал санының артуы, оның тауарлығының шапшаң өсуі дала тұрғындарының Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі отырықшы-егіншілік оазистерімен сауда-байланыс жүйесіне тартылып, мал ұстауға жайылымдарды кеңейтуге, сауда базарына еркін шығуға итермелейді

Кеңес ғалымы С.А. Плетневаның айтуынша XI ғасырдың соңында көшпенділердің көшу территориясының шектелуі мен көшу шекарасы айқын анықталды. Осындай жағдайда олар оңтүстіктегі салыстырмалы бос жерлерге жөнкілді. Бұл жерлердің бұрынғы иеленушілері оны түркілерге оп-оңай бере салған жоқ. Дегенмен көшпенділер бұл қақтығыстарда өздерінің саяси мақсаттарының пайдасына шешті. Көшпенді түркілердің қозғалысына негізгі себептердің бірі – отырықшы елдердегі ішкі жағдайдың ушығуы да әсер етті. Оған қарахандар қарсаңындағы саманилер державасы, селжүктер қозғалысы қарсаңындағы Таяу Шығыс пен Кіші Азиядағы жағдай, моңғол-түркі шапқыншылығы қарсаңындағы батыстағы саяси-әлеуметтік жағдайлар айқын мысал бола алады.

Тарихи деректерді саралау түркілердің өз территорияларын тастап шығып, салыстырмалы бос жерлерге жөнкілуіне олардың мал жайылымдарына қажеттіліктің өсуі, Орталық Азияда орын алған саяси оқиғалармен қатар отырықшы халықтармен сауда-экономикалық байланыстарына ұмтылушылықтың да себеп болғанын көрсетеді. X ғасырдағы оғыздардың Мәуреннахр, Хорезм, Хорасан, Джурджанға шабуылының негізгі мақсаты мал жайылымы мен тұтқындарды қолға түсіріп, соғыс табыстарына ие болу ғана емес, оңтүстігіндегі көршілерімен сауда қарым-қатынастарына ұмтылу болды. Б. Көмековтің айтуынша «қимақ тайпаларының саманилер мемлекетінің солтүстігіндегі отырықшы аудандарға жылжуы олармен сауда қарым-қатынастардың қажеттілігінен туындады». Тіпті Еуропадағы Ұлы қоныс аударулар қарсаңында да Рим империясымен солтүстік арасындағы сауда қатынастарының герман тайпалары үшін маңызының айтарлықтай болғандығы белгілі. Ерте орта ғасырда көшпенділер отырықшы халықпен тығыз экономикалық қарым-қатынас жасады. Бұған тиісті объектілерден табылған заттай мәдениет нұсқалары дәлел болып отыр. Олардың арасында көшпенді тұтынушылардың талғамының әсері байқалатын

қолөнер бұйымдары, керамикада, тұрмыс бұйымдарында кездеседі. Көшпенділер мен отырықшылардың байланысы қолөнер өнімдерінің көптүрлілігіне терең әсер етті. Тұрақты сауда жағдайы орын алды. Сонымен қатар қалалық базарлар мен ірі қоныстар осындай байланыстарды ұйымдастырушы факторға ие болды.

Түркілер отырықшы мәдени аймақтарында жергілікті мәдениеттің әсеріне ұшырауға және отырықшы болуға мәжбүр болды. Осыған қарамастан өздерінің санының көптігінен олар өз тілдерін сақтап қалып қана қоймай, оны жергіліктілер арасына таратты. Бұл өз кезегінде жергіліктілердің түркіленуіне алып келді.

Отырықшылық өмірге ауысқан түркілер ұзақ уақыт бойы өздерінің дәстүрлі шаруашылық тәсілінен қол үзбей, бұрынғы көшпенді-жауынгерлік рухтарын сақтап қалды. С.П. Плетнева: «Жаңадан отырықшылыққа көшкен көшпенділер өмірі, дәстүрі мен наным ескі дәстүрге толы болды: олар бәрібір тамаша шабандоздар мен жауынгерлер болып қала берді», – дейді. Түркілердің көп сандылығы және жаңа жерлерде тұтаса орналасуы олардың өз мәдениеті мен тілдерін сақтап қалуда оң ықпал жасады.

С.Г. Кляшторныйдың айтуынша: «Түгелге дерлік көшпенділер арқылы құрылған орта азиялық империялардың барлығының пайда болу динамикасы қарапайым және түсінікті сияқты. Алғашқы жаулап алу қарқыны-ақ тек мал өрісін кеңейтуге ғана емес, сондай-ақ мәдени-шаруашылық дәстүрі дамыған елдерді бағындыруға да бағытталды. Даладағы билікке таласушы тайпаларды біріктірген күш әртүрлі шаруашылық типтеріне ие халықтары мен дамыған мемлекеттіліктері бар елдерді өздеріне тәуелді етуге тырысты. Тәуелділік не жаңа әулетке тікелей бағыну түрінде, немесе келісілген салықты төлеумен іске асты. Көшпенділердің құрған мемлекеттілігінің дәл осы кезеңінде түркі империясы пайда болды». Осылайша, түркілердің дәстүрлі мемлекеттілігінің болуы да олардың осы аймақты табысты басқаруына жағымды әсер етті.

Географиялық жағынан Хорезм көшпенді түркі тайпаларымен шекаралас болды. Бұл көршілік олардың этникалық

құрамы мен тіліне әсер етпей қоймады. Хорезм даласының түркіленуінен кейін Хорезмнен басқа да аудандар түркілене бастады. X ғасырда тіпті хорезмдіктер мен түркілердің сырт пішіндерінің ұқсастықтары да байқалады.

Бұл кезеңде түркілер белсенді түрде дәстүрлі иран тілдес отырықшылар территориясына белсенді түрде еніп, бұл аймақты біртіндеп түркілендіріп, енді Иранның ішкі аудандарына да ену қаупін тудыра бастаған болатын. Якуби Шаш туралы жаза келіп бұл жерлерді Хорасан мен Систанды (Иранның солтүстік-шығысы мен шығыс аймақтары – Ж.Ж.) толығымен иеленіп отырған түркілердің жері екенін көрсетеді. Истахридің жазуынша «Халаджар түркілер қауымынан болатын. Ертеректе осы жерге (Систан) келді. Түрлері түркілерге ұқсас, түркілік салтты ұстайды, түркі тілінде сөйлейді». Көріп отырғанымыздай, түркілер өздерінің тарихи отандарын тастап шығып, көрші аймақтарды жаулап алулары кезінде өз тілдерін, мәдениетін сақтап қалды.

IX-XII ғасырларда Орта Азия халықтарының қалыптасу процесі аяқталды. Бұл процесте көшпенді түркі халықтарының үлесі үлкен болғанын айта кету керек. Саманилер кезінде қалалар мен егіншілік аудандарда иран тілдес халық басым болса, Қарахан дәуірінде олардың арасында түркі тілдестер көбейді. Халықтың антропологиялық пішіндері де әртүрлі болды. Үстірт халқы қыпшақтар мен Минуссин ойпатының көшпенділерінде еуропалық белгілер басым болып, оңтүстік сібір типіне жатты. Антропологиялық деректер бойынша Ертіс бойының, Жетісудың, Орталық Қазақстанның қимақ-қыпшақтарында моңғолдық элементтер аз болды. Жетісу мен Устурушан халқы да осыларға жақын болды. Хорасан халқы өз антропологиясы жағынан Хорезм, Соғд халқына жақын болды. Ташкент халқы аралас типте болды. IX-X ғасырлардан бастап Устурушанға оңтүстік сібірлік типі келе бастады. Соғд пен Жетісу халқы әртүрлі болды – қала халқы еуропалық, ал ауыл халқы оңтүстік сібірлік пішінде болды.

Орта Азия мен Алдыңғы Азия арасындағы құрлықаралық саудада ара ағайындық рөл атқарған аймаққа түркілердің келуі, мұның алдында шекаралық аймақтарға еніп сауда-саттық айырбас жасауды місе тұтқан түркі көшпенділердің енді әлемдік сауда айналымына шығуына оңтайлы ықпал жасады.

Түркілердің жаңа аймаққа қоныс аударуы олардың осы аймақ халқымен өзара мәдени алмасулармен қатар жүрді. Әсіресе бұл олардың исламды тезірек қабылдауына көп әсер етті. Жаңа жерлерге келген соң исламды қабылдаған түркілер, өздерінің жауынгерлік қасиеттері мен көшпенділерге тән ер-жүректілігі арқасында халиф назарына ілігіп, халифат әскеріне жалдамалы жауынгерлер ретінде тартыла бастады.

Осы кезге дейін исламды қабылдағанның алдында әртүрлі діни нанымдарды ұстанған түркілердің Иранды алуына саяси-экономикалық рең беріп, негізгі діни сипатына жеткілікті дәрежеде назар аударылмады. Сондықтан да түркілердің исламды қабылдауының негізгі, келесі бір маңызды факторына, исламның түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен, әсіресе тәңірі сенімімен ұқсастығына назар аудару мәселеге жаңаша қарауға негіз болады.

М.С. Орынбековтің айтуынша: «Исламның Азия мен Африкаға, Еуропаға жеңісті жорығы әлі күнге дейін дінтанушылар үшін жұмбақ. Ислам әртүрлі христиан, будда сияқты әлемдік діндер орын тепкен аймақтарға еніп, аталмыш діндерді сол аймақтан ығыстырды». Араб жаулап алуларынан кейінгі исламның дүниеге таралуына исламды қабылдаған соң да ата-баба сеніміне ұзақ уақыт адал болып қалған түркілердің үлкен үлес қосқаны белгілі болғанмен бұл «жабайы халықтың» ұлы істері ғылыми ортада таңданыс тудырмай қоймады. Осы сұраққа жауап іздеген тарихшылар түркі жетекшілерінің жаңа дінді қабылдауын сол кездегі саяси жағдай талап еткен амалсыз әрекетпен түсіндіреді. Мұны түркілердің ислам әлеміне емін-еркін кіруін қаламайтын XX ғасырдың кейбір исламға қарсы саяси топтары шебер пайдалануда. Олар түркілердің бүгінгі ұрпақтарының көзін ата-бабаларының исламды еш уақытта да өз еркімен қабылдамағандығын, қабылдаса да үстірт, сырттай қабылдағандығын тарихи ақиқат дәрежесіне жеткізуге тақады.

Шынында да, бір қараған адамға ақиқат болып көрінетін осы бір көмескі мәселе көңіл қойып қарамаса шешілуі қиын түйін. Біздіңше, мәселеге жауапты түркілердің исламға дейінгі наным-сенімдері мен дүниетанымынан және оның негізгі қағидаларының исламмен ұқсастығынан іздеу арқылы ғана табуға

болады. Ал исламға дейінгі көшпенділердің наным-сенімі жайлы деректерді аз да болса ортағасырлық араб-парсы, ішінара Еуропа саяхатшылары еңбектерінен кездестіруге болады.

Зерттеушілердің пікірінше ортағасырлық түркі тайпалары – оғыздар, қыпшақтар, қарлықтар, кимақтардың, т.б. наным-сенімдері ортақ болды. Мұны XII ғасырда жазылған «Аджайб ад-дуниа» еңбегінің авторы да «түркі тайпалары өте көп, олардың толық тізімін айтып тауыса алмайсың. Бірақ дәстүр-салттары бір-біріне жақын» деп тұжырымдайды. Тынық мұхитынан Қара теңіз аралығын мекен еткен ержүрек түркі тайпалары неге сенді? Кімнен медет іздеп, неге жалбарынды? Бұл сұрақтың жауабын да сол дәуірде өмір сүріп, көшпенділермен етене араласқан тарихшылар мен саяхатшылар жазбаларынан табамыз. Ортағасырлық араб саяхатшысы ибн Фадлан: «Егер түркі бір жамандыққа тап болса, аспанға қарап «бир тенгри» – яғни жалғыз құдай дейді». Ол: «Түркілердің мұсылмандарға жақындасу үшін «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген сөзін естідім», олар Құран оқығанда ұйып тыңдайды», – деп жазды. Бірақ олардың Алла тағалаға қатысын тарихшының айтқанындай, мұсылмандарға жақындауы үшін десек үлкен қателік болар еді. Мұның басты себебі Тәңірі мен Алла тағаланың мағыналық ұқсастығы мен жақындығы еді. Түркілердің жалғыз құдайға сенуі жайлы XIII ғасырдағы итальян саяхатшысы Плано Карпини да «олар (моңғолдар) жалғыз құдайға сенеді... Бірақ олар құдайына арнап мадақ пен мінәжат жасамайды» дейді. Жоғарыдағы деректерді талдай отырып бір мәселенің басын ашып алуға болады: түркілер жалғыз құдайға сеніп, тек Тәңір деп аталатын осы жалғыз Жаратушыдан қорғаныш іздеді. Түркілер Тәңіріні бүкіл әлемнің жаратушысы деп білді. Сол себепті жақсылық та, жаманшылық та бір Тәңірден деп білді. Осы орайда Құрандағы Алла тағаланы мадақтауға бағытталған «түнді күндізге айналдырасың да, күндізді түнге айналдырасың» немесе «өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарасың, кімді қаласаң соған сансыз несібе бересің» деген аяттармен* үндес көне түркі жазбаларының мәтінінен мына үзінділерді де мысалға келтіруге болады: «Аспан менің әкем

* Құран: Әли Ғымран сүресі, 26-аят.

Ілгеріс қаған мен анам Ілбілге қатынды өз құдіретімен басқарып, оларды көкке көтеріп әкетті. Қағанға басқаруға мемлекет беретін Аспан, мені түркі аты мен халқы жоғалмасын деп қаған етті. Аспанның ырқымен түркілер жеңіске жетті». Тәңіріге табынатын моңғол тайпаларының ұғымынша да Аспан адамның барлық іс-әрекетін көріп отырады, адам о дүниедегі болатын әділ соттан еш құтыла алмайды. Егер патша, халық Аспан табиғатына қарама-қарсы бір іс істесе, онда бұған Аспанның жауабы ретінде таңғажайып бір кек қайтарылады. Құранда бұл туралы «сонда кім тозаңның түйіріндей салмақта жақсылық істеген болса, оны көреді. Ал кімде-кім тозаң түйіріндей салмақта жамандық жасаса, оны да көреді» деп жазылған*. Яғни бұдан аспан тәңірі ұғымы тар мағынадағы материалдық аспан емес, исламдағы Алла тағала сияқты абсолюттік рух екенін байқау қиын емес.

Тәңіріден бір саты төмен тұрған сенім иесі Ұмай болды. Ұмай – отбасы мен балалардың иесі. Көне түркі жазбаларында әке-қаған-аспан, шеше-қатын-Ұмай тіркестерінен патриархалды түркі қоғамындағы әйел дәрежесінің Ұмаймен сәйкестенуінен Аспан-Тәңірінің тұғырын көреміз. Кудырге ескерткіші мен Жетісу, Ыстықкөл ескерткіштеріндегі құдайлар иерархиясы триадасында Жер-Су соңғы орынды ала орналасқан. Ал, Тәңірі жоғарғы тұлға болып, ұлы да қатал қалыпта қалады. Көне түркі сенімі – Тәңірі, барлық құдайлардың тартылу орталығы болып тұрмыстың барлық түріне абсолютті түрде әсер ететін монотеистік дін болды.

С.М. Абрамзон: «Түркілер Ұмайға бала туылғанда назар аударып, нәрестені өмірдің кездейсоқтарынан сақтауды сұрады. Оны ауырғанда шақырды. Балаларын, тіпті ересектерді бір жаққа аттандырып тұрып қарт аналар оларға «сені, Ұмай анаға тапсырдым» деді», – деп жазады. Кейін ислам дінін қабылдаған қазақтар ұғымында Ұмай ананың бұл функциясын Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың қызы Фатима «атқарды». Қазақ әйелдері әйел босанғанда баланың кіндігін кесіп жатып «менің қолым емес, Бибі Батпаның қолы» деп, баланы алғаш бесікке салғанда да осы сөзді айтқан. Келтірілген мысалдан көргені-

* Құран: 99-сүре, 6, 7, 8-аяттар

міздей, түркілер түсінігіндегі Ұмай исламданған қоғамда жаңа сипат алып, ислам дінмен жымдасып кетті.

Түркілерде қасиетті саналатын тағы бір діни ұғым – Жер-Су ұғымы болды. Олардың түсінігінше Жер-Су – адам өмір сүретін сфера, отан, табиғи орта. Түркілер сеніміндегі үшінші, төменгі әлем өлгендер ортасы болып саналды. Алтайлықтардың сенімі бойынша төменгі әлемді «Ерлік» басқарады. Ол өлгендердің жаны адасып жүретін жер асты өлім патшалығының иесі. Бұл жерде адам жасынан тұратын «Гоймадым» атты өзен бар. Ерліктің түтінсіз, оқ-дәрімен атылатын қаруы бар. Әр түні Ерлік жер бетіне шығып адамдарды өлтіреді де жанын алады. Ол өзіне сұлу қыздарды аспаз, ал жасөспірім жігіттерді жауынгер етіп алады. «Ольген» өз сарайында адамдардың өліп жатқанын байқап, ол жер астына түсіп Ерліктің оқ-дәрісін басқасымен ауыстырып қойды. Ерлік жер бетіне шығып адамдарды ата бастап еді, әдеттен тыс қатты дауыс шықты. Қатты қорыққан Ерлік қаруын тастай салып қайта жер астына кіріп кетті. Сол кезден бастап ол жер бетіне басқаларды жұмсайды. Яғни түркілер адам қайтыс болған соң оның жаны басқа бір әлемге ауысатынына сенімді болды. Міне, сондықтан да қазақтар тіршілігі тоқтаған адамды өлді демейді, «қайтыс болды», «қайтты» дейді. Демек, өзінің келген жағына қайта қайтты дейді. Түркілердің осы Ерлігі кейін олар исламды қабылдаған соң Алла тағаланың періштелерінің бірі Әзірейілдің ұғымына ауысты.

Түркілерде Тәңірі жаратқан әрбір заттың немесе жануардың иесі болады деген ұғым болды. Күн, ай, жұлдыз сияқты, аспан денелерін аспанға орналасқан жаратылыстар ретінде қасиетті санады. Сонымен бірге табиғатпен біте қайнасқан көшпенділер өмірі ауа райын болжауды осы аспан денелерінің қозғалуын бақылап жасады. Қазіргі кезге дейін айға, жұлдызға қарап ауа райы өзгерістеріне болжау жасау қазақ малшыларына ата-бабадан мирас болып қалған асыл өнер. М.С. Орынбеков қазақтардың түсінігіндегі аспан ұғымына назар аудара отырып, көшпенді малшылардың аспан дүниесіне жіті назар аударғанын атап өтеді. Ол: «Малшылар ең алдымен өз назарларын ең жарық Шолпан жұлдызына аударды. Темірқазық, Жеті қарақшы, Үлкен аюға көз тікті. Малшылар түсінігінде, бұл жұлдыздар әлі туылмаған адамдардың жаны орналасқан барлық адамдардың отаны

деп білді. Бұл жерден аспан нысанасы шындығының синкретикалық қосылысын және оның туушы әлемінің рухани символы ретіндегі идеалдануын көруге болады. Көне қойшыларда ай әлем егесі сияқты. Толық ай болған кезде әдемі. Ал ол қара даққа ие болғанда кемпірге ұқсайды», – деп жазады. Түркілердің қасиетті деп санаған заттарының бірі от болды. Олар отқа құрметпен қарап, онымен «аластау» ғұрпын атқарды. Түркілер ұғымында отқа түкіруге, дәрет сындыруға болмайды. Күлді аяқпен басу да жаман ырымға жатқызылды. Бірақ бұдан Л. Гумилевтің айтуынша, зороастризмге тән элементтер іздеудің қажеті жоқ. Өйткені олар тек сырттай ұқсастық, Иранда от – діни жолмен табынатын құдірет, ал түркілерде бұл жадылықтың құралы болды.

Түркілердің тағы бір қасиетті санап, сиынған сенімі – ата-баба аруағы. Бұл дәстүр түркілердің исламды қабылдаған уақыттан бастап әлі күнге дейін жалғасып келеді. Түркілер дін мен туған жер, халық үшін күрескен, осы істерде еңбегі сіңген ата-баба аруағына сиынды. Бірақ бұл аруақтарды Алла тағала-Тәңірі дәрежесімен бірдей дәрежеге көтермеді. Ата-баба аруағына сиыну арқылы Тәңірінің қиналған кезде көмегін алуға болады деп сенді. Осы мәселеде Мұхаммед Әли Термезидің қабіріндегі «Егер сізді (қазіргі) жағдай жабырқатса, қабірде жатқандардан көмек сұраңыз» деп жазылған Мұхаммед (ғ.с.) хадисінен үзіндіден дәстүрлі исламның түркілік ата-баба аруақтарына құрмет идеясымен сабақтастығын көруге болады. Жоғарыда атап өткендей, түркілер көрші отырықшы халық иконографиясына еліктеп өз ата-бабаларына арнап олардың бет-әлпеті бейнеленген балбал тастар орнатты. Бұларға арнап түркілер құрбандық шалды. Кейін бұл исламның келуімен діни құрбандыққа айналды.

Түркілер әрбір жануардың, заттың (тау, тас, өзен, көлді) адам тіршілігіне әсер ететін өз киесі болады деп сенді. Сібірдің түркі халықтары бұл киелер адамға, малға жамандық, жақсылық әкеле алатын қасиеті болады деп сенді. Сондай-ақ шаманның көмегімен олармен тіл табысуға болады деп ойлайды.

Әрине, көшпенді түркілер мекен еткен аймақта сәтсіз болса да аздаған уақытқа тұрақтаған әртүрлі діни нанымдар мен әлемдік діндер болды. Солардың бірі, көптеген дінтанушылардың дін деп шатастырған шамандық наным болды. Осы уақытқа дейін түркі халықтарының көне наным қалдықтарына жатқызылып

келген шамандықтың діндігі күмән туғызады. Шамандық дін емес, бар болғаны айрықша қасиеті бар жеке тұлғаның жеке іс-әрекеті еді. Өзіне туа біткен табиғи ерекше қасиетінің арқасында бақсылық немесе шамандық қасиет қонған кісі емшілікпен, ауру сырқау, пәле-жаланы аластатумен айналысты. Өзіне қонған ғажайып қасиет, сырттан итермелеген еріксіз күш екенін сезінген шамандар оның ата-баба аруағы арқылы Тәңірінің күші екеніне сенімді болды. Көрнекті қазақ философы Ғ. Есім шаманизм тақырыбындағы әдебиеттерді саралай отырып, қазақ халқының арасында сақталған, бақсылықты зерттеушілердің оны дінмен шендестіруіне қарсылық білдіре отырып, Д. Самонвасовтың «шаман сенім мен дін емес, жеке адамның әрекеті» деген ойына қосылады. Шамандардың түркілер арасындағы негізгі функциясы емшілік болды. «Худуд ал-аламның» анонимді авторы: «Ғұздар әрбір әдемі, ғажайып нәрсеге табынды. Олар емшілерді құрметтеді. Оларды көрген бойда табынды. Бұл емшілер олардың (түркілердің) өмірлері мен мүлкін иемденді», – деп жазды. Осы деректерге талдау жасай отырып, бақсы-шамандардың халық арасында емшілікпен айналысып, көріпкелділік жасайтын, ешқандай да дінге қатысы жоқ, жеке сенім тұлғасы деген қорытынды шығаруға болады. Халық оның керемет сиқырлы қасиеттерге ие болып, ауруларына шипа бергені үшін сыйлады және одан келуі мүмкін пәледен сескеніп, қорықты. Сахалардың дәстүрі бойынша төменгі әлем рухтарына құрбандық алып келген шамандар, Yungari тоуоп құрметіне рәсімдер жасамақ түгілі осы құдайға арналған isiah мейрамына қатыса алмайды. Хакас шамандары да Quday-ға мінажат ете алмайды. Шаман-бақсылардың белгілі бір діннің өкілі болмауының тағы бір дәлелі олар өздері мекен еткен аймақта қандай дін үстем болса, сол дінмен біте қайнасып кетті. Исламды қабылдаған соң Орта Азия мен Қазақстанда шамандық мұсылмандық сипатқа ие болды. В.Н. Басиловтың дұрыс байқағанындай, «молда мен шаманның арасындағы қарама-қайшылық енді әртүрлі идеологияның соқтығысуы емес, бар болғаны кәсіби бәсекелестік еді. Өзінің дүниетанымдығынан шамандар басқа дұрыс мұсылмандардан айырмашылығы болмады. Шамандар рәсімдерін бастамай тұра Алла мен әртүрлі мұсылман әулиелерге, тек одан кейін барып көмекші аруақтарға, исламның қасиетті кітабы – Құранда келтірілген періштелерге назар аударып, көмек сұрады».

Тарихи мәліметтер түркілер мекен еткен аймақтарда бір-қатар әлемдік діндердің тарағаны жайлы деректер беруде. Бұлар Жетісу – Мәуреннахрдан кейінгі Батыс Түркістандағы буддизм орталығы болғанын дәлелдейді. Ан-Недимнің сөзіне қарағанда буддизм мұнда манихейліктің алдында өткен дін. «Ал-Фихристе» сондай-ақ «бұл дін Мәуреннахрдың исламға дейінгі көптеген халқының діні болды» деп жазылған.

Т.Н. Сенигованың айтуынша манихейлік дін отырықшыларға тән болып, олардың арасында кеңінен тарады. Бұған заттай дәлел ретінде Тараздан осы дінге тән астральді құдай бейнесіне жататын манихейлік белгі – әйел мен ай бейнесі бар қола медальон табылды. Ұйғыр қағанатында соғдылардың Солтүстік Қытайға таратқан манихей діні сексен жыл ресми дін болды. 840 жылы ұйғыр қағанаты құлағанда ұйғырлар шығыс Түркістан мен батыс Қытайдағы Тұфан аймағына кетті де, осында өздерінің Кочо мемлекетін құрды. Бұл жерде түркілерден басқа сақ, соғды, тохар сияқты халықтар, қытайлар, танғұт, тибеттіктер, сириялықтар тұрды. Манихейлік дін түркілерден де осы халықтарға көбірек ықпалды болды. Сондықтан да түркілер арасына манихейлердің табысты түрде тарағаны жайлы аңыздар әлі де болса терең зерттеуді талап ететін таласты мәселе. А.М. Сағалаевтың айтуынша будда діні де түркілер арасына соғдылар арқылы кіре бастады. VI ғасырда түркілер арасында буддизмнің әсері күшті болды. Әсіресе Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда кеңінен тарай бастады. Бірақ бұдан жекелеген түркі тайпалары тұтастай бір дінді қабылдап ұстанды деген пікір болмаса керек.

Түркілердің әлемдік діндерге қатысы жайлы деректерді талдағанда, осы діндермен жақындау ең алдымен жоғарғы билеушілер тарапынан іске асатынын байқаймыз. Мысалы, С.М. Сыздықовтың баяндауынша, түркілер исламды мұсылман дін басыларының көмегімен, қандай да бір қантөгіссіз қабылдады. Қарахан мемлекетінің билеушісі Сатық Бұғра хан ислам дінін Бұхарадан келген бір фикх арқылы қабылдайды. З.В. Тоған да қарлықтар арасында буддизм тек аристократияны ғана қамтығанын, ал былайғы қара халық «дінсіз», яғни өздерінің көне нанымдарында қалғанына баса назар аударады. С.Г. Кляшторныйдың айтуынша да, буддизм хан ордасында мәдени және саяси артық-

шылықтарға ие болды. Бірінші түркі қағанатының кезінде Таспара қаған ордасында буддистік қауым – сангха құрылды. Осы кезде Таспараға арнап түркі тіліне бірнеше сутралар аударылып жазылды. Таспараның нұсқауымен будда храмдары мен монастырьлары салынды. Сондай-ақ буддизм түркілер арасында түркі қағанатында VI ғасырда қағанат негізін салушылардың ұлдары мен мұрагерлерінің бірі Бумын қаған (552 ж.), Мұған қаған (553-572 ж.), Тобо қаған (572-581 ж.) кезінде олардың қызығушылығын тудырды. Олар Қытайда түркі тіліне будда шығармаларын аудартты. Ал көне түркі жазбаларынан VIII ғасырдың бірінші жартысынан түркі қоғамында буддизмнің ешқандай да нышаны табылмайды.

Түркілердің арасында исламнан басқа діндердің тұрақтап, бекімеуінің тағы бір себебі түркілердің көшпелі өмір салтына исламнан басқа діндердің дәстүр қарама-қайшылығы да әсер етпей қоймады. Ислам дінінен басқа діндерде қатаң тыйым салынбайтын шарап ішу мен доңыз етін жеу түркі табиғатына жат болды. Түркілер туралы ақпарат беруші араб-парсы деректері олардың қолға үйреткен жануарлары ішінен шошқаны атымайды. Көшпенді өмірге икемсіз бұл мақұлықты исламға дейінгі көшпелі арабтар да ұстамады. Ал түркілерге тән ішімдіктерден қымыздан басқа ішімдіктің аты аталмайды. Шығыс Қазақстанда табылған екі қола айнадан руникалық түркі жазуы оқылды. Көне түркілік тілдің диалектілік ерекшеліктеріне қарағанда VII-IX ғасырларға жататын осы жазуды талдай келе, А. Аманжолов ондағы «ер чучук оссіз (одсіз) олут» сөзінің аудармасы «шарап ішу еркекті ажалынан бұрын өлтіреді» деген мағына беретініне тоқталады. Шыңғысханның «Ұлы Ясасы» да көшпенділер өміріне жат арақ пен шарапқа қарсы болды: «Арақ пен шараптан ақыл мен өнерге еш пайда жоқ. Арақ ішкен адамда жақсы қасиет пен әдет қалмайды. Арақ пен шарап ішкен билеуші ұлы істер мен ұлы ойларын іске асырмайды. Егер қарапайым адам арақ ішсе, онда ол бүкіл қолында барын, дүниесін ішеді» – деп, – «Мұхаммед (ғ.с), олар сенен арақ пен құмар туралы сұрайды. Оларға: екеуінде де зор күнә бар. Адамға пайдасы бола тұра пайдасынан гөрі күнәсі зорырақ де», – деген * Құран Кәрімнің қасиетті аяттарымен өз үндестігін тауып жатты.

* Құран: Бахара,175; Анғам 125.

Профессор В.Д. Смирнов ортағасырлық тарихшы З. Казвинидің оғыздарды христиан дінінде деген жансақ пікіріне қолдау білдіреді. Түркілер арасында христиан діні кең тараған деген пікірдің қалыптасуына XIII ғасыр авторы Закария Қазвинидің оғыздарды христиан болды деуі де өз әсерін тигізді. Автордың айтуынша түркілер жерінде оғыздар Исаның ізі деп табынатын бір құдықтың қасындағы ересек адамның тізесінің ізі, баланың аяғы мен есектің тұяғының іздері бар. Әр нәрсеге ғылыми тұжырым жасайтын Бируни Қазвинидің бұл мәліметінен біршама уақыт бұрын, яғни XI ғасырда – «қимақтар елінде Манкур тауында ауызының көлемі үлкен қалқандай болатын тұщы сулы құдық бар. Суы құдық аузынан асып төгіліп тұрады. Бұл құдықтан түгел бір әскер су ішсе де, су деңгейі бір елі де төмен түспейді. Құдықтың қасында адам аяғы мен тізесінің, баланың аяғы мен есек тұяқтарының ізі бар. Ғұзз түркілері осы іздерді көргенде иіліп тағзым етеді» деп жазады. И. Демидовтың пайымдауынша, егер әңгіменің оғыздардың христиан екеніне қатысы болғанда Бируни мұны міндетті түрде көрсетер еді, бірақ ол бұл туралы ештеңе айтпайды. Байқағанымыздай, ортағасырлық деректерді, түркілердің дүниетанымын талдау исламнан басқа бірде-бір дін түркілер арасында бұқаралық сипат ала алмағанын көрсетеді.

VIII-XIII ғасырларда христиан дінінің несториандық ағымы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға қарай тарай бастады. Көп қалаларда христиан миссионерлері жұмыс жасады. Тимофей патриарх (780-819 ж.) кезінде қарлұқ ябғуы осы дінді қабылдады. IX-X ғасырларда қарлұқ митрополиясы құрылды. Алайда христиан діні де буддизм мен манихейлік діндер сияқты түркі қоғамының жоғарғы өкілдерін ғана қамтыды. С.М. Демидов «қырғыздар арасындағы христиан діні тек саяси жағдайда ғана қырғыздар мен қарлұқ несториандар арасындағы әскери одақ кезінде уақытша тарады. Сондықтан да саяси қажеттілік төмендегенде бұл аймақтан да христиандықтың белгілері кетті. XI ғасырда Минусин аңғарынан оның белгілерін таба алмайсыз» дейді. Осы орайда Н.Д. Нұртазинаның дұрыс пайымдағанындай тарихи-мәдениеттанушылық талдаулар ортағасырлық христиан, манихей, буддизм, индуизм, конфуцилік сияқты діндердің жағымды әсерлеріне қарамастан бұл діндер түркі қоғамының

қоғамдық-мәдени дамуында түбегейлі секіріс әкеле алмағанын көрсетеді. Мұның басты себебі исламның басқа діндерге қарағанда күшті моральдық және мәдени қуатқа толы жас дін болғандығымен қатар ислам дінінің Тәңіріге сенген түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен идеялық тұтастығы еді

Осылайша, Ұлы Жібек жолы түркі даласына әртүрлі наным-сенімдер мен әлемдік діндердің енуіне әсер етті. Бірақ олардың ешқайсысы да дәл ислам сияқты түркілер арасында табан тірей алмады. Тәңір дінінде исламның қағидаларына қарсы келмейтін, қайта адамның рухани дамуына бір-бірін толықтырып бірдей қызмет ететін элементтердің мол болуы түркілердің жаңа дінді тез қабылдауына оң әсер етті. Бұған әсіресе екі діндегі абсолютті рух сипаттарының ұқсастығы себеп болды. Түркі халықтарындағы сөздік қордың Тәңірберген, Тәңірберді, Тәңір жарылқасын сөз тіркестері Алдаберген, Алла жарылқасын сөздерімен ауыса қолданылуы осыған дәлел. Түркілерде Тәңірге серік қоспады, оны жалғыз деп білді. Исламды қабылдаған соң түркілер өздерінің түсініктері жетпеген, үнемі мазалаған дүниетанымдардың сұрақтарына қасиетті Құран кітабындағы аяттар арқылы жауап тапты, діни түсініктерін кеңейтті.

Түркілердің жаппай ислам дініне кіруіне, сөз жоқ, араб жаулап алулары мен соның нәтижесінде ислам миссионерлері мен ғұламаларының үгіт-насихат жұмыстарының да тікелей әсері болды.

Түркілердің ислам дінін қабылдауына араб-мұсылман жаулап алуларының да маңызды әсерлері болды. Орталық Азия халқы арабтарды терең рухани дағдарыс жағдайында қарсы алды. Белгілі бір циклдың бітуі мен түгесілуі белгілері айқын біліне бастаған болатын. Көне мифологиялық жүйе өмір сүруін тоқтатты. Қоғам дүниетанымдық дағдарысты бастан кешірді: ол адамзат пен әлемнің жаңа өмір сүру мәнін табуды қажет етті. Дәл осы кезде түркілердің рухани сұранысын қанағаттандыра алатын анағұрлым жетілген, олардың дүниетанымдық негізіне аса қайшы келе қоймайтын, қайта толықтыра түсетін жаңа дін – ислам діні осы олқылықтың орнын толтырды.

Исламмен жақындасқан түркі билеушілері мен араб-мұсылман билеушілері өзара қарым-қатынасты жолға қойып, рухани барыс-келісті орнатты. Халиф Мухтадир оғыздардың әскери қолбасшысы – «сюбашимен» хабарласып, достық жолдау жібер-

ді. Ал ислам географы Якут ал-Хамави халиф Хишамның түркілер еліне исламды қабыл еттіру үшін жіберген делегациясын Қағанның құрметпен қарсы алғанын жазады. Сол кезде әлі күнге исламды қабылдамаған шігіл, яғма тайпаларының жетекшісі Боғрахан 921 жылы Самани мемлекетімен одақтаса исламға қарсы бағытталған Хорасандағы көтерілісті басты.

X ғасырдан бастап жерлеу ғұрпында мұсылманша жерлеу әдісі тарай бастайды. Археологиялық зерттеулер де бұларды растайды. Баласағұнда мешіт пен мұнара қалдығы, төменгі Сырдариядан мұсылман сәулет өнері құрылыстарының орны табылды.

Түркілердің исламды қабылдауына Құранның түркі тіліне аударылуы үлкен әсер етті. Саман билеушісі Мансұр ибн Нұх кезінде (961-977 ж.) арнайы комиссия құрылып, «Табари тәпсірі» негізінде Құранды парсы тіліне аударады. Бұл аударма өз кезегінде оның түркі тіліне аударылуына негіз болды. Бұл жұмыс арасында Испиджабтан бір түркі ғалымы бар комиссия арқылы іске асты. З.В. Тоғанның айтуынша, дәл осы аударма кейін қарахандар мен селжүктер, моңғолдардың ильхандар мен Орта Азиядағы мемлекеттері тұсындағы барлық түркі аудармаларына негіз болды. Құран түркілерге жергілікті диалектілерге толы мұсылман әдеби тілінің қалыптасуына үлкен әсер етіп, түркілердің қасиетті ұлттық кітабына айналды. Исламның түркілер арасына орнығуы ұлттық сипат алды – Мұхаммед (ғ.с.) пен оның жолдастары Әли, Халид ибн Валид түркілер арасында ұлттық батыр дәрежесіне көтерілді. Ислам дінінің түркі даласына енуінен көп уақыт өтпей-ақ исламды бірінші қабылдаған мемлекет немесе тайпа өкілдері өздерінің бұрынғы нанымдарына онша қайшы келмейтін, қайта рухани мәселелердің бетін ашып, анықтап беретін жаңа дінді өз тайпаластарына әртүрлі жолмен белсене тарата бастады.

XI ғасырда печенегтердің арасында исламның таралуы жайында әл-Бәкри былай деп жазды: «400 хиджра жылынан соң оларда мұсылман тұтқын болды. Мұсылман дінбасы олардың кейбіреуіне исламды түсіндіру нәтижесінде осы дінге сендіртіп қабылдатты. Ниеттері түзу болғандықтан, олардың арасында ислам тарай бастады. Қабылдамаған қалғандары бұларға қастасып, ақыр аяғында бұл қайшылық шиеленісіп, соғысқа алып

келді. Мұсылмандар 12 мың болса да, өздерінен екі есе көп әскерді жеңді. Жеңілгендер исламды қабылдады. Енді олардың бәрі мұсылмандар, олардың өз ғалымдары, қазилары, қарилары бар». Ішкі рухани дайындық, қажеттілік пісіп-жетілгенде түркілердегі тәңір діні негіз болған исламды қабылдап, автоматты түрде жаңа дінге өтуіне қолайлы жағдай жасады. Сығанақ пен Қарашықтан кеткен селжүк негізгі тобы Жәнд аймағына келгенде, көсемдерінің бастамасымен ислам дінін қабылдауды жөн көрді. «Егер біз, дейді олар өз руластарына, осы халықтың (жергілікті халық) діні мен дәстүрін қабылдасaq, бізге ешкім қараспайды, жеке болып азшылықта қаламыз».

Қазақ ғалымы З. Жандарбек түркілердің ислам дінін қабылдауына ислам әлемінде билеушілер тарапынан қуғынға ұшыраған әртүрлі ресми емес діни-оппозициялық топтардың Түркістан топырағына келуінің де әсері болғандығына баса назар аударады. VIII ғасырда Түркістан жеріне исламның әртүрлі оппозициялық ағымдарының келуі түркі халықтарының діни көзқарастарына түбегейлі өзгерістер әкелді. Бірақ бұл процесс түркі халықтарының көне діни танымдарын түгелімен жойып жібере алған жоқ. Керісінше, олар бірін-бірі байытып, жаңа діни-философиялық көзқарастарды қалыптастырды. Ол өз кезегінде исламдық мәдениетке, әлемдік мәдениетке ірі серпілістер әкелді. Сыр бойынан шыққан ғұламалар еңбектері ислам орталықтарында аса жоғары бағаланды. Мұның өзі түркі халықтарының өзіне, отанына деген мақтаныш сезімін тудырды, өз жерінің, қадір-қасиетін ислам орталықтарынан кем көрмеді. Оны мына мысалдардан көруге болады. Түркістан жерінде де пайғамбарлар мен әулиелер өмір сүргендігі жөнінде аңыздар, Түркістан жерінің қасиеті жөнінде айтқан Мұхаммед пайғамбар хадистері пайда болды. Исламды қабылдаған түркілер өздерінің тәңірі сенімі мен ислам арасындағы рухани сабақтастық негізінде жаңа дінді белсене қолдап, оның барлық қағидаларын бұлжытпай орындауға кірісті.

Көрнекті қазақ философы М.С. Орынбековтің айтуынша шығыс түркілерінің әлемдік мәдени кеңістікті игеруге деген талпынысы жаңа діннің таралу қарқынына оң ықпалын тигізді. Жаңа дін архаикалық, дәстүрлі нанымдардың ыдырауы кезінде біріктіруші дінге деген қажеттілікке берілген жауап болып

табылды. Өйткені ол шығыстағы қалыптасып келе жатқан ортағасырлық қоғамның қажеттілігін бейнелейтін еді. Исламның парыздарын Тәңірі қалауы деп ұғынған түркілер мұсылман міндеттеріне сергектікпен қарады. Дублиндегі Честер Бити кітапханасында сақтаулы Истахридің «Сувар ал-ахлим» атты еңбегінде «Түркілердің елдерінің ислам орталығынан алыс орналасқандығына қарамастан әлі күнге дейін барлық басқа мұсылмандардың алды болып хаджға келеді» деп жазылған. Осылайша, ислам дінінің түркілік дүниетаныммен рухани қайшылықсыз болуы олардың жаңа дінді белсене қабылдауына оң ықпал жасады.

Түркілер арасына ислам діні сопылық формада тарады. Сопылық форма өзіне тәңірлікпен қатар басқа да түркілік наным-сенімдерді батыл енгізді. Бұл жайлы кезінде Ш. Уәлиханов: «Мұхаммед діні, тәңірі сенімі мен көне нанымдық элементтерді сақтай отырып біріктірді», – деп айтып кеткен болатын. Сопылық өзіне кез келген концепция мен дүниетанымды өткізуге рұқсат беріп, ескі наным, әртүрлі философия мен діни дәстүрлер қоғамының түрлі өкілдері қабылдаған элементтерді кіргізді. Сопылық өзінің исламды бейімдеуге қабілеттілігімен орта ғасырлардағы исламның керемет бейнесін жасады.

«Сопылық» термині (суфизм ретінде) VII ғасыр ортасында пайда болды. Бұған дейін «захад» (бас тартушы) термині қолданылды. Сопылық билік ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан омеялардың өкімет басына келуімен туындаған әлеуметтік теңсіздік нәтижесінде Мұхаммед заманын аңсаудан туды. Халиф саясатына қарсы шыққан халықтық қозғалыстар, ең алдымен ортодоксальды суннизм формасындағы үстем идеологияны мойындамады. Хиджра ғасырында аскет-сопы мағынасын білдіретін бұл ағымның бірінші өкіліне Абу-Хашим Куфий жатқызылады (767-771 ж. қайтыс болған). Месопотамия мен Сирияда алғашқы сопылар қауымы VIII ғасырда араб негізінде пайда болды. IX ғасырда сопылық Мысырға, одан Мағриб пен араб Испаниясына, IX-X ғасырда Иранға, одан Орта Азияға тарайды.

Дегенмен сухравердийа орденінің негізін салушы шейхтардың бірі Абу Наджип Сухравердидің (1097-1168) немере інісі, өз дәуірінің көрнекті өкілі және осы орденді үлкен орденге айналдырған Абу Хафс Омар Сухраверди (1144-1234) «суфий» сөзінің арабтық «суф» (жүн) сөзінен шығару қате екенін айтады.

Оның айтуынша бұл сөз түркілік сөз және «суфий» сөзі Құранда кездеспейді. Ислам әлемінің Батысында да, Шығысында да бұл сөздің мағынасын ешкім білмейді. Бірақ Омар Сухраверди бұл сөздің түркі тілінде қандай мағына беретінін түсіндірмейді. Ал әзірбайжан ғалымы А.Г. Алиевтың түсіндіруінше, көне түркілердің өмір бастауы нұр (ис, иш, гор, од) және су (шуб, сув, суп, суб, сум, су, шу) ұғымдарымен байланыстырып олардың сувды қадір тұтқанына назар аударады. Оның айтуынша Әзірбайжанда суды көп пайдаланып жуынып шайына беретін адамды «сопы», яғни «кірпияз» деп атайтынын айтып, сопы сөзін түркілік «су» сөзімен байланыстырады. Әрине, мұның тек болжам екендігі белгілі. Бірақ бұл біздің сопылықтың шығу төркініне, оның түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен байланысын терең қарауды керек ететінін көрсетеді.

Сопылықтың мәнісі бойынша әр сопының мақсаты айрықша экстаттық қал – «фанға» (өмірдің жоқтығы) жету арқылы құдайды тану. Бұған жету үшін кез келген адам өте алмайтын 4 сатыдан (маназиль) өту. Бірінші саты – «шариғат» (заң) – ортодоксальды діннің барлық заңдарын орындау, «тарикат» (жол) – белгілі сопыдан (шейх немесе ата, пир) білім алу, білімін толықтыру. Шәкірт өз нәпсісін өлтіруге тырысып, құдайды ғана ойласа және оған шын ықыласпен берілсе, үшінші жол – «ма'рифатқа» жетеді (тану). Бұл сатыда сопы жүрегімен құдайды таниды, ізгілік пен жауыздықтың, азғандық пен тазалықтың мәнісін түсінеді, танушы (ариф) ретінде ол шейх бола алады. Кейбір арифтер ғана өз өмірлерінде төртінші саты – «хакикатқа» (шындық) жете алады, сонда ғана ол өзін құдайға жақын сезінеді. Түркі тайпалары сопы жетекшілерін пир, ишан, баба, ата, деде деп атады. Ислам дініне батыл кірген түркілік дәстүрлердің бірі ата-баба аруағына сиыну болып табылады. Көптеген түркі халықтары ата-бабасының аруағын өзіне қорғаушы ретінде таңдап, қысылғанда одан көмек сұрау наным болды. Бұл сенім кейін мұсылмандық сипатқа ие болғанмен, негізінде көне түркілік ата-бабаға табыну идеологиясы жатыр. Ескі шаман наным сопылар мен олардың ұрпақтарына ауысты. Шамандар мұсылмандық форманы қабылдап, енді олар «ишандар» деп атала бастады. Сопы дәстүрінің бірі – ұжымдық зікір салу болды. Бұл кезде сопылар экстазға түсті. Зікір салудың екі түрі болды – «хуфия» –

тыныш, «джахр» – жария зікір салу. Бұл дәстүрден сопылыққа енген шамандық элементті көреміз.

Орта азиялық ислам – көне жергілікті элементтермен толыққан синкретикалық құбылыс болып, анимистикалық сенім қалдығына жататын «перілер» туралы ұғымның орны да ерекше. Пері адамға жақындап, онымен жыныстық қатынас жасайды деген сенім тарады. Олар таңдау белгісі ретінде адамға ауру жібереді немесе жыландар жібереді. Перілер еркектерге әдемі әйел, әйелдерге келбетті еркек түрінде көрінеді. Оның таңдаған адамы рухани адам болуы тиіс болды. Дінбасылардың арасында айрықша сатыда тұрған тұлға, бұл мазарлардың иесі – шейхтер болды. Егер мазар қандай да бір беделді адамдікі болса шейх оның тікелей ұрпағы болып келеді. Егер ол адамның ұрпағы болмаса, онда басқа адам мазар иесі бола алады. Ал Қазақстанда мазар иелерін шырақшылар деп атайды.

XI-XII ғасырда ислам оғыздар арасына кең тарай бастайды. Мервте суфий – Қожа Жүсіп Хамадани (1140 жылы қайтыс болған) Орта Азия мен Мәуреннахрда сопылықты таратты. В.В. Бартольд «Қожа Жүсіп Орта Азия дәруіштігінің негізін қалады және түркілер арасында исламның дамуына әсер етті, шейхтер тәрбиеледі» деп жазды. Хакім ата-Сүлеймен Бақырғани, Сейд ата, Ахмет Яссауи, Арыстан баб, Бабатүкті Шашты Әзіз сияқты түркі мистиктерінің тәрбиеленуіне үлкен үлес қосты.

Алғашқы селжүк билеушілері Тоғрұл бек пен Чағры бектің артынан еріп Мәуреннахрға келген түркілердің исламды қабыл алуына осы аймақтағы Мейхене ауылынан шыққан Абу Сейіт Мейхени (967-1049) үлкен әсер етті.

Түркілердің исламды қабылдауда табысты болуларына түркілердің билік жүйесі мен исламдағы басқару принципінің тамырластығы да әсер етпей қоймады. Исламның алғашқы кезеңдеріндегі әлі деспоттана қоймаған мемлекетті билеу жүйесі мағыналық жағынан түркілік дәстүрмен сабақтас болды. Біртұтас мемлекет билеушісі ретінде көшпенділер табиғатына да монархия мен деспотизм жат болды. Түркілер мемлекетті басқаруда биліктің сатылы-еншілес жүйесін пайдаланды. Л.Н. Гумилевтің айтуынша Мұған хан (553-572) кезінде түркілер тақты иеленудің осы жаңа жүйесін енгізді. Бұл жүйе бойынша кіші іні үлкен ағаға, ал немере аға немере туысқандарына тақты мұраға қал-

дырды. Ханның жақын туыстары билікке құқылы болды. Яғни тақ тек бір ғана жеке тұлға мен оның ұрпақтарының игілігі емес, мемлекетті басқаруға құқылы және оған керекті барлық талаптарға сай кандидаттардың тұтас бір тобының заңды игілігі болды. Ал олардың кандидатурасы «Жоғарғы кеңес» – Құрылтайда талқыланып, тек мемлекет басқарушысына қажетті барлық талаптарға сай таңдаулылары ғана билікке ие болды. Билеушілікке кандидат моральдық талаптарға сай, физикалық жағынан күшті, денсаулығы берік болуы тиіс болды. Н.Я. Бичурин «үйсін ақсақалдары таққа Нимиді отырғызды» деп түркілерде хан ақсүйектер жиналысында сайланатынын көрсетеді. Де Плато Карпини моңғолдардың өз билеушісін таққа отырғызу рәсімін суреттегенде «осылайша, 1246 жылы Гог Хам, яғни император немесе патша, Куинде, татар хандығының басшылығына көтерілді. Жиналған барлық ханзадалар жоғарыда айтылған жерге алтын тақ қойып, оған Гогты отырғызды да оның алдына семсер қойып «сен біздің барлығымызды билеуінді қалаймыз, өтіміз және бұйырамыз» деді. Ал ол: «Егер сендер менің сендерді билеуімді қаласандар, онда мен не бұйырсам соны орындап, қайда жіберсем сонда барып, қашан шақырсам сол уақытта келіп, кімді бұйырсам соны өлтіресіңдер ме?», – деп сұрады. 581 жылы Тобо хан өлер алдында өзінің ұлы Яньлоға тақты қалдырмай ағасының ұлы Далобяньға береді. Бірақ Коло Исиги ханның ұлы Шету құрылтайда бұған қарсы шығады. Оның дәлелі бойынша Далобянь қытай әйелінен туған ұл, сондықтан да ол мемлекет басқара алмайды, мемлекетті Тобоханның ұлы Яньло билеуі керек еді. Осылайша сатылы-еншілес жүйе арқылы көне түркі қоғамы қос нәтижеге қол жеткізді. Мемлекет басына билікке қауқарсыз жас бала немесе билікке лайықсыз кісі келе алмады. Еншілес ханзадалар болса жоғалу қаупінен құтылды.

Ибн Фадланның айтуынша, қаған елді 40 жылдан артық басқара алмады. Осы мерзім біткенде халық оның ақылы азайды, оның құдайлық күші әлсіреді және енді өз халқына пайда әкеле алмайды деген себептермен өлтірді. Түркі қағанаты құлаған соң түркілердің мұрагерлері ұйғырлар мен қырғыздар аса ірі мемлекет құрмады, сондықтан да оларға еншілік-сатылы жүйені қолданудың қажеті болмады. «Мәдениетті көршілердің», яғни бастапқыда қытайлар, кейін ирандықтардың әсерінен сатылы

жүйе әрқашан бұзылып отырды. VII-VIII ғасырларда исламды араб түбегінен шығарып таратушы көшпенді халық – арабтар арқылы іске асқаны белгілі. Сондықтан да көшпелі қоғамдардағы мемлекеттің монархиялық бұл түріне қарсылықтың себебі түсінікті: IX-X ғасырларда Мәуреннахрды билеген саманилер мемлекетінде билікті ұйымдастыру отырықшы қоғамға тән еді. Бұл мемлекетте жалғыз билеушісі бар орталықтандырылған монархия салтанат құрды, тақ әкеден балаға мұра болып қалады. Мәуреннахрды X-XI ғасырларда жаулап алып, ислам дінін қабылдаған түркі-қарахандар өздерімен бірге көне түркі басқару институттарын алып келді. Бұл жүйе бойынша қағанат билігі жеке адамның емес, бүкіл билеуші рудың меншігі болып табылады. Осылайша, қарахандар мемлекетінде биліктің дуалды жүйесі орын алды. «Ұлы қағанмен» қатар билеуші қаған – «кіші қаған» болды. Ұлы қаған формальді түрде мемлекет басшысы болды. Билік әкеден ұлға емес әулеттің келесі жасы үлкен мүшесіне ауысып отырды. Әрбір ақсүйектің патша тағына құқы болғандықтан биліктен үміткер болды. Бірақ бұл тәртіпті қарахан Әли ибн Хасан бұзып, (1034-1035 жыллы өлген) өз тағын ұлы Юсуфке қалдырды.

Түркі-моңғолдар да өздерінің бірінші ханы Шыңғыс ханды «аспан ұлы» деп жариялады. Яғни тәңірдің оған берген билігі заңды саналды. Бұл көне түркілерге тән дәстүр еді. «1206 жылғы құрылтайда Мұңлықтың ұлы, атақты сиқыршы, өзінің кереметтерімен даңқы өрлеген және Моңғолияда үлкен беделге ие болған Кәкчу теб-Тәңірі былай деді: Жаратушы тәңірі саған (Шыңғыс ханға) жер бетіндегі патшалықты тарту етеді – енді сенің жеңген жерлеріңнің әрқайсысының өздерін гурхан деп атаған билеушілері иеліктерімен қоса саған қарайды. Сенің атың Шыңғыс болсын. Сен патшалардың патшасы болдың. Тәңірі сені Шыңғыс – патшалардың патшасы, билеушілердің билеушісі деп атасын деп бұйырды». Бұл қолдау Шыңғыс ханның көптен күткен арманының орындалуының белгісі еді. Осының алдында ол өз ағайындары және қолбасшыларымен кездесу кезінде: «Билеушіні Мәңгі Аспан мен жер әміршісінің қолдауы ешқандай теңдесі жоқ бақыт», – деген еді. Бұл түркілерде жоғарғы билікті беру құқы Тәңірінің қолында, ал жердегі билеуші Тәңірі еркін орындаушы өкілі деп есептелуінің айқын мысалы болып табы-

лады. Қасиетті Құран аяты да бұл тұрғыда «О! Алла! Патшалардың патшасы (малик ал-мулк)! сен билікті (мулк) кімді қаласаң соған бересің, кімнен алғың келсе содан аласың»^{*} деп Алла тағаланың жоғарғы билігін көрсетеді.

Шыңғыс империясы да екіге, шығыс және батыс болып бөлінеді. Батыс бөліктің билеушісі шығыс билеушісіне бағынды (Жошы Шыңғыс ханға, Шағатай Үгедейге бағынды). Батыс билеушісінің міндеті елді, әскерді басқару болды да, оның қаған тағына құқы болмады және қос билеуші туысқан болды. Бұл дәстүр Үгедей өлгенге дейін, яғни 1241 жылға дейін он екі жыл бойы сақталды. Державаны екіге бөлу, оның бір-біріне бағыныштылығы жүйесі ұзақ уақыт сақталды. Ал-Омари «Хулагу (Ирандағы түркі-моңғолдық Ильхан-Хулагу мемлекетінің негізін салушы) өмір бойы тәуелсіз хан емес, Мөңке ханның орынбасары ретінде басқарды» дейді. Такты мұраға қалдыру ұлыстарда заңды түрде бекітілмей дәстүрмен реттелді. Хан шынайы түрде немесе формальды түрде құрылтайда сайланды. XIII-XIV ғасырларда моңғол мемлекеттік формаларына түріктердің рөлі аса зор болды, әкімшілік жүйеде ұйғыр, түркі қағанатының формалары көшіріліп алынды. Кейін жергілікті отырықшы (ирандық) дәстүрінің ықпалына түскен Ильхан мемлекетінде биліктің дәстүрлі түркілік жүйесі айналымнан шығып, хан тағы әкеден балаға мирас болып қалды. Бірақ мұрагер кандидатурасы құрылтайда алдын ала талқыланды. Осының арасында құрылтай шақырылғанға дейін жаңа ильхан кандидатурасы династия мүшелерінің тар шеңберінде талқыланып, содан соң құрылтайға жіберілді. Мысалы, Хулагу таққа отырмастан бұрын жоғарғы ханнан рұқсат алу керек болды. Бірақ ол таққа 1258 жылы отырып алған соң Құбылай ханнан рұқсат қағазды 1261 жылы ғана алды. Ұлы хан – Құбылай хан Абаға ханға ол таққа отырып қойған соң тек бес жыл өткенде ғана ресми түрде рұқсат берді. Ильхан Абу Саид өлген соң Иранда саяси бытыраңқылық күшейіп, әр топ Шыңғыс хан әулетінен өз өкілінен таққа отырғызуға тырысты. Бұл кез көшпелілердің дәстүрлі саяси жүйесінің ұзақ уақыттық тарихи даму барысында отырық-

^{*} Құран: Бахара 185, 253; Әли Ғымран: 26, 40-аяттар.

шылыққа тән жергілікті билік дәстүрлерімен ассимиляцияға түсіп түпкілікті өзгеріске ұшырауы мен аяқталуы еді.

Ал мұсылман әлеміне келсек, Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбар мен алғашқы дұрыс төрт халифтен кейінгі халиф әулеттері билігі кезінде (омеялар, аббасилер) ислам табиғатына қарама-қайшы басқарудың монархиялық үлгісі «гүлденді». Алғашқы ислам мемлекетін құрушы Мұхаммед (ғ.с.) өзін ешқашан да патшамын деп санаған жоқ, Алла билігінің жердегі өкілімін деп санады. Мұхаммедтен кейін мұсылмандардың басшысы кім болатыны жайлы мәлімет Құранда анық айтылмады. Сондықтан да алғашқы мұсылмандар мұны өздері шешу керек болды.

Алғашқы исламдағы жоғарғы билік жүйесінде шешуші рөлді «ар-рида» (лайықтылық – Ж.Ж.) термині мағынасындағы түсінік ойнағаны белгілі. Алғашқы төрт халифты таңдауды келтірген қайнар көздерді талдау радиана немесе ридан масдары халиф қызметіне кандидаттың мұсылман қоғамының басшысы жетекшісі болуға қажетті барлық талапқа лайықты екендігін білдіретінін көрсетеді. Бұған мысал ретінде ансарлардың өздерінің көсемдері Са'д ибн Убадқа Мұхаммедтің орынбасарын таңдау кезіндегі пікірталас кезінде айтқан «біз саған билік береміз, өйткені сен бізді қанағаттандырасың және сенушілердің арасындағы лайықтысысың» (файннака фина макна'ун ва лисалих ал му'минин ридан) деген пікірлерін келтіруге болады. Қайнар көздер Әбу Бәкірдің пайдасына биліктің шешілуін оны таңдаушылардың негізгі бөлігіне лайықтылығы себеп болғанын көрсетеді. Мұсылмандардың көпшілігі Әбу Бәкірді күрейіштердің ішіндегі ең қайырлысы (хайрун мин курайш) деп содан соң оны қауым жетекшілігіне лайық деп таныды. Османға да, Әли ибн Әбутәліпке де ант беруге келген күрейіштердің ықпалды адамдары олардан антты қабылдауларын сұрағанда олар алдын ала басқа күрейіштердің өздері жайлы пікірін сұрады. Ат-Табаридің Әлидің ант беруі жайлы дерегінде «пайғамбар серіктерінен бір кісі оған келіп: «Осман қайтыс болды, адамдарға имам керек» деп хабарлағанда Әли одан, «мұсылмандар кеңесі (аш-шура) болды ма?», – деп сұрады. Оған ол: «Иә, кеңес болды, олар сен бізге лайықтысың (анта лана ридан) деп шешті» деп жауап берді.

657 жылғы Сиффиндегі шайқастан соң Әли мен Му'авий кезінде билікке кім құқылы деген сұрақ ашық қойылды. Му'авий

жеңіске жеткен соң халифат билігін өз игілігіне ұрпақтарына қалдырды, ол монархияға қарсы көпшілік пікірінен бас тартты. Осыдан бастап мұсылман ардагерлер, фикхтар, Мұхаммед пен Әлидің туыстары билік принципі жайлы Алланың еркі бұзылды деп санады.

749 жылы Абу-л-Аббасас-Сафак Куфада өзін ар-рида мин ал Мухаммед деп жариялады. Осыдан 30 жыл өткенде билік пайғамбардың немере ағасы ал-Аббасқа лайық деп өз билігін ұрпақтарына мұра етіп жариялады. Осылайша, ортағасырлық мұсылман әлемі де отырықшы қоғамға тән, ислам қағидаларына карама-қайшы биліктің монархиялық түріне ұрынды.

Мұсылман әлеміндегі түркілер мемлекеттерінде биліктің деспоттануына, Э.К.С. Лэмбтонның пікірінше, түркілердің үкімет пен режимге қызмет еткен және оның тұрақтануына мүдделі отырықшы халықтардан шыққан жеке адамдардың санының көбеюі нәтижесінде пайда болған оларға деген сенімсіздіктен, билік басындағы адамның өзінен басқа абсолюттік билікке ешкім лайық емес деп есептеуінен туды. Исламдық билік жүйесі мен түркілердің дәстүрлі басқару жүйесіндегі ұқсастық түркі билеушілерінің жаңа дінге деген құрметін молайтты, бұл ұқсастықтан Тәңірі қалаған, өз дүниетанымдарына жақын дәстүрлі әділеттікті көрді. Әлсіреп, өзгеріске түсе бастаған дәстүрлі билік жүйесін қалыпқа келтіруші бірден-бір күш ретінде Құран жазбаларына үміт артты. Бұл үрдіс олардың ислам дінін қабылдаумен қатар жүрді.

Байқағанымыздай, түркілердің жаңа дінге қатысы ирандықтардың исламды қабылдауынан мүлде басқаша жағдайда орын алды. Исламның түркілер арасында кеңінен тарауының негізгі факторларына түркілердің дәстүрлі дүниетанымының жаңа дінмен қағидалық ұқсастығы да әсер етпей қоймады. Исламды қабылдамай тұрып-ақ түркілердің жүрегінде исламның негізгі қағидаларының бірі, тәңірі діні негіз болған «иман» болды. Ислам дінінің жауынгерлік рухқа қолдау көрсетіп, дін үшін соғысты шарифат бойынша заңдастыруы да әскери жетілген түркілер үшін қолайлы жағдай жасады.

Араб жаулап алуларының түркілер даласында айтарлықтай қарсылыққа ұшырағандықтары да белгілі. VIII ғасырдың бірінші

жартысында Кутейбаның Орта Азияда әскери қарсылыққа ұшырауы бұл араб шапқыншылығының қарсылыққа ұшырауы болды. Исламның негізгі қағидаларының түркілердің тәңірі дінінің элементтерінен көп алшақтықтың болмауы, керісінше дүниетанымдық ұқсастық, түркілердің исламды оңай қабылдап, тіпті соңында осы діннің нағыз белсенді жақтаушыларына айналуына әсер етті.

Түркілік дүниетанымның элементтерін сіңіре білген, олардағы қағидалар мен ережелерді исламдық шарифатпен шебер жымдастыра білген исламның сопылық ағымы мен оның көрнекті өкілі Қожа Ахмет Яссауи ілімі түркілер арасында исламды таратуда табыстарға жетті. Бұл үрдіске түркілік дүниетанымның исламмен аса қайшылыққа келе қоймауы, керісінше түп негіздегі ұқсастықтың да оңтайлы әсер еткені сөзсіз. Осы негізде түркілердің исламды қабылдауы қандай да бір зорлықсыз, дүниетанымдық қарсылықсыз, еркін түрде жүргізілді.

Мұсылман әлемін жаулап алушы түркілердің мемлекетті басқарудың дәстүрлі жүйесі мен Мұхаммед (ғ.с) және алғашқы дұрыс халифтер кезіндегі исламдық билік жүйесі ұқсас болды. Бұл ұқсастыққа көшпенді араб және түркі халықтарының дәстүр мен сенім ұқсастықтары да оң әсер етті. Бірақ Мұхаммед (ғ.с.) пен алғашқы дұрыс халифтар кезіндегі исламдық билік жүйесі де, алғашқы түркілердің де басқарудың сатылы-еншілес жүйесі де өздеріне дейін өмір сүрген отырықшы мемлекеттердің дәстүрлі билік жүйесімен бірыңғайлыққа түсіп, деспоттық-монархиялық сипат алды.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркілердің әлемдік діндермен қатынасы қандай дәрежеде болды?
2. Түркілердің исламды қабылдауында көне нанымдарының маңызы неде?
3. Түркілердің исламды қабылдау ерекшеліктерінің негізгі аспектілерін атаңыз.
4. Түркілердің дәстүрлі билік жүйесі мен ислам билігінің параллельдерін сипаттаңыз.

III XI-XIV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІЛЕР БИЛІГІНДЕГІ ИРАН

3.1. XI-XII ғасырлардағы селжүк түркілерінің Иранды жаулап алуы және оның діни-саяси сипаты мен салдарлары

Бұл тарауда Аббас халифаты құрамындағы Иран жеріне Орта Азия түркілерінің жаулап алып, қоныстануының негізгі үш кезеңі қарастырылады:

1. Селжүк-түркілері кезеңі.
2. Атабектер кезеңі.
3. Түркі-моңғолдар кезеңі.

Айта кеткен абзал, түркілердің Иран территориясына енуі көрсетілген кезеңдерден бұрын-ақ басталған болатын.

К. Босворттың айтуынша исламның алғашқы үш ғасырында-ақ түркілер Иранмен шекаралас аймақтарға, Мәуреннахр мен Хорезмге келе бастады. Зерттеуші пікірінше «түркілер Хорасан мен Мәуреннахрде арабтарға дейін-ақ тұрды. Яғни бұл аймақтардың түркіленуі селжүктерге дейін-ақ жүргізілді; түркілер мал шаруашылығымен қатар, табиғаты қолайлы жерлерде егіншілікпен де айналысты; Орта Азияның халқының көлемді бөлігін түркілер құрып, олар енді Таяу Шығысқа кіре бастады». Исламның алғашқы ғасырларында әлемдік сахнада түркілердің саяси орнының салмақтылығы арабтарды олармен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға мәжбүр етті. Сол дәуірлердегі күшті мемлекеттер қатарында болған Хазар қағандығымен саяси одақ жасауға мүдделі мемлекеттер баршылық болды. В.А. Гордлевский де түркілердің Кіші Азияға ене бастауын VIII-X ғасырларда халадж, қарлық, қаңлы, қыпшақ тайпаларымен байланыстырады. Орта Азия түркілерінің араб халифатының кіші Азиядағы иеліктеріне кіре бастауы халиф ал-Махди (775-785 ж.) кезінде басталып, оның орынбасарлары кезінде күшейе түсті. Аббасилер ислам мемлекетінің шекараларын қорғауға исламды қабылдаған Хорасан және Орта Азия түркілерін пайдаланды. Түркілер мен халифат билеушілері отбасылары арасында саяси мақсаттағы некелер орын алды. Мысалы, Мансур халифтың Ар-

менядағы өкілі Усид Уль-Ислами Хазар қағанының қызына үйленді және одан ұлды болды. Харун ар-Рашидидің заманында да Фазл ибн Яхйя Вармаки 798 жылы Хазар қағанның қызына үйленді. Осы халиф кезінде халифаттың барлық істеріне кедергісіз қол сұғып келген ирандықтар шеттетіліп, олардың орнын түркілер басты. Түркі қызы Жижек Ханым (Шешек) ал-Муктафи (877-878 ж.) халифтың шешесі болды. Ал Мустасим халиф кезінде түркілер оның төңірегіне жиналып, Бағдад қаласы түркілерге толды. Бастапқыда мәдениет пен шаруашылық дәстүрлерінде айтарлықтай алшақтық бар жат жерлік көшпенділерге жергіліктілердің көзқарасы дұрыс болмады. Жат жерлік әскерилерге деген өшпенділік болмай қоймады.

Ислам қарсаңындағы түркі қоғамындағы саяси және рухани дағдарыстың ауыр зардаптары жайлы Н. Нұртазина өз еңбегінде: «Дәстүр солып, мағынасын жоғалтып, тіпті сол табиғи дін, мифология баяғысынан айырылып, өңін айналдырып, ішінен тоқырады, зайырланды. Өтпелі кезеңде түркілер өзара толассыз қырқыс үстінде, тіпті тәңіршілдіктің аз да болса рухынан, этикасынан айырылған дөрекі тайпалар еді, дәлірек айтсақ, затшылдық рухы, дүниеқоңыздық бойларын жеңген тобырға айнала бастаған. Айналысқандары – шабуыл, барымта. Өз қандастарын тұтқындап, Хорезм мен Мәуреннахрдың базарларына апарып сатты», – деп жазады. Осындай жағдайдан түркі даласынан араб халифатының иелігіне түркі құлдары мен күндері әкелінді. Түркілерге тән ержүректік пен жауынгерлік қасиеттің арқасында олардың үлкен бөлігін әскери дайындықтан өткізіп әскери қызметке пайдаланса, қалғандарын үй қызметіне ұстады. «Түрік қыздары әдемі, нәзік, ақ жүзді. Олардың көздері кішкентай, бірақ сүйкімді. Көбісі орта бойлы, бойшаңдары аз. Олар баланы көп табады және балалары әдемі әрі шабандоз болады. Олар ұқыпты, асты жақсы дайындайды. Бірақ ысырапшыл әрі сенімсіз» дейді тарихшы.

Дегенмен түркі құлдары, өздерінің табиғи жауынгерлік қасиеттерінің арқасында құлдарға тән төменгі қызметтерден гөрі, әскери істерде табысқа жетті. Осы себептен де бастапқыда төменгі қызметтерді атқарған түркі, уақыт өте келе әскери іске араласып, айтарлықтай әскери мансаптарға қол жеткізді.

Низам ал-Мүлік түркі құлының саманилер сарайындағы әскери мансабын былайша баяндайды: «Алғашқы бір жыл бойы құл (ғұлам) қызметін атқарады. Бұл кезде ол зендани матасынан (Бұқарадағы қоныстың атымен аталатын) киім киеді. Бір жыл өткен соң хаджиб, шатыр бастығының (висак) келісімімен жай тоқым мен түркі аты беріледі. Үшінші жылы ол айрықша белбеу (қарашор) алды. Ал бесінші жылы жақсырақ ертоқым, жұлдыздармен әшекейленген жүген, қымбатырақ киім және шоқпар алды. Алтыншы жылы шеру киімін, жетінші жылы «висак баши» шенін, висак башының лайықтылық белгісі – күміспен әшекейленген қара киіз қалпақ және гянджа киімін алды. Біртіндеп ол «хайльбашы» (отряд бастығы) және «хаджиб» атағына қол жеткізді». Осындай билік баспалдағымен ал-Му'тасим халиф пен ал-Висак кезінде Самарада сарай күзеті командирі болған түркі тектес Айтақ ал-Хазари өз қызметін аспаз көмекшісі болып бастады.

Халифат әскерінде көптеген түркі тектес қолбасшылар ғұламдар кезеңінде қызмет атқарды. Олардың атын атар болсақ: Афшин Аға Бұха, оның ұлы Мұса, Васиф, кіші Бұха, Салық, Ибн Васиф, Мұхаммед ибн Бұха, Байқбек, Минкаджавр ал-Ферғани, Зерек, т.б. Жоғары әскери мансапқа қол жеткізген түркілер кейде халифтың қолындағы зайырлы билікті тартып алуға тырысты. IX ғасырдың өзінде-ақ Бағдатта аббасилердің билігін сарайдың түркі ұландары шектеді. Халифтер кей жағдайда олардың қолындағы ойыншық болды. «Мустайн таққа отырғанда (862 ж.) шонжарлар жұлдызшыларды шақырып алып сұрады: «Айтыңдаршы! Бұл халиф қанша уақыт өмір сүреді және қанша уақыт тақта отырады?». Сонда сол жерде тұрған бір қушыкеш: «Мен жұлдызшылардан да жақсы болжай аламын, түркілер қанша уақыт қаласа сонша уақыт билейді» деді». Осы мәліметтерден-ақ ғұлам-түркілердің халифаттағы маңызын сезінуге болады.

Мұхаммед ибн Абу Садж Афшин 266-879 жылдары Әзірбайжан мен Армениядағы халиф билеушісі болды. Ол кейін өзін халифаттан тәуелсіз билеушімін деп жариялады. Кейін оның туысы Юсуф билікті тартып алып антихалифтық күресті жалғастырды. 919 жылы Ардебиль қақпасында кескілескен шайқас болып саджилер жеңіліске ұшырады. Саджилер халифаттан тәуелсіз өз алтын, күміс ақшаларын шығарды. Дәл осындай

жолмен құрылған мемлекет саманилерде әскери қызмет атқарып, кейін Ғазна қаласының атымен өз мемлекеттерін құрып түркі құлы Сабук тегін негізін қалаған ғазнауылер мемлекеті еді.

Аталмыш кезеңде жекелеген түркі тұлғалары белгілі бір дәрежедегі билікке қол жеткізгенімен, олардың бұл билігі жергілікті дәстүрмен тез өзгеріске түсіп, айтарлықтай түркілік сипатқа ие бола алмады.

Түркі халықтарының ислам тарихындағы маңызды кезеңі әсіресе селжүк-түркілері кезінде айқындала түсті. Мұсылман әлеміндегі қазіргі кезде өте маңызды болып отырған сол кездегі берік іргетасы қаланған, исламның осы аймақта нығайып, дамуының тарихи алғышарттары осы кезеңде негізделе бастады.

Иранды жаулап алушы түркілердің этникалық тегіне талдау жасай кету де зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл орайда, бұрынғы қалыптасқан түркілердің осы легіне оғыз-түркімендік сипатты көбірек беру үрдісінен тысқары кету маңызды болып отыр. Иранның XI ғасырдағы саяси-мәдени өмірінде терең із қалдырған түркілердің бір легі селжүктер оғыз-түркімен тайпасының «қынық» тармағынан шықты. Бұл тайпа көптеген рулардан тұратын ірі бірлестік еді. Бұл пікірді Иран тарихшысы М.Дж. Машкур да ортағасырлық араб-парсы тарихшыларының деректерін саралай келе «селжүктер түркімен-оғыз тайпасының қынық руынан шықты» деп тұжырымдайды. Тарихи деректерді саралау қынық тайпасының қазіргі қазақ халқы құрамындағы қаңлы тайпасымен байланысы жайлы пікірге жетелейді. Бұл тұрғыда қолда бар деректер осы пікірдің шындыққа жанасатынын көрсетеді. Егер оғыз одағының қаңғар-печенег бірлестігі мекендеген Сыр-Арал бойында осы бірлестікті талқандап, өзіне қосып алумен қатар жүргенін ескерсек, қаңғарлардың оғыздар құрамында болуы заңдылық. Келесі бір дәлел бойынша «қаңғар – қаңлы – қанқ – қынық» этнонимдік сабақтастығы осы болжамды бекіте түседі. Осы орайда қазақ тарихшысы С. Әбушәріптің айтуынша печенегтердегі қаңғар, Кенгер, қырғыздардағы «қаңды», қазақтардағы «қаңлы» және «қыңклы» ру-тайпалары және географиялық атаулар Кеңдіз және Кеңдеh, сондай-ақ Сырдарияның орта және жоғарғы ағысындағы кенгерлердің бәрі сол «канк» немесе «кенк» қауымына

катысты айтылып, жазылған этнонимдер екендігі айдан анық жайт. Осы қынық руынан шыққан селжүк топтарының негізгі мекен ету ортасы араб-парсы деректерінде Түркістан деп аталады. Қаралып отырған деректерде Түркістан деп қазіргі оңтүстік-батыс Қазақстан аймағы айтылып жатқаны талас тудырмайды. Сонымен қатар селжүктердің атамекені Сырдарияның орта ағысы ауданы болады. Осы ауданды мекендеген тайпалардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы еді. Бұл селжүк бірлестігі Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген оғыздар есебінен көбейді.

X-XI ғасырлар басындағы қайнар көздер де селжүктерді баяғыша «оғыздар» деп атайды. Ал XI ғасыр бірінші ширегінен бастап оларды «түркімен» деп атай бастайды. X-XI ғасырларда «түркмандар» деп отырықшы халықтар өздерімен көршілес, мәдени қатынастарда тәжік, хорезм және хорасандықтармен жақындасқан халықтарды айтты. Түркімендердің қалыптасуына Орта Азия мен Қазақстанның түркі-моңғол тайпаларының топтары мен қыпшақтары да үлкен үлес қосты. С.Г. Агаджановтың дұрыс көрсетуінше, оғыздар түркімендердің этногенезіне үлкен рөл атқарғанмен түркімендерді оғыздармен шендестіру тура емес. Өйткені түркімен халқының қалыптасуына оғыздардың тек оңтүстік бөлігі ғана қатысты. Бұл этностың қалыптасуына оғыз емес түркілік, тіпті түркі емес элементтердің де қатысқанын айта кету керек.

Тарихи деректерді талдау түркілердің ислам дінін қабылдауымен, олардың мұсылман тарихнамасындағы дәстүрлі түркі атауының түркімен атауымен ауыса қолданылғанын көрсетеді. «Бұрынғы уақыттарда түркі-ғұздардың, деп жазады Бируни, исламды қабылдағандарды және мұсылмандармен араласқандар «тарджуман» (аудармашы) деп аталды, ал олардың арасында қандай да бір ғұз исламды қабылдаса ғұздар оны туркман болды деп жазды, ал мұсылмандар олардың құрамында «туркмандар», яғни түркілерге ұқсастар кірді» деп айтады. «Тарих-и Али Салжук» атты тарихи еңбегінде Языджоглы Әли де (XV ғ.) «Оғыз ханнан соң оның ұрпақтары өте көбейді. Бұдан соң олар араб тайпаларымен араласып «тачиктерге» айналды. Біздің уақытта, деп жазады Языджоглы, барлық оғыздарды «туркмандар» деп атайды. Алғашқыда оғыздардың бет-әлпеті моңғол-

дардай болды. Олар Рум мен Сирияға келген соң түркі және тачиктерге ұқсады» деп жазады.

Шараф ал-Заман Тахир Марвази да (XII) «түркімендер» деп исламды қабылдаған оғыздарды атады. Осман тарихшысы Мехмед Нешри де түркімендер деп, исламға қараған түркіні айтты дейді. Ол «300 х.ж. [999 жылы екі мың түркі исламды қабылдап түркімендер деп атала бастады» дейді.

Түркімендердің қалыптасуына оғыздық емес элементтердің, әсіресе қыпшақтардың қатысқандығын төмендегі деректер дәлелдей түседі. Крест жорықтары дәуірінің тарихшысы Жак де Витри «туркман» сөзінің біріккен сөздерден құралғанына назар аударады. Бұл этноним оның ойынша «түркі» мен «коман» сөздерінің бірігуінен туған. Түркімендер мен қазақтардың ауыз әдебиетіндегі аңыздар желісі де сөзімізді дәйекті ете түседі. Мысалы, түркімен-ерсарылар арасындағы аңыз бойынша Салыр Қазанның әйелдерінде 6 ұл болды. Алтыншы ұлы Қазақ деп аталды. Аңызда түркіменнің қазақпен көршілігі, кейін олардың ұрпақтарының санының көбейіп, өз территорияларын бөліп алғандығы жайлы әңгіме болады. Тағы бір осындай аңызда түркімен мен қазақ сиам егіздеріндей бірге болған, кейін оларды қылыш көмегімен бөледі. Кейін бұлардың ұрпақтары түркімендер мен қазақтар деп аталып, қазақтар мал шаруашылығымен, түркімендер егіншілікпен айналысады. Селжүктер қозғалысынан көп уақыт өткенде XIII ғасырда Хорасан түркілерінің арасында қазақ термині кездесетінін жазады. Бұл қолжазбаны тауып алған кісі «Қолжазбаны (данишқадэ-и-маккул-у-мажкул) Биләл ибн Жабрайл ибн Мұхаммед Али ат-Туркаман ал-Қазаки 660 (1262) хиджра жылы таптым» деп қолхат қалдырған. Рашид ад-дин Раби-Рашидидің «Вакфнаме» деген Хорезм, Хорасан жазбаларына жататын құжаттарда «қазақлу», «қазақлар» атты терминдер кездеседі.

Оғыз-түркімен тайпасының негізін құрайтын рулардың бірі баяндур көптеген басқа тайпаларға ортақ ру. Рашид-ад-дин баяндурды моңғолдың байат тайпасымен байланыстырды. Гардизи қимақтардың құрамындағы баяндур руы туралы айтады. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан территориясында кездесетін Байылдыр, Шәуілдір жер атаулары оғыз тайпаларының атауымен тікелей байланысты екендігі күдік тудырмайды.

Жоғарыдағы деректердегі «қазақ-түркімен» терминдерінің қосарлана қолданылуы селжүктердің қозғалысына қыпшақ тайпаларының да белсене қатысқанына дәлел болса керек. Яғни бастапқыда қозғалысқа оғыздық сипат берген ортағасырлық араб-парсы авторлары, кейін бұл қозғалысқа олардан басқа, қыпшақ, қаңлы, қарлық, т.б. түркі тайпаларының алар үлесін пайымдап, оларды, енді, мұсылман дініндегі түркілердің жалпы атауымен түркімендер деп атай бастады және бұл атау қазіргі күнге дейін Ирандағы түрік тілдес тайпалардың атауына ие болды. Келтірілген деректерді саралай келе мынадай қорытынды жасауға болады: XI ғасырда Түркістан жерінен бастау алып, Иран жерін жаулап алған түркілердің этникалық құрамы әртүрлі болды. Қалыптасқан оғыз тайпалық одағына бірқатар түркілік элементтер, қыпшақтар, қаңлылар, т.б. енді. Түркістанда басталған түркілердің оғыз тайпасының төңірегіне топталу процесі олардың Иран жеріне енуімен бірге жаңа жаулап алынған территорияларда одан әрі қарай, ұзақ уақыттар бойы жалғасын тапты.

Оқу құралының негізгі мақсаттарында көрсеткеніміздей, түркілердің билігі кезіндегі Ирандағы діни-саяси ахуалдағы оң өзгерістерді талдау осы тарау міндеттеріне жатады. Осыған қатысты бұл тарауда бірнеше мәселелер талданып, тұжырымдалады:

1) түркілердің Ирандағы діни-саяси маңызын ашып, көрсету мақсатында мұсылман әлемінде түркілер мен олардың жаулап алуларына қатысты діни жазба мәліметтерін талдау; 2) түркілер жаулап алуларының саяси салдарларының бірі ретінде Ирандағы ірілі-ұсақты бытыраңқылықтың жойылуына әсері; 3) ислам мен Иран әлемінің сыртқы саясатындағы дағдарысты ахуалдың өзгеруі; 4) дәрменсіз халиф билігін шектеп, ислам әлеміне түркілер билігінің орнауы; 5) діни алауыздықтарға шектеу қойылып, діни ағымдарға толық бақылау орнату.

Ислам әлемін түркілердің жаулап алуының діни сипат алуына, *біріншіден*, олардың Иранда орын алған діни-саяси негіздегі саяси-әлеуметтік дағдарысты шешудегі ықпалдары себепкер болса, *екіншіден*, ислам әлемінде осы бір қиын саяси-әлеуметтік дағдарыстан шығуға шығыстан келер түркі жауынгерлерінің ислам әлемін жаулап алулары әсер етеді деген са-

рындағы пайғамбар (ғ.с.) хадистері де түрткі болды. X-XI ғасырлардағы ислам әлемінің дін өкілдері үшін шығыстағы түркілер дінді құтқарушылар рөліне ие болды. Ислам әлеміндегі саяси әлеуметтік ахуал сенушілердің назарын Бағдадқа емес исламда мемлекет пен мешіт одағының идеалын қалыптастырған, өздерін түгелдей дерлік тәуелсіз, бірақ халифаттың адал құлымыз деп жариялаған шығыстағы түркілерге ауды. Селжүктер кезіндегі түркілердің батысқа қозғалысы басталу қарсаңында осы қозғалыстың діни сипатқа ие болуына негіз болған факторлардың бірі түркілердің батысқа қозғалысының алдын ала болжайтын Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздан жеткен хадистер келтіріле бастады. М. Қашқари ислам пайғамбарынан (ғ.с.) «менің шығыста «түрік» деген бір әскерім бар. Егер мен бір халыққа ашулансам, онда оларды жазалауға осы әскерімді жіберемін» деп келтірілген хадисті жеткізеді.

Парсы тарихшысы Раванди де өз еңбегінде Меккедегі Қаабада «Хатиф» жайлы бір ғажайып жасырын дауыс шыққанын, онда ол дауыстың Абу Ханафия имаммен сөйлескенін және ол дауыстың «қылыш» түркілердің қолында тұрғанда дін жоғалмайтынына уәде бергенін жазады. Раванди бұдан соң «құдайға шүкір, исламның қорғаушылары күшті және халифатты ұстаушылар бақытты және қуанышта! Араб, парсы, Византия және орыс жерлерінде түркілер күшті. Олардың қылыштарының алдында қорқыныш ұзақ сақталады» деп өз қуанышын жасырмады. Джелел ад-дин Румидің ұлы Бехайддин Веледте пайғамбардың осы сарындас хадисін айтты. Осындай хадистердің бірін В. Бартольд Макдисиден жеткізеді. Макдиси Тоғрул бектің Бағдадқа шабуылынан жетпіс жыл бұрын шығыстан келетін жаулап алушылар туралы алдын ала айтылған кітап сөзіне назар аударады: «Мен Фарста бір кітаптан пайғамбардан (ғ.с.) Иснадқа жеткен хадис оқыдым. Мен қауымымның арасынан дейлемілердің (буйлар шыққан халық) әрекетін көріп отырмын. Олар сенушілерді тонады, мешіттерді қаңыратып бос қалдырды, әйелдерді қорлады. Исламды әлсіретіп, берекеге нүкте қойды да, әскерді қуғынға ұшыратты. Оларды құдайдың әмірінен басқа еш нәрсе тоқтатпайды. Хорасаннан бір ер кісі келеді. Әдемі жүзді, батыр, кеудесінде қара қалы бар, биік бойлы. Философ, ғалым, есімі – пайғамбар аттас. Алла «кіші қақпадан» жеңіс беретін

басқа жұрттан шыққан ол, Хорасаннан «үлкен қақпаға» дейін ие болады. Ол (дейлемилерден) бірде-бір қарулы адам қалмағанша қылышын тастамайды». Одан сұрады: «О, Алланың елшісі! Бұдан соң не болады?». Жауап былай болды: Хорасанның иесі Алла үйіне келеді және оның атынан Хорасан, Зеуір, Фарс, Ирак, Мекке, Мәдине мешіттерінде хұтба оқылады». «О, Алланың елшісі! Бұдан соң не болады?» – деген сұраққа «ұзақ уақыт адамдардың пейілі арыстандай болғанда, сеніп тапсырылған сенімді ұмытады және тыйым салынған нәрселерден бас тартпайды», – деп жауап берді.

Қалай болғанда да, түркілердің жаулап алуы қарсаңындағы отырықшы елдердің ішкі саяси-әлеуметтік және сыртқы халықаралық жағдайларына талдау жасасақ, аталмыш елдердегі ахуалдың сырттан келетін үшінші бір өзгертуші, жойқын күшке қатысты өзгеретінін күтетінін байқаймыз. Моральдық, әлеуметтік дағдарысқа тап болған отырықшы қоғамның ойшылдары халықты басқа жақтан келетін құтқарушылардың бар екендігімен үміттендірді. Осылайша дәстүр мен ереже шеңберінен шығып, бұзыла бастаған қоғам мүшелерін Құдайдың қарғысы болып алыс жақтан келетін «жабайы» халықтың жойқын шабуылын айтып қорқытты. Осы орайда, қай дәуірдегі болса да діни жазбаларды алып қарасақ та осындай халықтар ретінде түркі тайпаларының көрсетілетіні назар аударарлық. Мысалы, иудейлік дінбасы өз халқына иудейлік пайғамбар Иеремияның апат солтүстік жақтан келеді деп ескерткенін еске салады: «Міне, скифтер бұлттар сияқты жөңкілуде, олардың арбаларының доңғалақтары құйындатып, аттары сұңқардай ұшуда. Олар бізге қасірет әкеледі, Жердің ең шетінен көтерілген бұл халықтың қолында найза мен садағы бар. Олар қатыгез де қайырымсыз». Ал түркілердің Иранды жаулап алуы жайлы Авестадағы мына дерекке назар аударсақ, оның негізінде тарихи шындықтың жатқанын байқаймыз: «Уа, әзіз Заратуштра! Сенің заман ақырың жетуімен ең жаман дәуірлердің басталуының белгісі мынау болмақ – шығыстан қахар елінің шаштары жалбыраған, жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған жын-перілері келіп, Иранды жаулап алады. Олар байлық, шындық, сенім, ерлік, көрегендік, қуаныш пен Ахураның барлық амалдарын аяқасты етіп, маздакизм мен оттың көзін жояды, сол кезде жауыздық пен

айуандық үстемдік құрмақ»^{*}. Араб жаулап алуларынан соң да зороастризм діні Иран жерінде ұзақ уақыт сақталып тұрды. Осы діннің маңыздылығы тек селжүктер мен моңғол-түркілері кезінде толық жойылды. Бұл жоғарыдағы діни кітаптардағы шығыстан келер түркілер жайлы болжамдардың расқа айналғанын көрсетеді. Селжүктер, тіпті моңғолдар жаулап алулары кезінде жергілікті халықтардың жат жерлік басқыншылардың жойқын шабуылына мойынсынып, мұны Алла тағаланың өздеріне жіберген жазасы ретінде қабылдағаны жайлы деректерді осы зерттеу барысында кездестіресіздер. Бұдан хабары бар түркілер де жаңа жерлерге келгенде өздерінің Жаратушының әмірімен келген ислам әлемінде тәртіп орнатушы жаулап алушылар екендігін айтуды естен шығармайды.

Алдыңғы тарауда талдап кеткеніміздей, жаңа аймақтарға келместен бұрын-ақ селжүктер ислам дінін қабылдай бастады. Дүниетанымдағы алшақтықтың, қарама-қайшылықтың болмауы түркілердің ислам дінін тез қабылдауына мұрындық болды. Түркілердің ислам әлемі мен Иранды жаулап алуының діни сипатқа ие болуына селжүктердің исламды қабылдауының да тікелей әсері болды. Түркі даласына исламның таралуына Хорасанда орын алған саяси оқиғалар нәтижесінде моральдық құлдырауға ұшырай бастаған ресми халифат билігіне оппозициялық көзқарастағы қайсание ілімін ұстанушылардың Мәуреннахр мен Түркістанға келулері себепші болды. З.З. Жандарбектің бастапқыда ресми ислам мен халифаттың жақтаушылары болған түркілер уақыт өте келе осы ілім мен осы ілімді ұстанушылардың ықпалына түсе бастады деген пікірінің жаны бар. Түркілер арасында ислам дінін таратуда табысты болған шейхтер Әбдірахман Баб, Әбдіжәліл Баб, Ысқақ Бабтармен рухани байланысы бар Хорасан шейхтері мен осы ілім арқылы ислам қағидаларын бойларына сіңірген алғашқы селжүк билеушілері халифтың көзсіз қолшоқпарларына айналмай, керісінше, халиф билігін айтарлықтай шектеді. Дегенмен исламды қабылдау селжүктер арасында бірдей деңгейде жүрмеді. Билеушілер мен ақсүйектер жаңа дінді тез қабылдаса, қарапайым жұрт бұл дінге уақыт өте келе мойынсына бастады. Бірақ бұл қандай да бір зорлықсыз,

^{*} Авеста. Бахманишт. 24-2.5-жыр. Қыдыр Төре аудармасы.

жанжалсыз ерікті түрде жүрген үрдіс болды. Жалпы, ортағасырлық араб-парсы деректері селжүктердің ислам дінінде болғанын жазады. Мысалы, ар-Раванди: «Бұлар (селжүктер) діни адамдар, (дін ісіне) қанық олар дінсіздіктен бойларын аулақ салып, исламға ұмтылды, пайғамбарымыз көрсеткендей Қағбаға бет бұрып, имамға ұйыды», – деп жазды. Селжүктердің арасында исламның тарауына сопылықтың көрнекті өкілдері айрықша рөл атқарды. Хорасанда өмір сүрген атақты шейх Абу Са'йд Мейхани жайлы оның шөпшегі Мұхаммед ибн ал-Мунаббардың жазған «биографиялық жазбасында» шейх селжүктердің жетекшілері Чағры бек пен Тоғрул бектің ғазна билеушісі Масудпен болатын жанжалдың нәтижесін алдын ала болжап біледі. Осы болжаудың нәтижесі бойынша ағайындылар жеңіске жетіп, Хорасан мен Иракты бөліп алатыны белгілі болды. «Тоғрул мен Чағры шейхке сәлем беруге Мейхенеге келді. Шейх бір топ сопылармен мешітте отыр еді. Олар (ағайындылар) шейхке жақын келіп оның қолын сүйіп амандасты. Шейх сәлемді алған соң әдеттегіше басын біраз төмен салып отырды да, басын көтеріп Чағрыға айтты: Саған біз Хорасанды береміз. Тоғрул, саған Иракты береміз, – деді. Олар рақметін айтып қайта кетті. Біраз уақыт өткенде біздің шейх айтқандай Чағры бек Хорасанды басқарды, ал Тоғрул бек Иракты биледі» дейді биограф.

Осы шейхке Тус маңында, Нишапурдан үйіне Мейхенеге келе жатқанда, ол өз жолдастарынан озып кеткен кезде оғыздардың қарақшы тобы шабуыл жасайды. Қарақшылар шейхтен астындағы атын беруді талап етеді (шабуыл жасаушылар оның кім екенін білмейді, әрине). Шейх жайбарақат олардан аттың ерін өздері шешіп алуын сұрайды да, атты алып кетуге рұқсат береді. Осы кезде қарақшылардың бір бөлігі кетіп қалып, шейхтің қасында аз-ақ адам қалады. Артта қалып қойған шейх жолдастары келіп, біз көппіз, олар аз, атты бермеңіз деп кеңес береді. Бірақ шейх «жоқ мен бұларға атымды беремін деп уәде бергенмін, әкете берсін» дейді. Қарақшылар атты алып кетеді. Ал шейх жолдастарымен Хурухли ауылына келеді. Бесін намазынан соң, оғыздар шейх атын және оған қоса тағы бір асыл тұқымды ат алып келеді. «Олар шейхтаен өтініп тұрып кешірім сұрады: – О, шейх! Бұл жастар сіздің кім екеніңізді білмейді, сіз

өз ұлылығыңызды көрсетсеңіз». Соңында шейх аттарды алмаса да, олардың қылығын кешірді. Бұдан соң барлық түркілер шашын кестіріп қажылыққа кетті және шейхтің кешірімділігінің арқасында мұсылман болды. Келтірілген деректен Хорасанға келген түркілердің исламды қабылдауы әлеуметтік жіктелуге орай іске асқанын көреміз. Исламды алдымен түркілердің билеушілері қабылдап, қара халық келесі кезекте, қандай да бір зорлықсыз, еркін түрде қабылдағанын байқаймыз. Назар аударуға тұрарлық маңызды жайт, бұл мұсылман болғандардың жаңа дінді сопы қайраткерлері көмегімен танығанын да байқаймыз.

Селжүктер қозғалысы жайлы алғашқы деректер ортағасырлық бастау хаттардан көрінеді. Ибн Ал Асирдің айтуынша қынық руынан шыққан Туғақтың ұлының (Селжүктің) сюбаши (әскербасы) болуы байғудың әйелін қатты мазасыздандырды. Хатун күйеуін Селжүкті өлтіруге үгіттей бастайды. Өзіне төнген қауіпті сезген ол өз тайпасымен және бағыныштыларымен дінсіздер елінен ислам еліне қашады. Мұсылмандардың билігіне сүйенген селжүктер X ғасырдың 80-жылдарда Жендті өз билігіне қаратады. Селжүктер бұл жеңісті місе тұтпастан Хорезм шахы Харун ибн Алтынташтың қолдауына сүйеніп ғазна билеушілерінің қол астындағы Хорасанға көз аларта бастады. Бұл аймаққа шабуылдар кезінде Әмударияда селжүктерге құрамында оғыздар мен қыпшақтар бар түркі топтары қосылды. Насири Хосроу да селжүктердің Хорасанды жаулап алуын оғыздар мен қыпшақтардың шабуылы ретінде айтады. «Оғыздар мен қыпшақтар – дейді ол, Хорасан маңында арам шөптей қаптады». Бұдан соң селжүк топтарының басты қарсыласы ғазна мемлекеті болды. Ғазна билеушісі көшпенділердің өз державасының қақ ортасындағы провинцияда орын тебуінің қауіптілігін түсініп, 1035 жылы әскери кеңес кезінде селжүктердің келген жерлерде өздерін бейбіт ұстап жүргендеріне қарамастан олардың мекені Нисаға жорық жасауды дұрыс деп тапты. Бұл соғыста сұлтан армиясы басым жағдайда болғанмен ұрыс селжүктердің жеңісімен аяқталды. Екі жақ та соғыстан соң әскери күштерін қайта қалпына келтіру үшін келісім жасап тынықты. Ал сұлтан Масуд әскері жаңа әскери науқанға белсенді түрде дайындала бастады.

1036 жылы Ғазнаға жаңа елшілік келіп сұлтаннан Мерв, Серахс, Абиверд қалаларын өздерінің әскери қызметінің қарым-тасына беруін талап етті. 1038 жылы Ғазна әскері үлкен жорыққа шықты. Селжүктер оларды талқандап Тус пен Гератқа дейін қуып келіп, Ибрахим Инал бастаған селжүк әскері Нишапурға келді. Қаланың ақсүйектері мен дінбасылары өзара кеңестен соң қаланы беруге шешім қабылдайды. Иран қалаларын жаулап алған селжүктер жергілікті халықтың өмірі мен қауіпсіздігіне кепілдік берді. Ибрахим Инал Нишапурға кірген соң мешітте Тоғрұл бек атынан хұтба оқылды. Бұдан үш күн өткенде Мұхаммед Тоғрұл бек үш мың аттысымен жібек шапан сәлде мен киіз етік киіп Нишапурға кірді. Нишапур билеушілері Тоғрұлды үлкен құрметпен қарсы алды. 1039 жылы жазда Ғазна әскері жаңа жорыққа шығып, нәтижесінде осы жылдың қараша айында селжүктер қалаларды тастап солтүстікке, Балқан тауларына кетті. Селжүктер көне дала тактикасын қолданып шөлді кезіп құдықтарды құммен көме, өздерін қуған сұлтан армиясын әбден титықтатты. Селжүк көсемдері он алты мыңдық аттыларымен Масуд армиясына басты соққы беруге дайындала бастады. 1040 жылы 23 мамырда бақайшығына дейін қаруланған сұлтан әскеріне Данденекан түбінде қатты соққы береді. Селжүк көсемдері өздерінің жеңістері жайлы хабарларды Мәуереннахр, Түркістанның қарахан билеушілеріне, ал-Кайм халифке жіберді.

1053 жылы Мұхаммед Тоғрұл бекке Шираздың буйлық билеушісі Фулад Суттун бағынып Дәуіт Чағры бектің қызына үйленді. Жыл өткен соң оғыз-түркімен әскері Хузистанға кірді. Марванид билеушісі Диарбақрдегі Наср ад-Даул селжүктер билігін мойындады. Ал 1054 жылы Оңтүстік Әзірбайжан мен Арранда билік құрған астанасы Тебриз қаласы болған раввадилер селжүктерді мойындады. Вахсудан ибн Мамлан өзінің ұлын Тоғрұлға кепілдікке берді. Шаддилер де Құтлымышты Гәнжі қақпасында құрметпен қарсы алып бағынды. Сұлтан армиясы Закавказьеде өтіп, Анатолияда Манцикерт пен Арзурумға жетті.

Осылайша, түркілердің жаулап алуының бұл кезеңінің саяси салдары, осыған дейін бытыраңқы болып келген ирандық кіші мемлекеттерді жойып, бір орталыққа бағындыруларына байланысты болды. Сол кездегі ислам әлемі үшін маңызы ерекше бір орталыққа бағынған қуатты ислам мемлекеті осы селжүктер кезінде орнады.

Алғашқы селжүк билеушісі Мұхаммед Тоғрул бек болды. Ол 1038 жылы-ақ сұлтан титулын иемденген болатын. Ал Данденекан шайқасынан соң селжүк көсемдері Тоғрулды таққа отырғызып ант береді. Тоғрулдан кейінгі тұлға Дәуіт Чағры бек болды. Ол 1037 жылы-ақ Мерв билеушісі болып, ирандық «шахиншах» титулына қол жеткізді.

1040 жылы Масуд сұлтанды талқандаған соң селжүктер Иран, Ирак, Закавказье мен Кіші Азияға жорық жасады. Жаз соңында Тоғрул бек 10 мыңдық әскермен Нишапурға аттанады. Ал Мұса байғұ Мервте қалды да, Дәуіт қалған күштермен Балх пен Тохаристанға аттанды.

Селжүктер Данденекандағы жеңістен соң-ақ жаулап алған жерлерін бөліске салды. Чағры бек Хорасанның үлкен бөлігін алып, астанасы етіп Мервті жариялады. Буст, Герат маңайы, Исфизар, Систан, Кабулистан Мұсаға қарады. Дәуіттің үлкен ұлы Кавурд Керман, Табес пен Кухистан маңайын, Тоғрул бек оңтүстік Иран және Ибрахим Инал, Якути және Құтлымышпен Рейге қарай қозғалды.

Түркілердің Иран әлемін жаулап алуларының тағы бір діни-саяси салдарлары олардың ислам әлеміне үнемі қауіп төндіріп келген христиан дінінің қолшоқпарлары – армян-грузин патшалықтарының қатерін сейілтп, олардың агрессиялық жоспарларына қарсы тұрулары болды. XI ғасыр 40-жылдардың басында селжүктер Хорезмге әскери жорық жасады. Хорезмді алған соң Тоғрул әскері Закавказье мен Кіші Азияға аттанды. Закавказьеге жылжыған Ибрагим Иналдың армиясына қарсы армян, грузин әскерін Липард Орбелян бастап шықты. Вананд маңында болған шайқаста селжүктер жеңіске жетіп Болгар патшалығын талқандады. Осы кездерде Византия Шығыста өте-мөте агрессиялық саясат жүргізген болатын. Византия агрессиясының нысанасы Грузия мен тәуелсіз армян патшалықтары болды. Закавказьені түркілердің жаулап алуынан қорыққан Византия империяның жаулап алу саясатын жалғастырып кейбір территорияларды тікелей бағындыруға кірісті. Негізгі соққы армян патшалықтарына бағыттталып, олардың бірқатары саяси тәуелсіздіктерінен айырылды. Арменияны саяси жою нәтижесінде империя селжүктермен күресті өз мойындарына алуға тура келді. Византияның империямен келісім нәтижесінде шығыстан

қорғауға елу мыңдық әскері бар Грузияға саясаты да көрегендік болмады. Селжүк жорығынан сәл-ақ бұрын император Константин IX Мономах (1042-1055) бұл бағыныштылықты ақшамен айыр-бастап, селжүктерге қарсы империяның Закавказьедегі жаулап алған жерлерін қауіптен қорғайтын күш қоймады. 1042 жылы Ибрахимнің әскері Рейді алды. Тоғрул бек Рейді көркейтуге тапсырма берді де, сол жылы оны өз державасының астанасы етті. 1043 жылы Тоғрулдың әскері Ибрахим Иналдың басқаруымен Керманға аттанып, аймақтың қалалары мен ауылдарын тонап, Рейге қайта оралды.

Жаңа жерлерге келіп, ислам әлемінің едәуір бөлігін жаулап алған түркілер билеушілері осы аймақ пен ислам әлеміндегі орындарын терең түсіне білді. Олар бәрінен бұрын түркілерді ислам жауынгерлері деп білетін мұсылмандардың сенімінен шығуға тырысты. Имад ад-дин Исфханидің айтуынша 1038 жылы Тус пен Нишапурды алған соң, түркілер қаланы аяусыз тонағысы келді. Бірақ оларға Тоғрул бек «қазір қасиетті рамазан айы, бұл айда оның қасиеттілігіне дақ түсіріп, масқараламайық. Тонаудан еш пайдаға кенелмейсің. Бұдан тек даңқымызға нұқсан келіп, масқара атымыз тарайды. Осы айдың аяғына дейін күтiндер» деді.

Селжүктер Хорасанда жергілікті феодалдармен достасып Бағдад халифтерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Селжүктер халифке өздерінің Аббасилерге адалдығын айтып хат жіберді. Равандидің айтуынша хатта: «Біз қызметшілер, селжүк руы, өзіңіздің бағыныштыларыңыз, сіздің әрқашан жақтас-тарыңыз болып едік. Біз әрдайым дінсіздермен соғысып, Ұлы каабаға мінәжат еттік. Біздің өзіміз құрметтеген Исраил ибн Селжүк деген ағамыз болды. Ямин ад-даул Махмуд ибн Себуктегин (Ғазна билеушісі) оны ешбір себепсіз қолға түсіріп, Хиндустандағы Каланджар қамалына қамап қойды. Махмұд жеті жыл бойы оны өлгенге дейін қапаста ұстады. Біздің көптеген таныстарымыз бен жақындарымызды осылайша қапаста шірітті. Махмұд өлген соң, оның ұлы Масуд дұрыс жолдан тайып, қызық қуып, мемлекет басқару ісін доғарды. Сонда Хорасан халқы селжүктерді көмекке шақырды. Біз оны талқандадық. Біз енді іс діннің дәстүрлері мен ислам заңдарының сақталуы мен халифтың бұйрығымен іске асқанын қалаймыз», – деп жазылды.

Тоғрул бек тәж кию салтанаты кезінде жергіліктілерге: «Сіздер енді мұнаймаңыздар, осы уақытқа дейін болған тонау, заңсыздықтар енді болмайды. Енді іс басқаша – аймақ біздікі, ешкім енді тырп ете алмайды», – деді.

Түркілердің Иран мен ислам әлемін жаулап алуының маңызды салдарларының бірі ол бұған дейін осы аймақтардағы діни-саяси дағдарыстарды шешуге мүлде қабілетсіздік танытқан халиф билігін едәуір шектеп, өз биліктерін нығайтулары болып табылады. Алғашқы селжүк билеушілері исламның тірегі саналған халиф билігінің қасиеттілігін мойындады. Халиф тарапынан оларға әрдайым төніп тұрған қатерге қарамастан, оның билігін мүлдем шектеуден сақтанды. *Біріншіден*, селжүк билеушілерінің халиф билігі жүйесін қиратудан бойларын аулақ салу себебін психологиялық тұрғыдан түсіндірген жөн сияқты. Салыстырмалы түрде бас айналдырар әскери табыстарға қол жеткізген селжүктер ислам тірегі саналған халиф билігін құлатуға психологиялық тұрғыдан дайын болмады. *Екіншіден*, ұзақ жылғы әскери жорықтардан титықтаған түркілер қол жеткен табыстарды місе тұтып, бұдан әрі халифпен одақтаса қимыл жасағанды жөн көрді.

1040 жылғы жеңістен соң Тоғрул бек өзін «сұлтан» деп жариялады. Түркі билеушісінің бұл әрекеті халиф ал-Қаимге ұнамады. Ол сұлтанға арнайы адамдар жіберіп оны өзін «әмір» деп қана атауын сұрады. X ғасырда сұлтан деп зайырлы билеушіні діни билеуші имамнан бөліп қарады. Селжүктердің әсерінен «сұлтан» идеясы, яғни зайырлы билік әрі қарай дамып ислам әлеміне әсер етті. Селжүктер кезінде «сұлтан» термині мұсылман әлемінің зайырлы жетекшісі сияқты түсініктен де жоғары болды. Мұхаммед (ғ.с.) хадисі бойынша «сұлтан Алланың жердегі көленкесі, одан барлық зардап шеккендер пана іздейді». Сонымен қатар селжүктер өз мүдделері үшін мұсылман әлемінде өздерінің айқанынан шықпайтын халифтің беделін сенушілер қауымының діни жетекшісі дәрежесіне көтерді. Халиф Тоғрулға хат жолдап, онда оның басып алған жері жетеді, одан әрі батысқа арабтар жаулап алған жерлерге жылжудың қажеті жоқ деп мәлімдеді. Селжүктер Бағдадқа бағынып халифтің бағыныштысы ретінде аббасилерге адал болып оларға жаулап алған жерлерден дәстүр бойынша салық беріп тұруы тиіс еді. Тоғрул мұны жауапсыз қалдырды. Осылайша, селжүктердің

жаңа жеңістері жайлы хабарлар Бағдадқа жеткенде ал-Қаим оны сұлтан ретінде ресми мойындайды.

1055 жылы Мұхаммед Тоғрұл бек әскері Бағдадқа халифтің шақыруымен кірді. Селжүктердің Бағдадты алар кезінде халиф ал-Қаим (1031-1075 ж.) мен Ирак буйлары арасында шиеленіскен күрес жүріп жатқан болатын. Күреске суннизмнің қайта көтерілуі, антишиизм, аш'ариттік теологиялық жүйе мен дәстүрлі ханбалит мектебінің ықпалының өсуі себеп болып еді. Бастапқыда солтүстік Хорасан мен батыс Ирандағы селжүктердің жеңісі Аббас халифтерінің позициясының өсуіне себеп болды. Оның үстіне иелікте дейлемілік күштер мен күпірлер, айарлар көтерілістері күшейген болатын. Мұхаммед Тоғрұл бек күресті халифатты күпірлерден құтқару ұранымен жүргізді. Бұйлардан Бағдадта фатимишіл гарнизон бастығы түркі қолбасшысы Арслан Бассасириге сүйенді. «Ал-Басасири мұсылмандардың әмірі ал-Қаим би-амри-иллахмен өктем қарым-қатынас жасап, оған еш құрмет көрсетпеді және (тек бір мәрте емес) оның қайғылануына әсер етті». Халиф селжүктерге елшісі ибн Масламды көмек сұраттырып дипломатиялық миссия ретінде жіберген болатын. 1055 жылы селжүктер Ирактағы бұйлар билігін тоқтатты. Халиф өз қолымен түркі көшпендісіне тәж кигізіп, жеті құрметті шапан, екі семсер, екі алтын тәж беріп ұлы сұлтан деп жариялады. Оған «рукн ад-дин малик ал-машрик ва ал-мағриб» (батыс пен шығыстағы мемлекеттердің дінінің сүйеніші) атақтары берілді. Осы кезден бастап оның атынан Бағдадтағы мешітте хұтба оқылды. Селжүктер мен Аббасилер туысты. Қаим халиф бірінші болып 1056 жылы Дәуіт Чағры бектің қызы Арслан қатынға үйленді. Ал 1063 жылы Тоғрұл бек Қаимның қызы Саидаға үйленді. Кейін бұл дәстүрлі жүйеге айналды. 1084 жылы Муктади Мәлік шахтың қызын алды. Одан Абул Фадл Джафар атты ұлы болғанда, 1092 жылы сұлтан оның аббасилер тағының мұрагері болуын қалады. Бірақ Муктади бұдан бас тартты. Осылайша, селжүктер енді діни басшылықтың өзіне түркі тектес өз өкілдерін қоюға тырысты.

«Сұлтан» термині алғашқыда Аббас халифтерінің теократиялық және саяси билігін білдірді. Бірақ селжүктер кезінде бұл «мұсылман әлемінің зайырлы (светтік) жетекшілері» мағынасын білдірді. Бұл түсініктің өзгеруіне Бағдад халифтерінің алғашқыда бұйлерден, содан соң селжүктерден зайырлы биліктен іс

жүзінде айырылуынан соң болды. Мұның бәріне XI ғасырдағы көрнекті мұсылман теологтары ал-Маварди мен ал-Газалидің ұсынған халифат пен сұлтанаттың қарым-қатынасын біріктіру концепциясы негіз болды.

Кейін қалыптасқан жағдайға қарамастан, қуыршақтың рөлін ойнағысы келмеген халиф ал-Қайм мен оның мирасқоры ал-Муктаби Алп Арслан мен Мәлік шахтардың келісімінсіз тәуелсіз саясат жүргізгісі келді. Ал-Қайм өзін тек «мұсылмандардың әмірі» (амир ал-му минум) ғана емес, билікті Алла тағала мәңгілікке берген «сұлтан» деп атады. Мұхаммед Тоғрұл бек билігінен бастап селжүк жетекшілері өз әскери қатысы мен іс жүзіндегі аббасилер астанасындағы билікті бекітуге ұмтылды. Сұлтан өз өкілін Бағдатта үлкен рөлге ие «шихна» қызметіне тағайындады. Әскери күшке ие шихна ең алдымен тәртіпті қадағалап, керек кезінде толқу мен наразылықтарды басып отырды. Осылайша, уақыт өте келе селжүк-аббасилер қатынасы теріс және ашық күрес сипатына ие болмай қоймады.

Дегенмен де халиф беделі селжүктер кезінде едәуір өсті. 1070 жылы Алп Арсланның талап етуімен Меккеде хұтба аббасилер атына оқылды. Сұлтан Қасиетті қала билеушісін Фатимилер атына хұтба оқымағаны үшін отыз мың динар беріп, жыл сайын қосымша мың динар беріп тұруға уәде берді. Мәдине әміріне жиырма мың, жыл сайын үстеме 5 мың динар беріп отырды.

К. Босворттың айтуынша, «Әмудария мен Сырдариядағы түркі тайпаларының қозғалысы тек қана Иран үшін маңызды, саяси, тайпалық және әскери өзгерістер әкелген жоқ, сондай-ақ Таяу Шығыс үшін де маңызды болды. Иран әлемінің солтүстік-шығысындағы бейбіт сүйгіш тұрғындары көрші қарақшы дала тұрғындарын Аббас халифатының жалдамалы жауынгерлері және олардың провинциялардағы өкілдері ретінде білді. Бірақ тек селжүктер дәуірінде ғана бұл кішкене бөлшектер адамдардың селіне айналды. Түркі қауымдарының батысқа келуі селжүктердің жаулап алуларымен ғана шектелген жоқ, бұл процесс моңғолдардың жаулап алуынан соң да жалғасын тапты. Иранның оңтүстігінде мекендейтін бахарлы, иналы, кашқай тайпалары моңғол шапқыншылығынан соң қоныс аударған тайпалар болатын. Селжүктер дәуірінде көптеген түркімен күштерін Византиямен,

Кавказдағы христиан мемлекеттерімен болып тұратын шекаралық соғыстар мен араб әмірліктерінің өзара қырқысын тоқтатуға және Сирия мен Палестинадағы крестшілердің жорықтарын алдын алуға пайдаланды. Көп түркімендер Ираннан өтіп батысқа кетті. Басқалары Каспий теңізі жағалауымен Дехистан мен Горган аймағына, Мұған далалары, Әзірбайжан мен Хорасанға келді. Күрдістанның бір бөлігі, Хамадан, Фарстың үлкен бөлігі түркілене бастады». Осы мәліметтерді талдай XI ғасырдың бірінші жартысындағы селжүктердің Иранға қозғалысы саяси-экономикалық сипаттан бөлек діни-саяси сипат алды. Алғашқы төрт халифтен соңғы Ирандағы орын алған ислам қағидаларынан алыс кетіп, дінсіздене бастаған мұсылман қоғамының мүшелері ислам әлемін құтқарушы күш ретінде шығыстан келетін түркілерге үміт артты. Ислам дінін қабылдаған селжүк-түркілері шынында да батысқа осы миссияны атқарушылар, ислам әлемін діни алауыздықтар мен бөлшектенуден, әлеуметтік әділетсіздіктер мен халифаттың іштен шіруіні пайдаланып қауіп төндірген сыртқы жаудан қорғаушылар ретінде келді. Әрине, бастапқы мақсат өздері алғашқыда мекен еткен аймақтағы саяси ахуалдың шиеленісуі мен мал жайылымдарына қажеттілік болғанмен, бұл Иран үшін діни маңызға ие болды.

XI ғасырдағы түркілер қозғалысы мұсылман әлемінің саяси тарихында үлкен рөл атқарды. Дәстүрлі түркілік мемлекеттік жүйе мен отырықшыларға тән жүйелер арасында болмай қоймайтын синтездер қалыптасты. Түркістанның көшпенді түркі тайпалардың көсемдері негізін қалаған мемлекет бастапқыда екі негізгі иеліктен тұрды. Мұхаммед пен Дәуіттің қол астындағы мемлекеттің жоғарғы билеушісі Тоғрұл бек болса да, оның билігі бар болғаны Рейдің батысы мен оңтүстігіндегі елдерге тарады. Чағры бек солтүстік Хорасан мен селжүктердің жаулап алған Орта Азия аймағына тарады. Осылайша, XI ғасырдың 20-жылдарының басы мен 60-жылдарының басында селжүк мемлекеті көне түркілік қарахандар мемлекетінде орын алған динарлық сипатқа ие болды.

Бірақ қарахандар мемлекетінен өзгеше селжүк империясы өзінің бастапқы динарлық жүйесін ұзақ ұстап тұра алмады. 60-жылдардың басында биліктің мұраға қалуының жаңа принципі бұдан әрі бекітіліп, мемлекеттің екі бөлігі бір-бірімен бірікті.

1060 жылы Дәуіт Чағры бек қайтыс болып, оның жесіріне түркілік дәстүрге орай ағасы Мұхаммед Тоғрұл үйленді. Көптеген көшпелі тайпаларда, кейінгі кезге дейін қазақ халқында сақталып отырған кевираттық некелік дәрежесі ру мен жетекшінің мүлікті, дәстүрді сақтап қалуына көмектесті. Осы орайда Дәуіттің жесіріне Тоғрұлдың үйленуі оның жаулап алынған жерлердің сұлтан-ның жоғарғы билігі астына жиналуға мүмкіндік берді.

Сұлтан Мұхаммед те өзінің інісінен ұзақ өмір сүрмеді, ол 1063 жылы қайтыс болды. Хусайни Тоғрұл жайлы: «Ержүрек, шыдамды, мейірімді еді. Аллаға бой ұсынып бес уақыт намазын оқыды. Дүйсенбі, бейсенбі күндері ораза ұстап ізгі ниетпен нәпсісін тыйды. Ол (қарпайым) киім – «ал-вазари» киді. Оның күндері ізгі істерден (миюалы) баққа ұқсады. Ол өлімді жек көрді, қан төкпеді, тыйым салынған істерді істемеді. Ол өте шыдамды және шыншыл еді. Қайыр-садақа беруде, әсіресе мешіттер салуда жомарт еді», – деп жазады. Ол қайтыс болар алдында өзінің мұрагері етіп Чағры бектің ұлдарының бірі жас Сүлейменді тағайындады. Амид ал-Мүлк Кундури бастаған жергілікті шонжарлар мемлекетте өз биліктерін сақтауды ойлап Сүлейменді белсенді түрде қолдады. Бірақ Сүлейменге оның үлкен ағасының кандидатурасын таққа ұсынған оппозициямен күресуге тура келді. Алп Арслан көп ретте ғұламдар көсемдері мен жақында құрылған, мүдделері орталық билік тығыз байланысты кәсіби әскерге сүйенді. Сүлеймен мен оның жақтастары билікті ұзақ сақтай алмады. 1063 жылы қыста Қазвинде жоғарғы сұлтан болып Алп Арслан тағайындалды. Билікті Алп Арсланның жаулап алуы батыс және шығыс аймақтарды бір империяға біріктіру процесін жеделдетті. Алп Арсланды Бағдад танып, ол халифтен құрметті титул – «Адуд ад-даул мен зийа ад-динді» алды. Селжүк иеліктерінің бір мемлекет шеңберіне бірігуі күрделі жағдайда өтіп, көшпелі тайпалардың толқуларымен қатар жүрді.

Хусайнидің айтуынша «Алп Арслан билікке қолы жетіп, патшалық тағын иемденгенде, әділет пен жомарттық қанатын бағыныштыларының үстіне жайды. Ол халықты (ар-ра'аййа) жыл сайынғы екі мәрте негізгі салық харадждан (ал-харадж ал-асли) босатты. Жыл сайын рамадан айында ол төрт мың динар садақа бөлді; мың динар Балхқа, мың динардан Мервке, Герат

пен Нишапурға. Бұдан басқа ол он мың динарды өз сарайындағыларға таратты.

Иран мен ислам әлемінде ұзақ уақыттық араласулар нәтижесінде жаулап алушы түркілердің билік жүйесі мен жергіліктілердегі басқару институттарының арасында өзара синтез қалыптасты. Бірақ бұл барыс екі жүйе өкілдерінің үнемі қақтығысуларымен және идеялық таластармен қалыптасқанын байқаймыз. 1064 жылы Алп Арсланға қарсы, жоғарғы билікке өзінің де қатысы бар екенін білдірген Исрайлұлы Құтлымыш көтерілді. Құтлымыш мұнда ескі оғыз (түркі) дәстүрін алға тартып билік ру мен отбасындағы жасы үлкен адамға тиісті екенін айтып: «Сұлтанат билігі маған берілуі тиіс. Өйткені менің әкем (Исрайл) үлкен болатын және (селжүк) тайпаларының бас жетекшісі-тін», – деді.

Көп ретте, жергілікті уәзірлердің ықпалымен, билік басындағы түркілердің қолымен көне дәстүрдің сақталуын қалаушы түркілер тобы биліктен шектеліп, тіпті алыс аймақтарға жер аударылып отырды. Құтлымыш Тоғрұл қайтыс болған соң, оғыздар мен түркімендерден көп әскер жинап Саведен Рейге қозғалды. Ал Алп Арслан әскері Нишапурдан қозғалып, Милх ауылы маңында кескілескен шайқас болды. Сұлтан әскері жеңіске жетіп, Құтлымыш пен көптеген оған бағынған түркімендер мен оғыздар жойылып, олардың мүлкі мен малдары тартып алынды. Сұлтан тұтқындарды да өлтірмекші болып еді, оның уәзірі Низам әл-Мүлік оларды «(мемлекеттің) жерін қорғау үшін ислам елінің шекарасына жіберіліп мемлекет ісінен аластатуды» ұсынды. Осылайша қолға түскен оғыз-түркімен тайпаларының өкілдерін Диярбакр мен ар-Рухқа, Сирия мен Византия арасындағы шекараға аттандырды.

Осылайша, Құтлымыш бүлігінің талқандалуымен көшпенді және жартылай көшпенді аристократияға соққы берілді. Бұдан соң отырықшы феодалдық шонжарлардың, әсіресе жаңа династияда қызметтері көтерілген жергілікті ирандықтар арасынан шыққан өкілдердің билікке араласуы күшейді. Алп Арсланның билігі әсіресе оның ұлы Мәлікшахтың кезінде жергілікті Орта Азиялық (парсылық) мемлекет жүйесі түпкілікті орнап, көшпелі түркілік дәстүр шетке ысырылды.

Алп Арсланның (1063-1072) он жылдық билігі кезінде ауыл шаруашылығы, қолөнер, қала өмірі одан әрі дами түсті. Бұған белгілі мөлшерде Қазақстан, Орта Азия, Иран мен Ауғанстан, Қиыр Шығыс, Үндістан, Кіші Азиямен байланыстыратын жолдарда сауданың дамуы да әсер етті. Осы магистральдарда жатқан ірі қалаларда шетелдік саудагерлердің, әсіресе үнді мен византиялықтардың жаңа колониялары пайда болды.

Қауымдасып өмір сүру дәстүріне ие түркілер ұзақ уақыт бойы өз қол астындағы халықтардың әлеуметтік ахуалдарына мұқият назар аударып отырды. Бұл дәстүр өз ауылы мен руының тұрмысы төмен мүшелеріне қарайласып, қатардан қалдырмауға бағытталған көшпелілердің моральдық-этикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Селжүктер соғыс, аштық пен бүліктерден жапа шеккен қала халқы арасында қайырымдылық шараларын жүргізді. Бірнеше жүздеген қойлар сойылып кедейлерге тегін тамақ таратылды.

В.В. Бартольдтың айтуынша, «бірінші селжүк билеушілерінің жеке бас қасиеттері баяғыда-ақ лайықты бағасын алып қойған. Идриси түркілер жайлы «олардың қолбасшылары жауынгер, сак, катал, әділ және жоғарғы мінез-құлық қасиеттеріне ие. Ал халық катал, жабайы, дөрекі және әділетсіз болды» деп жазады. Түркілер мәдениетінің деңгейі және олардың тұрмыстарының сипаттары бұл жерде тобыр мен жеке адамның психикасының арасындағы айырмашылықпен айқындалатын, психологиялық себептердің де әсер еткені деп пайымдауға итермелейді. Бұдан басқа көшпенділердің мінез-құлық түсінігі, мәдениетті халықтың аталмыш түсінігінен гөрі дінге қатысты болды. Бірінші селжүктер мен қарахандар, Ғазна сұлтандары Махмұд пен Масұдқа қарағанда шынайы мұсылмандар болды. Алғашқы қарахандар шарап ішпеді. Көшпелі халықтың қолбасшысы өз сарбаздарының киімдерінен ерекше киінбеді, олармен қиындықты бірге бөлісті. Махмұд пен Масұд сұлтандар сияқты депотқа айналмады. «Сахиб-хабар» қызметі селжүктерде болмады. Тыңшылық жүйе жабайыларға жат болды. Низам әл-Мүлік Алп Арсланға осы қызмет түрін пайдалануды ұсынғанда оны сұлтан қабылдамай тастады. XI ғасырдың 60-жылдарында селжүктердің Закавказье мен Орта Азия, Қазақстан, Алдыңғы және Кіші Азияда жаңа жаулап алу толқыны басталды. Алп Арслан кезінде

империя шекарасы Хотан аймағынан Хазар Дербенті мен Абхаз патшалығына дейін жетеді.

Түркілердің Иранды жаулап алуының ірі салдарларына христиан әлемінің осы дәуірде белсенді агрессиялық саясатын жүргізген армян-грузин патшалықтарының бірқатарының қаупін сейілтп, олардың кейбірін ислам әлеміне қаратуы жатады. 1064 жылы сұлтан армиясы Рейден Әзірбайжан арқылы Грузия, Армения мен Шығыс Анатолияға үлкен жорық жасады. Нахичеван қамалына жетіп, селжүктер екі бөлікке бөлініп бірі Грузияға, ал екінші бөлігі Кіші Азияға исламды тарату ұранымен жорық жасады. Алп Арслан бірнеше таудағы қамалдарды алған соң грузин патшасы IV Баграт (1028-1072 ж.) келісім жасады. Сұлтан әскері бұдан соң Джавахети мен Лориге жылжып, Ани мен Карсты алды. Олар шіркеулерді қиратып, жергілікті халықтың бір бөлігін исламға қаратты.

1067 жылы күзде абхаз патшасы мұсылман иелігіне шабуыл жасады. Алп Арслан әскері бұларға қарсы шыққанда Шаки билеушісі Ахситан куәлік айтып исламды қабылдады. Сұлтанның жіберген факихы оған шариғатты, намаз бен Құранды үйретті. Бұдан соң сұлтан әскері Абхаз патшасы Багратты кейін шегіндіріп Тифлисті алды. Тифлис ол кезде қабырғасының қалыңдығы 40 шынтақ, ені де сондай, христиан шіркеуі бар қала еді. Сұлтан бұл қаланы алған соң онда жұма мешітін салды.

Алп Арсланның Закавказье мен Кіші Азиядағы әскери әрекеттері 60-жылдың аяғы мен 70-жылдардың басына дейін жүргізілді. 1071 жылы селжүктермен Византияның қанды шайқасы Манцикерт түбінде болды. Соғыс Византия әскерінің толық талқандалып, император Роман Диогеннің (1068-1071) тұтқындалуымен аяқталды. Сұлтан көне дәстүр бойынша оның екі құлағына сырға тағып қойды. Бұл император бұдан былай сұлтанның ғұламы (кұлы) дегенді білдіретін еді. Алп Арслан императордан оның азаттығы үшін 1,5 млн динар, әр жыл сайын селжүктер қазынасына 360 мың динар салық төлеу, керек кезінде сұлтанға әскери көмек беру, Византиядағы барлық мұсылман тұтқындарды босату сияқты міндеттемелер алды. Осылайша крестшілер мен Византия арасындағы қарама-қайшылықтар түркілердің пайдасына шешілді. Крестшілер гректерге күпірлер ретінде қарады. Бұл әсіресе II крест жорығы кезінде

көбірек байқалды. Құдайдың қабірін (табытын) дінсіздердің қолынан қайтарушылардың ұзаққа созылған жорығы тек түркілерге қарсы емес, Византияға да қарсы бағытталып отырды. Олар 1204 жылы Константинопольды алып, Византия империясының орнына латын империясын орнатты.

Селжүктердің Манцикерттегі жеңісі оғыз-түркімен тайпаларына Кіші Азияның түкпіріне жол ашты. XI ғасырдың 70-80 жылдарында Коний немесе Рум сұлтанаты құрылды. Алп Арслан Манцикерттегі жеңістен соң оғыз-түркімен жетекшілеріне Ар, Орум, Мардин, Кайсери, Мараш және Кіші Азияның басқа да қалаларын берді. Осылайша түркілердің тікелей қатысуымен христиан-мұсылман шекараларында қорғаныс сызығы пайда болып, христиандар тарапынан үнемі төніп тұратын қатерге бақылау орнатылды. Кейін XII ғасырда селжүк мемлекетінің құлауынан соң Византияға қарсы күрес тізгінін Кіші Азиядағы осы сұлтандықтар мен әмірліктер алды. Коний сұлтандығы мен данишмендилер крестшілерге қарсы күрес қорғанына айналды.

Ұлан-байтақ жерлерді жаулап алған түркілер уақыт өте келе жергілікті халықтармен араласып, мәдениет пен шаруашылық түрлерінде өзгеріске ұшырай бастады. Көшпелілер жаулап алған жерлерде біртіндеп отырықшылыққа көше бастады. Соғыстар мен шапқыншылық енді жергіліктілермен бейбіт қарым-қатынаспен мәдениет-тұрмыстық байланысқа ауысты. Осылайша түркілер болмай қоймайтын жергілікті халықтармен араласулар нәтижесінде қол астындағы халықтармен араласып, мәдени-шаруашылық ауыс-түйістерді бастан кешірді.

Түркілердің Иранды жаулап алуларының ең маңызды діни-саяси салдарларына осы аймақтарда тамырын тереңге жіберген күпірлік ағымдар, әсіресе исмайлшыларға қарсы күрестің белсенді жүргізілуі жатады. Түркілердің Иранды жаулап алуымен оларға дейін сунниттердің қарсылығына қарамастан әрекет еткен әртүрлі діни ағымдар түпкілікті жойылған жоқ. Олар жаңа сипаттарға ие болып, басқа діни ағымдарға айналып, өздерінің өмірін әрі қарай жалғастыруға тырысты. Селжүк билігі кезінде Иранда исмайлшылар көтерілістері етек алды. Көтерілістер шиизмнің әсіре күпір ағымдарының бірі исмайлизмнің тарауымен қатар жүрді. VII ғасыр ортасында Әлидің жақтастары тек ол және оның ұрпақтары ғана халифатта саяси билікке ие бола алады

деп санады. Кейін бұл имамдық мәселесі шииттердің өздерінің арасында қайшылық тудырды. Бұған VIII ғасырдағы алтыншы шиит имамы Джафар ас-Садықтың өзінің үлкен ұлы Исмайлды имамдықтан айыруы себеп болды. Бірақ ол бәрібір имамдыққа үлгере алмай, әкесінен бұрын қайтыс болды. Оның ұлы Мұхаммед ибн Исмайлды имам деп таныған шииттер исмайлшылар деп аталды. Кейін Аббас өкіметінің оларды қудалауы олардың жасырынуына алып келді. Осыдан келіп «жасырын имамдар» туралы идеялар пайда болды. Ерте ме, кеш пе әлемге әлеуметтік теңдік алып келетін жасырын имам – Мехди келеді деп сенді. Әли мен Фатима ұрпақтарынан күткен имам деп өзін Убайдуллах деп жариялады да Фатимилер халифатын құрды (909-1171 ж.).

Ал Иранда исмайлшылар «тым арыға» кетіп, көсем Хасан ибн Сабахтың ұйымдастыруымен көтеріліс жасалып, Аламутта орталығы бар исмайлшылар мемлекеті құрылды (4 қыркүйек, 1090 ж.). Хронологиялық жағынан исмайлшылар мемлекетінің селжүктер мемлекетінің гүлдену кезеңімен сәйкес келуі осы зерттеудің негізгі мақсаты болып табылатын, түркілердің күпірлік ағымдарға қарсы белсенді күресінің жемістілігіне қайшы келе алмайды. Өйткені бұл исмайлшылар мемлекетінің қалануына себепкер болған идея, жоғарыда атап өткеніміздей, түркілердің Иранды жаулап алуларынан бұрын-ақ пайда болған-тын.

Хасан ибн Сабахтың мақсаты анық болды. Ол селжүктердің саяси билігін құлатып, түркілер қол астынан Иран халқы мен Иранды құтқару. Оның діни ғылыми идеологиясы «Давват-и джадид» атты еңбегінде кеңінен көрініс тапты. В.А. Ивановтың айтуынша Хасан шарифатты қатал ұстады, Мұхаммедтің елшілігіне, Құран мен суннаға құрметпен қарады. Бірақ уақыт өте келе одан кейінгі Аламут билеушілері кезінде негізгі ислам қағидаларынан алшақтау бәрібір болмай қоймады. Бұл әсіресе Хасан амма Зикри-хи-с-Саламның исмайлшылар ілімі бойынша тек қана олар жаңа өмірде жұмақта рухани қайта тіріле алады деген және бұдан былай барлық сыртқы (захир) ілім міндетті емес деген «қиямет күнін» жариялаған соң етек алды. Билік басындағылардың ауысып, идеялардағы өзгерістер орын алғанмен аламуттықтардың халифатқа, сұлтанға, сунниттерге қарсы күресі жалғаса берді.

Исмайлшылар өз мақсаттарына жету үшін көрнекті тұлғаларды өлтіру әдісін кеңінен қолданды. Террорды жанын «құдай жолына» құрбан қылған фedaйлар іске асырды. Олар өз ісінде «батылырақ» болу үшін естен тандырғыш заттарды қолданды. Сондықтан да оларды хашашиундар (гашишти пайдаланушылар – Ж.Ж.) деп те атады. Олардың негізгі нысанасы халифтер, сұлтандар, уәзірлер, әмірлер, әскерилер, сунниттер болды.

Селжүк билеушілері исмайлшылардың мемлекет пен дінге келер қаупін түсініп, бар күш-жігерлерін олардың мемлекеттерін құлатуға жұмсады. Сұлтан Мұхаммед (1105-1118) 1106-1107 жылдары Исфахан маңындағы исмайлшылардың Шахдиз камалын алып, низарит да'и ад-ду'ат Ахмед ибн Атташты қолға түсіріп, оны ашаға керіп атып өлтірді. Сол жылы өз уәзірі Ахмед ибн Низам ал-Мүлікті үлкен әскермен Аламутты алуға жіберді. Қоршау көктемнен күзге дейін созылды. Селжүк әскері олардың егінін өртеп жіберді. Бірақ әскер айтарлықтай табысқа жете алмай кейін қайтты. Низам ал-Мүлік Бағдадқа келгенде исмайлшы фedaй мешітте оған пышақ жұмсап өлтірді. Мұхаммедтің бұдан кейінгі Табаристанның падишахы Кирен ибн Шахриарды қолбасшы етіп ұйымдастырған жорығы да (1107 ж. қаңтар), 1117-1118 жылдардағы Шир Гирдің қолбасшылығындағы жорықтар да сәтсіз аяқталды. Кейін осы сұлтан кезінде селжүк әскері Аламут маңайын тонап, бірнеше исмайлшылар камалдарын алып, ақыр соңында Аламуттың өзін алуға жақындағанда сұлтан Мұхаммедтің өлгені жайлы хабар жетіп, камалды қоршау тоқтатылды. Бірақ бұдан соң да исмайлшыларды қудалау тоқтатылмады. Сұлтан Санжардың уәзірі Мұқтас Абу Наср Ахмед ибн ал-Фадл исмайлшыларға 1124 жылы қасиетті соғыс жариялады. Нәтижесінде исмайлшылардың Кухистандағы Туршиз қаласы алынды. Нишапурдегі Тарз ауылының исмайлшыларын өлтіріп, дүние-мүліктерін тәркіледі де қайта оралды. Бұл жорықта Санжар әскері 10-12 мың исмайлшыны өлтірді. Осы оқиғадан бірнеше жыл өткен соң Санжар исмайлшыларға бірнеше талаптар қойды. Бұл талаптар бойынша:

- исмайлшылар жаңа камал салмайды;
- қару-жарақ сатып алмайды;
- өз қатарларына жаңа адамдар тартпайды.

Исмайлшылармен күреске тек сұлтан әскері ғана емес, сонымен қатар кез келген түркі араласты. Ал-Асирдің келтірген дерегі бойынша «Кухистандағы бір түркімен ауылына 1700 адамнан тұратын исмайлшылар өз қамалдарынан шығып, шабуыл жасады. Бірақ ауылдан еркектерді таба алмайды. Сонда да олар ауылды тонап, өздерімен бірге әйелдер мен балаларды алып кетеді. Әкете алмаған заттарды өртейді. Ауылға оралған түркімендер не болғанын көріп, исмайлшылардың ізіне түседі. Олжаларын бөлісіп жатқан исмайлшылардың үстінен түскен олар «аллаху акбар» деп айқай сала жауларын қылышпен тұрайды. Исмайлшылар түгелге жуық қырылып, тек тоғызы ғана қашып құтылады. Селжүктер исмайлшылар мемлекетін толық құлата алмаса да, осыдан кейін Аламуттағы исмайлшылар мемлекеті моңғол шапқыншылығына дейін аса қауіптілік байқатпады.

Осылайша түркілер әуел бастан-ақ исламдағы жікшілдікке барлық мүмкіншіліктерін сала қарсы болып, сол дәуірдегі заңды, бірден-бір ресми ислам үлгісі саналатын сунниттік ағымды жақтады. Шииттік ислам бірінен соң бірі келген ислам қорғаушылары – түркілердің тегеурінді қарсылығынан соң өздерінің бастапқы ресми исламмен ымыраға келмейтін шииттік қағидаларынан едәуір арылып, исламмен сыйыса алатын қалыпқа келді. Дегенмен ислам әлемінің саяси-діни өміріне едәуір өзгерістер алып келіп, ислам тарихында маңызды міндетті толық атқарып үлгермеген түркілер болмай қоймайтын саяси дағдарысқа түсті.

1092 жылы күрестің нәтижесінде сұлтан мен уәзір арасына сына қағылды. Уәзірге биліктен дәмелі деген айып тағылды. Бұдан соң ол сұлтанның қажылыққа рұқсат сұрап, Меккеге аттанды. Бірақ ол жолда исмайлшы феодалар қолынан қаза тапты. Бір айдан аса уақыт өткенде Бағдад халифымен кездесуге келгенде кенеттен Мәлік шахтың өзі қайтыс болды. XI-XII ғасырлар басында селжүк империясы Орта Азия, Орта Шығыс пен Кіші Азияда бірнеше иеліктер мен мемлекеттерге бөлініп кетті. Кония немесе Рум сұлтанаты (1077-1307) түпкілікті бөлініп оқшауланды. Селжүктердің Сирия тармағы (1078-1117) және Керманның Кавурт билеушілері (1041-1187), Хорезмде бағынышты династия Ануштегиндер (1097-1221) күшейе бастады. Араб Ирагындағы аббас халифтеріне селжүктердің ықпалы әлсіреді. 1095 жылы есін жинаған халиф ал-Муктаби Бағдадта Тоғрұл кентін қиратты.

А. Мюллердің айтуынша Азияның алдыңғы бөлігін тез жылдамдықпен жиырма жыл ішінде басып алып, бақытсыздықтың қайғысын қоюлата түсті. Белгілі бір мөлшерде тәртіп кіріп, екі ұлы сұлтанның арқасында Хорезм мен Кіші Азияға дейінгі ислам иелігі еркін демалғанда, жанұялық соғыс бұл жаңа әулетке теріс әсер етті де, енді ғана құрылған біртұтас күшті ислам патшалығының бытырауына алып келді.

Мәлікшах қайтыс болған соң Беркиарук Рейге келіп осындағы ақсүйек ақсақалдардың белсенді қолдауымен жоғарғы сұлтан болып жарияланды. Он екі жылдық Беркиарук билігі өзара қырқыс, саяси құйтырқылар, феодалдық топтардың билікке таласымен қатар жүрді. Оның туысқаны Сирия мен Палестинаның бір бөлігінің билеушісі Таж ад-даул Тұтұш 1093-1094 жылдары Иран мен Хорасанды жаулап алуға ұмтылды. Ол өзін жоғарғы сұлтан деп жариялап халифтан Руал ад-дин атағын алды. Жаңа халифтің империя тағына үміткерді қолдауы селжүктерді әлсіретуге ұмтылу еді. Бірақ 1095 жылғы Рейге жақын маңайда кескілескен шайқас болып бұл Тұтыштың өліп, әскерінің қашуымен аяқталды.

Ислам әлемінде орын алған саяси дағдарысты тиімді пайдалануға тырысқан христиандар осы кезде шығысқа крест жорықтарын бастады. Крест жорықтары театры енді Сирия мен солтүстік Месопотамияға ауысты. 1097 жылы франк армиясы және Византия отрядтары селжүктерден Никея мен Кония сұлтандықтарының бір бөлігін алды. Крестшілер Кіші Азиядан өтіп Эдесса мен Антиохияны алды да, бұл жерде өздерінің Таяу Шығыстағы алғашқы иеліктерінің негізін қалады. 1099 жылы олар Иерусалимды алып Жерорта теңізінің шығыс жағалауына орнықты. Палестина мен Сирияның оңтүстік бөлігіне Эдесса мен Триполитан графтығы, Антиохия патшалығына тәуелді Иерусалим корольдығын құрды.

Бағдад халифы да Мәлік шах қайтыс болған соң еркіндік алып, енді Мидияға көз аларта бастады. Осы кезде күшейген грузиндер де селжүк иеліктеріне көз аларта бастады. Тіпті ислам әлеміне ауық-ауық шабуыл ұйымдастырып отырды. Ибн ал-Асир бұл жайлы «1123 жылы ислам елінде гүржілердің (грузиндердің) қатыгездігі күшейе түсті. Бұған Дербенд-Ширван халқы шыдауға тура келді. Олар өздері елді қорғауға шамасы

келмеген соң сұлтанға барып шағынып, өздерінің елді қорғауға әлсіз екендіктерін айтты. Сұлтан әскері гүржілерге қарсы аттанып Шемахаға жеткенде олар бір баққа тоқтады. Сұлтан әскері осы кезде өздеріне қарсы шыққан жау әскерін көрді де қорқып кейін шегінбекші болды. Ширван халқы мұны естіп «біз сендермен біргеміз, егер сен кетсең онда мұсылмандардың рухы түсіп, әлсірейді» деді. Бұдан соң сұлтан әскері соғысуға бел байлаған кезде грузиндер мен қыпшақтар арасында өзара соғыс басталып кетіп, құдай мұсылмандарды бұл соғыста құтқарды» деп жазады.

1105 жылы Беркиарук өлген соң жоғарғы сұлтан болып Мұхаммед Тапар (1105-1118) тағайындалып, қол астына бүкіл Иран, Хузестан, Араб Ирағын біріктірді.

XI ғасырдың екінші жартысында Иран мен Кіші Азияны жаулап алған Түркістан түркілері уақыт өте келе ислам әлеміндегі өздерінің тарихи-діни миссиясын атқарып бола, саяси құлдырауға ұшырай бастады. «Жабайылардың» өздігімен мемлекет құруына күдікпен қарайтын еуроцентристік тарихи әдебиеттерде селжүк мемлекетінің құлау себебі 1092 жылы Низам ал-Мүлік пен онымен бір уақытта Мәлік шахтың қайтыс болуы деп көрсетеді. Бірақ мәселеге бұлай қарау шындыққа жанаспайды, өйткені құлдырау процесі олардың көзі тірісінде-ақ басталған болатын. Селжүк мемлекетінің құлауына Мәлік шахтың өлімінен соңғы он жылдан аса уақыт бойы орын алған өзара қырқыс соғыстар да әсер етті. З. Буниятов селжүктер империясының құлауының саяси себептеріне селжүк мемлекетінде негізгі әскери күші түркімендер арасында тәртіп пен ұйымшылдықтың кетуін жатқызады. Ірі соғыстардың аяқталуы, исмайлшылардың қаупі, сұлтан тағына таласқан билеуші әулет өкілдерінің өзара соғысы, сонымен бірге түркі көшпенділері мен жергілікті шенеуіктер – парсы ақсүйектері арасындағы күрес те түркілер мемлекетінің құлау себебіне жатады.

Э.К.С. Лэмбтонның пікірінше, мемлекеттің құлауына көшпелілік жүйе кінәлі емес. Селжүк империясының құлауына негізгі себептері ірі салық, нашар басқару, діни бытыраңқылық болды. Оның пікірінше, селжүктер басқаруы кезінде билік функциялары шектелген болатын. Ал мемлекеттік аппарат өскенде шығын да, салық та өсті. Осы орайда қазіргі күнге дейін толық мойындалмай

келген селжүк мемлекетінің құлау себептерінің ең негізгілеріне түркілердің дәстүрлі билік жүйесінің жергілікті басқару дәстүрі трансформациялануымен тығыз байланысты. Сондай-ақ жоғарыдағы З. Буниятовтың да, Э. Лэмбтонның да көрсеткен себептерінің ішіндегі негізгілерінің бірі мемлекет басқарудағы кемшіліктер, әсіресе ирандық уәзірлердің империяның әлсіреуіндегі әсері жайлы пайымдаулар да қалтарыста қалып келді. Осылайша селжүк мемлекетінің құлдырауының негізгі себебі Ирандағы түркілер мемлекетіндегі институттар синтезі нәтижелерінің бірі уәзірлік институттың да тікелей қатысы болған сияқты. Сондықтан да ирандық уәзірлердің Ирандағы түркілік мемлекеттердегі орнын әсіре өсіріп көрсетпей, керісінше сыни тұрғыдан қайта електен өткізген дұрыс болар еді.

Көптеген зерттеушілердің мұсылман-түркі мемлекеттерінің дәстүрлілігіне күдікпен қарауына осы мемлекеттердегі маңызды билік тізгіні – бас уәзір қызметінің жергілікті халық өкілінің үлесінде болуы себеп болды. Бірақ бұдан көшпелілердің отырықшы халық өкілдерінсіз ел басқара алмайды деген пікір тұмасқа керек. Бұл жерде мәселеге басқыншы немесе жаулап алушылардың жергілікті халықты осы халықтың өкілдері арқылы басқарудың тиімділігі тұрғысынан қараған дұрыс болар еді. Түркілерге дейін арабтар да мемлекет ісіне жергілікті парсы ақсүйектерін тартты. Бұл жайлы В. Бартольд: «Арабтар да Иран тектес шенеуіктердің қызметін пайдаланды. Сүлеймен халиф (715-717 ж.) бұл жайлы «Мен осы парсыларға таңғаламын, олар мыңдаған жылдар бойы ел басқарды, бірақ бізді бір сәтке де керек етпеді. Біз жүз жыл ел басқардық, сонда да оларсыз бір істе бітіре алмаймыз» деген екен. Түркі және моңғол тектес әулеттер Қаджар әулетіне дейін көбінесе өз тайпаластарының әскери күшіне сеніп, азаматтық басқаруда парсылар қызметін пайдаланды», – деген болатын. Дегенмен Иран ғалымы Забиоллах Сафа парсы тектес Низам ал-Мүліктің арқасында ғана жабайы халық өркениетті мемлекет құрды дегенге мүлдем қарсы шығады. Жергілікті халық арасынан шыққан уәзірлердің түркілік мемлекеттердегі маңызын әсірелеп көрсетпеудегі бірінші, маңызды дәлел – түркілердің дәстүрлі қалыптасқан, бірнеше мемлекеттік жүйесінің осы мемлекеттердің алдында да олардың көмегінсіз тарихта болғандығы. Шынында да, түркілер

парсыларды жергілікті халықты басқаруға өз тайпаластары арқылы ғана жемісті болатынын түсінді. Бұл қайта түркілердің мәдениеті мен салт-дәстүрі бөлек жергілікті халықты басқарудағы таңдап алған тиімді тәсілі еді.

Бірақ жергілікті халықтардан уәзірлік қызметке тарту үрдісі мелекеттің ішкі саясаты үшін аса табысты бола бермеді. Тіпті осы уәзірлер мемлекеттің құлау процесінің жеделдеуіне себепші болды. Түркі билеушілерінің уәзірлері уәзірлік мансапқа оңай қол жеткізе алған жоқ. Басында өздерінің қабілеті мен таланттарының нәтижесінде уәзірлік мансапты иемденсе, уақыт өте келе түркілік биліктің өзгеріске ұшырап, деспоттануымен қызметтің бұл жоғарғы түрі де сатылатын болды. Уәзірлік қызметке қол жеткізген ирандық немесе басқа жергілікті халық өкілі мансабын сақтап қалуға барлық мүмкіншілігін сарп етті. Олар әрқашан сұлтан туыстарының қарсылығына ұшырады. Көп кезекте үлкен қаржы мансап сатып алуға немесе үкімет ісінде жиі болып тұратын қастандықтарға жұмсалды. Мысалы, Фахр әл-Мүлік ибн Низам әл-Мүлік Беркирярук сұлтанға асыл жаухармен безендірілген патша шатырын тарту еткен. Парсы шенеуніктерінің мемлекет ісіне араласуы мемлекет қаржысының ысырапқа ұшырауымен қатар жүрді. Мысалы, ал-Асирдің келтірген дерегі бойынша «бір арызқой уәзір Низам әл-Мүліктің үстінен арыз жазып, онда уәзірдің оның иеліктерінен (мамалик) қанша пайда түсетіні, алым (русум) мен салық (амвал) қанша жиналатыны тәптіштеп көрсетеді де, оны (хатты) Алп Арслан жүретін кілем үстіне тастайды. Ол оны алып оқиды да Низам әл-Мүлікке беріп тұрып: «Мына хатты ал, егер жазылғандар рас болса, онда өз құлқыныңды өзгерт, егер өтірік болса, онда олардың ісін кешіріп, оларға маңызды бір іс тапсыр, арыз жазғанның орнына пайдалы іспен айналыссын», – дейді».

Селжүк уәзірлері көп уақытта әскери жорықтарға қатысты. Алп Арслан 1064 жылы Құтлымышпен бірге Фарсқа жорыққа аттанып, сұлтан әскері Эстахрды қоршап тұрған кезде, Низам әл-Мүлік Пахандаз қаласын қоршады. Оның әскери құлдардан тұратын өз армиясы болды. Кейбіреулердің жазуынша олардың саны 20 мың болған. Уәзірдің өзінің айтуынша бұл әскерді жеке басын қорғау үшін емес, сұлтанды қорғау үшін ұстады. Одан кейінгі сұлтандар кезінде де уәзірлер соғыс ісіне жиі қатысты.

Түркілер мемлекетінің құлдырауы олардың түркілік рухтарының әлсіреп, ұлттық дағдарысқа ұшырауымен қатар жүрді. А. Мюлердің айтуынша түркілік тума адалдық үшінші ұрпақ кезінде-ақ парсыларға тән залымдық пен қулыққа ауысты. Алп Арслан кезінде билеушінің өз «әмірлері мен әскеріне» тұрақты түрде дәм беріп тұратын далалық көшпенділер дәстүрі сақталды. Мұндай ұжымдық тамақ ішу «шөлен» деп аталып, Кіші Азиялық селжүк сұлтандары ұйымдастырып отырды. Бірақ бұл дәстүр Мәлікшах кезінде қолданыстан шығарылып, бұл өз кезегінде көшпелі тайпалардың теріс реакциясын туғызды.

Түркілер жаулап алу кезінде Алдыңғы Азия халқының тығыз орналаспауы түркілердің өздерінің тілін, ұлтын сақтап қана қоймай, аймақ халқының түркіленуіне де оң әсер етті. Махмұд Қашқари өз сөздігінде «мен оғыздардың кішкене рулары мен малға басатын таңбаларына дейін жаздым. Өйткені мұны адамдар білуі керек» деп жазды. С. Кляшторныйдың айтуынша Қашқаридың оғыз тілін білуге кеңесі Ферғана, Мәуреннахр, Хорасан халықтарына емес, селжүктердің қол астындағы араб, парсы халықтарына арналған еді.

Селжүк дәуірінің көне тарихында халық жиналысының өзгеріске түскен формасы үлкен рөл атқарғаны белгілі. «Қанқаш» (Кеңес – Ж.Ж.) атты осындай жиын сирек шақырылды да, күнделікті өмірде ақсақалдар кеңесі шынайы түрде үлкен маңызға ие болды. Бірақ біртіндеп кеңесу элементі «мұсылман этикасының терең әсеріне ұшыраған көне парсылық мемлекет теориясына» орын берді. Жаулап алушылардың басқару институттарының кейбір элементтерінің бағынышты елдердің басқару жүйесінің әсерінен өзгеріске ұшырауын немесе синтез қалыптасуын Еуропа тарихынан да байқауға болады. Мысалы, Қ.Т. Жұмағұловтың айтуынша көне герман діни әлемінде абыздар, яғни қолдарына маңызды табыну нысанына ие болған ықпалды топтар болғаны белгілі. Олар халық жиналыстарында тайпаның маңызды істерін талқылап, шешуге қатысты. Осы абыздар ұлы қоныс аударуларға аса ынталылық танытпады. Өйткені олар табыну ритуалдарымен бірге бедел мен ықпалды қамтамасыз етуші табиғи ортамен байланыстың үзілерін өздерінің түркілік әріптестеріне қарағанда ертерек түсінген сияқты. Осылайша, көшпелілік жүйеге негізделген түркілердің

дәстүрлі басқару идеясы жергілікті парсылық-деспоттық жүйе әсерінен өзгеріске ұшырап, бұл өз кезегінде жергілікті әмірлердің алауыздығы мен елдің бытыраңқылығына алып келді.

Түркілер билігі Иранда түрлі мемлекеттік институттардың пайда болуына ықпал етті. Селжүк мемлекетінде «удж» институты пайда болды. Жау ортасында орналасқан мемлекеттің шекаралас аймақтарын қорғау – удждардың басты міндеті. Селжүктердің миграциясы және шабуыл қозғалысы Византиямен тек байланыс аймағы ғана емес, сонымен қатар ислам мен христиандықтың қарсылық белдеуі болды. Р. Гусейновтың айтуынша «удж» сөзі түркілік және бұрыннан белгілі сөз. Ол алғаш рет VII ғасырда орхон эпиграфиялық жазуында «уч» формасында «қанат», «фланг» мағынасында кездеседі. XI ғасырға дейін түркілік «соңы», «шеті», ұшы, үшкір, шыңы мағынасына ие болса, XI ғасырдан бастап бұрынғы мағынасын сақтай отырып, шығыс қайнар көздерінде шекаралық түркілерді атағанда қолданылды. Иран Әзірбайжанында уджға байланысты Уджар, Уджарлы, Уджан, Уджбулак топонимдері кездеседі. XI-XII ғасырларда Орта Азиядан келген оғыз-қыпшақтар Иран мен Әзірбайжанның түркіленуіне елеулі әсер етті. Қыпшақтардың көптеп келе бастауы XII ғасырда селжүктер мен ильдегиздер кезінде күшейді. Олар бастапқыда ғұламдар мен жалдамалылар ретінде келе бастаса, белгілі бір бөлігі оғыздармен Орта Азия, Хорасан арқылы келді. XII ғасырдың екінші жартысында атабектер кезінде көбейе бастады. Р. Гусейновтың ойынша шекарашы, қорғаушылар жаулап алушы, жазалаушы рөлдерін атқарды. Әзірбайжанда оғыз этнонимдерімен қатар агачери, канглы, карлук, қыпшақ, халадж топонимдері қолданылды. Түркілер ислам әлемінің ең шеткері аймақтарында христиан патшалықтарының болмай қоймайтын шабуылдары жолында шекара қорғаушылар міндетін атқарып, сол жерлерді мекен етті. «Аджа'иб ад-дуния» авторының айтуынша «Сурмари – Армения мен шекаралас қала, Аракс жағалауында биік жартаста орналасқан. Бұл аймақта бұдан берік жер жоқ, қаланың сыртында үйлер, базарлар, ғимараттар бар. Бұл түркілердің мекені. Халқы мұсылмандар – діннің батыл да ержүрек жауынгерлері...» дейді. Осы орайда айта кететін бір жай, қанша уақыт өтсе де Ирандағы түркілер өздерінің этникалық ерекшеліктерін сақтап қалды. Түркілер ирандық-

тарды кемсіте «тазиктер» деп атады. Мысалы, Кавурт Керманды жаулап алар кезде жергілікті билеуші Шахривар ибн Тафил одан қашып тандырдың ішіне тығылып қалады. Оны тығылған жерінен тауып алып Кавурттың алдына алып келгенде Кавурт оған: – Ей, тазик! Қонақтан қашып тығылып қалғаның не? – деп, өзінің түркілік тегінен ирандық билеушіні бөле-жара атады. Дегенмен түркілер өз тарихи отандарынан жырақ кетіп, уақыт өте келе Иран жеріне келген соң араластырушы діни фактордың әсерінен тілдерін сақтап қалғанмен, болмай қоймайтын мәдени-ұлттық бірыңғайлыққа ұшырай бастады. Басында сунниттік, кейін биліктегі ресми шииттік діни идеология әсерінен түркілер басқа Иран халықтарымен бірге біртұтас ирандықтар атауына ие болып, осы елдің негізгі халқының бірі ретінде танылды.

Ортағасырлық Иранда билік құрушы түркілердің келесі кезеңі – атабектер кезеңі де Иран мен ислам әлемі үшін аса маңызды болды. Әлсірей бастаған селжүктер билігінің артын ала орнаған атабектер үстемдігі Ирандағы саяси-діни, мәдени ахуалдың босаңсымауына айтарлықтай ықпал етті. XII ғасырдың соңына қарай Иранның батысы мен орталығында ғана Кавурт ұрпақтары (Алп Арсланның ағасы) 1198 жылға дейін тәуелсіздігін сақтады. Бірақ бұлар басты селжүк тармағы болмады. Кейін олар да атабектер қол астына түсті. Тіпті Мәлікшах (1105-1118) пен Масуд (1134-1152) өздерінің күшті әмірлерінің билігін шектей алмады. Ал Масуд қайтыс болған соң селжүк үйі де құлады.

Бұдан соң да түркі билеушілері Атабектер мемлекеті ретінде Иран жерін билеуді жалғастыра берді. Бастапқыда «атабектер» деп билеушінің мұрагерін тәрбиелеп, баптайтын тәжірибелі, көрген-түйгені мол кісіні атады. Бірінші селжүк атабегі Әбу Әли Хасан ибн Әли ат-Туси болды. Ибн ал-Асирдің айтуынша Балхтан Мервке келген ол Дәуіт Чағры бектің сарайында уәзір болды. Дәуіт Әбу Әлиді жас Алп Арсланға дайындап «оны өзінің әкесі деп танып, оған қарсыласпауға» бұйрық берді. Кезінде Низам ал-Мүліктің өзі Мәлікшахтың атабегі болды. Хондмирдің пікірінше, Низам ал-Мүлік ханзада Мәлікшахтың «әкесі» болып селжүк армиясының византиялықтарды Манцикерт түбінде талқандаған соң жарияланды. Масудтың көзі тірісінде-ақ бес атабек өздерін Масуд, Фарс, Луристан, Әзірбайжандағы биліктерін мұраға қалдырды. Масудда зенгилер әулеті (1127-1250), Фарста

Сұңқар (1148-1162) негізін қалаған салгирлер әулеті билік құрды. Сұңқардың әскербасы Әбу Тахир Мохаммад (1148-1203) үлкен Луристан (1148-1339) атабек әулеттерін құрды. Селжүк державасының құрылу барысында тек алмасу ғана емес, жергілікті және көшпенділердің әкелген мемлекеттік басқару формасының синтезі қалыптасты. Оғыз тайпаларындағы бұрынғы атабек институты енді жаулап алынған елдердегі уәзірлер институтымен шендесті. Кейінірек біртұтас империя құлаған соң атабек деп тәуелсіз билеушілерді атай бастады. Гәнжіде Ильдегиз (Елтеңіз) атабек (1140-1172) және оның ұлы Палуан (1172-1186) Әзірбайжан атабектері биледі. К. Босворттың айтуынша Әзірбайжан атабектерінің исламның Кавказдағы иелігін күшейіп келе жатқан христиандық Грузиядан қорғап қалуда орны ерекше болды. Әзірбайжан атабектерінің негізін салушы Ильдегиз қыпшақ текті ғұлам болды. Бұл құлды сұлтан уәзірі Әбу Хамид Әли ибн Ахмад ас-Сумайрами сарайына алып келді. Мирхондтың айтуынша, 1122 жылы ас-Сумайрамиді исмайлылар өлтіріп, Хамаданда оның барлық дүние-мүлкін сұлтан алды. Осылайша Ильдегиз де сұлтан қызметіне келді. Сұлтан II Тоғрұл кезінде (1132-1135) Ильдегиз сұлтанның жеке мәмлүктерінің қарамағына өтіп, қызметі тез өсе бастайды. II Тоғрұл қайтыс болған соң жаңа сұлтан Масуд (1135-1152) әмір Шамсаддин Ильдегизді Тоғрұл жесіріне үйлендіреді. Одан екі балалы болады; Нусрат ад-дин Мұхаммед Джахан Палуан мен Мұзаффар ад-дин Оспан Қызыл Арслан. 1136 жылы Масуд атабек Ильдегизге икта ретінде Арранды береді. Кейін ол біртіндеп бүкіл Әзірбайжанды алады.

1160 жылы қараша айында Ильдегиз жиырма мыңдық әскерімен Арсланшах ханзадамен Хамаданға келеді. Салтанатты мәжілістен соң Арслан таққа отырып, оның атынан хұтба оқылады. Ильдегиз бұдан былай Ұлы атабек (атабек ал-а'зам) деп атала бастайды. Оның үлкен ұлы Джахан Палуан – «әмір-хаджиб», екінші ұлы Қызыл Арслан – жоғарғы қолбасшы болды. Атабек барлық өз әмірлерін жоғарғы қызметке қойды. Осы кезден бастап атабек барлық күш-жігерін жаңа мемлекет билігінің беделінің көтерілуіне жұмсады. Ирак сұлтанатына кіретін елдер мен аймақтардың билеушілері Арсланшах пен атабекке адалдықтарына ант берді. Өзара қырқыс тоқтап «халық әділдік пен

тыныштықта өмір сүрді». 1055-1157 жылдары халиф әріптесі – селжүк үйінің өкілдері болса, 1160 жылға дейін Ирак сұлтаны, ал осы кезеңнен бастап XII ғасырдың аяғына дейін қырық жыл бойы бұл қатынас «атабек-халиф» болып өзгерді. XII ғасырдың екінші жартысынан бастап таяу шығыстық мұсылман әлемі жаңа зайырлы жетекшілерге – Шамсад-дин Елтеңіз, Джахан Палуан, Қызыл Арсланға ие болды. Осылайша, XII ғасырдың екінші жартысынан бастап аббасилер Ильдегиз ұлдарын мұсылман әлемін басқарудағы әріптесі ретінде қарады. Болмай қоймайтын қырқыста Ильдегиз жеңіске жетіп, Кавказ тауынан Парсы шығанағына дейінгі кең-байтақ территорияны бір орталыққа бағындырды. Ол іс жүзінде 1160 жылдан бастап билікті өз қолына алды да, сұлтан формальды түрде мемлекет басшысы болды.

Атабектер ислам әлемінің бір парасы болып табылатын өз иеліктерін ислам әлемін жаулап алуды мақсат тұтқан сыртқы жаулардан аянбай қорғады. 1166 жылы тамызда III Георгий (1156-1184) бастаған грузин әскері Әзірбайжанға шабуыл жасап Аррандағы Ани қаласын алды. Олар мұнда көп халықты қырып жойды. Қоршаудағы қалаға Хилат билеушісі сұлтан бағыныштысы Сейф ад-дин Бектемір көмекке келіп еді, оларды грузиндер талқандап, өзі тұтқыннан әрең қашып құтылды. Грузиндер өте көп мұсылмандарды өлтіріп, қырық бір мың адамды тұтқынға түсірді. Бұдан соң отыз мыңдық грузин әскері ислам еліне қайта шабуыл жасап, ар-Руммен шекаралас Әзірбайжанның шетіндегі Двин қаласын тонап, он мың адам өлтірді. Олар көптеген әйелдерді тыр жалаңаш шешіндіріп, жалаң аяқ алып жүргенде грузин әйелдері бұған қарсы шықты, «сендер мұсылмандарды, олардың әйелдеріне жасағанды бізге де кейін осылай жасауға мәжбүр етесіңдер» деді. Біршама уақыт өткізе олар Әзірбайжанға қайта оралып, Гәнжі қаласын алып, халқын қырды. Атабек Ильдегиз бұл туралы естіп өз әскерін грузин басқыншыларына қарсы жасақтады. Ильдегиз бастаған 50 мыңдық біріккен күш 1163 жылы қаңтарда Грузияға аттанды. Соғыс бір айға созылып мұсылмандардың жеңісімен аяқталды. Ильдегиз грузиндерден қайта Двинді тартып алды. Осындай жеңіліске қарамай грузиндер 1164 жылы көктемде тағы да Аниге шабуыл жасады. Бұл шабуыл да, 1166, 1174 жылғы

грузиндер жорығы да беті қайтарылды. Грузиямен үнемі соғыс барысында атабек Ильдегиз Әзірбайжанның және көршілес аймақтың христиандарын өз жақтарына тартты. Жергілікті дін басыларға жағдай жасады. Армян жылнамашысының жазуынша Ильдегиз «христиандарды жақсы көріп, елдің көркеюіне көп көңіл бөлді және өзінің мейірімділігімен, бейбітшілік сүйгіштігімен дараланды. Оның басқаруы кезінде көп елдерде бейбітшілік орнады». 3. Буниятовтың айтуынша Ильдегиз күшқайраты мен табандылығы арқасында сұлтан билігінің беделін шебер пайдаланып, атабек дәрежесін оның қорғаушысы дәрежесіне көтерді. Ильдегиздің абайлаушылық сыртқы саясаты оның ірі саяси қайраткер екенін көрсетеді. Ол өзінің дәрежесін уақытша алдамшы табыстар үшін емес, өз әулеті иеліктерінің көбеюі үшін, орталықтың билігінің күшеюі үшін жұмсады. Ильдегизге Бағдад пен оның айналасынан басқа, Әзірбайжан, Арран, Ширван, ал-Джабил елі, Ирак, Хамадан, Гилян, Мазендеран, Исфахан, Рей билеушісі, Хилат, Фарс, Хузистан, Мосул, Керман билеушілері бағынды.

Осылайша, XI ғасырдың екінші жартысынан бастап бірінен соң бірі келіп Иранды жаулап алған Түркістан түркілері ислам дүниесі тарихында аса маңызды міндеттерді атқарды. Діни алауыздықтар мен дінбасылардың басбұзарлығынан шаршаған мұсылмандар, шынында да, оларға өздері мен исламды құтқарушылар ретінде қарады. Ислам дінінің дәстүрлі болып табылатын сунниттік бағытына қолдау көрсету арқылы исламмен ымыраға келе алмайтын басқа, әсіре күпірлік ағымдарды қудалады. Түркілердің алдын ислам әлеміне ішкерілей еніп, мұсылман жерінің территориялық тұтастығына тікелей қауіп төндіре бастаған христиан қатерінің бетін қайтарды.

Түркілер билігі тұсында Иранда көшпенділер билік жүйесі уақыт өте келе жергілікті ирандық басқару жүйесімен бірыңғайлыққа көшу үрдісін бастан кешірді. Сондай-ақ осы кезде дәстүрлі түркілік басқару институттарының жергілікті парсылық жүйелермен синтезі де орын алды. Атабектер институты, удж институты, қаңқаш-кеңесу жүйесі, мемлекеттік жүйедегі бинарлық жүйе сияқты түркілік мемлекеттік басқару элементтері Ирандағы түркілік мемлекеттерде біршама уақыт салтанат құрды. Түркілік

билік элементтері мен дәстүрлі парсылық басқару жүйесінің синтездену үрдісі барысында бәрібір ирандық жүйе басымдылық танытып үстем жағдайда қалды.

Жергіліктілердің түркілік мемлекет қызметіне тартылуы және солар арқылы дәстүрлі түркілік ел басқарудың жергілікті деспоттанған басқару тәсілімен алмасуы, осының нәтижесінде орын алған тақталастары түркілік мемлекеттің құлдырауына әсер етті.

Түркілердің аталмыш кезеңдегі билігі кезіндегі орнаған ислам әлеміндегі интеграциялық үрдістер, исламдағы алауыздықтардың ауыздықталуы, мұсылман иеліктеріне христиан мемлекеттері тарапынан жасалып отырған агрессиялық шабуылдарының тоқталуы енді түркілер билігінің әлсіреуімен қайта босаңдана бастады. Ислам әлемі қайта саяси-әлеуметтік, діни дағдарысқа ұшырап, енді ислам қоғамы діни жазбалар мен діни қайраткерлердің уәде еткен исламды құтқарушы шығыстағы дін жауынгерлеріне қажеттілікті қайта сезіне бастады. XIII ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияның дені түркілерді құраған Шыңғыс хан әскері тарихи миссияны атқарушылар ретінде Иран мен ислам жерлерін жаулап алды.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркілердің Иранды жаулап алуының селжүк-түркілері кезеңіне талдау жасаңыз.
2. Данданекан шайқасының маңызы неде?
3. Түркілердің Иранды жаулап алуындағы атабектерге талдау жасаңыз.
4. Ирандағы селжүктер билігінің ерекшеліктерін талдаңыз.
5. Ирандағы исмайлшылар қозғалысының ислам әлемі үшін қатері қаншалықты болды?

3.2. XIII ғасырдағы моңғол-түркілердің Иранды жаулап алуы және оның саяси-діни сипаты мен салдарлары

XIII ғасырда Иран мен ислам әлемін жаулап алушы түркілердің жаңа легі – түркі-моңғолдар да осы аймақтың орта-ғасырлық тарихында маңызды болды. Олардың Иранға енуі қарсаңындағы ислам әлеміндегі саяси ахуал, түркілердің билігі

орнаған соңғы осы ахуалдардағы өзгерістер, рухани-мәдени саладағы дамулар, ақыр соңында бұл мемлекеттің құлдырап, құлау процесі өзіндік ерекшеліктерге ие болғанмен, өздерінің алдындағы түркілер билігімен тағдырлас болды. Бұл тараушада осы мәселелерге талдау жасалынып, тұжырымдалады.

Иран жерінде Орта Азия түркі көшпенділерінің жаулап алуынан соң ислам әлемінде орын алған дағдарысты оқиғаларға тосқауыл қойылғанмен, уақыт өте келе жаулап алушы түркілер жергілікті жағдайға бейімделіп, билік жүйесі де, моральдық бет-бейнесі де өзгеріске ұшырайды. Бұдан соң тарих сахнасына орта азиялық көшпенді түркілердің жаңа легі шығады да, ислам әлемін жаулап алады. XIII ғасырдың екінші жартысында селжүктердің аяғын ала келген моңғол-түркілердің қалың тобының келу қарсаңында да селжүктердің ықпалымен Иранда орнаған тәртіп, олардың билігінің әлсіреуімен осалдана бастаған еді. Моңғол-түркілер қарсаңындағы Иран жеріндегі ішкі саяси ахуал да күрделі еді. Екі ғасыр бұрын ғана ислам әлемін ішкі-сыртқы жаулардан құтқарушылар болып келіп, жергілікті мұсылман халықтың ыстық ықыласына бөленген көшпенділердің ұрпағы үш-төрт нәсілден соң-ақ байлық пен мансаптың құлы болып, билік үшін өзара қырқысты.

Иран тарихшысы Дастғейбтің жазуынша түркі-моңғолдар жаулап алуы қарсаңындағы Иран мен Кіші Азиядағы саяси ахуал мынадай болды: исмайлшылар әкімі зинақорлық жолында, халиф зұлымдық пен қастандық жолында, жергілікті әкімдер өзара қырқыста болды. Бұл кезде Иранның ішкі діни ахуалы да мәз емес еді. Алғашқы селжүк билеушілері тұсындағы сунниттер мен шииттер арасындағы қақтығыстар енді сунниттердің ағымдары арасындағы жанжалдарға ұласты. Иранның бірқатар қалаларында XII ғасырдың ортасы мен XIII ғасырдың басында билікке екі суннит ағымы – шафиилер мен ханифилер таласты. Сонымен қатар осы екі мазһаб бірігіп, шииттермен қақтығысты. XIII ғасырда ғалым саяхатшы Иакут ал-Хамави «Муджам ал-булдан» (елдің алфавиттік реестрі) атты еңбегінде Иранның үлкен қаласы Рейде осындай қақтығыс болып көшеде баррикада орнатылып, діни ағымдар өкілдерінің квартал-квартал болып соғысқанын жазады. Осындай қақтығыстар Исфahan, Нишапур сияқты қалаларда да орын алды.

Осы бір ислам әлемі үшін өліара кезеңде исламның байырғы жаулары христиандар да белсенді соғыс қимылдарын жүргізе бастады. Византия империясы комниндер дәуірінде (1081-1185) өзінің еуропалық шекараларында үздіксіз дерлік соғыс жүргізді. Византия бірде печенегтердің, бірде славян-балқан халықтарының шапқыншылығына ұшырады. Олар кейде Венгриямен Далматы жағалаулары үшін соғысса, енді бірде славяндар мекендеген Дунай жағалаулары үшін Сицилия корольдығымен жағаласты. Сонымен бір уақытта олар Рум түркілерінен Кіші Азияны, крестшілер мен зенгилерден Солтүстік Қосөзен мен Сирияны тартып алуға ұмтылды. Бұл кездерде түркілердің әлсірегенін пайдаланған крестшілер ауық-ауық Қасиетті жерлерге (Құдыс) шабуыл жасап, тіпті өздерінің басқыншылық жоспарларын ислам әлемінен де тыс жерлерде жүргізе бастады.

Ал бұл кезде түркілер қол астындағы Иран мен ислам әлемінің экономикалық ахуалы біршама жақсарып, тіпті жекелеген аудандарда едәуір дамуды бастан кешіріп отырған еді. Мысалы, С.Ә. Тортаевтың көрсеткеніндей, «селжүктер тұсында Иран экономикасы біраз жандана түсті. XIII ғасырдың басында жазылған «Табаристан тарихының» авторы Ибн Исфандяр Мазендеран облысы туралы былай деп жазады: «Бұл жерде арпа, бидай, жеміс-жидек, аң мен төрт түлік дегенің жетеді. Байлықтан көз тұнады. Бір жапырақ бос жатқан жерді көрмейсің». Түркілер билігінің әлсіреуін пайдаланған грузин патшалары байлығы қызықтырған өздерінің мұсылман көршілеріне қатысты агрессиялық саясат ұстана бастады. Дәуіт патша кезінде басталған елдің әскери күшін арттыру жұмыстары өз нәтижелерін берді. Ол Солтүстік Кавказдан Грузияға қырық мың жанұядан тұратын қыпшақ көшін көшіріп әкелген болатын. Қыстау мен жайлауға ие болған қыпшақтардың әр отбасы соғыс кезінде бір-бір жауынгерден шығаруы тиіс болды. Грузин патшасы қыпшақ жетекшісі Отроктың қызына үйленді. 1118 жылы Дәуіт қыпшақтарды осетин жері арқылы алып келіп, Грузияның әртүрлі аудандарына орналастырды. Бір бөлігін селжүктермен соғыс кезінде халқы сиреп қалған Картлиге, бір бөлігін солтүстік Армения мен Эретиге шекараны қорғау үшін орналастырды. Қыпшақтар Грузияда тез ассимиляцияға түсіп, христиан дінін қабылдады. Грузин тілінде сөйлеп, отырықшылыққа көшіп,

жергілікті халықпен араласып кетті. Дәуіттің қырық мың қыпшағынан басқа тұрақты жиырма мың грузин әскері және керек кезінде жинап алатын осетин, курд, дағыстандықтардан жасағы болды. Егер қыпшақтарды қоныстандыру 1118 жылы селжүктер шабуылы тойтарылған соң жүргізілгеніне назар аударсақ, онда олар енді сыртқы жаулап алу шараларына кіріскенін байқаймыз.

Селжүк мемлекетінің әлсіреуі Грузияның халықаралық жағдайының нығаюымен қатар жүрді. 1095 жылы Клермондағы шіркеу соборында Папа II Óрбан мұсылмандарға қарсы крест жорығының басталғаны жайлы салтанатты түрде жариялады. 1097 жылы Еуропаның феодалдық рыцарьлары өздерінің бірінші мемлекеттері – Эдесс графтығын құрды. Бұдан соң крестшілердің Антиохия аймағын жаулап алуымен 1097 жылдан бастап грузин патшасы сұлтанға «харадж» төлеуден бас тартты. Бұған сұлтан тарапынан еш қарсылық болмады. XI ғасыр аяғынан XII ғасыр басына дейін грузиндер өз шекараларын түркілерден босатып, олардың Закавказьедегі позицияларын әлсіретті.

Жанталасқан селжүктер грузиндердің саяси күшеюіне қарсыласып бақты. Олар соңғы кездері әлсірей түскен өз жағдайларын нығайту мақсатымен грузиндерге қарсы біріккен күштерін ұйымдастырып, қолбасшысы етіп Нәжімеддин Ильгасиді тағайындады. Грузияға шабуыл жасаған үш жүз мың түркіге қарсы 1121 жылы 10 тамызда Дидгори маңында қырық мың мың грузин, он бес мың қыпшақ, бес жүзден астам осетин, екі жүз крестші шықты. 12 тамызда грузиндер түркілерге ондырмай соққы берді. Бұл жеңілістен соң түркілік Иран үлкен саяси қарсылас – Грузияның пайда болғанын түсінді.

1122 жылы грузиндер Тбилисиді босатқан соң соғыс сахнасы Армения мен Ширванға ауысты. 1123 жылы олар мамырда солтүстік Арменияны алып, сол жылы тамызда Ани қаласын иемденді. Грузия енді селжүктермен Дербент өткелі үшін шайқасты. Грузиндер осы соғыстар барысында крестшілермен қарым-қатынасты жақсартты. Оларды мұсылмандарға қарсы ортақ күрес біріктірді. Грузия патшалығы иелігіндегі халықтарды христиандандыру саясаты жүргізілді. Тіпті армяндарды діни жақындату саясаты жүргізіле бастады. 1122 жылы IV Дәуіт Тбилисиді қайта алғанымен, онда мұсылман әсері ұзақ сақталып қалды. Багра-

тилер кезінде грузин патшалары түркілердің әсерінен орын алған Кавказдағы ислам факторына назар аударып, оған өз саясатынан орын беруге мәжбүр болды. Ол мұсылмандарға діни жеңілдіктер жасады. Тбилисиде шошқа ұстауға, оны базарда сатуға тыйым салды. Мұсылман тұрғындар үшін дирхем басып шығарып бір бетіне сұлтан, халиф, Алла тағала мен пайғамбардың (ғ.с.) аты, ал екінші жағына грузин патшасының есімі басылды. Мұсылман арына тиген адамды өлтіруге, Құран мен намазды оқуға рұқсат берді. XII ғасырдың екінші, үшінші ширегінде I Деметре (1125-1156) мен III Гиорги (1156-1184) кезінде Грузияның Ширван мен Армения үшін мұсылман елдерімен соғысы ұзаққа созылды. Ани үшін күрес қайта жалғасты. Аниді алған соң Двин мен Гәнжіні алды. Жергілікті билеушілермен келісім нәтижесінде олар армян соборына тиіспеуі керек болды. Бұдан біз грузиндердің христианды мұсылмандардан қорғаушылар болғанын көреміз. Олар христиандарды құтқарушылар болып қана қоймай, өздерінің агрессиялық жоспарларын қайта жандандырып, енді мұсылман әлеміне тікелей қауіп төндіре бастады. Селжүктердің әлсіреуімен ислам әлеміне, Иранға айтарлықтай қауіп төнді.

Шынында да, тарихи деректерді талдау бұл кезде исмайлылар әкімі зинақорлық жолында, исламның ішкі, сыртқы жағдайларына қам жеуі тиіс халиф зұлымдық пен қастандық жолында, түркілік жауынгерлік пен тазалықтан жергілікті халықпен ассимиляцияға ұшыраған түркі әкімдері өзара қырқыста болды. Ішкі, сыртқы саяси дағдарысқа ұшыраған ислам әлемі сырттан келуші келесі бір күштің ғана жағдайды өзгертетінін түсінді. Бұл күш түркілердің жаңа легі моңғол-түркілер еді.

Дәл осы сәтте саяси-діни дағдарысқа ұшыраған ислам әлеміне дін мен жерді құтқарушылардай болып түркілердің жаңа легі келіп жетті. Әрине, осы топтың бастапқы алға қойған мақсаты мүлдем басқаша болуы заңды да, көне түркі империясын қайта қалыпқа келтіру, халықаралық сауда жолдарына иелік ету олардың негізгі мақсаттары болғаны хақ. Дегенмен түркілердің бұл жаулап алуы ислам діні мен ислам әлемі үшін өлшеусіз маңызы болды. Түркілердің осы тобының келу қарсаңындағы Ирандағы саяси-діни ахуалды талдап саралар болсақ, көптеген тарихшылардың айтып жүрген моңғол шапқыншы-

лығының алапат зардабы жайлы пайымдауларының негізсіз екендігіне көзіміз жетеді. Әрине, құрбандықсыз соғыс болмайды. Бірақ оның нәтижесінің де ислам әлемі үшін маңызы айрықша болғаны рас.

Оқу құралының тақырыбында көрсетілгендей, Иран жерін жаулап алушы көшпенділердің бұл легі батыл түрде түркілер деп аталған. Дегенмен бұл мәселенің тайға таңба басқандай түсінікті болғанымен, Орталық Азия көшпенділерінің осы тобының түркілік сипатына баса назар аударылмауы қазіргі кезге дейін басы ашық қалпында қалды. Тіпті ғылыми ортада осы түркі-моңғол жаулап алуларын тек моңғолдарға телу үрдісі әліміз бақпастан сақталуы да шындық. Сансыз деректер мен бұлтартпас тарихи мәліметтерге қарамастан осы қозғалысты күні бүгінге дейін түркілік деуге батылымыз бармай отыр. Мұның басты себебі әлемдік тарих ғылымында моңғол жаулап алушыларын жексұрын етіп көрсетіп, ал жаулап алулардың өзін адамзат тарихындағы ең бір қараңғы беттер етіп көрсетуден танбау болар. Алайда осы жаулап алулардан соңғы орын алған ислам әлеміндегі интеграциялық процестердің жандануы, саяси-экономикалық ахуалдың ілгерілеуі, мәдениеттің қарыштап дамуы да тарихи шындық екенін ұмытпағанымыз жөн. Осы орайда әсіресе қазақ халқы түркі-моңғол жаулап алуларына жаңа көзқараспен қарағаны әділетті әрі маңызды болар еді. Моңғол-түркілерге бағынған ұлан-байтақ иеліктерде қазақ халқына, көшпенділер өркениетіне тиесілі мақтануға тұрарлық мәдени мұралар шашылып жатыр. Өткенімізді түгелдеп, қайта зердеден өткізсек, ислам өркениетіне халқымыздың өлшеусіз үлес қосқанын дәлелдеп, шоқтығымызды биіктете түсер едік.

Бірқатар дереккөздер біз моңғолдар жаулап алуы деп атайтын қозғалысты түркілерге телиді. Қай дәуірде болмасын отырықшы қоғамда орын алып отырған ішкі саяси-әлеуметтік және сыртқы халықаралық жағдайларына талдау жасасақ, аталмыш елдердегі ахуалдың сырттан келетін үшінші бір өзгертуші, жойқын күшке қатысты өзгертінін күтетінін байқаймыз. Моральдық, әлеуметтік дағдарысқа тап болған отырықшы қоғамның ойшылдары халықты басқа жақтан келетін құтқарушылардың бар екендігімен үміттендірді. Кейде дәстүр мен ереже шеңберінен шығып, бұзыла бастаған қоғам мүшелерін Құдайдың қар-

ғысы болып алыс жақтан келетін жабайы халықтың жойқын шабуылын айтып қорқытты. Осы орайда, қай дәуірдегі болма-сын діни жазбаларды алып қарасақ та осындай халықтар ретінде түркі тайпаларының көрсетілетіні назар аударарлық. Түркі-моңғолдар жаулап алулары қарсаңында да мұсылман әлемі өз назарларын осындай дағдарыстан шығудың жолын іздегенде түркілердің атты әскері шығатын Шығысқа аударды. Моңғолдар Иранды басып алуды бастаған кезде де жергілікті халық олардың түркілер екендігіне шүбәсіз сенді. Мұсылман әлемінде де моңғол әскерінің басым бөлігінің түркілер құрайтыны жайлы мына бір деректе «1220 жылы осы кітапты жанастанырып жатқанда түркі-татарлар келді. Олар Иракка (Парсы) дейін кірді және сансыз көп адам өлтірілді. Олардың жетекшісі сикыршылық өнері бар деп айтады. Олар сикырмен суды мұзға айналдырады. Адамдарға тасқын мен дауыл жібере алады дейді. Бұл түркілердің кіруінің шеті мен шегі көрінбейді» деп, моңғол-татар шапқыншыларын түркілер тасқыны ретінде қабылдады. Тіпті селжүктер дәуірі қарсаңындағы шығыстан келетін исламда құтқарушылар дәрежесінде көріп «біздің пайғамбар Мұхаммед (ғ.с.) олардың шабуылы жайлы алдын ала білген сияқты, ал-Бакаби бұл туралы «Шерх ас-сунна» атты кітабында келтірген» деп баяндады. Әрине, моңғол-түркі қозғалысына қатысушылар түгелге дерлік түркілер болды деуден аулақпыз. Дегенмен әскер мен әскербасылардың денін солардың құрағаны белгілі. Тіпті империяның бүкіл басқару жүйесі, әкімшілік құрылым түгелге дерлік түркілік болды. Цзиньге шапқыншылығына дейін әкімшілік органдардың дамымағанын Шыңғыс ханның өзі мойындайды. Ол ұлдары мен бауырларына: «Әртүрлі заңдарды үйреніңіздер, салыстырыңыздар, соларға теңелуге тырысыңыздар. Әртүрлі іске тәжірибелі ғалым адамдар керек. Елдің заңын білетін адам көп адамнан биік болады», – деп ақыл айтты. Сондықтан да Шыңғыс хан көрші елдердің тәжірибесіне көп назар аударды. Бұл мәселеде моңғолдар бірінші кезекте бұрын өз мемлекеттері болған найман, керей, ұйғыр сияқты көрші түркі халықтары тәжірибелеріне көбірек мүдделі болды.

Шыңғыс ханның алғашқы жаулап алу нысаны өздерінің дәстүрлі көршілері чжурчженьдер болды. В. Трепавловтың айтуынша бұған чжурчжень империясы мен көршілік немесе солардың

тарапынан болуы ықтимал қауіп, Цзинь империясы тарапынан шапқыншылық қауіп дайын сылтау болды. Шыңғыс ханға чжурч-женьдерге қарсы тұрарлық күш керек болды. Бұл күш Оңтүстік Сібір мен Шығыс Түркістанның түркі халықтары еді. Бұрын осы жерлерде салтанат құрған қағанатты қайта қалпына келтіру идеясы оларды біріктіре түсті. Моңғол империясының жоғарғы билік доктринасы да көне түрік концепциясы базасында қалыптасты. *Біріншіден*, «қаған» түркілік титулы орнады, *екіншіден*, қағанның мемлекеттегі және әлемдегі рөлін, функциясын және орнын моңғолдар тура алдындағылар түрік империясын құрушылармен түсіндірді. *Үшіншіден*, бұл идеологиялық дәстүрлер көне түркі дәстүрлеріне ұқсас сарай дәстүрлерімен толықтырылды. В. Бартольдтың айтуынша, моңғолдарға түріктер, әрине, басқа ұлт өкілдеріне қарағанда жақын болды. Түркілер моңғолдармен ортақтаса екі функцияны атқарды, әскери күштерді біріктіру және басқару механизмін құру. Елді темір, бидаймен қамтамасыз ету үшін Енисей аңғары маңындағы түркілерді қосып алудың маңызы аса зор болды. Ал 1208 жылы Жошы Алтай түркілерін бағындырды. Ертiс маңы қырғыз-қимақтарын да жаулап алып, біріктірді. Бұл бірігу бірден бола салған жоқ, бұл процесс скифтер дәуірінен бастау алған ұзақ үрдіс болды. Екі халықтың жақындасып бірігуіне тіл, мәдениет, туыстық жақындықтар да әсер етпей қоймады.

Бірінші хан Шыңғыс ханды түркі-моңғол дінбасылары аспан ұлы деп жариялады [ә қосымшасы, 6-суретке қараңыз]. Бұл көне түркілерге тән дәстүр еді. Мемлекет шығыс және батыс болып екіге бөлінеді. Батыс бөліктің билеушісі шығыс билеушісіне бағынды (Жошы Шыңғыс ханға, Шағатай Үгедейге бағынды). Батыс билеушісінің қызметі елді, әскерді басқару және оның таққа құқы болмады. Қос билеуші туысқан болды. Бұл дәстүр Үгедей өлгенге дейін, яғни, 1241 жылға дейін он екі жыл бойы сақталды. Бұл жүйе көне түркі, қарахан, жужан қағанаттарында болды. Мемлекетті екіге бөлу, оның бір-біріне бағыныштылығы ұзақ уақыт сақталды. Ал-Омари Хулагу өмір бойы тәуелсіз хан емес, Мөңке ханның орынбасары ретінде басқарды. Тақты мұраға қалдыру ұлыстарда заңды түрде бекітілмеді. Хан шынайы түрде немесе формальды түрде құрылтайда сайланды. XIII-XIV ғасырларда моңғол мемлекеттік

формаларына түркілердің рөлі аса зор болды. Әкімшілік жүйеде ұйғыр түркі қағанатының формалары көшіріліп алынды.

Шыңғыс хан империясының негізгі тіректерінің біріне айналған халықтарды өзіне қосып алуы моңғолдардың мұсылман әлеміне жорығын табысты еткені сөзсіз. Осындай халықтардың бірі – моңғолдардың көршілері наймандар Шығыс Қазақстаннан таулы Алтайға дейін, Солтүстік Батыс Моңғолияда, Селенгі, Орхон бойынан Тарбағатайға дейін жайлады. Керейлер Солтүстік Моңғолияны, Толы, Орхон өзендерін жайлады. Ұйғырлар олардың оңтүстігінде Шығыс Түркістанда Тұрфан князьдығында өмір сүрді. Оңтүстік Моңғолияда Қытайға жақын оңғұттар тұрды. Олар Цзинь империясының қызмет етіп, империя шекарасын көшпелілер шабуылынан қорғады. Бұл түркі тайпалары негізінен мал шаруашылығымен айналысты. XII ғасырда Орта Азия көшпелілерінің күшінің артуы олардың найман, керей, оңғұттардың ерте феодалдық мемлекеттік құрылым ұлыстардың құрылуына алып келді. Басында бұл тайпалардың арасында жаугершілік соғыстар болса, кейін көршілердің арасында өзара түсінік пен бейбітшілік орын алды.

С.М. Сыздықовтың айтуынша, моңғол шапқыншылығы қарсаңында мемлекеттілігі қалыптасып келе жатқан қарлық иеліктері моңғолдармен бірге басқа елдерді жаулап алуларға қатысып, жан-жаққа таралып кетті. Қарлықтар негізінен моңғолдарға соғыссыз бағынып, моңғолдардың жат жерлерді бағындырып, билеуінде әскер және әкімшілік күштерге айналды. Қазіргі қазақ халқының негізін құрайтын ірі тайпалық бірлестіктердің бірі – қоңыраттар мен жалайырлар да әу бастан-ақ өздерін Ұлы Қағанға бағынышты санады.

Осылайша, моңғол империясы көрші түркі халықтарын өздеріне қосып алып әскер санын молайтты. Рашид ад-диннің айтуынша Мелікшах басқарған Шыңғыс хан армиясы Хорасанда соғысқанда олардың құрамында ұйғырлар, түркімендер, қашғарлықтар болғанын жазды. Юань қайнар көздері қарлұқтардың моңғол шапқыншылығына үлкен үлес қосқанын жазды. Синь Юаньши, Юаньшиде Паха, Қаратай, Мірхожа, Яған-тегін, Темейчи, Тахай, Шәді, Дишман, Майшу сияқты көптеген қарлұқтардың белсенді көрнекті басшыларының өмірбаяндары келтірілген. Осы қайнар көздердегі Мұхаммед, Дишман, Әли, Садаллах, Мәлік қожа есімдері олардың мұсылман екенін көрсетіп тұр.

Шыңғыс хан жорығының бас айналдырар табыстарға жетуіне, біздіңше, моңғол-түркі жауынгерлерінің олардың дүниетанымымен байланысты берік рух пен діншілдіктері себеп болған сияқты. Көрнекті орыс философ-тарихшысы Н. Трубецкойдың дұрыс байқағанындай: «.....Шыңғыс хан мемлекетінің тағы бір маңызды ерекшелігі ол осы мемлекеттегі дін жағдайына байланысты. Терең діни сенімге ие бола отырып, өзінің жеке басын Жаратушымен байланыстыра отырып, Ұлы Хан бұл қасиетті өзіне бағынышты тобырдан да көргісі келді. Өз борышын қорқынышсыз, бұлжытпай орындау үшін жауынгер сенімді түрде теориялық жағынан емес, интуитивті түрде жан-тәнімен тағдырының әлемдегі басқа да адамдардың тағдыры сияқты жеке адамның қолында емес, мәңгі биік, талқылауға келмейтін Құдай қолында екендігіне сену аса маңызды болды. Тәртіпті жауынгер өз бастығына сөзсіз бағынады. Бірақ ол өзіне деген құрметті де аяқ асты етпейді. Ол іс жүзінде материалды, дүнияуи байлық пен жалған намысқа бас ұратын құлдық психологиядан ада еді. Шыңғыс хан да өз қағандығындағы осындай шынайы діншіл жауынгерлерін бағалай білді», – деп түйіндейді. Біздіңше, моңғол-түркілердің дүниетанымына бұдан артық баға беруге болмас. Дәл осы діншілдік олардың ислам әлеміндегі саяси жеңістеріне себепші болды. Дегенмен Н. Трубецкой қалай болғанда да моңғол-түркілердің қандай нанымда болғандығын айтпай, мәселені ашық қалдырады. «...Ол өз бағыныштыларына догматикалық, дәстүрлермен шектейтін қандай да бір дінді күштеп таңбады. Міне, сондықтан да оның мемлекетінде ресми дін болмады. Ал өзі қарапайым дін – шамандықты ұстанып, соған сенді». Оның қарапайым сенім деп аса назар аудармай отырған осы «шамандық» нанымы олардың империясында басқа әлемдік діндермен қақтығысқа келмей, керісінше, қатар дамуына септігін тигізді. Басқаша айтқанда, олардың тәңірі сенімі басқа әлемдік діндердің қатар орналастыра алатын терең де, мықты іргетас болды. Моңғол-түркілердің наным сенімдері де бір болды. Моңғолдар мен түркілердің діни көзқарастары ортақ аталары кезінде-ақ пайда болды. Көне түркілердің өздерінің мәдениетін, дінін мемлекеттік ретінде шеткі аймақтарға таратуы да өз әсерін тигізбей қоймады.

Моңғолдардың негізгі табыну объектісі – Аспан – табиғат күшінің жоғарғы өкілі, Ұлы құдай, өмір көзі. Тәңірі-Аспан кейде жерге таңдаулы бір нәрсе жібереді, ұлы бір іс істейді. Моңғолдардың сенімінше, аспан адамның барлық іс-әрекетін көріп, бақылап отырушы және адам еш уақытта осы бақылаудан тыс қалып, өзінің теріс әрекеттері үшін болатын әділ соттан құтыла алмайды.

Осылайша, Тәңірі-Аспан түркі-моңғолдарда негізгі сенім нысаны болып қала береді. Моңғолдарда аспан – барлық құдайлардан жоғары және қосымша құдайлар оның еркінің құралы, өз мақсатына пайдаланатын күші болып табылды. Мұны ислам дініндегі періштелер мен Алла тағала ұғымдарының арақатынасымен салыстыруға болады. Б. Банзаров «мұсылмандар моңғолдардың тәңірі олардың Алласына ұқсас деп қате ойлайды» дейді. Ал ол өз еңбегінің тағы бір жерінде «Азия мен Еуропаның көне халықтарының мифологиялық жүйесімен салыстырсақ, онда қара сенімнің басқалармен керемет ұқсастығын байқар едік, бірақ бұл ұқсастықтар халықтардың жақындауынан пайда болған жоқ, бұл ұқсастықтар кездейсоқтық» деп өзінің алдыңғы ойына өзі қарсы шығады да керісінше, «түркілер арасында дін таратудан, басқаларға қарағанда мұсылмандар үлкен жетістікке жетті» деп мойындайды. Моңғолдардың будда дініне қатысы жайына келсек, олар бұл дінді жаппай түрде Қытайда өздерінің Юань мемлекетін құрғанда ғана қабылдады. XVI ғасырдың 60-жылдарында Хутухтай Сецен Хунтайшы лхасаның түбіне келіп тибет билеушілеріне өздеріне бағынуын талап етіп, сонда олардың діндерін қабылдайтынын мәлімдеді.

Тәңірі (аспан) сөзін Шыңғыс хан грамоталарында Ұлы құдай, халықтар мен олардың билеушілердің тағдыры сұралатын құдірет түрінде кездестіреміз. Моңғолдар өз грамоталарын әрқашан «мәңгі аспан күшімен» деп бастады. Бұл дәстүр мұсылмандардың әртүрлі жазба материалдарын «мейірімді де рахымды Алла атымен бастаймын» деген исламдық дәстүрмен бастауымен сабақтас екенін көреміз.

Шыңғыс хан мен оның әулетінің тәңірдің қалауымен келген билігінің ресми бекітілуі, мұсылман елдерінде құран аяттарымен ұқсастықты шебер пайдалану нәтижесінде одан әрі бекітіле түсті. Мысалы, Хулагу хан (1259-1260) кезінде шыққан ильхан

мемлекеті монеталарында бұл былайша көрініс тапты. Монета ортасында бес жолды куфийлік жазу орналасып, онда Мөңке хан мен Хулагу ханның аты келтірілді.

Монетаның ішкі және сыртқы шеңберінде концентрикалық Куфий жазуы – құран аяты жазылды: – Айт, О Алла! Сен патшалықты кімге қисаң соған бересің, кімді қаласаң соны бай қыласың. Кімді қаласаң соны кедей қыласың. Барлық жақсылық сенің қолыңда.

Түркі-моңғолдардың христиандығы В. Бартольдтың дұрыс айтуынша жаңа жерлер үшін соғыстарда мұсылмандар армиясына қарсы пайдаланатын құрал еді. Бұл әсіресе Джузданидің «Табаката-насири» атты еңбегінде келтірілгендей, Күйік хан (1246-1248) кезінде жемісті жүргізілген саясат еді.

Тарихи деректерден түркі-моңғолдардың қандай да бір жорыққа аттанбас бұрын мұқият дайындалып, жоспар құрып, жаулап алынатын елдің дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін тыңғылықты зерттейтінін көреміз. Осы зерттеулер нәтижесінде жаулап алатын елдерге қарсы, ең алдымен сол халықтармен дәстүрлес, тамырлас бағыныштыларын жіберіп отырды. Мысалы, Хулагу хан Беркемен жанжалдан соң онымен соғысуға берік бел буып, өзінің иелігіндегі қыпшақтарды Берке қыпшақтарына қарсы пайдаланбақшы болып шешеді де, өзіне қызмет істейтін қыпшақ Жалал-ад-диннің қызметін көтеріп, оны осында мекендейтін бірнеше мың тайпаластарын Беркеге қарсы ұйымдастыруға аттандырады.

XIII ғасырдың 50-жылдарында түркі-моңғолдар Месопотамия мен Сирияны алу үшін Кіші Азияға жаңа жорыққа дайындалып жатты. Осыған байланысты моңғол хандары болатын жорықтың табысты болуы үшін Таяу Шығыстағы елдерге өз ықпалдарын күшейтуге тырысты. Осы мақсатпен армян (киликя) патшасы Хетум ордаға шақырылды. 1254 жылы ол Қарақорымға келді. Тарихшы Хетум бұл жайлы: «Армян патшасы Хетум, біріншіден, Ұлы Қағаннан бүкіл халық пен императордың шоқынғанын сұрады. Бұдан соң христиандар мен татарлардың мәңгі берік достығын бекітуді қалады. Татарлар басып алған елдердегі христиандардың барлығын, шіркеулер мен дін қызметкерлерін салықтан босатылуын, Мөңке ханның сарациндердің (селжүктердің – Ж.Ж.) қолынан қасиетті жерді қайта алып христиандарға беруін сұрады. Рум сұлтанатындағы

татарларға Бағдад қаласын және Мұхаммедтің «өтірік дінін» қорғаушы халифты жоюға бұйрық беруін өтінді. Армян патшалығына жақын орналасқан моңғолдардың егер көмек керек болса, көмектесуін сұрады. Жетінші талап сарациндер тартып алған армян жерлері қайтадан қайтарылуы және армян патшасы жаулап ала алатын жерлеріне татарлар тарапынан қарсылық болмауы туралы болды. Тарихшы Хетум өз шығармасының келесі XVIII тарауында Мөңке ханның армян патшасына жауабын айтады. «Мөңке хан, – дейді ол, – армян патшасының өтініштерін тыңдаған соң өзінің барлық шонжарларын шақырып алып, олардың көзінше былай деді: армян патшасы ұзақ жол жүріп келгендіктен, маған оның өтініштерін орындауыма тура келеді. Біз, император, христиан дінін қабылдап шоқынамыз және бағыныштыларымызды да христиан болу үшін шоқындырамыз. Бірақ бұл шын ниетпен болғанын қалаймыз, өйткені дін зорлықпен болмайды деп ойлаймыз. Христиандар мен татарлар достығы туралы өтінішіңізге де келісеміз. Егер христиандар дос болса, біз де доспыз. Барлық шіркеу салықтың барлық түрінен босатылуын да қолдаймыз. Ал Қасиетті жер туралы айтсақ, біздің көп жұмысымыз бар, сондықтан да бұл міндетті біздің бауырымыз Хулагу атқарады. Біз Байджу мен Румдағы басқа да татарлар Бағдадты алуға көмектессін, халифты жойсын деп бұйрық береміз, жерлерді қайтару туралы татарлардың көмегін сұрауыңызға да әбден қосыламыз. Өтінішіңізді Хулагуға бекітеміз, ол сарациндерден жерді алып сенің жеріңді, қамалдарыңды өзіне қайтарады», – деді. Келесі тарауда Хетум: «Мөңке армян патшасының өтініштерін орындап, армян патшасының кеңесшісі болған епископ сол сәтте-ақ Мөңкені шоқындырған соң, оның туысқандары да шоқынды», – деп жазады. XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс Еуропа мемлекеттері моңғол шапқыншылығының алдында, крест жорықтарының соңғы жаңғырықтары кезінде моңғол жорықтары, олардың христиан екендіктері жайлы сыбыстар тарағанда Папа IV Инокентий, IX Людовик және басқа да христиан әлемінің тұлғалары татар қолбасшылары мен Ұлы хандарына бірнеше елшіліктер жіберді. Елшіліктердің мақсаты татарлар тарапынан Батысқа қауіп бар ма, олардың арасына христиан дінін таратуға және оларды Мысыр сұлтанына қарсы пайдалануға болады ма деген тапсыр-

маларды орындау болды. Бірақ 1245 жылғы Пано Карпинидің, Андрейдің 1249 жылғы Күйік ханға, Асцелинаның 1247 жылғы Бату ханға, Рубруктың 1253-1255 жылдардағы Мөңке ханға елшіліктері күткендегідей нәтиже бермеді. Армян тарихшысы Г.Г. Микаэлянның айтуынша, егер Хетум патша Мөңкені шоқындыруға көндірсе, Рубрук бұл туралы білетін еді. Өйткені ол Киликия арқылы өткенде Хетум патшаның әкесі Константинмен патша мен хан арасындағы дипломатиялық келіссөздер жайлы сөйлескен. Бірақ ханның шоқынғаны жайлы маңызды оқиға туралы тіс жарып ешнәрсе айтпайды. Хулагу ханның Алеппо мен Иерусалимді жаулап алу туралы бұрыннан-ақ жоспары болды. Алайда, тарихшының әділ пайымдауынша, бұл жорықтың мақсаты христиандар мүдделері емес, Кіші Азиядағы бай елдер мен сауда жолдарына ие болу еді. Жалпы, ильхан билеушілерінің қайсысы болса да өз иелігінде діни тепе-теңдікті сақтап отырды (Қазанға дейін). Бұл империяның негізін салушы Шыңғыс хан кезінде орнатқан қатаң позицияның жемісі еді. Шыңғыс хан үнемі «барлық төрт пайғамбарды (Будда, Мұса, Иса, Мұхаммед) құрметтеймін және сыйлаймын. Осылардың қайсысының шын екенін айтыңдаршы, сол маған жақын болсын» деп барлық дінге бірдей көзқарас ұстану үрдісі оның ұрпақтары кезінде де ұзақ уақыт сақталып қалды. Ильхандар өз ата-баба сенімі Тәңірі дінінде қала отырып, өздерінің саяси мүдделеріне орай сырттай христиан дініне кіргенмен, бәрібір ұзақ уақыт бойы өздерінің дәстүрлі сенімдерінен ажырамады. Тарихшы Вассафтың айтуынша христиан дініне бүйрегі бұрды деген Хулагу хан 1267 жылы қайтыс болғанда оның қабіріне әртүрлі заттар, қымбат бұйымдармен бірге мерекелі киінген әдемі қыздарды көмді. Кейбір Хулагу монеталарында аң-құс: құстар, барыс, қоян, ат, ит бейнелері кездеседі. Табризде басылған Арғын хан теңгесінде қанатын жайған құс және оның артына шуағын шашқан күн бейнеленген. Аң, құс мотиві арқылы түркілік он екі ай циклін белгілеген. Мұндай теңгелерде хиджра белгіленбейді. Рашид ад-дин шығармаларында да хиджра жылымен қатар түркілік жылдар аты да берілгені ескі сенімнің өміршеңдігін көрсетсе керек.

Қазанның исламды қабылдап, Иранда реформалар жүргізгеннен кейінгі басылған монеталардың бет жағында алты жол

жазу болды. Үшінші жол жазу араб тілінде Қазан Махмұд деп жазылған, ал қалған бес жол жазу ұйғыр алфавитімен «Тангриун (Кучундур) газану (делеткейлук)», яғни «Тәңірдің күшімен Қазан бастырды». Ал монетаның келесі жағында «Ля иллаха иллала» деген ислам сенім белгісі жазылған. Қазан қайтыс болған соң да таққа отырған Олжайту сұлтан кезінде ислам күшейе түсті. Сонда да «тәңірінің күшімен» бастырылған теңгелер басыла берді. Қазан хан реформасынан соң монеталар Ұлы хандар атынан емес сол кездегі грамоталарда «монгетангриун Кучундур» – «мәңгі тәңір күшімен» сөзімен басталады. Бұл Алланы жалғыз Жаратушы деп танитын ислам қағидасымен ұқсастықтың, моңғолдардың исламды қабылдауына негіз болған ортақ негізгі ұқсастық еді.

Техран музейінде сақталған Аргұн және Абу Саиид ильхандар жарлықтарының үзінділерінің арасынан табылған фрагментте:

*Monke tngri-yin kucun-dur
Muhammad baiyambar-un imad-tur
yeke su yari-yin igegen-dur*

Мәңгі тәңірі күшімен
Мұхаммед пайғамбар көмегімен
ұлы береке жалынының қолдауымен.

1206 жылы құрылтайда «Ұлы Яса» жарияланып, бекітілді. Осы Ясада біз моңғол-түркілердің салт-дәстүрінен, ислам шариғатымен ортақ тыйымдарды кездестіруге болады. Бұл Яса бойынша зинақорлар, сиқыршылар, өтірік куәлар өлім жазасына кесілді. Діндер арасына іріткі салуға тыйым салынды. Сондай-ақ дінге сенушілерге айрықша жағдай жасалды. Мұсылмандар, елшілер, ғалымдар, құран оқушылар, қазилар салықтан босатылды. Өлтірілген адам үшін құн төлеуге болады деп қабылданды, әрбір өлтірілген мұсылман үшін қырық алтын ақша, қытай үшін бір есек жеткілікті болды. Сонымен бірге Ұлы Яса арақ пен шарапқа қарсы болды: арақ пен шараптан ақыл мен өнерге еш пайда жоқ. Арақ ішкен адамда жақсы қасиет пен әдет қалмайды. Арақ пен шарап ішкен билеуші ұлы істер мен ұлы ойларын іске асырмайды. Егер қарапайым адам арақ ішсе, онда

ол бүкіл қолында барын, дүниесін ішеді деп, «расында олар оны айырбастап алғанға (Алланың Кітабының орнына сиқыр үйренгенге) ақиретте несібе жоқтығын білді. Егер олар иман келтіріп (сиқырдан) сақтанса, әрине, Алла жағынан қайырлы сауап болар еді» немесе «әй мүміндер! Арақ, құмар, тігілген тастар (бұттар) және бал ашу, шайтанның істерінен. Негізінен шайтан, арақта, құмарда араларыңа дұшпандық әрі кек салып Алланы еске алудан және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыздар ма?», «Зинашы әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғындар, егер Аллаға, ақирет күніне сенсеңдер оларға жұмсақтықтарың ұстамасын»^{*} деген Құран Кәрімнің қасиетті аяттарымен өз үндестігін тауып жатты.

Осылайша, XIII ғасырдағы Иран жерін жаулап алушы Орталық Азия түркі-моңғол тайпаларының діни наным-сенімдері бір болды. Батысқа жорық кезінде Ұлы хан батысқа христиан дінімен жақынырақ таныс (найман, керей, ұйғыр) түркі халықтарын көбірек жіберді. Бірақ бұл халықтар христиан дінімен таныстығы жоғарғы ақсүйектік деңгейде ғана болды. Түркі-моңғолдардың көп бөлігі, тіпті сол ақсүйектердің өзі христиан дінін тек саяси қажеттілік кезінде ғана көтеріп, ал негізінен өздерінің көне түркілік Тәңірге табынуды жалғастыра берді. Бұл діннің ислам дінімен синкретикалық байланысы түркі-моңғолдардың жаңа дінді қабылдауына алғышарттар жасады. Моңғолдардың өздерінің алдындағы селжүк-түркілерінен бұл мәселедегі айырмашылығы, соңғыларының көпшілігі исламды жаңа жерлерге келген соң біршама уақыт өткенде қабылдады. Олар исламды қабылдамай тұрып, барлық діндер арасында тепе-теңдік қалып ұстанды да, өздерінің көне наным-сенімдерін де қатар қолданды. Олардың батыстағы мұсылман иеліктеріне үздіксіз жорықтары барысында Батыс Еуропа христиан елдерімен одақтастықтарға ұмтылуында ешқандай да діни негіз жоқ. Бұған дәлел Қазан ханның исламды қабылдауынан соң да батыстағы ислам иеліктеріне әскери жорығының жалғасуы еді.

Осылайша, Иранды жаулап алып, билеуші моңғол-түркілер өздерінің этникалық, шаруашылық-мәдени, дүниетанымдық тұр-

^{*} Құран: Майда сүресі, 90, 91-аяттар.

^{*} Құран: Нұр сүресі, 2-аят.

ғысынан жақын халықтардың одағы болды. Бұл жақындық олардың өздерінің дәстүрлі шекараларынан тыс аймақтарда әскери-саяси табыстарға жетуіне кепілдік берді. Баса назар аударып айта кететін жай – олардың ортақ ата-бабалары кезінде қалыптасқан наным-сенім, әсіресе тәңірі сенімінің ортақтығы. Олар сенім алалығының империяның тұрақтылығына тигізер әсерін терең түсіне білді. Егер деректерде моңғол билеушілерінің жанұяларының жекелеген тұлғаларының исламға дейін басқа діндерге мойын бұрғандары келтірілген болса, бұл бүкіл моңғолдар осы дінге кірді деген сөз емес. Бұл билеуші жанұясы төңірегінде орын алған үрдіс қана еді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Шыңғыс ханның басқа аймақтарға жорығы мақсатты болды. Көне түркі империясын қайта қалпына келтіру, халықаралық сауда жолдарына бақылау орнату осы мақсаттардың негізгілері болды. Шыңғыс хан әу бастан-ақ әскери жорықтарының жемісті болуы үшін қолдағы бар мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана білді. Жаулап алулар барысындағы қиратулар мен қырып-жоюлар ортағасырлық тарихтағы кез келген соғыста болмай қоймайтын ауыр зардаптары екендігі де шындық. Шыңғыс ханның Орта Азияны жаулап алулары кезіндегі ұрыс қимылдарының ауыр зардаптары түсінікті де, түркілердің көне қарсыласы Иран мен парсы-тәжіктік мәдениет сонау Афрасиаб тұсынан бері талай мәрте түркілердің шабуылдарын бастан кешсе де дәстүрлі Иран-Тұран шекарасы болып табылатын Әмудариядан әрі өтіп, енді жалдамалы түркілерді өздеріне одақтас ете, түркілер еліне ішкерілей ене бастады.

Түркі-моңғол шапқыншылығының алдында түркі, ең алдымен қыпшақ элементтері Орта Азияға енуі күшейді. Бұл хорезмшах армиясындағы қыпшақ контингенттері еді. Хорезмшах Мұхаммедтің шешесі Теркен қатын өзінің төңірегіне оғыз-қыпшақ аристократиясынан шыққан баяут немесе урани тайпасының қыпшақтарын топтастыра бастады. Бұл Хорезмнің түркіленуінің күшейе түсуіне көп әсер етті. XII ғасыр ортасы мен XIII ғасыр басында шығыстан қара қытай, қарлық, т.б. сияқты Ертіс маңайы мен Жетісудан түркілер ағыны кіре бастаған болатын. Олардың көбі Хорезмшах әскерінде қызмет етті. Орта Азияда XII ғасырдың өзінде-ақ түркі тілі тәжік тілімен бірдей дәрежеде қолданылды. Осы орайда жаңа жерлерге келген түр-

кілер өздерінің түркілік тегінен алшақтап, отырықшы мәдениетті бойларына сіңіруі – заңды құбылыс. Олар өздерінің түркілік тегін сақтай білгенімен, бәрібір көне түркілік рухтың бірден-бір мұрагерлері, Орталық Азиядан келуші моңғол-түркілерге қарағанда, парсы-соғдылық мәдениеттің элементтерін бойларына сіңіріп үлгеріп, отырықшы дәстүр мен төл дәстүрдің синтезін қалыптастырып, өзгеріске ұшырай бастаған болатын.

Көне түркі империясының даңқын қайта тірілтуді мақсат еткен Шыңғыс хан Орта Азиялық Махмуд Хорезм, әли Қожа Бұхари, Юсуф Отырари сияқты саудагер мұсылмандарын Хорезмшах Мұхаммедке бағалы сыйлықтар мен хат беріп елші ретінде аттандырады. Ол хатта өзінің Солтүстік Қытайды (Цинь) және түріктер елін жаулап алғаны туралы жазып, сауда жолдарының қауіпсіздігіне кепіл беретін келісім ұсынады. Шыңғыс хан Хорезмшахты «өзінің қымбатты ұлдарының бірі» деп санайтынын білдіреді. Бұл бейбіт келісімге Хорезмшах келісімін береді. Елшілер оралған соң Шыңғыс хан Орта Азияға сауда керуендерін жіберді. Бұл керуен Отырарға жеткенде тоналып, керуен мүшелері түгелге жуық өлтірілді. Тек бір адам ғана қашып құтылып, Шыңғыс ханға келіп болған жайды баяндайды.

Ортағасырлық тарихшылардың кейбірі Отырардың билеушісі Қайыр хан Иналшықтың бұл әрекетіне саудагерлердің тыңшылықпен айналысты деп кінәлауы себеп болды десе, кейбір тарихшылар мұны көпестердің бірінің оған құрмет көрсетпеуінен түсіндіреді. Қалай болса да Отырар билеушісінің бұл жағдайда асығыс әрекет жасағанын көреміз. Несевидің жазуынша, Шыңғыс хан Мұхаммед Хорезмшахқа Қайыр ханды беру туралы өтініш жасады, егер өтініші орындалса, соғыспайтынын мәлімдеді. Ал Хорезмшах оған Инал ханды (Қайыр хан) әскерінің негізгі құрамы оның адамдарынан тұруы себепті жібере алмады. Сонда «Шыңғыс хан қайғының жалынымен төбе басына жалғыз барып, мойнына белдік салып, басын жалаңбас ұстап, бетін жерге басты. Үш күн бойы ол тәңірге табынып жылады. Тәңірге: – О! Ұлы Тәңірі! О, тазиктер мен түркілердің жаратушысы! Мен бұл сұмдықтың қоздырушысы, лаңның себепкері болғаным жоқ, маған кек қайтаруға күш-қуат бер! – деп жалбарынды. Отырардың Хорезмшах қойған билеушісі

Инал ханның Шыңғыс хан әскеріне қарсы тұруы қазіргі тарих тұрғысынан түсінікті. Ол өз міндеті мен жауапкершілігін лайықты атқарды. Ол үшін Шыңғыс хан әскері сырттан келген жаулап алушылар еді. Ал жаулап алушыларға қарсы соғысу жергілікті билеушілерге жалданған жалдамалы әскерилер үшін міндет болды. Ал Отырарды қырғыннан алып қалуда бірден-бір билеуші ретінде Хорезмшахтың дұрыс шешім қабылдауының маңызы ерекше болар еді.

Сауда жолдарының дені өтетін ислам елдерін жаулап алуды өз жоспарына кіргізген Шыңғыс хан үшін мұсылман билеушілерінің бұл саяси көрегенсіздіктері ыңғайлы саяси ахуал қалыптастырды. Шыңғыс хан әуелі өзінің көршілестерін, содан соң мұсылман иеліктерін жаулап алу жоспарын іске асыра бастады. Моңғолдардың табысты жорығына жаулап алынушы аймақтардағы саяси-әлеуметтік жағдай да шешуші рөл атқарды. Әсіресе мұсылман дүниесіндегі ислам мұраттарының билеушілер тарапынан аяққа тапталып, дін жолынан алыстаулары мен осының нәтижесінде бұқара халықтың наразылығына ұшырауы моңғол-түркілердің жорығына көп септігін тигізді.

Шыңғыс ханның көрші түркі тайпаларындағы ең ірі қарсыласы наймандардың билеушісі Күшлік хан еді. Ал Күшлік ханның жағдайы бұл кезде нығайып, енді ол қара қытайлармен шекаралас жерлерді қолына қарата бастаған еді. Күшлік хан өзінің әйелінің (гурханның қызы) ықпалымен бұрынғы христиан дінін өзгертіп, будда дініне кірді және бұдан соң қол астындағы басқа діндегілерді буддизмге күштеп енгізіп кудалады. Әсіресе Қашқар мен Хотандағы мұсылмандар қатты зардап шекті. Күшлік хан мұнда құран, намаз оқуға, азанға, мұсылман киіміне, медреселерге тыйым салды. Мұсылмандар қара қытай киімі мен бас киімін киіп жүруге тиіс болды. Бұдан соң Күшлік хан өз иелігінде ислам дініне тағы бір соққы бергісі келді де «сенімдеріне ақау келтіру» үшін мұсылман дінбасыларын жинады. Үш мыңға тарта көрнекті мұсылман имамдары, аскеттер, факихтар жиналып, ислам дінінің ақиқаттығын дәлелдемекші болды. Алғашқыда ешкім Күшлік ханға қарсы шыға алмады. Сонда бір белгілі имам шейх Ала-ад-дин Мұхаммед ал-Хотани орнынан көтеріліп Күшлік ханға жақындап келіп қорықпай, оның дәлелдерін жоққа шығарды. Жанжал шиеленісіп Күшлік хан Мұхаммед пайғамбарды масқа-

ралады. Шейх шыдай алмай: – Аузыңа күл толсын, О! Сенімнің жауы, Күшлік хан! – деп айқайлады. Шейх Ала-ад-дин Күшлік ханның бұйрығымен зынданға тасталып, бірнеше күн ас-сусыз қалды. Шейхтен кешірім сұрау ала алмаған соң Күшлік хан ал-Хотаниді, шейхтің өзі салдырған медресе қақпасына байлап тастады. Әрине, құрметті шейхті осылай масқаралау арқылы мұсылмандардың ашу-ызасын тудырған билеушіге қарсы халық наразылығы орынды еді.

Рашид ад-дин: «Адамдар намазға тұрды, (және) күтпеген жерден жәбірлеушілердің намаздарының жебесі (оның) нысана-сына дәл қадалды және бұл жауыз, дінсіздің қуылуы, әлемді жаулап алушы әскердің әміршісі Шыңғыс хан арқылы іске асты, ол көптеген әскерімен батысқа жылжыды», – деп Шыңғыс Түркістан мұсылмандарын дінсіз билеушіден құтқарушы функциясын Шыңғыс ханның іске асырғанына назар аударады.

3. Буниятовтың айтуынша, Хорезмшах Мұхаммедтің көз алдында болып жатқан мұсылмандарды қорлауға жол беруі таңданыс туғызады. Ең таңданарлығы – будда дініндегі Күшлік ханнан мұсылман әлемін құтқарушы будда дініндегі моңғол Шыңғыс хан болғаны. Егер Шыңғыс хан армиясының жауынгерлерін будда дінінде деп алсақ, онда шынында да таңғаларлық жағдай болар еді. Ал түркі-моңғолдардың сол дәуірде тәңірі сенімінде болып будда дінімен тек XVI ғасырда ғана таныс болғанын ескерсек, онда бұған таңғалудың еш реті жоқ.

Орта Азияға жорық 1219 жылдың қыркүйегінде басталды. Әскердің бір бөлігін Шағатай мен Үгедейге беріп Шыңғыс хан оларды Отырарға жіберді. Үлкен ұлы Жошы Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерді жаулап алу үшін аттанды. Үшінші топты Алақ нойон бастап Сырдарияның жоғарғы сағасын жаулап алуға кетті.

Отырарды тек ұзақ уақыт қоршау мен қанды қырғыннан кейін бес айдан соң 1220 жылдың ақпанында алды. 1220 жылдың қысында Шыңғыс хан кіші ұлы Төлемен Отырардан Қызылқұм арқылы Бұхараға шабуылға шықты. Жолдағы Зернук, Нұр қалаларын жаулап алған Шыңғыс хан әскері 1220 жылы наурыздың басында Бұхара қабырғаларына таянды. Бұхара қарсылықсыз берілді. Дінбасылар мен қаланың бетке ұстарлары қаланың қақпасын ашып берді. Орталық мешітті моңғолдар

басып алды. Құран тізімдері мешіттің есігі алдына тасталды. Бұл тізімдер сақталған сандық моңғол аттарының жемі салынатын астауларға айналды. Имамдар, шейхтер, сейдтер, үлемдер, мүджтахидтер ат қорада ат күтушінің қызметін атқарды. Хорезмшах әскері мен түркі көшпелілерінің бір бөлігі ішкі цитадельге жасырынды. Шыңғыс хан оларға қарсы шабуылды жергілікті халықтан ұйымдастырды. Бұдан соң ол қаланы өртеуге бұйрық берді. Қала негізінен ағаштан салынғандықтан үлкен бөлігі бірнеше күн бойы жанды. Тек кірпіштен жасалған бірнеше үй мен мешіт қана жанбады. Цитадельге шабуыл жасалып, ол алынды. Түркі қаңлылар тек жеребе бойынша аман қалдырылды. Отыз мыңға тарта еркекті, көсемдері Барысмас хан, Сарсық хан, Ұлағ хан мен қоса тағы жиырмадан астам әмірлерін өлтіріп, әйелдер мен балаларды өздерімен бірге алып кетті.

Шыңғыс ханның мұсылман түркілерге айрықша озбырлығын тек олардың түркілік бірлікке тұсау жасағандықтарымен түсіндіруге болады. В. Трепавловтың айтуынша «түркі-моңғолдық бірлік» идеясы Мәуреннахрға келгенде жүрмеді. Моңғолдардың Орта Азияны жаулап алу оқиғаларына мұқият зер салсақ, Шыңғыс хан әскеріне қарсылықты бәрінен бұрын осы түркі сарбаздары көрсетеді. Көбінесе қаланың дарбазасын ашып берушілер – мұсылман дінбасылары. Ал Иран жеріндегі қалалардың қақпасын ашып беретін, тіпті моңғолдарды қошеметпен қарсы алатын түркілер моңғолдардың озбырлығын көрмеді десе де болады. Біздің пайымдауымызша, егер осы қалалардағы түркілер немесе Кавказдағы қыпшақтар әу баста-ақ моңғолдармен келісім жасап, одақтаса біліп, жалпы түркілік мақсатқа жұмыла білгенде киратулар мен қырып жоюлардың алдын алған болар еді. Шыңғыс хан орта азиялық қалаларды жаулап алу кезінде өзінің жорығының заңдылығын жергілікті билеушілердің басбұзарлығымен заңдастыруға тырысты. Ол Бұхараны алған кезде барлық қала халқын қала сыртындағы алаңқайға жиналуға бұйрық берді. Ол мұнда: О, Адамдар! Біліңіздер. Сендер үлкен қателік жасадыңдар, ал сендердің шонжарларың (бузург) күнәхарлар, мен Тәңірдің сендерге жіберген қарғысымын. Егер сендер (тарапынан) еш күнә жасалмағанда Ұлы әмірші (Тәңірі) сендердің бастарыңа мен сияқты қарғыс жібермеген болар еді деді.

Бұхараны алған соң Шыңғыс хан қолға түскен тұтқындар мен әскерін Самарқандқа жылжытты. Самарқандты қорғауға Сұлтан Махмұд Хорезмшах жүз он мың адам әскер жіберді. Оның алпыс мыңы сұлтанның сарайында ықпалды тұлғалар болған хандар басқарған түркілер еді. Ал қалған елу мыңы тәжіктер болатын. Бұдан басқа үлкен гарнизон мен қарулы қала халқы ұзақ қарсылық көрсете алар еді. Бірақ Самарқандта «күтпеген жерден» қала қазіімен шейх ул-ислам имамдарын ертіп Шыңғыс ханға келді де, өз бастары мен жақындарының амандығы үшін қала қақпасын ашуға келісті. Ал таң ата олар Намазгох қақпасын ашып (моңғол әскерінің) қалаға кіруіне мүмкіндік берді. Қала беріліп халқы қырғынға ұшырады. Қалған халық пен гарнизонды далаға қуып шығарды. Түркілерді тәжіктерден айырып, ондыққа, жүздікке бөлді. Түркі дәстүрі бойынша түркілерге шаштарын жинап өріп қоюға бұйрық берді. 1221 жылы түркі-моңғолдар Хорезмді қатты қарсылық көрсеткеніне қарамастан жаулап алып, халқын қырғынға ұшыратты.

Хорезмшах Ала'ад дин Мұхаммед талқандалып, хорезмшахтар мемлекеті құлаған соң Жебе нойон мен Субегетей бахадүр басқарған әскері Хорасан мен парсы Ирак арқылы өтіп, 1221 жылы қыста Әзірбайжанға кірді. Тебризге жақындаған кездің өзінде ондағы атабек өзбек күндіз-түні шарап ішіп, моңғолдармен соғысуға шамасы келмеді. Өзбек оларға Тебриздегі хорезмдіктерді ұстап бергенімен қоса ақша, киім беріп құтылды. Олар Тебризден Муган даласы арқылы Арранға, одан соң Грузияға келді. 1221 жылы жиырма мыңдық моңғол әскері Тифлис маңында өзіне қарсы шыққан грузин әскерін талқандады. Грузин патшасы IV Лаша Георгии моңғолдардан қауіптеніп көршілес билеушілерді көмекке шақырды. Жаулап алушылар бұл туралы біліп қойып шабуылға шықты. Атабек Өзбектің Аррандағы билеушісі Наср ад-дин Аққұш түркілер мен күрділерден тұратын өз әскерімен моңғолдар жағына шықты. Бұл соғыста моңғолдар жеңіске жетіп IV Георгии мен әскер қолбасшысы Мхаргдзели Иванэ қашып құтылды. Моңғолдар Марага, Ардебиль, Нахичеванды, Байлаканды алып, Грузияға үшінші мәрте шабуыл жасады. Моңғол армиясы грузиннің отыз мыңдық сарбазын қырды. Моңғолдар грузиндерді талқандаған соң Дербент өткелі арқылы Солтүстік Кавказға өтпекші болып Ширванға

жылжыды. Ширванға жылжып солтүстіктен келген елу мыңдық қыпшақтар әскерін, біріккен мұсылман, грузин, лезгин әскерінің талқандауынан соң 1222 жылы грузин әскері осы уақытқа дейін моңғолдар болған Байлакан қаласына бас салып, моңғолдардан да жаман қарақшылық жасады. 1225 жылы грузин әскері Әзірбайжанға қайта кіріп, қатты қарсылыққа ұшырап кейін қайтты. Олар енді жаңа жорыққа дайындалып жатқан кезде Хорезмшах Джалал ад-дин Манкбура келді де бүкіл Кавказды қол астына қаратты. Ол Тебризде бірнеше күн болған соң қалаға өз уәзірі Шараф ал-Мүлікті қалдырып, грузиндерге аттанды. 1225 жылы алпыс мыңдық Мхаргрдзели Иванэ армиясына қарсы Двин маңында Әзірбайжанға соғысқа дайындалып жатқан болатын. Джувейнидің айтуынша, атабек өзбектің билігі құлап, Джалал ад-дин сұлтан қолына өткенде грузин патшасы оның жерін жаулап алуды ойлады. Сұлтанды қуып Тебризді тартып алып, содан соң Бағдадқа шабуыл жасап халифтың орнына өздерінің католикосын (христиан дінбасы) отырғызып, мешітті шіркеуге айналдыруды армандады. Грузиндер сұлтан Джалал ад-динге «бізге сенің әкенді талқандаған татарлар шабуыл жасады. Олар сенің еліңді жаулап алды. Ал біз оларды тіпті елемейміз де» деді. Бірақ Джалал ад-дин Двинді алып грузин армиясын енді қайтып бас көтере алмайтындай етіп соққы берді. Жиырма мың грузин өліп көптеген әскер қолға түсті. Бұл жеңістен соң сұлтан әскері бүкіл Грузияны алып, елді қаңыратты.

Шыңғыс ханның өзі қатысқан соғыс бұдан әрі 1221-1222 жылдары Хорасан, Ауғанстан, Үнді өзендері жағалауында жүргізілді. 1222 жылы күзде Шыңғыс хан Самарқандқа қайта оралды. Ол Орта Азияда 1224 жылдың көктеміне дейін болды. Жазда Ертіс жағалауына кетіп, 1225 жылы Моңғолияға қайта оралды.

Орта Азияны моңғолдардың жаулап алуына көп көмектескен саудагерлер еді. Олар ақпаратшы, тыңшы, әскерді алып жүретін жолсеріктер қызметін де атқарды. Олар Шыңғыс ханның қолдауынсыз сауданың гүлденуі мүмкін емес деп ойлады. Олар тек моңғолдар билігі ғана Оралдан Тынық мұхитқа дейінгі территорияны бір билікке біріктіріп, керуен жолдарының қауіпсіздігін арттырып, сауданы дамытады деп түсінді. «Торихе могулда» Шыңғыс ханның кеңесшілері мен жансыздарының арасында мұсылман саудагерлері мен керуенбасылардың да көп

болғанын жазады. Шыңғыс хан әскері жаулап алған жерлеріндегі ұлы ғалымдар мен оқымыстыларға тимеді. Оларды аман есен дереу хан ордасына кеңесшілік қызметке жіберіп отырды.

Хорасанды түркі-моңғолдар 1220-1222 жылдары жаулап алды. Сол кезде Шыңғыс хан отыз мыңдық әскерін Жебе нойон мен Сүбедей Бахадүрді Хорезмшах Мұхаммедті қууға жіберген болатын. Бірақ олар оны таба алмай төрт ай бойы «батысты» шарлап қайтты. 1220-1222 жылдары моңғолдар Солтүстік Иран, Әзірбайжан, Шығыс Грузияны жаулап алды. Балх, Мерв, Херат, Тус, Нишапур, Сабзевар, Рей, Қазвин, Хамадан қалаларын жермен-жексен етті. Әзірбайжанда Марага, Ардебиль, Ширван, Байлакам, Шемаха қалаларын қиратты. Тебриз екі рет Шамсаддин Туграй басқарған қала әкімдерінің арқасында көп контрибуция беріп құтылды. Али Заденің айтуынша, Әзірбайжан мен оған шектес мемлекеттердің бытыраңқылығы моңғол шапқыншылығы кезінде де, Джалал ад-дин Манкбураның кезінде де етек алды. Елдің бытыраңқылығы, аймақтар мен қала халқы арасында етек алған жаулық пен антогонизм, феодалдар арасындағы діни қайшылық (мұсылмандар мен христиандар арасындағы) моңғолдардың елді тез жаулап алуына көмектесті.

Түркілер жорығының табысты болуына ұлттық фактор да үлкен рөл атқарады. Моңғол-түркілер өздерінің тегіне сүйене отырып, түркілік емес билеушілерге бағынған басқа қандастарын шеберлікпен пайдалана білді. Олар халқы өте көп Алан жұртына келгенде бұл жердің халқы қыпшақтармен бірігіп түркілермен соғысты. Бірақ екі жақ та жеңіске жетпеді. Сонда түркі-моңғолдар қыпшақтарға «біз де, сендер де бір тайпаданбыз, ал аландар бөтен халық. Біз сіздермен бір-бірімізге тиіспеу туралы келісім жасаймыз, біз сіздерге алтын да, киім кешек те береміз, тек сендер бізге аландарды жеке қалдырындар» деп хабарлады. Олар қыпшақтарға көптеген сыйлықтар беріп, оларды кейін қайтарды. Бірақ түркі-моңғолдар сөзінде тұрмады. Қыпшақтар келісімге сеніп өз аймақтарына кейін қайтты. Түркі-моңғолдар оларға күтпеген жерден шабуыл жасап қолға түскендерін өлтіріп, берген сыйлықтарын қайта алды. Қашып құтылған қыпшақтар Киев Русіне кетті. В. Бартольдтың айтуынша «біз моңғолдар тарапынан түркілермен бірігіп, оларды өз жорықтарына қатысушы етуге тырысушылықты байқаймыз. Егер түркі-

лермен келіссөздер орнаса, бұл кәдімгі моңғолдарға тән әскери кулық еді. Шыңғыс хан Хорезм түркілерінен әскер жасақтаған ханымды ұстап тұру үшін Хорезмшах Мұхаммедтің анасымен достықты бекітуге тырысты. Самарқандты қоршағанда да моңғолдар басшысы Хорезмшахтың нағашысы болған гарнизонның түркі бөлігін өздеріне қызметке алуға келіседі, бірақ қаланы алған соң отыз мың түркіні жиырма әмірімен қырып тастады».

Жалпы, қазіргі тарихшылар үшін, тіпті ізгілік принциптерін құрметтейтін әрбір адам үшін моңғол-түркілердің өз қандастарына деген қатыгездігі әлдеқашан бағасын алып қойған. Бірақ ол бағаның қазіргі адам мен ізгілік түсінігімен ғана байланысты екеніне баса назар аударуымыз қажет. Жау мүддесіне қарақан басының амандығы үшін қызмет етуге келісімін берген кісі, тіпті ол өз бауыры болсын, сенімнен айырылған болып саналады. Орталық Азия түркілерінің алдында біршама уақыт бұрын осы аймақтарға келіп, отырықшылана бастап, парсылық дәстүрді (көне түркілік империяны қалпына келтіруді мақсат етіп қойған моңғол-түркілер үшін парсылық мәдениет пен түркілік дәстүр қарама-қарсылықты ұғымды білдіретін еді) бойларына сіңіріп үлгерген қандастары олар үшін толық сенімнен айырылғандар еді.

Моңғолдардың Батыс Иранды жаулап алуына кедергі болған бұл жерде Үндістандағы төрт жылдық қашудан соң келген соңғы Хорезмшахқа байланысты еді. Ол мұнда өз базасы етіп Әзірбайжанды жасады. 1225 жылы Құм қаласы алынды. Джалал ад-дин моңғолдарды 1227 жылы Рей түбінде талқандады. Бұдан соң ол моңғолдармен болған үлкен шайқаста Исфаянды алды. 1227-1231 жылы Джурмуган бастаған түркі-моңғолдар Муганда жеңіліске ұшырады. Осы жылы ол Иран Әзірбайжаны, Арран, Ширван, Шығыс Грузия, Армения, 1239 жылға дейін Джурмуган жаулап алды. Ал 1237 жылы Исфаян берілді.

Жаулап алушыларға бағынбаған тек Кухистан мен Альбурстағы исмайлшылар, Араб Ирагы және Хузистандағы Бағдад халифтері жері ғана қалған болатын.

Түркі-моңғол империясы өз болмысында тайпалық бір үлкен ассоциация және әскери жүйе болды. Жергілікті жердің билеушілері моңғолдарға қызметке кірді. Бұл құбылыс заңды да, дәстүр мен салт-санада көп айырмашылық бар елді жергіліктілердің көмегінсіз басқарудың қиын екені белгілі. Дәстүр, салт-сана, тіпті

шаруашылық жүйесі мүлдем басқа билеуші халықтың қол астындағы халықты олардың өздерінсіз басқаруы еш мүмкін емес. Бұдан түркілердің өздерінен мәдениеті жоғары халықтарды басқаруға қабілетсіз деп пайымдау – қате түсінік. Бұл керісінше түркі билеушілерінің саяси салауаттылығы болды.

Жаңа жерлерді бағындырған түркі-моңғолдар Шыңғыс хан Ясасы бойынша іс жүргізді. Мұсылмандар істері шариғатпен жүргізілді. Осылайша, әр қауым істері сақталды. Арғынның еврей уәзірі Са'ад ад-доул мұсылмандар үшін шариғат пен Ясаны қатар жүргізді. Бірақ Қазан кезінен бастап ол бөлек жүргізіле бастады. Зерттеушілердің айтуынша оның кезінде күнделікті түркілік дәстүрлер жинақталып, Дәстүр кітабы жасалды. Бірақ, өкінішке орай, бұл құнды кітап әлі күнге дейін табылған жоқ.

Ирандағы Ильхандар мемлекетінде моңғол тілі кеңсе тілі болып, көптеген ісқағаздары моңғол тілінде жүргізілгенмен, түркі тілі де негізгі қолданыс тілі болды. Көптеген зерттеушілер кейде моңғол тілі деп түркі тілін де атай берді. Мысалы, Б. Шуплердің айтуынша Ирандағы моңғол империясында моңғол тілі үстем болды. Тіпті Мысыр мәмлүктері арнайы моңғол тілін білетін Дешті-Қыпшақтан қашып келген мамандар ұстады. Сол дәуірдегі Мысырдың мәмлүк билеушілерінің түркі тілін білмеулері оларды осы әрекетке итермелегені анық. Бірақ, назар аударатын жай, олардың моңғолдармен тіл табысуы үшін Дешті-Қыпшақтан аудармашылар ұстауы еді. Яғни бұл деректен біз моңғолдар мемлекетінде қыпшақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылуын аңғарамыз. Тарихи шығармаларда «моғол» терминімен қатар «татар» этнонимі қатар қолданылды. Мирхонд бұл екі сөзді қатар қолданып, «тартарды» моңғол мен түркі қосындысы ретінде қолданады. Ибн ал-Асирдің айтуынша моңғол әскерінің көбін түркілер құрады. Б. Шуплердің айтуынша моңғолдардың исламды қабылдауы олардың түркілермен ассимиляцияға ұшырауына алып келді. Ильхандардың күшеюімен түркілердің мәдениеті ғана емес, сонымен бірге Әзірбайжан да түркілер мәдениетінің әсеріне ұшырады. Бұл Шыңғыс хан орын-басарларының Иранға шабуылының бір маңызды белгісі болды.

Ортағасырлық тарихи шығармалардан моңғолдар дәуірінде көп пайдаланылған сөздердің таза түркілік мағынаға ие екенін көреміз [а қосымшаны қараңыз]. Мысалы, Хулагу ұрпағы Иль-

хан Олджайтудың құрметіне жазылған «Тарихи Олджайту» кітабында ақсақал-ақсақал, той-той, олжа-олжа, айран-айран, таңсұқ-таңсық, шақ-шақ, чул-шөл, ай аттары-алтынджы ай, очыншы ай, төртінджі ай, Хафиз Абрудың Зейл джоме ат-таурихында ақча-ақша, алтун тамға, ини, аға, туғуз-тоғыз заттан тұратын сыйлық, сөздерінің моңғол сөздері ретінде берілуі де біраз нәрсені аңғартады. Моңғол империясындағы моңғол тілінің алғашқы кездерде қолданыста болғаны рас. Дегенмен біртіндеп бұл тіл айналыстан шығып, өз орнын империяның құрылуына бастан-аяқ атсалысқан негізгі халықтардың бірі түркілердің тіліне босатып берді.

Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері Н. Төрехұлов өзінің «Хорезм шах сөздігі» атты мақаласында Әбіл Қасым Махмуд ибн Омар Замахшердің (хижраның 538 жылы (1159 ж.) қайтыс болған) Хорезм шахы Атсыз ибн Құтбиддиннің (551 хиджра ж. [1172 ж.] қайтыс болған) кітапханасы үшін арнайы түзілген сөздігі жайлы жазады. Н. Төрехұловтың айтуынша, Замахшердің түпнұсқасында араб тілінен басқа сөздер кездеспегенмен, оның кейінгі моңғол шапқыншылығынан соңғы көшірмелерінде, атап айтқанда, Бұхара нұсқасында (бұл қолжазба қазір Бұхарадағы Ибн Сина халық кітапханасында сақтаулы – *Н.Т.*) парсы, түркі және моңғол сөздері жиі ұшырасады. Кітаптың кейбір тұстары моңғол тілінде жазылып, адам танымастай өзгерген. Мысалы:

- Минган (мың) – мнган болып өзгерген;
- Тогун (қатан) – тиган;
- Негин (бір) – никан;
- Арбин (он) – прбан;
- Інгір (үңгір) – Унгир.

Автордың пайымдауынша, әлдебір себептерге байланысты кейбір тарихшылар моңғол билігі өзінен кейін Орта Азияда ешбір белгі қалдырмаған деген жаңсақ ұғымды берік ұстанады. Әрине, бар болғаны бір-екі сөздікпен мұны дәлелдей алмаспыз. Әйтсе де жергілікті мұсылмандар арасында моңғол тіліне әуестіктің болғанына бұл сөздіктер анық дәлел.

Қорыта айтқанда, Шыңғыс хан әскерінің көпшілік бөлігі түркі тайпаларының өкілдерінен тұрды. Моңғолдар жергілікті түркілерді

өздерінің тектік жақындықтарын алға тарта өз жоспарларына орай пайдаланып отырды. Моңғолдардың алдында Орта Азияның отырықшылар мекендейтін аймақтарына әскери жалдамалылар, билеуші жақтастары ретінде келген түркілер жергілікті мәдениет пен ділдің ықпалына түсіп өзгеріске ұшырай бастаған болатын. Жаулап алған жерлердегі түркілердің әрекеттеріне орай моңғолдар оларды жазалап отырды. Егер олар моңғолдармен ынтымақтастыққа барса, онда олар өздеріне тиісті сенімге ие болып, жорыққа қатыстырылды. Ал егер олардан келер титтей де күмән туса, олардың моңғолдармен ынтымақтастыққа барғанына карамастан (мысалы, Кавказдағы қыпшақтар) сенімнен шығарып тастады. Басып алынған аймақтарда моңғол-түркілер жергілікті басқаруға осы аймақтың өкілдерін кеңінен пайдаланды. Бірақ бұл түркілердің басқаруға қабілетсіздігінен туған шара емес, тиімділіктен туындаған амал болды. Империяның шеткері аймақтарында да моңғол тілімен қатар түркі тілі қатар қолданылды. Уақыт өте келе түрлі факторларға байланысты түркі тілі үстемдік алып, мемлекеттік сипатқа ие болады.

Шыңғыс ханның өсиеті бойынша Таяу Шығыс пен Иран жері оның үлкен ұлы Жошының және оның ұрпақтарының ұлысына кіру керек еді. Бірақ жердің алыс болуына байланысты Жошы ұрпағы бұл жерді басқара алмады. Жошы Хорезмді алған соң негізгі бөлігі хорезмшахтар иелігі болған жаулап алған жерлерге өзінің сардарларының бірі Жантемір (1232-1235 ж.) (парсы деректерінде Джантемур – Ж.Ж.) тағайындалды. Хатшылыққа жергілікті халық өкілдерін тартатын түркі дәстүрі бойынша Шараф ад-дин Хорезми оның уәзірі болып бекітілді. Жантемірдің өлімінен соң егде жастағы моңғол әмірі Нусал (1235-1239 ж.) Мазендеран мен Хорасан билеушісі болды. Кейін Ұлы қаған XIII ғасырдың 20-30 жылдарында бастапқыда парсылардың екі провинциясы Хорасан мен Мазендеранның, бұдан соң бүкіл Иран жерінің, Таяу Шығыстың моңғолдарға тиісті жерлерінің басқарушысы (даруғашы) етіп ұйғыр Куркузды тағайындады. Куркуз Жошы хатшыларының бірі болып қызмет атқарған-тын. Жантемір оны көмекшілікке өзімен бірге Хорезмге алып келген болатын. Куркуз ел басқаруда табыстарға жетіп, салық жүйесін ретке келтірді. Бірақ оның ел басқарудағы жетістіктері мен зеректігі жергілікті хатшыларға, әсіресе мем-

лекет ісіне араласушы Шараф ад-динге ұнамады. Ол Куркуздың орнына Жантемірдің ұлын билеуші етпекші болды. Ақыры осы топ Куркуздың өліміне себепші болды. Куркуздың ұлдарының бірі Ирак пен Әзірбайжанда даруғашы болып қызмет атқарды.

1250 жылы Батудың көмегімен Қаракорымда Ұлы Құрылтай жиналып, Ұлы Қаған етіп Мөңкені сайлайды. Мөңке Иран, Хорасан, Мазендеран, Ирак, Фарс, Керман, Диярбақр, Мосул, Халеп билеушісі етіп Арғын ағаны сайлайды. Ал әскербасы болып Байжу ноян тағайындалады. Арғын кезінде бас уәзірлікті тарихшы Ата Мәлік Джувейнидің әкесі Баха ад-дин Джувейни атқарды. Ол Арғынға қызметі кезінде 17-18 жасар ұлы, тарихшы Ата Мәлік Джувейниді ордаға хатшылыққа тартып, кейін ол он жыл бойы Арғынның жеке хатшысы қызметін атқарды. Жаңа жерге келген соң Байжу ноян орталыққа кісі жіберіп күпірлер мен Бағдад халифының үстінен арыз айтады. Өйткені селжүктер кезіндегі исмайлшыларға қарсы жасалған дүркін-дүркін әскери жорықтар селжүктер мемлекетінің әлсіреуімен бірге тоқтаған да болатын. Моңғолдар қарсаңында тіпті олардың іс-әрекеттері белсенділікке көше бастаған болатын. Тарихи деректерден күпірлердің әрекетінен зардап шеккен мұсылмандардың Шыңғыс хан ордасынан пана іздегенінің куәсі боламыз. Рашид ад-дин бұл турасында осындай бір зардап шегушінің басынан өткенін жазады. Бұл кезде Ұлы әміршіге (Мөңкеге) қызмет етуге марқұм бас қазы келген болатын. «Ол бір күні темір сауытын киіп жатып (оны) Каанға көрсетіп үн қатты: мен, күпірлерден қорыққанымнан киімнің ішінен әдетте осыны киіп жүрдім». Бұл деректен исмайлшылардан зардап шеккен мұсылмандардың моңғолдарды паналағандарын, ал моңғолдардың бұл жағдайды өз мақсаттарына тиімді пайдалануды жоспарлағандығын көруге болады. Мөңке ханның бастамасымен құрылтайда жаңа жоспар құрылды. Жоспардың мақсаты бойынша жаңа жерлер Кіші Азияның батыс аудандары мен Сирия, Мысыр, Араб Ирагы, Хузистан және исмайлшылардан Аламут қамалын алу тиісті болды.

1252 жылы Кіші Азияға жорықты жүз жиырма мың әскермен Мөңкенің үшінші інісі Хулагу бастап барды. Хулагу армиясының үлкен күші ұйғыр, керей, наймандардан тұрады. Жорыққа кіріспей тұра Хулагу хан 1255 жылы Самарқандтағы өздеріне бағынышты Әзірбайжан, Кіші Азия, Ширван Грузия

билеушісіне жарлықтар жіберді. Жарлықта «Біз Қаан жарлығымен, дінсіздердің қамалдарын жою мақсатымен келе жатырмыз. Егер сендер бізге өз қару-жарақтарың мен әскери көмекпен қолдау көрсетсеңдер, онда сендердің иеліктерің, әскерің, үйлерің өздеріне қалады. Егер олай істемесеңдер, біз құдіреті күшті Жаратушының қолдауымен оларды (дінсіздерді) жеңіп, кешірім сұрағандарыңа қарамастан оларға істегендерімізді сендерге де істейміз» делінген.

Нәтижесінде Хулагу ханға қызметке Кіші Азиядан Икония сұлтандығының қос билеушісі II Кейқауыс және IV Рукн аддин Қылыш Арслан, Фарстан Мұзаффар ад-дин атабектің ұлы Сад Атабек, Ирак, Хорасан, Әзірбайжан, Арран, Ширван, Грузин патшалары, әмірлері қымбат сыйлықтарымен, әскер, қару-жарақтарымен келді. Осы жерде айта кететін бір маңызды нәрсе – мұнда ұлттық фактор маңызды рөл атқарғандығы. Бұл жайлы Иран тарихшысы Ширин Байани «негізінен түркі және түркімен болып табылатын әртүрлі Иран аймақтарының моңғолдарға соғыспен қан төгіссіз бағынды. Ислам тарихында бірінші рет билікті қолға исламдық емес, тіпті исламға қарсы топ, яғни моңғолдар жаулап алды». Бірақ ирандық тарихшының бұл пікірімен келісе қою қиын. Өйткені түркі-моңғолдардың Иранды жаулап алулары барысында исламға немесе мұсылмандарға қарсы бірде-бір әрекетін кездестірмейміз. Егер түркі-моңғолдар тарапынан ислам қағидаларына қайшы қандай да бір әрекет байқалса, бұл олардың мұсылман емес уәзірлерінің әрекеттері еді. Керісінше, түркі-моңғолдар исмаилшылардың құдіреті мен саясатын талқандап, сунниттерді бұл қауіптен біржолата құтқарды. Сондай-ақ бірінші рет суннизм барлық жағынан саяси құлдырауға ұшырап шиизмге жол ашылды. Ортағасырлық тарихи шығармаларды талдай отырып шииттердің Бағдадтың құлауынан аса наразы бола қоймағанын байқауға болады. Тіпті Хулагу Бағдадқа кіргенде шииттердің бірнеше қауымдары оны салтанатпен қарсы алып, оған бағынғандықтарын білдірді. Түркі-моңғолдардың Иранды жаулап алуы бұл елдің мұсылман емес халықтарын қуанышқа бөледі. Арғын ханның кезінде иудей діндегілерге жақсы көзқарас қалыптасты. Оның сарайында көптеген еврейлер қызмет етті. Олардың ең көрнектісі Арғынның уәзірі және дәрігері Са'ад ад-доул мұсылмандардың қас жауы болды. Ол Ирандағы иудейлерге қызметін пайдаланып пана болды. Бірақ Ильхан оны

халықтың ызасынан құтқара алмады, 1291 жылы оны мұсылмандар өлтірді. Негізінен моңғол ильхандарының мұсылман емес уәзірлерінің қайсысы болмасын өз биліктерін пайдаланып ислам әлемінде жік салуға ұмтылыстарын байқаймыз. Бірақ ильхандар осындай арандатулардың қай-қайсына болса да тойтарыс беріп отырды. Вассафтың айтуынша Са'ад ад-доул Ильханның көзқарасын адастыру үшін Шыңғыс ханды пайғамбар болған деп жариялады. Ол Ильханға Мұхаммед пайғамбарды мойындамай одан бөлек әлемдік діннің негізін салуды ұсынады. Ал Шыңғыс хан Ясасын Қасиетті кітап дәрежесіне көтеруге ұсыныс жасады. Тағы бір иудей уәзірі, көрнекті тарихшы, Қазан ханның уәзірі болған Рашид ад-дин еді. Ол да 1318 жылы өлтірілді. Бірақ оның өлімі де иудейлердің Ильхан сарайына енулерін тоқтата алмады.

Моңғол шапқыншылығы кезінде өздеріне қауіптің осылардан болатынын түсінген исмайлшылар билеушілері соңғы хорезмшахты моңғолдарға қарсы қолданды. XIII ғасырдың 50-жылдарында Иранға Хулагу ханның келуімен исмайлшыларға қауіп төнді. Осы кездегі Аламут билеушісі Хуршахқа Хулагу бағынуға кеңес берді. Бірақ исмайлшылар билеушісінің бағынуына қарсы топтар бұған келіспеді. Хулагу 1256 жылы 19 желтоқсанда Аламутты ұзақ қоршаудан соң жаулап алды. Аламут кітапханаларын аралап жүрген Ханға Джувейни бағалы кітаптарды сақтауға кеңес берді. Ол астрономиялық, Құран, басқа да бағалы кітаптарды сақтап, исмайлшылық кітаптарды өртеді. Бірақ бұдан соң да исмайлшылардың тағы бір тармағы низарилер қарсыласуды одан әрі жалғастыра берді. Моңғолдар Гирдикух қамалы үшін үш жыл, ал Кухистандағы қамалдар мен сарайлар үшін жиырма жыл бойы шайқасты.

Осылайша, түркі-моңғолдар мұсылман әлемінің жарасы болған күпірлік идеяны көтеріп, жетпіс жылға жуық өмір сүрген мемлекетті құлатты. Орталық Азиядан келіп Иран жерін жаулап алушы түркілердің бұл әрекеті ислам әлемі үшін өлшеусіз маңызды болды. Мұның маңыздылығы ислам әлемінің рухани жарасына айналған әсіре күпіршілдік ағымды бетке ұстанған мемлекетті түп тамырымен жоюында ғана емес, бытыраған ұсақ мемлекеттерді бір орталыққа бағындыруында да болды.

Жоспардың бірінші бөлігі сәтті аяқталған соң келесі мақсат Ирак Арабиясын, Хузистан мен аббас халифы ал-Мұстасимді бағындыру болды. 1257 жылы Хулагу Хамадандағы өз ордасынан Бағдадтағы халифқа арнайы елші жіберді. Бірақ Бағдадта бұл елшіліктің дұрыс қабылданбауы моңғолдар жорығының басталуын жеделдетті. Рашид ад-диннің айтуынша Хулагу халифке: «Мансапқұмарлық пен байлық, даңқпен пайда болған менменшілдік сенің басыңды айналдырған, сенің құлағыңа, тіпті жанашырларыңның да сөзі жетпейді. Сен өз әкелерің мен аталарыңның жолынан тайдың. Саған шайқасуға тура келеді. Өйткені мен Бағдад жеріне (көп санды) қалың құмырсқа мен шегірткедей қаптап бара жатырмын. Егер тағдыр өзгертсе, онда ол тәңірдің ғана қалауымен болады», – деп соғысуға белді бекем буды. «Бағдадтың алдыңғы отрядында Қарасұңқар атты қыпшақ болды. Ал Сұлтаншық деген хорезмдік қыпшақ моңғол жасағында болды. Ол Қарасұңқарға хат жолдап: «Біз бір нәсілденбіз, мен шарасыздықтан ұзақ адасудан соң Ұлы әміршіге бағындым. Маған жалақы төлейді. Сіз де өз өміріңізді, балаларыңызды аяңыз. Егер бағынбасаңыз, сіздің жанұяңыз, өміріңіз, байлығыңыз осы халықтікі болады». Қарасұңқар жауап ретінде: «Моңғолдар аббасилерге несіне сеніп қарсы шығады? Бұл әулет Шыңғыс хан сияқтылардың талайын көрген. Бұлардың билік еткеніне бес жүз жылдан астам уақыт болды және бұларға соқтыққандардың ешқайсысын тағдыр аямайды. Сенің мені жас моңғол «шыбығына» қызметке шақыруың ақылға сыймайтын нәрсе. Хулагу хан күпірлердің қалалары мен қамалдарын талқандаған соң Рейден аспай Хорасан мен Түркістанға кейін қайту керек еді, халиф оның бұл жорығына қатты наразы», – деп хат жолдады. Хулагу хан Қарасұңқардың жауап хатына «мен дирхем мен динардың көмегіне емес, Жаратушының көмегіне сенемін. Мәңгі Тәңірі көмек пен қолдау көрсететін болса, халифтан несіне қорқамын» деп күле қарады.

Ильхандықтар өздерінің алдарындағы бастапқы мақсаттарына жетіп Иран жерін жаулап алған соң, бұдан әрі батысқа жылжуына халиф тарапынан қарсылыққа душар болды.

Моңғол ханы Бағдадпен соғыстың оңай болмасын білді. Оның сескенгені Бағдад әскерінің көп сандылығы еді. Хулағудың өткізген әскери кеңесінде барлық әскербасылар жорықты

жақтады. Астролог Хусам ад-дин мен ғалым Наср ад-дин Туси пікір таласты. Біріншісі Аббасилер иелігі мен Бағдадқа жорық жақсылық әкелмейді. Өйткені осы уақытқа дейін Бағдад пен аббасилерге соқтыққан бірде-бір билеуші патшалығы ұзаққа барған жоқ, егер билеуші соғысқа шықса, онда 6 пәлеге тап болады: 1) сарбаздар қырылады; 2) күн шықпайды; 3) жаңбыр жаумайды; 4) суық боран болады; 5) өсімдік шықпайды; 6) Ұлы билеуші (Хулагу) өледі деп сендіруге тырысты. Ал Наср ад-дин Туси бұлардың ешқайсысы да болмайды деп, Бағдадқа жорықты үзілді-кесілді жақтады.

1258 жылы қаңтарда Байджу нойон, Бұқатемір, Сұнжақ бастаған әскер Батыс Бағдадқа, Нахр'исаға келді. Хулагу Хорасан жолы бойынша қалаға шығыстан кірді. Қаңтардың басында кіші Давидар бастаған халиф әскері мен моңғол әскері қақтығысып, Сұнжақ алғашқыда жеңілгенмен, қайта шабуылға шықты. Давидарды қуған моңғолдар бүкіл батыс Бағдадты алды да Тигрге келді. Бағдад барлық жағынан қоршалды. Халиф уәзірлерімен қала қақпасына келіп, қала берілді. Халиф қазынасы тәркіленген соң, оның өзімен балалары өлтірілді. Бағдадтың құлауы әсіресе Марко Полонның баяндауында өте әсерлі бейнеленген. Оның айтуынша, Хулагу қаланы алғанда халиф мұнарасын ашып, ол жерден асып-тасқан алтын, күміс сияқты асыл тастарды көреді. «Алау (Хулагу) бұл байлыққа қарап, таңғалды. Ол өзіне халифті шақырып былай деді: «Калиф (халиф), сен осынша байлықты неге жинадың? Сен менің үлкен әскермен келіп, сені жоқ қылатынымды білмедің бе? Егер білген болсаң, бұл байлықты неге сені қорғауға тиіс жаяу және атты әскеріңе таратып бермедің?» Калиф не айтарын білмеді. Сонда оған Алау тағы да «Мен байқап тұрмын, Калиф, сен өз байлығыңды жақсы көресің, мен оны саған қалдырамын, сен сонымен қоректен» деп оны ассыз, сусыз асыл тас толы мұнара ішіне қамап қойды. Поло Калиф төрт күннен соң мұнара ішінде қайтыс болды дейді де, егер Калиф сол байлықты әскеріне таратып беріп ел мен жерді қорғатқанда, жақсы болар еді-ау деп түйін жасайды. Хулагу әскері қаланы аяусыз тонады. 500 жылдан астам билік құрған династия құлады. Соңғы халиф ал-Мұстасим 1258 жылы өлтірілді. Бағдадта сегіз жүз мың адам өлтіріліп, көптеген қазына қолға түсті. Хулагу Бағдадтың жаңа әкімшілігін

бекітіп шихне өкілдігімен Әли Бахадурды басшы етті де, 1258 жылы мамырда тастап шықты.

Ислам дүниесінің астанасы саналған Бағдаттың мұсылман емес халық тарапынан жаулап алынуы ислам дінбасылары тарапынан әртүрлі бағаланды. Егер Мәуреннахрдың ханафии және шафии жетекшілері Шыңғыс ханды Алла тағаланың ашуымен келген деп есептеп, оған қарсыласу Алла тағала тағдырына қарсыласу деп есептесе, Ибн Алқами мен оның пікірлестері Хулагуды қолдап, оны халифті құртуға пайдалануға болады деп ойлады. Олар Мехдидің пайда болуы түркілердің келуі мен әскері деп сенді. Ибн Алқамимен пікірлес болғандар Иракта Хулагуға өз өкілдерін жіберіп, Бұқа Темір Халеге келгенде моңғол әскерін халық қуанышпен қарсы алғанын жазады.

1259 жылы Хулагу хан жаңа мемлекет моңғол империясының бесінші ұлысын құрды. Хулагу хан (1256-1265) «ильхан» (елхан) титулын алды. Қазақ зерттеушісі А. Қадырбаевтың айтуынша қыпшақтар мен қаңлылардың қоғамдық құрылымының жүйесі тайпаларға біріккен рулық институтқа негізделді. Сонымен бірге одан да ірі «иль» (ел) деп аталатын бірлестіктерге бірікті. Әрбір ильдің өз территориясы мен шекарасы болды. Ильхан мемлекеті Ұлы ханға формальды түрде тәуелді болды. Ильхан мемлекетінің территориясына бүкіл Иран, Ауғанстан (Балх аймағынсыз), Әзірбайжан, Араб Ирагы, Бағдад, Арран, Ширван, Курдистан, Джазиру, Кіші Азияда Қызыл Ирмак, селжүк Кония сұлтандығы (Румдык), Грузия, Трапезунт грек мемлекеті, Армения Киликиясы, Кипр арал корольдығы кірді.

Иранда көшпелілердің жаңа мемлекетінің негізін салған ильхандар енді басты күшін Сирия мен Палестинаны жаулап алуға жұмсады. Осы үшін олар Мысырдың мәмлүк сұлтандарымен соғысты. Бірақ мұны ильхандардың бағынышты мұсылмандары қолдамады. Сондықтан да моңғолдар күресте христиандар көмегіне сүйенді. Хулагу хан 1259 жылы Алеппоны алды. Бұдан соң Дамаск, Эдессаны алды. Бірақ Сирияны бағындыру қиынға соқты. Сирияға жорық кезінде Мөңке хан қайтыс болып Хулагу осыған байланысты әскерін Кетбұға атты әскербасыға тастап, өзі Қарақорымға кетеді. Бірақ қолбасшы болып қалған Кетбұға Құтыз бастаған мәмлүктер әскерінен жеңілді.

Хулагу Мысырмен соғысып жатқанда Жошы ұрпақтарымен арада қақтығыс орнады. Оның басты себебі моңғол аттыларының қыстауы болған Әзірбайжан жайлаулары еді. Хулагуге дейін бұл жер Алтын Ордаға тиісті болды. Сонымен бірге Берке өзінің Хулагуге көрсеткен әскери көмегі үшін Каспий маңы қыстаулары мен қалаларын беруді талап етті. 1262 жылы Берке ұлысы исламды қабылдауымен Мысыр мен Алтын Орда дипломатиялық қарым-қатынас жасай бастады, елшіліктер алмасты. Жошылар үшін Дербент өткелі сауда жолы болды. Бұл кезде моңғол шапқыншылығының аяғы саябырсып, енді осы түркі көшпелілерінің тікелей әсерінен Иран экономикасы дамуды бастан кешіре бастады. Шығыс Иранның моңғол шапқыншылығынан көп зардап шегуі батыспен оңтүстіктегі қалалардың маңызын күшейтті. Исфахан, Шираз, Йезд қалаларының маңызы артып, хулагулік Иранның сыртқы саудасының, әсіресе Парсы шығанағындағы Хормуз портының маңызы артты. Бұл порт арқылы Иран Үндістанға жылқы сатты. Ал Үндістаннан индиго, лак, мата әкелінді. Хулагу келгенге дейін Иранды жаулап алған моңғол-түркілер Жошы ұлысымен тығыз қарым-қатынаста болды. Басып алған жерлер жалпы руға ортақ игілік ретінде пайдаланылды. Жошы ханзадалары мен нойондары Иранды жаулап алуға қатысты. Хулагудың Иранды жаулап алуынан соң Жошы ұлдарына Ирандағы құқығының қандай да бір бөлігі егіндік жер, қалалар қалды. Берке мен Хулагудың арасындағы жанжалға Жошы ұлдары құқығының аяққа басылуы мен халифтің өлімі себеп емес, сылтау болды. Осыған қарамастан Иран мен Алтын Орда арасында экономикалық, саяси-мәдени құбылыстар пәрменді түрде бір-біріне өте ұқсас дамыды. Қыпшақ даласы ортағасырлық тарихи шығармаларда Қыпшақбашы деп те аталады. «Тарихи Олжайтуда» 1336 жылы Сұлтание қаласына Қыпшақбашы ұлысы патшасы Өзбек оғылдан елші келді деп жазады. Есенбұқа оғыл Өзбекке Темірхан Жошы ұлысының патшалығына лайық емес, Қыпшақбашы билігі Маңқыдуға беріледі деп хабар жіберді. Бұл деректерден Алтын Орда мен Ильхан ұлысы арасында белсенді саяси қатынастардың орнағанын бақылау қиын емес. Олжайту кезінде Жошы ұлысымен жағдай жақсарды.

Көптеген моңғол ханзадаларының тәрбиешілері христиан болды. Ильхан сарай орнында Хулагу ханның әйелі Тоқыз қатын,

Абаға ханның әйелі Орда қатын (екеуі де керей қыздары) христиан дінінде болды. Керей әскербасы Иринчик, Сирия несториан шіркеуінің қызметкерлері ұйғыр христиандар, Мар Ябалақ пен оның кеңсе басшысы Саума қызмет атқарды және бұлар хан Ордасының саясатына айтарлықтай әсер етті. Осылайша, Хулагу үйінде христиандық белең алды. Бірақ бұл сөздің тура мағынасында болды яғни түркі-моңғолдардың кейбір қолбасшылары, шонжарлар, көшпелі аристократияның жекелеген өкілдері христиандықты саяси себептерге байланысты қабылдаса, ал басқа моңғолдардың көпшілігі өздерінің ескі наным-сенімі Тәңірі дінінде қала берді.

Абаға хан тұсында мәмлүк сұлтандарымен соғыстар қайта жалғасты. Мәмлүктердің Еуропа елдерімен соғыстарында крест жорықтарын тойтаруда табысты болуы соңғыларын ильхандармен жақындасуға алып келді. Ильхан сарайларында христиан әсері күшейе түсті. Сарайда христиан архиепископы пайда болды. Абаға хан Византиямен келісім жасап император Палологтың қызына үйленіп, өзі христиан дінін қабылдады. Сарай ішінде бұл діннің ықпалы күшейе түсті. Дегенмен Еуропа елдерімен жақындасу айтарлықтай табыс әкелмеді. 1282 жылы қыста Абаға хан қайтыс болды. Бұдан соң оның ұлы Арғын мен бауыры Тоғудар арасында таққа талас болып, мұсылман жақтас-тарына сүйенген соңғысы жеңіп, исламды қабылдады. Есімін Ахмед етіп өзгерткен ол елді екі жыл басқарды (1282-1284). Ол Мысыр сұлтаны Келебумға өзінің исламды қабылдағанын айтып, бітім ұсынды. Бұдан кейін билік басына Арғын хан (1284-1291) келді. Ол ескі тәртіпті қайта орнатып, армян, Сирия дін басыларымен келісімге келіп христиандарды қолдағанмен, өзінің ата-бабасының ескі дініне де адалдықты сақтады. Рашид ад-дин Арғын ханның Үндістаннан арнайы бахшылар* шақырып, сарайында ұстап жалақы тағайындағанын жазады. Тарихшы кейін осы бахшылардың бірінің әсерінен Арғынның ауырғанын жазады. Кейбір адамдар «көз тиген, садақа тарату керек деді», (көп садақа таратылды). Шамандар қойдың жауырынына қарап, «сиқырлаған» деді. Сарайдағылар бұған Тұғашық қатынды айыптап, оны көп әйелдермен бірге өзенге тастады. Бұл жерде айта кетуіміз керек, жауырынға қарап бал ашу күні бүгінге дейін

* А. Басани бахшы сөзін Қытайдың по-ши сөзімен шендестіреді /321/.

қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне, сондай-ақ басқа да түркі-моңғол халықтарына тән көне дәстүр болды. Бұл турасында қазақ зерттеушісі Б. Хинаят: «Көне сенім-нанымның жаңғырығы көшпелілер мәдениетінің айшықты элементтерінің бірі қой жауырынымен бал ашу, болжау мал сүйегінің сиқырлы күшіне сыйынудан туған және Орта Азиялық түп негізден, тіптен хүннулер заманынан бастау алады және ол үстіміздегі ғасырдың басына дейін жеткен. Бағзыдағы мәдениеттің сарқыншағы (реликтері) осылайша архаикалық сипатын сақтай отырып, дәстүрлі рухани мәдениетімізде берік орнығуы – мал түлікті эстетикалық деңгейде танып әспеттелуінде және идеологиялық қағидалармен, ас-тағамдары жүйесінің мәдени қызметімен астасып кірігіп кетуінде жатса керек», – деп пайымдайды.

Билікке келген бір жылдан соң Арғын хан Папамен, Еуропамен одақ жайлы келіссөз жүргізе бастайды. Оларды одаққа тарту мақсатымен Арғын хан (1284-1291) Батысқа төрт елшілік жіберді (1285, 1287, 1289, 1290 ж.). Қазан хан да 1303 жылға дейін Мысырға екі рет жорық жасады. Бірінші жорық барысында 1299 жылы қыста сексен мыңдық әскермен Алеппоға келіп, одан соң Эдессаны алды. Бұдан соң Дамаскіні алды. Бірақ ол онда ұзақ бола алмады. Сирияда моңғол билігі бар болғаны бірнеше айға созылды. 1300 жылғы жорық сәтсіз болды. Осылайша, Қазан ханның мұсылман болуы да жағдайды өзгертпеді. Бұдан моңғол-түркі билеушілерінің христиан дінін қабылдау мәселесінде көбінесе саяси мақсаттарды көздегенін байқаймыз. Олардың ислам елдеріне шабуылы ешқашан да ислам мен мұсылмандарға қарсы бағытталмады. Бұл бар болғаны жаулап алу шараларына орай жүргізілген саясат еді. Ильхандардың христиандық Еуропа билеушілерімен одақтастыққа келе алмауының негізгі себебі еуропалықтардың моңғолдардың шын мәнінде крест қорғаушылары бола алмайтынын түсінгендіктен болды. 1303 жылы Қазан хан Сирияға елу мыңдық әскерін аттандырды. Әскер құрамында армян, грузин, киликия құрамалары болды. Мәлік Насыр бастаған Мысыр әскері оларды тағы талқандады. Мысыр сұлтандары Сирияны қорғап қана қоймай кресшілерден Антиохияны (1268) Триполиді (1289) Опра, Тир, Сидон, Бейрутты (1291) тартып алды. 1302-1303 жылы Қазан хан Еуропаға елшілік жіберді. 1305 жылы Олжайту хан Француз королі әдемі Филипке Мысырға қарсы Қасиетті жерді жаулап

алуға ұсыныс жасады. Бірақ бұл ұсыныстардың барлығы жауапсыз қалды. Осылайша, моңғолдардың ең басында-ақ негізгі мақсаттарының бірі болған Мысырды талқандауды христиан мемлекеттері мен халықтарының көмегімен іске асыруға деген иек арту өз нәтижесін бермеді.

Түркі-моңғолдар билігі кезінде де ильхандар мұсылман иелігін ислам жауларынан қорғаушылар рөліне ие болды. Рашид ад-диннің айтуынша сириялықтар Рум мен Диярбакр аймағына кіріп мұсылмандардың иелігіне шабуыл жасап, егінін улағанда Абаға хан ашуланып оларға қарсы аттанды. Мұсылман елін басқару, Мысыр сұлтандарына қарсы Еуропа билеушілерін өздеріне одақтас етіп алуға деген үміттің өшуі, мұсылмандардың тірегіне қажеттілік, өздерімен туыс ұлыстардың билеушілерінің исламға бет бұруы және түркілік дүниетаныммен қарама-қайшылыққа түспейтін ислам қағидаларының түркілер талабына сайлылығы моңғолдардың ислам дінін мемлекеттік дәрежеге көтермелеуіне итермеледі. Қиын жағдай жетінші ильхан Қазан ханды елдің ішкі жағдайын өзгертуге мәжбүр етті. Оның кезінде ислам діні ұзақ уақыт бойғы үзілістен соң (1220-1295) қайта мемлекеттік дін болып жарияланды. Осы кезде Наурыз бастаған исламның моңғол жақтастары жеңіске жетіп Қазан исламды қабылдайды. Наурыздың исламшыл көзқарасы жайлы Мар Ябалаха «Наурыз атты құдайдан қорықпаған әмірлердің бірі елшілері арқылы төрт тарапқа жолдау жіберді, шіркеулерді, альтарларды қиратты, ән мен қоңырау үні тоқтады. Христиан, иудей дінбасылары өлтірілді» деп жазады.

Ал-Кутби «Қазан хан жауын жеңу жолын іздегенде, Наурыз және әмірлер оған егер падишах мақсатына жеткісі келсе, онда ол мұсылман болуы керек, әйтпесе жұлдыздардың орналасуы шейхтердің өмірі мен болжамы айтады – 1295 жылы таққа мұсылман падишах отырады және оған тақ та, атақ та қалады деп айтты. Сонымен, Жаратушының иуімен Қазан жүрегін ислам нұры толтырды. Наурыз сөзі күшіне енді. Төртінші шабанда Лари Демавенд (Рей мен Амулдың ортасындағы Эльбурс тауындағы Ларджан қамалында) сарайында үлкен той болды. Қазан моншаға барып «ғұсыл» алды және шейх Садр ад-дин Ибрагим Хамави оған сенім сөзін (калимат аш-шахида) айтқызды. Қазан мен барлық шонжарлар мұсылман болды. Рашид ад-диннің

айтуынша «Ол (Қазан), ислам шынында да рухани және зайырлы пайданың барлығын өзіне жинақтаған берік және анық дін деді. ...Барлық адамдар оның исламды қабылдауына кейбір әмірлер мен шейхтердің әсері болды дейді. Бірақ анығында бұл күмәннің қате екенін байқауға болады. Өйткені ол бірде маған – осы кітапты жазушыға жеке отырғанда, Жаратушы құдай кешірмейтін бірнеше күнә бар. Олардың ең жаманы бұтқа табыну, сондықтан да бұл кешірілмейді. Мен де бұтқа табындым. Бірақ жаратушы менің көзімді ашты, ақыл берді, мен құтқарылдым және құдай алдындағы күнәден арылдым» деген. Бұдан соң Рашид ад-дин оның терең ойлы сөздеріне таңғалып оны ешқашан, ешбір дана немесе арифтен естімегенін жазады.

Ильхандардың исламды қабылдауымен олар енді мұсылман әлемінің шынайы қорғаушылары дәрежесіне көтерілді. Қазан хан тұсында да сириялықтар мұсылмандарға ауық-ауық шабуыл жасап отырды. Бірде Тебризге Рум мен Диярбакирден бірінен соң бірі келген сириялықтардың мұсылмандар иелігін тонап, астықты өртеп жатқанын айтты. Олар Мардинді алып, көп мұсылмандарды тонап, біразын тұтқынға әкетті. Рамазан айында олар мешітте мұсылман қыздармен бейбастақтық жасап, кейбіреулері тіпті шарап ішті. Бұдан соң олар Дунайсерге келіп жағымсыз істер жасады. Рас-ал-Айда да олар өз істерін жалғастырмақшы болғанда жергілікті тұрғындар берік жауынгерлік топтар құрып, тар көшелерде соғысты. Алайда әскери жағынан басым сириялықтар қала сыртынан мұсылмандардың мал-мүлкін алып Халевке апарып сатқан. Мұны естіген Қазан хан 1299 жылы 16 қазанда Тебризден Сирияға оларды ауыздықтамаққа аттанды. Ильхандардың қай-қайсысы болмасын қол астындағы елдің ислам құндылықтарын сақтап, өркендетуге бар күштерін салды. Қазан хан қайтыс болған соң Олжайту сұлтан таққа отырып, Қазан ісін әрі қарай жалғастырды. Христиан шешесі Аргун қатынның тәрбиесінде алғашқыда христиан болған Олжайту кейін исламды қабылдап, ханифилерге жақындады. Төрт алғашқы халиф атынан монеталар шығарды. Бірақ ол кейін шиизмді ұстанды да, монеталарда тек Әлидің атына орын берді.

Олжайту хан (1316) өлген соң моңғолдар қайта Қазанға дейінгі тәртіпті орната бастады. Жаңа ильхан Абу Са'д Бахадур ханның (1316-1335) билік басына келуімен елде билік үшін күрес, бытыраңқылық басталды. Бұл бейберекет 1335 жылдан

1353 жылға дейін жалғасып, елде бірнеше тәуелсіз елдердің құрылуына алып келді. Сондай-ақ Хулагулердің құлауына Абу Са'ид өлген соңғы ирандықтардың ұлт-азаттық күрестерінің де әсері болды. Хорасандағы сарбедарлар көтерілісі (1337-1381) нәтижесінде ең соңғы ильхан Тұға Темір хан 1353 жылы 13 желтоқсанда қаза тапты.

Осылайша тағы бір түркілік мемлекет – ильхандар мемлекеті құлады. XI ғасырдың екінші жартысынан бастап бірінен соң бірі келіп Иранды жаулап алған Түркістан түркілері ислам дүниесі тарихында аса маңызды міндеттерді атқарды. Ислам дінінің дәстүрлі болып табылатын сунниттік бағытына қолдау көрсету арқылы исламмен ымыраға келе алмайтын тасқа, әсіре күпірлік ағымдарды қудалады.

Түркілер билігі тұсында Иранда көшпелілер билік жүйесі уақыт өте келе жергілікті ирандық басқару институттарымен бірыңғайлыққа көшу үрдісін бастан кешірді. Сондай-ақ осы кезде дәстүрлі түркілік басқару институттарының жергілікті парсылық жүйелермен синтезі де орын алды. Түркілік мемлекеттік элементтер, ирандық түркілік мемлекеттер де біршама уақыт салтанат құрды. Түркілік билік элементтері мен дәстүрлі парсылық басқару жүйесінің синтездену үрдісі барысында бәрібір ирандық жүйе басымдылық танытып үстем жағдайда қалды.

Жергіліктілердің түркілік мемлекет қызметіне тартылуы және солар арқылы дәстүрлі түркілік ел басқарудың жергілікті деспоттанған басқару тәсілімен алмасуы, осының нәтижесінде орын алған тақ таластары түркілік мемлекеттің құлдырауына әсер етті.

Моңғол-түркілер билігі кезіндегі діни ахуалдың селжүктер билігі кезіндегі діни жағдайынан айырмашылығы алдыңғыларының Иранда табанын тіреген исламнан өзге де діндерге қолдау көрсетуі болып табылады. Тарихи деректерді талдау моңғол-түркілердің басқа діндерді қолдағанымен, соңында ислам дініне тоқтап, осы дінді мемлекеттік дәрежеге көтергеніне көз жеткізеді. Бұған, әрине, ислам діні мен түркілердің дәстүрлі дүниетанымының сабақтастығы өз әсерін тигізбей қоймады. Ал исламнан басқа діндердің моңғол-түркі билеушілері тарапынан қолдауға ие болуы мен ильхандардың еуро-

палық христиан мемлекеттерімен одактасуға ұмтылуы таза саяси қажеттілікке байланысты болды. Бұған ең басты дәлел Қазан ильханның мұсылман болуының да осы саясаттың өзгеруіне әсер етпеуі болып табылады.

Бір ғасырдан аса уақыт Иран мен ислам әлемінің басым көпшілігін билеп-төстеген Орталық Азия көшпелілері келген жерлерінде бірыңғайлыққа душар болды. Ислам дінін қабылдауымен мәдениет пен салт-дәстүрде ғана емес, тіпті антропологиялық тұлғада да жергілікті халықпен араласулар пайда болып, өзгеріске ұшырады. Түркі-моңғолдардың Қытай мен Иран сияқты өркениетті елдерді жаулап алуы, одан соң олардың қалаларында мекен етуі моңғолдар дәстүріне әсер етпей қоймады. Түркі-моңғол сұлтандары мен әмірлері осы мемлекеттердің көне падишахтары мен императорларының орнына келгендіктен, олардың ел басқарудағы дәстүрлі тәсілдері де уақыт өте келе өзгерді. Шыңғыс ұрпағы да екі ұрпақтан соң өздерінің қылыштарының күшімен алған жерлердің уәзірлері билік пен мемлекет басқару ісін түркі-моңғолдардан ақырындап өз қолдарына алды.

Міне, сондықтан да бірінен соң бірі мұсылман әлеміне келіп, бастапқыда көшпенділерге тән және Мұхаммед (ғ.с.) пен алғашқы дұрыс халифтер кезіндегі ислам әлеміндегі моральдық, саяси құндылықтармен сабақтас саяси-экономикалық және мәдени ұқсастықтарының арқасында жергілікті мұсылмандардың құрметі мен сеніміне лайықты қызмет етіп, олар мен Иранды дін жауларынан құтқарып отырған түркі көшпенділері уақыт өте келе ғасырлар бойы қалыптасқан өркениетті елдердің ислам қағидаларына қайшы мемлекеттік жүйесінің ықпалына түспей қоймады.

Бақылау сұрақтары:

1. Моңғол-түркілер қарсаңындағы Ирандағы саяси ахуал қандай болды?
2. Түркілердің Иранды жаулап алуының моңғол-түркілер кезеңіне талдау жасаңыз.
3. Иранның Шыңғыс хан империясына құрамына кіруі қалай іске асты?
4. Хулагу мемлекетінің құрылуы мен құрылымын сипаттаңыз.

IV ТҮРКІЛЕРДІҢ ИРАН МӘДЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ

4.1. Түркілер билігі тұсындағы Ирандағы дін мен руханияттағы өзгерістер

Орта ғасырлар бойы дала көшпенділерінің талай мәрте шабуылына ұшыраған Иран үшін олар ең алдымен осы аймақтағы ислам діні мен өркениетінің өркендеуіне атсалысуымен маңызды. Ортағасырлық ислам өркениетінің кез келген салаларынан дала өркениетінің белгілерін байқауға болады. Бұл белгілер кездейсоқ қосылған құбылыс емес, керісінше, түркі билеушілерінің тікелей араласуымен іске асқан үрдіс еді. Сондай-ақ түркілердің басып алған жерлердегі қабырғасын қалаған мемлекеттеріндегі биліктерінің табысты болуына олардың ортодоксальды ислам үшін исламдағы күпірлік болып табылатын кез келген басқа бағыттарға қарсылық тудырып, дәстүрлі исламды мемлекеттік дәрежеде көтермелеуінің тікелей әсері еді. Діни алауыздықтардан қажыған ислам әлемінің біртұтастығы мен қауіпсіздігі үшін бұл өте маңызды шара. Исламның пайда болуынан көп уақыт өте қоймаса да діннің бір-бірімен жауласушы бірнеше ағымдарға бөлініп кетуі исламның біртұтастығына кері әсерін тигізерін ұққан түркілер Құран негізіне жақын, дәстүрлі болып табылатын діни ағымға қолдау көрсетіп отырды. Селжүк билігі Тоғрұл бектің кезінде-ақ исламның суннизм ағымының ханафилік бағытын қолдады. Бірақ кейін олар шафиилік бағытын да кезек қолдап, ауысып отырды. Осы ағымның белсенді қолдаушысы селжүк империясында өз салмағы бар ақсүйек таджал-Мүлік Бағдадта таджийа медресесін салдырды. Селжүктер дәуірі кезінде көптеп салынған низамия мен таджийа сияқты медреселерде мұсылман теологиясы мен құқық (фикх) шафиилік мазхаб және аш'арит бойынша жүргізілді. Бұл медреселерде сол заманның атақты теологтары дәріс берді. Мысалы, Бағдадтағы низамия медресесінде 1067 жылы дәрісті негізінен Абу Хамид ал-Газали және Хорасан мен Иранның көрнекті теологтары, философтары жүргізді. Сұлтан уәзірі Низам ал-Мүліктің басқаруымен ислам әлемінің бірқатар ірі қалаларында низамия

медреселері салынып, жұмыс істеді. Бұл медреселерде сабақ айрықша бағдарламамен жүргізілді. Осындай оқу орындары Бағдатта, Мосулда, Басра, Дамаск, Нишапур, Амул, Балх, Мерв, Гератта болды.

Селжүк билеушілері медреселер құрылысының барлық сән-салтанатымен салынуына ерекше мән берді. Низам ал-Мүлік Бағдатта өзінің салдырған Низамие медресесіне 200 мың динар ақша жұмсап, айналасына базарлар, жайма базар, монша, қоймалар салды. Бұлардың барлығы медресеге «вакф» ретінде берілді. Медреседе тәрбиеленушілер шафиилік-ханифилік ілімдерді үйренумен қатар, осында тұрып мемлекет есебінен шәкіртақы алды.

Егер, хронологиялық жағына назар аударсақ, бұл медреселердің дені түркілік әулеттер кезінде пайда болды. Медреселер жергілікті халық өкілдері уәзірлердің атсалысуымен жұмыс істегенімен, бұлардың түркі билеушілерінің тікелей бақылауында болып, олардың саясатын іске асырғаны белгілі болып отыр. Г. Лейзердің айтуынша, медреселер ғазнауилер кезінде пайда болып, селжүктер кезінде қанат жайды. Жалпы, негізі түркілік мемлекеттер тұсында қаланып, жұмыс істеген ислам өркениетінің белгілерінің бірі болып саналатын осы медреселердің мұсылман мемлекеттерінде маңызы қандай болды? Осы орайда Дж. Гильберттің айтуына сүйенсек, медресенің негізгі мақсаты «қоғамда мұсылман заңын, яғни діни және құқықтық ақпаратты тарату үшін кәсіби ғалымдар тобын даярлап шығару болды». Г. Лейзердің айтуынша, медресе шиизммен күрес және үкіметтің осы институты арқылы діни элитаны бақылауда ұстау еді. Яғни сол кезде қанатын жая бастап, теологтар мен дінбасылардың, тіпті әрбір қарапайым мұсылманның күпір деп таныған және империяда ғана емес, бүкіл ислам әлеміне қауіпті болған діни ағымдарға қарсы рухани базаны сақтап қалу үшін селжүк билеушілерінің тарапынан жасалған әрекет еді. Осылайша, исламның жауы исмаилизмге қарсы мемлекет тарапынан берік ғылыми база қаланды. Медресе өздерінің орналасқан қалаларында негізгі діни міндетінен басқа, мәдениет пен ғылым орталықтары функцияларын да атқарды.

Негізі түркілердің дәстүрлі мекен ету аймағымен жапсарлас орналасқан шығыс Иранда пайда болған медреселер кейін ислам әлемінің басқа да неғұрлым шеткірек аудандарына ауысты.

В. Бартольдтың айтуынша, «батысқа қарай селжүк империясының кеңеюі мен шығыс ирандық мәдениеттің таралуы қоса жүрді; Шығыс Иранда негізі дайындалған діни мектептің бір түрі медресенің Месопотамияға, Сирияға, Мысыр мен Солтүстік Африкаға біртіндеп ауысу процесі жүрді».

Қол астындағы елдерге билігінің баянды болуына барлық мүмкіншіліктерін жұмсаған түркілер, осы аймақтағы ішкі саяси тұрақтылыққа баса назар аударды. Дегенмен олардың ислам дінбасыларына құрметінен сол саяси тұрақтылық пен дінбасылар арқылы халық абыройына бөленушілікті ғана іздеу толық емес болар еді. Дін мен дін қызметкерлеріне деген құрмет түркілер үшін әу бастағы дүниетаныммен байланысты қасиеттер еді. Моңғол-түркілер билігі кезінде болсын, селжүктер кезінде болсын ислам пайғамбары (ғ.с.) ұрпағы билеушілер тарапынан қорғауға ие болды. Селжүктер кезінде нақты корпорация шеңберінде біріккен сайидтар (пайғамбар ұрпақтары) бірқатар жеңілдіктерге ие болды. Сайидтардың арасындағы вакф иелігінен түскен материалдық игіліктерді бөлуді накиб жүргізді. «Атабат ал-Катаба» құжаттар жинағында осындай накибтердің бірі Джамал ад-Дин туралы жазылады. Оның қызметіне әрбір сайдтың жалақысын белгіленген тәртіппен төлеп отыру кірді. Сонымен қатар ережеге сай қызмет еткендерді көтермелеп тәртіп бұзғандарды жазалау да оның қызметіне кірді. Накиб сондай-ақ әрбір сайидтардың ататегін зерттеді. Егер ол сайидтардың арасынан өтірік сайидтарды тапса, оны бұл дәрежеден айырып, жазалау белгісі ретінде шашын қырғызып тастады. Жергілікті билік өкілдері накибтың қызметіне көмек көрсетуге тиіс болды.

Моңғолдар да ислам тұлғаларына аса зор құрметпен қарады. Ильхан Қазан хан кезінде ханака, медресе, мешіт салынып, әртүрлі діни дәрежедегі адамдарға жалақы тағайындады. Ол өз билігінің алғашқы кезінен-ақ Тұстағы Қасиетті мазарға, Сұлтан Баязидтің мазарына, Абул Хасан, шейх Абу Сайд Абульхайр (Мейхани) басқа да қасиетті бабалардың мазарларына зиярат етіп барды. Бұдан соң ол өзі «аль-баб ал-бирр» мазарын соғуға кірісті. Ол үшін Тебризден жер таңдап алды. Әрине, бұл жерде моңғол хандарының исламды қабылдауы олардың ислам қағидаларына сәйкес әрекет жасауға итермелегендерін теріске шығаруға болмайды. Дегенмен түркілердің дүниетанымының көптеген эле-

менттерінің исламмен кереғар келмеуі түркі билеушілерінің бабалар рухына тағзым, дін басыларға құрмет сияқты ортақ дәстүрлерді шынайы түрде атқаруларына игі ықпал етті.

Ирандағы түркілер билігі кезінде осы аймақта сопылық ілім кең етек ала бастады. Бұл тұрғыда сопылықтың түркілік және парсылық сопылық типтері бір аймақта біртұтас дамыды. Бұл жағдайда сопылық исламға қарсы айрықша ағым емес, керісінше, әрқашан исламмен бейбіт қатынаста болған мұсылмандардың діни сенімінің ерекше сатысы болды. Бәрінен бұрын сопылық мұсылмандардың құрметіне исламның тазалығына қауіп төніп, қатаң қуғынға ұшырағанда ие болды. Тұтас мұсылман әлемінің рухани өмірінің барлық саласында діни догматика, философия, этика, әдебиет пен поэзияда сопылық күшті әсер етті.

Атақты сопы рубайлардың авторы, хорасандық Абу Сайд ибн Абульхайр Мейхани (967-1049 ж.) Хорасанда дәруіштік қауым құрып, парсы сопы поэзиясының негізін қалады. Оның ілімі батыс, араб сопылығынан көп айырмашылығы болмады. Ол ресми ислам қағидаларын сопылықпен біріктірген Бағдад сопысы Джонейдтің шәкірті болды. Көрнекті парсы ақындары Сарай, Хаям, Аттар, Румилерге Мейханидің ілімінің әсері күшті болды.

Селжүк билігі кезінде тәрбиеленген (1059-1111 ж.) Ғазали батыс сопылығы мен ресми исламды біріктіруге тырысты. Замандастары Ғазалиді «ходжат уль-ислам», яғни исламның дәлелі деп атады. Теологтар ол туралы «егер Құран жоғалып кеткенде, онда бәрібір исламды Ғазалидің шығармалары арқылы қайта қалпына келтіруге болады» деп есептеді.

А.Е. Крымскийдің айтуынша Ирандағы сопылықтың күшеюіне түркілердің шапқыншылығы мен селжүк империясындағы саяси-әлеуметтік жағдай мен моңғол шапқыншылығы және билігі кезеңі қатты әсер етті. Географиялық жағынан да ирандық сопылықтың қалыптасып дамыған жері түркілердің дәстүрлі мекенімен көршілес Хорасан аймағы екендігі де назар аударарлық. VIII ғасырдан-ақ бұл аймақ түркілердің жаппай қоныс аударуына ұшырап, осы үрдіс селжүктер мен моңғол-түркілер кезінде күшейе бастаған болатын. Ал соңғылардың билігі кезінен бастап біртұтас түркілер аймағына айналды. Бұл өз кезегінде осы аймақты мекендеген халықтардың, ең алдымен парсылар

мен түркілердің дәстүр мен мәдениет жақындығына алып келгендігі сөзсіз. Бұл жерде ескерте кететін бір жай, жақындық қандай да бір ұлттың немесе мәдениеттің басымдығымен іске асқан жоқ, керісінше екі мәдениеттің тең қатынасы жағдайында орнады.

XII ғасыр Иран үшін сопылықтың таза ирандық қалыпқа көшу кезеңі болды. Бұған сопы ақындары Мейхани мен Абу Иакуб Юсуф ал-Хамадани ал-Бузанджирди (1049-1140) жол салды. Соңғысы өз туған жері Хамаданнан Бағдадқа келіп шафиилік факих Абу Исхак Ал-Ширазиден (1023 ж. ө.) дәріс оқыды. Ол Хамаданға қайта оралып, одан Мервке келді. Осы кезден бастап ол уақытын осы қала мен Герат қалалары аралығында өткізді. Ол өзінің көптеген сопылық тармақтарында шәкірттер тәрбиеледі. Бұлардан соң сопылықтың парсы тармағын Абдалхалик ал-Гиджувани алып кетсе, түркі тармағын Ахмед ал-Ясауи таратты. Бұл ұлы орта азиялық сопылар түркі билеушілері орнатқан біртұтас мәдени кеңістік арқасында Иранға келіп, өздеріне түркі жаулап алушыларын пана етті. Өз кезегінде бұл олардың ислам ілімін қабылдап, үйренуін жеңілдетуде маңызды фактор болды. Қожа Ахмед Ясауи барлық түркі сопылардың атасы, түркі шейіхі Арыстан Бабтан ілім алып, ол қайтыс болған соң Бұхараға келді де, Жүсіп Хамаданиден дәріс алып, оның төртінші халифасы болды. Кейін ол Түркістанға қайта оралып, түркі атрибуциясы шейхтер тармағының (сар-и селселе-йе машайх-е-торк) негізін қалады.

Қазан хан кезінде (1295-1304 ж.) Ирандағы сопылықтың жағдайының селжүк түркілері мен алғашқы моңғол-түркі билеушілердің кезіндегіден айырмашылығы сопы улемдері ислам дінінің беделді өкілдеріне айналды. Бұл кезеңде сопы халық үшін хабар жеткізуші болды. Д. Морганның айтуынша «Қазанның исламды қабылдауына моңғолдар мен ирандықтардың арасындағы айырмашылықты жоюға тырысушылық себеп болды. Мұсылман болған моңғолдар сопылыққа құмар болды». Біздіңше, ислам дінін қабылдаған түркі билеушілерінің сопылыққа оң көзқарасы оның түркілік дүниетаным элементтерін молынан қабылдап, өз қағидалары арасынан орын бергендігінде болса керек.

Сол дәуірде қуғында жүрген шиизм де сопылық ағымдардан қорғаныш іздей бастады. Осы орайда ең көрнекті шиит-

тік сопылық қозғалыс сафавийа бастапқыда сунниттік орден болды. Оның негізін қалаушы Сафа ид-дин (1249-1334 ж.) өзін жетінші имам Мұса Казимнің ұрпағымын деп жариялады. Бұдан соң жиырма бес жыл оның жетінші ұрпағы шах Исмайл (1524 ж.ө.) Иранда билеуші сефевилер династиясын құрды. Негізінен, бұл дәуірде Иранда тек шиизмнің 4 тармағы ғана маңызға ие болды. Олар: 1) Әлиді құдай немесе жартылай құдай дәрежесіне көтеретін насриэ тармағы; 2) зидийлер; 3) исмайлшылар; 4) имамайа (он екі имамшы); зидийлердің өзі селжүктер дәуірінде өзара қарсылас жорвадие (бұлар Әлиден басқа халифтерді кәпір деп атады), сархубие, джаририе, сулеймание, батрие, т.б. ағымдарға бөлінді. Селжүктер кезінде шииттер үнемі қудалауда болды. Олар мемлекет ісіне араластырылмады. Мысалы, Низам ал-Мүлк өзінің «Саясат-намасында» Махмұд, Масуд және Алп Арслан (Алла оларға рақметін жаудырсын) кезінде еш зардошт, жөйт (иудей) немесе шиит жоғарғы қызметке қол жеткізе алмады. Мемлекет ісіне тек ханафии мен шафии болып табылатын хорасандықтар араласты. Ирактан шыққандар тіпті салық жинаушы қызметін де ала алмады. Түркілердің оларға сенімсіздікпен қарағаны шындық. Түркілер айтады: «Олардың діні дейлемдіктердің дініндей, егер олардың қолына билік тисе, әрі түркілердің мүддесіне қарсы келеді, әрі мұсылмандарға жауыздық жасайды. Ең дұрысы оларға өз арамыздан орын бермегеніміз». Бірақ селжүктердің әлсіреуімен шииттердің белсенділігі бірте-бірте жандана бастады. Шииттер өздерінің мешіттерін, медреселерін, кітапханаларын сала бастады. Олар енді билеуші сарайларына қызметке тартыла бастады. Фаза'йех ар-Равафез түркілердің сарайында кемінде он-он бес шиит қызмет атқарады деп, тіпті түркілерді Низам ал-Мүлік қайтыс болған соң шииттерді өз қамқорлығына алуы себепті мадақтайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, шиизм ильхандар дәуірінде түркі билеушілері қолдауына ие болған сопылық іліммен идеялық ортақтықтар табуға тырысып, осы арқылы қоғамдағы өз орнын алуға талпынады. Исламның өзі ру-тайпалық құрылыстың ыдырауы кезінде пайда болғаны себепті арабтарға жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастырушы идеология ретінде өзінің алдындағы әлемнен туысқандық байланыстарға құрметті сақтап қалды. Осылайша барлық мұсылман әлемінде Мұхаммед

пайғамбар ұрпағына құрмет – шиизмнің туғанына биліктің туысқандық принципі идеясы негіз болды. Ирандықтардың көбі, тіпті моңғолдар мен ильхандар дәуірінде де сунниттігі басым болды. Дегенмен де шиизм бұл дәуірде өз жақтастарын көбейте бастаған болатын. Шиизмнің сол кездегі ірі өкілдері Наср ад-дин Туси (1274 ж.ө.) мен оның шәкірті Хали (1326 ж.ө.) болды.

Шиизмнің Иран сопылығына енуіне Кабарие мектебі зор маңызды болды. Кабаридің өзі үлкен сопы болып, Хорезмде 1221 жылы өлтірілді. Ол суннит болғанмен шиизмге оң көзқараспен қарады. Бірақ оның мадақ өлендері Әли ибн Әбутәліпті суннамен біріктіріп мақтады. Тағы бір шиизмге бүйрегі бұрған сопылық ағым сефевилер болды. Бұл ағым біртіндеп Ирандағы билікті өз қолдарына алып, кейіннен елді шиизмге ендірді.

Иранға келісімен-ақ суннизмнің батыл жақтаушылары болып, басқа кез келген діни ағымдармен ымырасыз күрескен түркі билеушілерінің бір ғасыр өтпей жатып-ақ бұл босаңсуын немен түсіндіруге болады? Біздің ойымызша, мұның басты бірнеше себептері болды:

1. Сансыз шииттік ағымдардың ішінен тек сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік жағдайға анағұрлым ылайықтысы және ортодоксальды суннизммен ымыраға келе алатыны ғана іріктеліп шығып, сол дәуірлік қоғамнан өз орнын ала алды.

2. Он екі имамдық шиизм сопылық ордендерден пана тауып, олармен кейбір маңызды синкретикалық (ата-баба аруағына құрмет, мазар-қабір зияраты, т.б.) идеялық ортақтықтар нәтижесінде сол арқылы сопылыққа қолдау көрсеткен түркі билеушілерінің назарына ілікті.

3. Өз биліктерін баянды етуге тырысқан түркі билеушілері әлеуметтік-саяси процестер барысында орын алған халық наразылықтарынан қауіптеніп, осы халықтың көпшілік бөлігі бет бұра бастаған ортақ идеямен санасуға мәжбүр болды.

Ислам дінінің ықпалымен түркі билеушілері қол астындағы иеліктерде тәртіп орнатып, ислам әлемін саяси тығырықтан шығарып отырды. Ислам ережелері мен түркілердің дәстүр заңдарына қарсы әрекет еткен бірнеше белгілі адамдарды осы күнәлары үшін шарифат пен Яса бойынша жазалады.

Қазан хан барлық бұт, басқа да табыну храмдарын қиратты. Бахшилардың көбін исламға қаратты, көнбегендеріне Үндістан,

Кашмир, Тибетке кетулеріне рұқсат етті. Ол өсімге ақша беруге және сауда істерінде алдауға, алаяқтық пен негізсіз жала жабуға, қарыз ақшаны кепілсіз алғандардың уәделері бұзуы мен борышкерлерге қарсы заңдар қабылдады. Рашид ад-дин ислам әлемінің көптеген аймақтарында монша мен мешіттің жетіспейтінін, тіпті кейбір жерлерде бұл екеуінің де жоқ екендігін жазады. Ол бұған дейін мұсылман билеушілерінің бұған назар аудармағанын, кейін Қазанның бұйрықтарымен моншалар мен мешіттер салынып, оған түсетін пайда мешіттің керегі мен жергілікті жердің қорына түскенін жазады.

Ортағасырлық деректерден исламның салтанат құрғанына біршама уақыт өтсе де маскүнемдік сияқты исламмен бітіспес көріністердің мұсылман әлемінде үйреншікті жай болғанын байқаймыз. Рашид ад-диннің жазуынша, иеліктерде халықтың көп бөлігі шарап пен басқа да ашыған ішімдіктерді ішіп базарларда, қоғамдық орындарда мастықтың әсерінен бәстесіп ұрысып, осының әсерінен кейбіреулері өліп, жараланып жатты. Осыған қарсы шара қолданған Қазан хан қалалар мен базарларда мас болып қолға түскендерді тырдай жалаңаш шешіндіріп базарлардағы бағаналарға байлап қойып, қасынан өткен адамдарға түкіруге бұйырды. Бұдан соң тарихшы шараптың әсерінен болатын келеңсіз қылықтардың сап тыйылғанын жазады.

Ол сонымен қатар күндерді көңіл көтеретін орындарда зорлықпен орналастыруға тыйым салды. «Кабактар мен онда әйелдерді ұстау, бұл сөз жоқ заңсыз іс, мұны міндетті түрде тоқтату керек» деді. Сондықтан да кабактарда қалғысы келмеген әйелдерді адамдарға сатуға тыйым салды. Кеткісі келгендерге рұқсат берді. Оларға нәсіліне қарай лайықты бағаларын белгілеп тұрмысқа берді.

Осы орайда айта кететін жайт, ислам әлемінде орын алған келеңсіздіктерге қарсы ымырасыз күрес ашқан түркі билеушілерінің бұл әрекеттерін олардың исламды қабылдауымен ғана байланыстыру күмән тудырады. Түркілердің рухани болмысы мен әдет-ғұрпы жайлы жазып кеткен тарихшылардың қай-қайсысы болмасын көшпенділердің моральдық кескінін өте таза етіп суреттейді. Жезөкшелік, маскүнемдік, екі жүзділік, тұрақсыздық көшпенді өмірмен де, көшпенділердің дүниетанымымен де еш ымыраға келе алмайтын, олардың түсінігіне жат құбылыстар еді.

Иран жерін жаулап алушы түркілер ислам дінін қабылдауымен жергіліктілермен біртіндеп рухани ассимиляцияға ұшырай бастады. Олар біртіндеп отырықшылыққа көшіп, негізгі шаруашылық тәсілін отырықшылыққа тән шаруашылық элементтерімен толықтырды. Сондай-ақ ирандықтар да көшпенділер руханияты мен шаруашылығынан көптеген сипаттарды қабылдауға мәжбүр болды. XI-XIV ғасырлардағы Түркістан түркілерінің Иранды жаулап алуы, әсіресе парсы тілінің түркі сөздерімен баюына зор әсер етті. Бұл жерде назар аударатын мәселе, түркілердің ислам әлемінде тек әскери маңыздылыққа ғана ие болмағандығының дәлелі ретінде парсы тіліне енген түркі сөздерінің әскери сөздер саласын емес, сондай-ақ жан-жануарлар, өсімдіктер, дене мүшелері, туыстық атаулар, тұтыну бұйымдары, т.б. салаларын да қамтығанын байқаймыз.

XX ғасырдың басында Ирандағы билік тізгінін ұзақ ғасырлар бойғы түркілер билігінен босатқан Пехлеви әулеті билігі орнаған соң көп ұзамай парсы тілін түркі, араб сөздерінен тазартып, көне және орта парсы тілдерін қайта айналысқа түсіру науқаны басталды. Міне, содан бері талай уақыт өтсе де көптеген түркі сөздері қолданыста сол күйі қалып, ирандықтардың сөздік қорына мықтап орналасып, өздерінің өміршендігін көрсетті. Мысалы, қазіргі парсы тілінде ең көп қолданылатын мырза, ханым сөздері түркілік аға, ханум түрінде қолданысқа ие. Қазақ тіліндегі бажа, қайын, келін сөздері парсы тілінде *бажанақ*, *қаен*, *гелин* түрлерінде айтылады. Ал парсы тіліндегі янга – жеңге сөзі, жеңге мағынасымен қатар, қалыңдықты неке түніне дайындайтын әйел, делдал түрлерінде де мағына береді. Жан-жануарлар атауларының да біршамасы түркі тіліндегі баламасымен аталады. Мысалы, *қарақұлақ*-сілеусін, *қарақаз*-дуадақ, *туримтай*-тұрымтай, *тарлан*-тарлан, *қесрақ*-қысырақ бие, *арғун*-жүйрік ат. Тұтыну бұйымдары: *аяқ*-ыдыс, *тошак*-төсек, *қашау*-қашау, егеу, *кезлік*-кездік, бәкі. Қазіргі парсы-орыс сөздігінде тек «Қ» әрпінен басталатын сөздер тізімінде түркі тіліне қатысты елуге жуық сөз кездеседі [А қосымшаны қараңыз].

Жоғарыда көрсеткендей парсы тілін түркі сөздерінен тазалау науқаны кезінде көптеген түркі терминдері айналыстан шығарылды. Мысалы, *қарасұран*-патруль, *қошын*-армия, *қанқаш*-кеңес,

парламент, *құлташ*-каска, шлем, *жатаған*-подщипник, *алтамға*-үлкен мөр (мөр сөзі түркілік емес – Ж.Ж.), *байған*-архив, *бандақ*-снаряд, т.б. Осы орайда қазіргі қазақ тілінің терминологиясын қайта жасап отырған кезде қазақ тіліне керекті кейбір терминдер баламасын парсы тіліндегі түркі сөздерінен алуға болатынын көрсетеді. Бұл, *біріншіден*, терминологиялық комиссия жұмысын жеңілдетсе, *екіншіден*, аталарымыздың пайдаланып, тәжірибеден өткізген сөздерін қайта қолданысқа түсіріп, сақтап қалуымызға мүмкіндік берер еді.

Осылайша, Иранды билеген түркілер дәуірінде ислам өркениетіне ауыз толтырып айтатындай баға жетпес мұралар қосылды. Түркілер кезінде сопылық ілім осы аймаққа берік негізін қалап дамыды. Сопылық түркілер мекендеген аймақта табыстырақ болып, Түркістанмен шектескен аймақтар сопылықтың алтын бесігі болды. Ислам мұраттарынан алшақтаған ресми ислам мен биліктен қалжыраған халықтың саяси-әлеуметтік наразылықтары нәтижесінде пайда болған діни ағымдардың ішіндегі көрнектісі шиизм, түркілер билігінің әлсіреуімен қайта жандана бастады. Түркілердің сопылыққа қолдау көрсетуімен, бұған дейін жасырын әрекет еткен шиизм сопылық ордендер арасынан пана тапты. Иран тарихы үшін аса маңызды осы кезеңде қайта жанданған шиизм бертін келе мемлекеттік сипат алып, Ирандағы бірден-бір ресми діни ағымға айналды. Айтылуға тиісті маңызды факт, шиизм аталмыш кезеңде өзінің бастапқыдағы әсіре күпірлік сипаттарынан біршама арылып, сопылықтың әсерінен ортодоксальды исламмен идеялық қарама-қайшылықты ретке келтіріп, былайғы мұсылмандардың шыдамына лайықты исламдағы негізгі ағымдардың біріне айналды.

Иран жерін жаулап алушы түркілер ислам дінін қабылдау арқылы көне өркениет пен мәдениетке ие жергіліктілермен біртіндеп рухани ассимиляцияға ұшырай бастады. Олар енді біртіндеп отырықшылыққа көшіп, негізгі шаруашылық тәсілін өзгертіп, кейде екі жүйені де қатар қолдана бастады. Өз кезегінде ирандықтар да көшпенділер руханияты мен шаруашылығынан көптеген сипаттарды қабылдауға мәжбүр болды. Бұл орайда екі өркениеттің шаруашылық тәсілдерінде өзара синтез қалыптасты деуге болады. XI-XIV ғасырлардағы Түркістан түркілерінің Иранды жаулап алуы, әсіресе парсы тілінің түркі сөздерімен толығына әсер етті.

Бақылау сұрақтары:

1. Түркілердің Иранды жаулап алуымен Иранда қандай саяси-діни өзгерістер болды?
2. Түркілердің сопылық дәстүрлердің дамуына ықпалы қандай болды?
3. Иранға келген түркілер ирандықтармен тілдік тұрғыда ассимиляцияға ұшырады ма?

4.2. Түркілердің Ирандағы материалдық мәдениетке ықпалы

Ішкі саяси тұрақтылық пен әлеуметтік жағдайдың қалыпқа түсуіне мүдделі бола отырып, түркілер ислам өркениетінің одан әрі қарай даму үрдісіне мұрындық болды. Әсіресе көшпенділер өздерінің төл мәдениетінің элементтерін дүниежүзілік өркениетке батыл енгізді. Дегенмен бұл мәселе кейбір кеңес және қазақ зерттеушілерінің мойындаған ақиқаты болғанмен, дүниежүзілік ғылыми ортада әлі толық мақұлданған жоқ. Бұл тартпас дәлелдерге қарамастан мойындамаушылықтың негізгі себебі әлемдік деңгейде «көшпенділер өркениеті» ұғымына қосына қараушылығында болып отыр. Барлығымызға белгілі, ислам өркениеті ислам дінінің тараған барлық жерлерінде, тіпті ислам әлемімен көршілес жатқан аймақ халықтарының мәдени игіліктерінің негізінде жасалды. Иран тарихшысы Зарринкубтың жазуынша «ислам империясының негізгі ерекшелігі ол әртүрлі қауым мен халықтың мирастары мен дәстүрлерін біріктіріп жаңа мәдениет жасап шығарды. Исламда дін мен өнер бірін-бірі толықтырады. Өткен заманда мешітті салған мұсылман сәулетшісі өз айналасынан көрген әрбір әдемілікті, егер оны құдайдың ұлылығы мен даңқына сәйкес деп санаса, жағдай келгенде ол үшін мешіттен орын беруге тырысты. Шам сәулетінің ерекшеліктері байлық пен береке лебі байқалса, Үнді түбегі мен Пәкістан сәулетінен көп сандылық мен жылдамдық, түркі және Осман сәулетінен күш-қайрат, ал ирандық стильден жұмсақтық пен әдемілік лебі еседі».

Осы дәуірдің сәулетіне көшпенді түркілер мәдениетінен қосылған үлес мәселесіне келсек, мәдениет атаулыны көшпенділерге жолатқысы келмейтін көзқарасқа қарамастан, түркілер

кезінде салынған аса зор құрылыстар билеуші халық арқылы іске асқан соң құрылыс стилінде түркі-көшпенділер сарынының болуы заңды құбылыс. Бұл туралы көрнекті қазақ қоғам қайраткері, ғалым Ө. Жәнібеков: «Біз дүниежүзілік өркениетке қандай үлес қостық деген сұраққа пайымды жауапты халық сәулеткерлігінен де іздеген болар едім. Өйткені қазақтың киіз үйінің құрылымы мен безендірілуі жағынан тарихқа белгілі құрастырылып-ажыратылатын баспаналардың қай-қайсысының болса да шоктығы жоғары көрінетіні, тіркеспе қыстауының, тоқал тамының, қоржын үйінің сырт қарағанда ерекше әсер қалдыра қоймайтынымен, сәулеткерліктен қарапайымдылықтың, үйлесімнің, ұқыптылықтың үлгісі болғаны қақ. Қазақта сақталған ескерткіштердің басым көпшілігінің күмбезді болып келетіні, ал күмбездің сәулеткер Т. Бәсенов айтқандай белгілі бір дәрежеде киіз үйдің қаңқасына еліктейтіні белгілі. Сәулеткерлікте кеңінен тараған күмбезді құрылымы ондағы дарбазалы кіреберісті, мәнерлеп құйылған қыштардан құрастырылатын әшекейді жалпы Орта Азия құрылыстарына тән күмбез тұрғызу, оның біртұтастығын қамтамасыз ету идеясы көшпелі қауым мекендеген Дешті-Қыпшақтан келген деп бөле-жара айтқан».

Түркістан далаларынан шығып, Иран мен бүкіл Алдыңғы Азияны жаулап алып, бұл жерлерде өз мемлекеттерін құрған түркілер, сөз жоқ, қол астындағы жерлерде өзіндік көшпенділер мәдениетінің элементтерін батыл енгізе отырып, дүниежүзілік ислам өркениетінің дамып, гүлденуіне қомақты үлес қосты. Олар қол астындағы елдерді бір орталыққа біріктіріп, тәртіп орнатып қана қоймай, осы елдердің мәдениетінің қалыптасып, дамуына мүдделі болды.

Түркілердің көшпенді шаруашылық жүргізгеніне қарамастан, олардың өзіндік мәдениеті, қала салу үрдісі, қолөнер мен құрылыс өнері болғандығы белгілі жай. Олардың өздері жаулап алған аймақтардағы мәдениеттің дамуына мүдделілігі бұл кездейсоқтық емес, Ұлы Дала кеңістігінде басталған өркениеттің түркілер арқылы басқа аймақтарға тарауы еді. Иран ғалымы Әсия Жавадидің бұл тұрғыда «әр халықтың өнері – сол халықтың әдет-ғұрпы, наным-сенімі, дүниетанымы мен ақыл-ойының жемісі. Ұлт мәдениетінің іргетасы берік, тамыры терең болған сайын, сол халықтың өнері тарих бойында сақталып, бір сарындылау және

жанартумен өзгертуден аулақ болады. Сәулет өнері де шексіз, әр ұлт пен халықтың өркениетінің ең үлкен көрінісі және оның әлемдік ой-өрісін білдіреді» деп өз пікірін жазады.

Ильхандар кезінде болсын, селжүктер кезінде болсын исламдағы сәулет жаңа құрылыс типтерімен, конструкциялармен, әртүрлі формалармен толықты. Селжүктер кезінде астана болған Исфахан X-XIII ғасырлардағы Иран сәулеті тарихындағы Грекиядағы Афина, Италиядағы Рим сияқты Таяу Шығыстағы ірі қалаға айналды. Селжүктер мемлекетінде Мәлікшах кезінде көптеген құрылыс жұмыстары жүргізілді. Бағдатта сұлтанның Жұма мешітін (Джами ас-сұлтан) салдырды.

Иран тарихшысы Афзаладдин Керманидің жазуынша, батыс өлкелердегі медреселер мен мазарлар, керуен сарайлар мен мұнаралар барлығы селжүк патшалары мен әмірлері кезінде салынды. Осы орайда, қолдағы бар мәліметтерге сүйенсек, елді мекендерді абаттандыру, қала салу үрдісі түркілер мәдениетінің тарихында белгілі дәстүрлер екендігі анық. Ортағасырлық араб-парсы деректері түркілер жерінде дамыған ортағасырлық ірі қалалардың бар екенін жазады. Ал-Макдиси (X ғ.) түркілердің көшпелі және отырықшы болып бөлінетінін жазады. Отырықшыларға хирхиз тайпасын жатқызады. Ал-Идриси (XII) картасында қырғыздардың патшасы тұратын қала мықты, биік дуалмен қорғалған. Дуалдың етегіне терең ор қазылған. Ол қимақтардың Ертіс жағалауында он алты қаласы бар деп жазады.

Көне түркі руникалық ескерткіштерінде қалаға байланысты «балық-қала», «балықдақы-қалалық», «барк-үй» терминдерін кездестіреміз. Бұл түркілердің қала мәдениетіне көнеден ие болғанын көрсетеді. Л.Р. Қызласовтың айтуынша көне түркілік қалалар салынып, гүлдену уақыты жағынан түркі қағанаты дәуіріне жатады (VI-VIII). Ұйғыр қағанаты (VIII-IX) кезінде Орталық Азия ұйғырлары Орхон мен Селенгада Орду-балық, Хатун-балық, Байбалық қалаларын салды.

Археологиялық мәліметтерді талдай отырып, отырықшылық қоныстар Қазақстанның ең шеткері аймақтарында да болғанын жазды. Осы аймақтағы көптеген көне архитектуралық ескерткіштер, қоныстар қалдықтары мен суландыру каналдарының қалдықтары өткен замандарда тұтас бірқатар мәдени-экономикалық ошақтардың болғанын білдіреді. Айта кету керек, Р.Л. Қызласов түркілердің қала мәдениеті батыс жетісулық (орта

азиялық) қала мәдениетімен өзара байланыста болғанмен, өз бастауларын көне түркілердің ата-бабалары дәуірінен алғанына баса назар аударады. Р.Л. Қызласов VI-VIII ғасырларда Хакас-Миннусинск ойпатында шебер қолдармен жергілікті жерде жасалған құмыралар туралы жазды. Оның айтуынша үлкен тәжірибе мен зор шеберлік нәтижесінде жасалған Найнте-Сумеден табылған құмыраның басқа үлгісі VIII ғасырға дейін оңтүстікте болмады. Бұл құмыралар Абақан өзені бассейнімен Шулым, Енисей өзенінің орта ағысына орналасқан үш мәдениеттің бірі, «чаатас мәдениетіне» жатты (VI-IX ғ.).

Ирандағы Түркістан түркілері билігі кезінде мазарлар көп салынды. Айта кететін бір жай, діни және зайырлы кісінің мазарларының формаларында айырмашылықтар болды. Билеушілер өздеріне мазарларды төбесі шатыр тәрізді жабылған мұнара түрінде салды. Қасиетті жер болып табылатын діни кісілердің мазарлары, имамзодалар тұтас түрге, әсіресе күмбез астындағы кубтық құрылыс түрінде салынды. Бұл жерлер әулиелерге байланысты қасиетті жерлер болды. Мұндай типтегі ерте мазарға Мешхедтің оңтүстік шығысындағы Сенгбестейдегі мазарды жатқызуға болады. Осы типтегі мазарлардың ішіндегі Керманға жақын жерге орналасқан қабырғасы сегіз бұрышты етіп тұрғызылан Джебелисанг мазары өзінің қалпы мен құрылысы жағынан ең үлкені. Оның қабырғалары сегіз арка қуысына бекітілген сегіз қуысқа бөлініп, үстіне терезелер орналасқан. Күмбезге шығу 16 бұрышты аркатуралармен іске асқан (уық) күмбез төбесінде үлкен дөңгелек тесік бар (шаңырақ) Иезддегі Радқан (он екі имам) (XII ғ. аяғы), Гомбаде Кабус (XI), Верамин (XII ғ.) мазарларын жатқызуға болады [2-суретке қараңыз].

Осы ескерткіштердің салыну уақыты мен стилі көп нәрсені аңғартса да зерттеушілердің негізі мұны түсіндіре алмай отыр. Мысалы, кеңес зерттеушісі В.Л. Воронина мұнара мазарлардың қалпы мен мақсатының тегі белгісіз дейді. Оның ойынша бұл ирандық көне табыну прототипімен байланысты. О. Грабар болса XII ғасырға тән Техрандағы Верамин мешіті осындай түрде салынған себебі әлі белгісіз дейді. Оның айтуынша, «бұл мүмкін сасанилер пайдаланған қалыптарды кейін өзгертіп пайдалану шығар. Егер осылай болса, мұны бір қайта өрлеу деп

немесе әлде бұл қалыптар сасанилер кезінде егіліп, кейіннен бүршік атқан дән деп білуге болады. Немесе бұл шығыстан келіп түркі билеушілерінің әсерінен салынған жаңа стильдер ме? Бұл жағдайда бұл ескерткіштерді неге «Салжуки» деп атамасқа» деп мәселенің басын ашық қалдырды. Оның айтуынша бұл мәселе әлі шешімін таппаған, терең зерттеуді қажет ететін тақырып.

Енді осы мәселенің шешімінің табылуына қолдағы бар деректерді сараптай отыра өз үлесімізді қосып көрейікші. Мүмкін бұлардың салыну идеясы түркілердің дүниетанымымен байланысы бар шығар? Ирандағы мұнара тәрізді, шатырлы мазарлардың салыну ерекшелігінен түркілік сарынды дөп басып танып, оларды көшпенді өркениетінің дүниетанымдық формасы ретінде қарастыруға бірнеше дәлелдер бар. Қолдағы бар ең басты дәлел – мұнара мазарлардың салыну уақытының Иранға түркілердің енуі уақытымен сәйкес келуі.

Қазақстандық ғалымдардың еліміздің территориясында салынған осы төркіндес құрылыс типтері жайлы еңбектері мәселенің біздің пайдамызға шешілуіне оң ықпалын тигізері анық. Осы орайда қазақ зерттеушісі М.М. Мендіқұловтың айтуынша «Қазақстанның кең-байтақ территориясы мен Хорезмнің солтүстік аудандарына тараған мавзолейлердің көп санды тобы ғылыми әдебиеттерде өзінің коникалық немесе пирамида тәрізді күмбезі болуына орай шатыр тәрізді деп аталады». Кастаньенің жазуы бойынша конус тәрізді бәрінен бұрын биік «киргиз малақайына» ұқсайды. Мұндай ескерткіштер және осыған ұқсастар қырғыз даласының әртүрлі жерлерінде кездеседі, бірақ бәрінен бұрын Орал облысында көп кездеседі. М.М. Мендіқұловтың айтуынша, шынында да, бұл ескерткіштер қазіргі Атырау, Орал мен Үстіртте, балшық кесектен салынған мавзолейлер Сырдария атырабында, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда көп кездеседі.

Осындай ескерткіштердің бірі – Қорқыт Ата мазары. Күйген кірпіштен салынған бұл ескерткіш шеңберлі орны және алты қырлы пирамидалы күмбезге ие. Яғни көне Сырдария дельтасының сәулет белгілері бар бұл ескерткіш интерьері киіз үйдің кіре берісін еске түсіреді. Қорқыт мазары тәрізділерге Ұйтас, Қосұйтас, Домбауыл, Түгіскен балшықтан соғылған ескерткіш-

терді VIII-X ғасырлардағы оғыз-қыпшақ дәуіріне жатқызады [3-суретке қараңыз].

Зерттеушілер мұнара тәріздес Семейдегі Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу мазары, Сырдария алқабындағы Бегім Ана, Сараман Қоса мазарлары исламға дейін салынған оғыз-қыпшақ дәуірі ескерткіштеріне жатқызады. Назар аударатын жай, осы үлгідегі мазарлардың шын мәнінде киіз үй қалпына ұқсауы болып тұр. Ал Ә. Марғұлан киіз үйдің көне үлгісіне Орталық Қазақстанның Бөгелі сайынан табылған андроновтық тұрғын үйді жатқызады. Бұл ағаш баспана дөнес жамылғылы шатырмен жабылған. Бұл деректі бекіте түсетін келесі бір мәліметке сүйенсек, 1939 жылы Г.Н. Пацевичтің археологиялық қазба жұмыстары кезінде исламға дейінгі дәуірге жататын, қақпағы киіз үй тәрізді етіп жасалған табыттар табылған. Яғни осы тектес ескерткіштер өз бастауын исламға дейін-ақ, көне қазақ жерінен алғанын байқау қиын емес. Сондай-ақ қазақтардың қыстауы қызметін атқарған ортағасырлық қалалар маңындағы қысқы үйлер де сыртқы қалпынан отырықшылар территориясына шашырай орналасқан мұсылман мазарларына ұқсады.

Бұдан селжүктерге дейін-ақ Иран жеріне келген түркілердің құрылыс істерімен айналысқанын көреміз. Ал негізгі құрамы оғыз-қыпшақ элементтерден тұратын селжүк топтарының Сырдария алқабынан қозғалып, Иранды тұрақтағаны тағы белгілі жай. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: Ирандағы мұнара тәрізді сәулет ескерткіштері селжүктер дәуіріне дейін келген түркілік элементтер кезінде бастау алып, селжүктер кезінде белсенді жүргізілді. Назар аударатын бір жай, Иранға келген түркі тайпаларының селжүктерден де бұрын мазар тұрғызу дәстүріне ие болғанын тарихи қайнар көздерден кездестіруге болады. Мысалы Истахри, Иранның Систан аймағын суреттеу кезінде, «халадждар түркі қауымынан, олар бұл жерге (Систан) ертеректе келген. Олар Үндістан мен Систан аралығына мазарлар салды. Түрлері түркілерге ұқсас. Түркілік салтқа ие және барлығы түркі тілінде сөйлейді» деп жазады.

Шатыр күмбезді құрылыстың үстіне орнатуды композиция түсінігімен түсіндіруге болады, басқа ешқандай да жамылғы түрі жоғарыға ұмтылған мұнарамен үндесе алмайды (керегемен уықтың байланысуы тәрізді). Вертикальды динамика ұстын

бумасын құрайтындай кедір-бұдыр немесе жол-жол қабырға құрылыммен ерекшеленеді. Осындай мұнара мазарлар Иранда, ең алдымен Хорасанда көп кездеседі. XI ғасырда (Дамгандағы Чехел духтарон (қырық қыз) (XI ғасыр)) сияқты дөңгелек цилиндр тәрізді түрлері көптеп салынды. Ал XII ғасырда күрделендіру дәстүрі ретінде гофрлы, күрекше жұлдызды құрылым байқалады. Мысалы, Рейдегі (1139) мазар гофрмен өрілген де жоғарыдағы бұрылыстары сталактитпен (төмен салбыраған сүмбі) байланысқан.

Зерттеу барысында ислам өркениетінің ажырамас бөлігі болып саналатын сәулеттегі күмбез қалпының да түркі көшпенділері арқылы енгендігі белгілі болып отыр. С. Толстовтың айтуынша «Хорезмнің солтүстік-шығыс перифериясының далалық жабайы тайпалардың сәулеттік күмбездің ашылуы афригилер дәуіріне дейін күмбездік жамылғы техникасын білмегені өте маңызды факт. Дәл осы жерде Сырдарияның көне дельта ауданында Хорезмнің ғана емес, сонымен бірге одан да алысырақ аймақтарда көрініс тапқан бірқатар жаңалықтар пайда болды». Осыған қарамастан, ирандық зерттеуші Но'и күмбезді құрылыстың пайда болуын Қытаймен байланыстырады. Ол «Хулагу заманынан бері қарай орталық ислам мемлекеттерінің және батыс Азия елдерінің Қытаймен байланысы күшейіп, Қытай мен Иран шеберлерінің барып келуі күшейді, бір-бірінен өнер үйреністі. Селжүктер мен аббас әулеті кезіндегі ислам сәулеті ирандықтардың қолымен салынған сәулет ескерткіштеріне Қытай сәулет элементтерінің енуі күшейді» дейді де, осындай элементтердің біріне күмбезді жатқызады. Г. Но'йдың айтуынша «Купол» атты сөз француздарға тән болып, араб тіліндегі күмбез мағынасын білдіргенмен, күмбезді мұсылмандарға жатқызуға болмайды. Ол Райттың ирандық құпия тіршілік және оның құпия болуы себебі көгілдір түске – жан біту түсіне байланыстыруына қосылып, әртүрлі түстерді, жүрекке әсер ететін көгілдір түсті көбірек пайдаланып, осы бір құдайлық – аспан түсін барлық жерге, күмбез бен қабырғаларға пайдаланды дейді. Но'йдың осы пікіріне қарамастан, ортағасырлық деректерден Қытай құрылысшыларының Ирандағы құрылыс жұмыстары немесе ирандық сәулетшілерінің қытайлық әріптестерінен «тәжірибе алмасулары» сияқты белсенді әре-

кеттері жайлы мәліметтерді кездестіре алмадық. Егер тіпті Ирандағы күмбезді құрылыс типтерінен қытайлық элементтерді іздестіретін болсақ, онда күмбездер түркілердің киіз үйіне емес, қытайлардың погодасына ұқсас еді ғой?

Селжүктердің аяғын баса келген Түркістан түркілерінің тағы бір легі моңғол-түркілер кезеңі де Иран тарихында мәдениеттің өркендеу дәуірі болды. Хулагу мен оның орынбасарлары өнерді қорғаумен әйгілі болды және өз қол астындағы елдерді мәдениет пен өркениетке жеткізуде табысқа жетті. Алғашқы отыз жыл олар ең үлкен қиратулар мен қылмыстарға барса, қалған кезеңде мәдениеттің жарқырау кезеңі болды да Хулагу мен Олжайту кезеңі мәдениет пен өнердің гүлдену кезеңіне айналды. Иранды жаулап алушы түркілер өз биліктерінің сән-салтанаты мен ұлылығын көрсету үшін осы аймақта өшпес мәдени мұралар қалдырды. Осы орайда Ирандағы мәдениеттің өркендеуін тек моңғолдармен байланыстырсақ қателескен болар едік. Моңғолдар кезінде жемісін берген мәдениеттің алғашқы ұрығы сонау ғазнауилер мен селжүктер кезінде себіліп, өсіп, өркендеген болатын. Ал моңғолдар сол мәдениетті бұзып талқандамай, әрі қарай дамытты, өйткені бұл мәдениет ортақ дүниетанымдық түркілік-көшпенділік мәдениет жемісі еді.

Арғын ильхан кезінен бастап-ақ парсы моңғолдары құрылысқа көңіл аудара бастады. Арғын Шенаб қонысы маңайынан тебриздің батысында өзінің атын алған Арғуни қаласының құрылыстарын қолға алды. Құрылыс Олджайту хан кезінде бітіп, ол оны өзінің жазғы резиденциясы жасады. Көптеген зерттеушілер Ирандағы моңғол-түркілер билігі дәуірінде мәдениеттің өсіп-өркендегенін мойындағанмен, оған түркілердің өзіндік мәдени үлестерін теріске шығарады. Мысалы, В. Бартольд «парсы мәдениеті мен әдебиетінің дамуы моңғол халқына да, парсы халқына да қатысы жоқ, бұл Персияның пайдаланған халықаралық қарым-қатынасқа қолайлы кезең болды, бұдан басқа моңғолдар өздерімен бірге өте күшті мемлекеттік ұйымды алып келді, барлық жетімсіздігіне қарамастан өзінің алдындағы жүйеге қарағанда анағұрлым ширақ және ол империяға кірген барлық аймақтарға күшті әсер етті» деп, моңғолдардың ирандық ислам мәдениетінің өркендеуіне қосқан зор үлесін бар болғаны олардың осы мәдениеттің дамуына жасаған жағдайларымен шек-

тейді. Бұл тек моңғол-түркілер билігіне ғана қатысты емес, осындай түркілік өркениетке қосына қарау зардабын ислам әлемінде билік құрған барлық түркілік әулеттер тартты. Егер де осы мемлекеттер тұсында мәдениеттің қандай да бір саласы жетістікке жетсе, оны не жергілікті уәзірлердің даналығынан, не болмаса түркілердің жиналған қаражатты қайда шашарын білмей жасаған әрекеттері етіп түсіндіреді. Дегенмен ислам мәдениетінің жарқырай түсуіне көшпелілер өркениетінің өзіндік үлкен әсері болғаны ескерілмеді.

Ильхандар дәуірі сәулетінде XII ғасырдағы ғазнауилер мен селжүктер кезінен мұра болып қалған конструкция мен декор формасында бір қалыпты даму іске асты. Бұл жайлы Вильбер, ильхан дәуірі сәулеті тура түрде селжүк дәуірі құрылыс стилінен біріне-бірі қай жағдаймен болмасын жақын екенін айтады. Бұл жақындықтың себебі түсінікті де – олардың тектік негізі бір еді. Орталық Азия даласына саяхат жасаушы Еуропа саяхатшыларының қай-қайсысы болмасын, түркі-моңғолдардың дәстүрлерін суреттегенде олардың дәстүрлі киіз үйін суреттемей өтпейді. Марко Полоның айтуынша олардың үйлері ағаштан дөңгелек формада жасалған. Оны қайда барса да өздерімен бірге алып жүреді. Жеңіл, ағаштар бір-бірімен қайыспен бекітілген. Үйдің ауызы оңтүстікке қаратылады. Әйелдер мен бала-шаға отыратын киіз үйлерді арбаға салып алып, түйе мен бұқаларға жегеді. Ал Рубрук көшпенділердің киіз үй жамылғысын ақ киізден жасап, жарқырап тұрсын деп ізбес, ақтопырақ пен сүйек ұнтағын жағатынын, кейде қара киізбен жабатынын жазады. Тіпті өз көзімен көрген арбадағы үйдің суретін салып көрсетеді [4-суретке қараңыз]. Д. Вильбердің жазуынша моңғолдар Иранға келген кезде киіз үйде тұрған. Тіпті Абу Сайд кезінде де ильхандар қыста Әзірбайжанның ыстық даласын, жазда батыс Әзірбайжан тауын мекендеген. Осы аймақтарда тігілген шатырлар айрықша сән салтанатқа ие болды. Хорасан әкімі Арғын Хулагуды алтын матадан тігілген, бір мың алтын шегемен жерге бекітілген киіз үйде қабылдады. Бұл үйде қонақүй мен патшаларды күтетін жеке отау болды. Моңғолдардың Уджандағы қыстауы кілең киіз үйден тұратын қала болды. Бұл қалада уақытша базар мен мешіт жұмыс істеді. Жаз шыға қала түгелімен өртелді. Ильхандар құрылысты салар алдында жергілікті мамандар мен жұмысшыларды пайдаланды [5-суретке қараңыз].

Шатыр тәрізді жасалған мазарлар салу үрдісі моңғол-түркілер кезінде өз жалғасын тапты. Олардың билігі кезінде солтүстік аудандарда мұнара тәрізді мазарлар-имомзоделер көп салынды. Бұл категория ең саны көп отыз ескерткіш. Формалары әртүрлі ішкі контуры квадрат, шеңбер, көп бұрыш. Бұрыштары жебе тәрізді сызба қуыстармен әшекейленген. Қабырғалары көп санды қырық сегізге дейін гофр (кеңірдек тәрізді) бөлінген мұнараның сыртқы күмбезі пирамида немесе конус тәрізді болады. Осындай мазарлар әсіресе Фатиманың қабірі жатқан Құм қаласында көп болды. Жалпы, мазар салу дәстүрі түркілерде көнеден қалыптасқан салт. Түркілер ата-баба рухтарына арнап тасты үйіп оба жасады. Обаға табыну біртұтас моңғол мемлекеті тұсында дамыды. Алғашқыда бұл жеке жерлердің иелерін құрмет ретінде тау асулары мен жол аялдамаларында қасиетті жерлерге салынды. Селжүк дәуіріндегі қабірлердегі стиль моңғолдар дәуірінде де сақталып қалды. Мысалы, Марағадағы Хулагу қыздарының қабірі сол дәуірдің жалғасы болды. Бұрынғысынан кең әрі көп тараған күмбезді мазарларда жаңа дамулар болды. Моңғолдар Иранда сәулет ескерткіштерінің діни емес формаларының да көптеген үлгілерін салды.

Кунельдің айтуынша, моңғол императоры Шыңғыс хан кезінде Қарақорымдағы діни емес сәулет өнерімен танысуды Марко Поло жазбаларынан табуға болады. Әлбетте, ильхандардың Хулагудың ислам елдеріндегі діни емес мәдени ескерткіштерінен ешнәрсе қалған жоқ. Ям деп аталатын пошта үйлерінің керуен сарайлардан үлкен айырмашылығы болды. 1359 жылы жазылған «Хан Артамэ» атты жазбаларда осы пошта үйлері суреттелген. Бұл пошта үйлері бәрі бір дәлізбен жалғасқан айналасында екі қабатты бөлмелер салынған тік бұрышты жабық зал түрінде болып келеді. Қорыта айтқанда, көшпенді түркілер Иранға өздерімен бірге дәстүрлі мәдениетін алып келді. Бұл әсіресе олардың Иран сәулетінде анық байқалады. Яғни түркілердің тұрғын үйі – киіз үйдің тұтас көшірмесі мұсылман әулиелері қабірлерінің құрылысында көрініс тапты.

А. Федоров-Давыдов алтын ордалық сәулетте аралас мәдениеттің белгілерінің байқалатынын жазады: «Мұсылман типіндегі қатардағы үйлер Орталық Азиялық көптеген сипаттарға ие болды: көбінесе үй қабырғалары кірпіш іргетастың үстіне кереге

тәрізді ағаш конструкциядан салынды. Үйлердің квадрат тәрізді сыртқы пішіні киіз үйге ұқсады». Мешіттер мен басқа да құрылыстарды әшекейлеуде көшпенділердің эпиграфты декор түрі кеңінен пайдаланылды. Ильхан Олжайту бір кезде шиизмге бой алдырып өз астанасына Кербаладан Әли мен Хусейннің мүрде-сін әкелмекші болып оларға арнап құрылыс сала бастады. Осы-ған байланысты залдың декорының бірінші варианты орындалды. Қырнап өңделген кірпішпен қақталып, көгілдір жылтыратқыш (лазурь) қоспаның үстіне Әлидің аты көп мәрте қайталанып жазылды. Ал өзек тік қуысбай кеспе терраса әшекеймен толтырылды, жылтыратқыштың жолақтары көк және көгілдір түске ендіріп кеспені жылтыратқыш мозайкамен толтырды. Кейін билеуші суннизмге қайта оралып, құрылыс түрі де өзгерді. Төрт метрлік зал айнала көгілдір жылтыратқышпен жақтауланды, оның үстіне алебастрлы әрлеу жүргізіліп, оған Құраннан қайталанбалы мотивтер келтірілді.

Олжайту мазары – ортағасырлық Иран сәулет өнерінің ғана емес, сәулет тарихындағы көрнекті шығарма. Оның өзіндік формасы инженерлік есеппен негізделген, бұрыштық мұнарашалар күмбездің орталыққа қысымын тепе-теңдікте ұстады. Күмбездің қос қабатты кірпіш қабат Кессонымен бекітілген. Мазардың күмбезінің қабатты конструкциясы Мервтегі Санжар мазарына ұқсас. Басында Иранның шығысында – Хорасанда кең қанат жайған мұнара тәріздес мазарлар кейін батысқа да тарады. Мысалы, Нахичеванда салынған Мумине Хатун (XII ғ.) мазары осындай құрылысқа жатады [6-суретке қараңыз]. Зерттеуші бұл құрылыстардың сыртқы типтерінің киіз үйге ұқсайтынын дұрыс аңғарып, өз өмірлерін киіз үйде өткізген түркі әмірлерінің өз мазарларын салған кезде соған ұқсауына назар аударғанын айтады. Кіші Азия, Ирак пен Армениядағы христиан храмдары да осы стильде салынған. Айта кету керек, кейін бұл құрылыстардың формасы еуропа сәулетшілері арқылы Еуропаға да ауысты. Италиян өнер зерттеушісі Пьерсон Палолезидің айтуынша, 1419-1418 жылдары итальян сәулетшілері Брунлеский мен Гиберти, Сұлтания мазары күмбезі үлгісімен Византияда Санта Мария Дель Фиорэ шіркеуін салды. Түркиядағы Бруса мешіті мен Сан Лоренция шіркеулері де дәл осы стилде салынды. Тіпті Ресей астанасы Мәскеу қаласындағы Қызыл алаңға орналасқан Кремль сарайы

сияқты құрылыс түрлерінің да салыну калпына түркілердің дәстүрлі тұрғын үй құрылысының идеясы үлкен әсер етті. Әсіресе бұл жерде киіз үйге ұқсатып салынған мазар тәріздес ескерткіштердің тікелей қатысы болды.

Ирандағы түркілер билігі дәуіріндегі салынған құрылыстардың қайсысында болмасын қазан осы құрылыстардың негізгі бөлігі болып табылады [7-суретке қараңыз].

Атақты кісілердің мазарларында да ортағасырлық моншаларда да қазан күмбездік жамылғының орталығына сәйкес келетін жерде орналасқан. Біз Ирандағы осындай ескерткіштерді тамашалау кезінде түсіндіруші ирандықтардан қазанның мұнда орналасу себебін сұрағанымызда, олар бұл қазандар су құю үшін керек деп жауап берді. Біздің ойымызша, түркілер билігі кезінде салынған ирандық ескерткіштердегі қазанның міндетті компонентке айналу себебі түркілік дүниетаныммен тығыз байланыста. Бұл жайлы қазақ ғалымы А. Ғалиев «қазанның өмірдің қайнар көзі болуы себепті ол космостың дәл ортасына орын тепкен жаратылудың символы болып табылады» деп оның скифтерде де болғанына назар аударады. Геродот (История IV, VIII) Борисфен мен Гипалис аралығында Эскампей облысын суреттегенде «бұл жерде үлкендігі шарап дайындайтын қазаннан алты есе үлкен, қалыңдығы алты елі алып қазан бар» – деп жазады. Скифтерде де, қазақтарда да қазан ғарыш орталығын білдіреді. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі қазанның мәнісі осы. Сондай-ақ қазан отбасы, ру, ел, халық бірлігінің символы. Бір қазаннан ас ішу тағдырдың бірлігін білдіріп, ел тұтастығына септігін тигізеді. Түркімен ғалымдарының пайымдауынша, скиф, сармат, қыпшақ, оғыз, алтай, түркіменде қазанды үйреншікті қызметке емес, отбасы мен рудың бірлігіне пайдаланды. Түркілер мемлекеті тұсында салынған Ирандағы ескерткіштердің түгелге дерлігінде қазан осы құрылыстардың құрамдас бөлігіне айналған. Хиджра бойынша 597 (1200-1201) жылы Хорезмшах Мұхаммед, уәзірі Низам әл-Мүлік есімдері жазылған Мешхедтегі тасқазан, Ауғанстандағы Герат қаласындағы жұма мешіт ауласында тұрған 1375 жылы жасалған қазан, Исфahanда селжүктер билігі тұсында жасалған тас қазан, Мазари-Шариф қаласындағы қазандар XI ғасырдағы түркі тайпаларының қоныс аударуларымен байланысты жасалған қазандар.

Ел бірлігі, ру, тайпа бірлігі әсіресе өздерінің дәстүрлі мекен ету аймақтарынан тысқары жерлерде маңыздырақ екенін түсінген түркі билеушілері сол бірліктің символы болып табылатын қазанның қадір-қасиетін жете түсіне біліп, оның құрылыс құрамында болуына баса назар аударды. Бұдан өзге, ортағасырлық деректерді талдау кезінде бірігіп тамақ ішу, шүлен көже тарату ритуалдарының да жиі атқарылғанын байқаймыз.

Ирандағы түркілер билігі кезінде кең тараған құрылыс түрінің бірі моншалар құрылысы болды. Иран зерттеушісі Киани мұсылман дәуіріне дейін Иранда жалпы моншаның болмағанын мойындайды, «исламға дейін Иранда моншаның болуы туралы дерек бізде өте аз. Тіпті кейбір деректерде Иранда моншаның болғандығын жоққа шығарады». Ол моншаның Иранда болмау себебін зороастризм дінбасыларының монша құрылысына қарсылығымен түсіндіреді. Мысалы, б.э. 488-484 жылдары сасани патшасы монша салмақшы болғанда, дінбасыларының қатты қарсылығына ұшырайды. Исламның келуімен ислам әлемінің Бағдад, Кайр сияқты ірі қалаларында моншалар көптеп салына бастайды. Дегенмен қолдағы бар деректер, тіпті ильхандар дәуіріне дейін Иран қалаларында моншаның жеткілікті дәрежеде салынбағанын көрсетеді. Рашид ад-диннің айтуынша Қазан хан кезінде Иранда адамдардың монша мен мешітті өте керек ететіні және кейбір аймақтарда екеуінің де жоқ екенін жазды. Ал түркі көшпенділері арасында моншаның көшпенділердің мәдени өмірінің ажырамас бір бөлігі болғандығын қолдағы деректер растап отыр. Назар аударатын бір жай, ол Ирандағы монша құрылыстарының сыртқы, ішкі формаларының көшпенділердің киіз үйінің бір-бірімен қабырғалас етіп құрастырғанына ұқсауында. Мысалы, ағылшын зерттеушісі Хильда Хукхемнің жазуынша «Клавихо, Самарқанд маңайында темірдің ұлы ордасына келгенде, бұл жерден ол тек жақсы ұйымдасқан ондықтар, жүздіктер мен мыңдықтарды, сондай-ақ осы жерден қолөнершілер мен саудагерлерді ғана көрген жоқ, ол ордадан киіз үйлерден шебер жымдастырылып салынған моншаларды көрді. Бұл моншаларда қазандармен жылытылып, ыстық су берілетін темір бассейндер болды». Ө. Жәнібековтың айтуынша, «қазақта бұрын киіз үйлерді бір-біріне тіркестіре тігіп, әжетіне жарататын дәстүр де болғанға ұқсайды. Жетісу жеріндегі

Нарынкол ауданы Қақпақ ауылының тұрғыны Әбдікерім Әділбек ұлынан жазушы Эрнст Төреханов жазып алған мәліметке қарағанда, қазақ байлары таудағы жайылымдарда кішігірім құрылғыдан тұратын төрт киіз үйді тіркестіре тігіп, монша жасайды екен. «Киімшең» деп аталған бірінші үйде шешінеді екен де, «қауыз» деген атпен белгілі екінші үйде шомылып, «тасбулау» деген үшінші үйде қыздырынады екен. Төртінші үй «бүйрек» моншадан кейін тынығып, демалатын орын болған. Моншаның көшпелі өмірге бейімделген жылыту жүйесі болған» [8-сурет]. Тіпті сефевилер әулеті тұсында салынған моншалар құрылысы дәл осы формадан ауытқымаған. Селжүк дәуіріне, ильхандар мен сефевилер кезеңіне қатысты моншалардың дені төмендегідей сипатта болып келеді. Отын сақтау қоймасы, қазандық, су алар бөлме және жуынатын бөлік. Бұдан басқа киініп шешінетін де бөлмелері болған. Осы бөліктер бір бірімен бір қанатын алып тастап, жалғастырған киіз үй тәрізді байланысқан. Монша мал тезегі мен ағаш жапырағына қыздырылады.

Көріп отырғанымыздай, түркілер өздері басып алған жерлерде өз дүниетанымынан, мәдениетінен хабар беретін біршама ескерткіштер қалдырды. Иран жерінде түркілер дәуірінде салынған сансыз ескерткіштердің мәні мен мағынасын түркілердің дүниетанымымен байланыстыра қарамасақ, түсінуі қиын құбылыс екенінде дау жоқ. Осы ескерткіштердің салынуы мен конструкциясының мағынасын тек көшпенділердің дүниетанымына назар аудару арқылы түсіндіруге болады.

Н. Шаханованың айтуынша барлық дәстүрлі мәдениеттерде үй өзінше бір *imago mundi* – әлем бейнесі. Оның дұрыс байқауынша, үйдің шаңырағының ата-баба аруақтары идеясы мен тікелей байланысы бар. Әке үйі жанұяда әрқашан қара шаңыраққа айналады (қара-аға, үлкен). Әке қайтыс болған соң қара шаңырақ кіші ұлға қалып, мұрагердің жасына қарамастан осы үйдің барлық туысқандары үшін әке үйі ретінде құрметке ие болады. Киіз үй – бұл кіші космос, макро космос, шаңырақ Тәңірі-аспан, одан от шығады, шаңырақ ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалады. Егер кісі артынан ұрпақ қалмаса, онда ол қайтыс болған соң оның қабіріне шаңырақ қояды. Қазақ зерттеушілерінің пікірінше киіз үй космостың барлық элементтерін өз бойына жинақтаған бірінші адам денесімен сәйкестенеді.

А. Ғалиевтің пікірінше түркі қабірі де соңғысының моделі болып табылады. Оның айтуынша қорған-әлем идеясы түркілерге таныс болды. Дала дәстүрінде көне түркі заманынан қазіргі уақытқа дейін сақталып келген, қиылып қаланған қабір үсті конструкцияларын орнату етек алды.

Қазақтардың космосты моделдендіруге бағытталған қабір үсті құрылысының негізі түркі рәсімдерінде жатыр. Осының барысында кеңістікті игеру мен құру жүреді. Қабірдің басына төрт бағыт бойынша бақандар орнатып, шығыс бағыттағы бақанның басына арқанның бір ұшын байлайды. Қалған үш бақанды айналдыра орап, барлық бақандардың басын бір-біріне жақындата тартады. Арқанның келесі бос ұшын батыс тараптағы бақанға тартып байлайды. Төрт бақанның арасына керілген арқан тұрақтылық кепілі тұйықталған кеңістік шекарасын елестетеді. Төрт қайыңның арқанмен жалғасқан, дәл көшірмесі қазақтың рулық қабірінің орталығының құрылымы болып табылады. Кейін бұл ағаштарды кесектен соғылған мұнаралар алмастырып, ол ауру-сырқау жандардың көмек сұрап түнейтін орнына айналды. Олардың басына құрбандық шалды. Қазақ даласында төменгі жағы тік бұрышты қоршаумен байланысқан төрт мұнарадан тұратын композициялар жиі кездеседі. Кейде мұнара күмбезі көк түске боялды. Көшпелі түркілердің бұл дәстүрі олардың өзімен бірге әскери жорықтар негізінде жаңа жерлерге келді.

Түркілер билігі кезінде Иранда астрономия ғылымы жақсы дамыды. Тіпті селжүк сұлтандарының өзі осы ғылыммен тікелей айналысты. Мысалы, Мәлік (Мұхаммед) сұлтан, Құтлымыш сұлтан обсерваториялар салдырып, жұлдызшыларды өз қамқорлықтарына алды. Селжүк сұлтандарының астрономия ғылымына құрметі, бұл билеушілердің уақыт өткізуге арналған ермегі емес, көшпенділердің тынышсыз өмірінен мұра болып қалған ата-баба дәстүрі еді. Сұлтан жұлдызшылары болашақ әскери жорықтың барысын, мал жайылымына ауа райының қолайлылығын, көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынастың маңыздылығы сияқты сан қилы сұрақтардың жауабын жұлдыз қозғалыстарына қарап анықтады. Бұл дәстүр моңғолдар кезінде де жалғасын тапты.

Марагада моңғолдар қаланың солтүстігіндегі төбеде 1259 жылы атақты астроном Наср ад-дин Тусиге арнап, өзінің осы жерде «зейдж Ильхани» атты таблицасын құрған обсерваториясын салды. Обсерватория жанында Бағдатты жаулап алған кезде әкетілген кітаптардың бір бөлігі сақталған үлкен кітапхана болды (9-суретке қараңыз). Рашид ад-диннің айтуынша осы Марага обсерваториясын салу кезінде Қазан хан күннің айналасын көру үшін ол өз ойымен күмбез тәрізді құрылыс салуға кеңес берді. «Оның мәнісін хан жұлдызшыларға түсіндіріп еді, олардың барлығы: біз мұндай құрылғыны еш жерден көрмесек те бұл ақылға сияды екен деді». Өкінішке орай, тарихшы оларға ханның жаңа құрылғының мәнісін қалай түсіндіргенін айтпайды. Бірақ кейінгі кезде зерттеліп жүрген көшпелілердің киіз үйінің көшпелілер үшін астрономиялық қызмет атқарғаны жайлы мәліметтеріне назар аударсақ, онда моңғол ханының парсы астрономдарына айтатын өз пікірлері болғаны таңғаларлық болмаса керек.

Осы тұрғыда қазақ зерттеушісі Қ. Қамбаровтың зерттеуінде былай келтірілген: «Жыл маусымдарымен бірге орын ауыстырып отырған айлар ауысқан сайын аспандағы шоқжұлдыздар да орын ауыстырады. Мұның себебі жұлдыздардың тұрақты орын ауыстыруында емес, керісінше күн мен күнді айналған Жер мен Айдың осы шоқжұлдыздар арасында қозғалып жүретіндігімен түсіндіруіміз керек. Мысалы, киіз үйдің шаңырағы арқылы көктемде аспанның солтүстік жарты шарында біздің жерімізге көрінетін ең басты жұлдыздар мен шоқжұлдыздарды көре аламыз. Ал киіз үй уықтары арқылы аспан жарты шарын градустарға бөліп қарастыру оңай. Сонымен қатар кереге мен есіктің де өзіндік обсерваториялық функциялары болған». Киіз үйдің астрономиялық қызметі жайлы керемет үлгіні қазақ зерттеушілері В.И. Загайнова мен О.К. Токбергенова киіз үйдің қазіргі заманның өзінде таптырмас обсерватория бола алатынын жан-жақты жазып, дәлелдейді (10-суретке қараңыз). Демек, көшпенділердің астрономияға құмарлығын олардың күнделікті тыныс-тіршілігіне байланысты атадан балаға мирас болып келген жұлдыз құпияларына қанықтығынан іздеген жөн.

Оңтүстік Хорасан, Мәуреннахр, хорезмдік парсы-мұсылман мемлекеттері территорияларында орналасып, халифатқа

тәуелді болған аймақ ескерткіштерінің сәулеттік жазбалар декорировкасына өсімдік түрі тән. Яғни исламда тірі жанды бейнелеуге тыйым салуына сәйкес сәулетте бұл X ғасырдан бастап аркаларды архивольттарында, күмбез асты фризаларында қолданылды. Декорировкалық жазбаның келесі түрлері – шалма және спираль тәріздес түрі XI ғасырдың басында Хорасанның орталық және солтүстік аудандарында түркілік ғазна әулеті кезінде жүргізілді. Шалма жазумен алғашқыда тек мұнара құрылыстары сәнделіп, спираль тәрізді эпиграфиялық ою Хорасанның солтүстік-батыс бөлігінде (алғашқыда зооантропоморфты түрде) пайда болып, ғазна мемлекетінің көрші селжүк, қарахан иеліктерімен шектесетін солтүстік аймақтарға тарады. Алғашқы кезде осы тематикадағы жазбалар аркалардың архивольтын сәндесе, XI ғасырдың екінші жартысынан бастап спираль тәрізді эпиграфикалық декор михрабтар мен тұтас қабырғаларды сәндеуге пайдаланылды. XI ғасыр аяғынан бастап селжүк иеліктерінде сәулеттік эпиграфиялық декорлардың барлық түрлерінің қосындысы пайдаланылды. Керуен сарайлардағы селжүк стиліне тән қасиет ол өсімдіктерден гөрі жан-жануарлардың суреттерінің көп қолданылуы кейінгі исламға сенген нәсілдер дәуірінде ислам шарифатына байланысты олардың тотемдері болған бұл жануарлардың суреті кейін басқаша сипат алды. Мұсылман елдерінің сәулетінде эпиграфиялық декордың пайда болуы Б.Т. Тұяқбаеваның айтуынша, халифат дәуірінің гүлденуі емес, мұндағы түркітөкес толындылар, ихшидтер, қарахандар, селжүктер дәуірінде пайда болды. Тұзақтан шыққан спираль тәріздес эпиграфты орнамент зооантропоморфты декор тәрізді сульс жазу түрі XI ғасырда, яғни дәл осы селжүктер дәуірінде қалыптасты. Бұл құрылыстар тіке түрде Иранның солтүстігіндегі мазарлардағы стильдер Орталық Азияның көшпенділердің дүниетанымының көшірмесі. Селжүктер кезінде қолөнер де өркендеп, ислам өркениетінің бір ажырамас бөлігіне айналды. Жібек және жүннен жасалып, тамаша алтын тәріздес жіптермен өрнектелген маталар, фаянс, қола, күміс бұйымдар Мысыр, Арабия, Үндістан, Қытай базарларына шығарылды.

Таяу Шығыс елдерінде селжүктер кезінде кең сұранысқа ие болып, тараған бір зат, ол көшпенділердің өміріне ыңғайлы түркі-

мен тайпаларының кілемдері болды. Сөз жоқ, көшпенді мәдениетінің асыл мұраларының бірікілем тоқу түркілер қозғалысымен олар билік еткен аймақтарға да тарауы заңды құбылыс. Атақты парсы кілемінің көшпелі түркілердің қолөнерінің негізінде жасалып, ұзақ уақытқа даму үрдісін бастан кешіргеніне дау жоқ. Түрік зерттеушісі Т. Парлак кілем тоқудың негізі Шығыс Түркістанда пайда болып, одан түрлі себептерге байланысты Батыс Түркістанға ауысып, осы жерден бүкіл дүниежүзіне тарағанын айтады. «Кілем», «қалы» сөздерінің мағынасы туралы әртүрлі пікір бар. Түрік зерттеушілерінің пікірінше «қалы» сөзінің тегі көне түркі тіліне тән, түркінің өзіндік қолтума сөзі. Көне түркілерде «қалы» жасау, кейде «қалыңдық», «қалың мал бұйымы» мағынасында қолданылады. Түрлі түркі этностарында «қалы» мағынасында айтылып жүрген сөз шағатай тілінде «қалын», Қырым татарлары мен қыпшақ тілінде «кілем», түрік тілінде «қалы», бұлғар тілінде «калииа», саха тілінде «калін» және «калым» деп аталады. Махмұд Қашқаридің «Дивани лұғат-ат-түрігінде» «қалың», кейде «қалын» тұрғысында әсемдік тенеуі ретінде берілген. «Қалы» сөзі парсы тілінде «каличе», чех тілінде «калина» түрінде қолданылады. Сый-сияпат мағынасы ұзақ уақыттар бойында «қалыжы» атау ретінде қолданылуына байланысты, уақыт өте келе «қалы» сөзі дәлме-дәл сый-сияпат мағынасына ие болып, біртіндеп сирек қолданылатын түрікше «қалмақ» етістікті зат есімнің «қалы» тұлғасына ауыса келе «қалы» формасына енген. Т. Парлактың айтуынша, түрік зерттеушісі Гөргүнай М. Кырзыоғлудың пікірінше дәстүрлі түркі өнерінің бірі болған қалышылықтың Орта Азия түркілерінің тұрмыс-тіршілік кешкен аймақтарында пайда болды, даму жолдары да түркілер арасында өтіп, әлем жүзіне түркілер тарапынан тарады. Ол Г.И. Руденконың қазба жұмысының нәтижесінде Алтайда Пазырық-5 қорғанында табылған, заманымыздың III-V ғасырларына жататын қалы туралы да ескерте кетеді.

Сонымен, Иран мен Алдыңғы Азияны жаулап алып, бұл жерлерде өз мемлекеттерін құрған түркілер, қол астындағы жерлерде өзіндік мәдениеттерінің элементтерін батыл енгізе отырып, дүниежүзілік ислам өркениетінің дамып, гүлденуіне қомақты үлес қосты. Түркілер билігі кезінде ислам сәулетіне көшпенділер

мәдениетінен жаңа сәулет үлгілері мен түрлері қосылды. Ислам өркениеті түркілік сарынмен толығып, кемелдене түсті. Олар қол астындағы елдерді бір орталыққа біріктіріп, тәртіп орнатып қана қоймай, осы елдердің мәдениетінің қалыптасып, дамуын қадағалап, мұрындық болды. Бұл жерде баса назар салып айта кететін нәрсе, түркілердің ислам әлеміндегі жасаған мәдениеті кездейсоқтық немесе сол жерде ғана кенеттен пайда болған мәдениет емес, бұл өз бастауын сонау түркі қағанатынан алған көне дәстүрлерге ие мәдениеттің жалғасы. Бұл жайлы С.Г. Кляшторный «түркі елінің пайда болуымен мұраға қалған дәстүрлі мәдениет, тұла бойында болмыспен жаңа коммуникативті құралдардың анағұрлым жаңа түрлері пайда болып, ол жаңа өркениетке негіз болды... Бұл өркениет Орталық Азияның көшпенділері құрған еуразиялық бірінші түркі империясымен ажырағысыз, ең болмағанда сонымен байланысы болды» деп жазады.

Осы орайда тағы бір назар аударатын жай, түркілік мемлекеттер тұсындағы Ирандағы мәдениеттің өркендеуіне тек түркілер қатысты десек қателесер едік. Ислам өркениетінің баға жетпес бөлігі болып саналатын мәдениеттің өсіп-өркендеуіне ислам қанат жайған аймақтардың халықтарының түгелге жуығы қатысты. Сол дәуірлердегі түркі билеушілерінің ұлылығына сәйкес, мәдениеттің негізгі өзегі немесе идеясы түркілік дүниетаным мен мәдениеттен алынса, оған қосымша, дәнекер, түрлендіруші қоспалар араб-парсы, еврей, африка халықтары, тіпті қытай мәдениетінен алынды. Осылайша, түркілердің ислам әлемін ғана емес, жер шарының басқа да аймақтарын байланыстырып, біріктіруінің нәтижесінде дүниежүзілік мәдениеттердің тоғысуы, сол арқылы ислам өркениетінің қарыштап дамуы іске асты.

Бақылау сұрақтары:

1. Моңғол-түркілердің Иранның рухани мәдениетіне тигізген әсері қандай болды?
2. Моңғол-түркілердің Иранның материалдық мәдениетіне тигізген әсері қандай болды?
3. Түркілер Хулагу мемлекетіндегі мәдениеттің дамуында қандай маңызға ие?

ҚОРЫТЫНДЫ

Өткен уақыттарда түрлі саяси-идеологиялық себептерге байланысты тарих тұрғысынан жете зерттелмеген ежелгі және орта ғасырлардағы Тұран мен Иранның қарым-қатынасы, сақтар мен ғұндардың, XI-XIV ғасырлардағы түркілердің Иранға тигізген ықпалдарының саяси-діни, мәдениет аспектілерін жаңаша, жан-жақты зерттеу және сол арқылы ұлттық құндылықтарды тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік даму бағдарындағы өркениет практикасына арқау ету – бүгінгі қазақ тарих ғылымының басым бағыттарының бірі.

Ислам әлемінің ортағасырлық саяси тарихындағы оқиғалардың бел ортасында жүріп, тарихи процестерге елеулі әсер еткен түркілердің ислам әлеміндегі тарихи рөлін ашып көрсетуге арналған оқу құралының тақырыбы – өзектілігі мен көкейтестілігі, онда қамтылған өзекті мәселелер, жасалынған ғылыми тұжырымдамалары жоғарыда аталған маңызды талаптарға жауап беретін, замана сұранысынан туындаған талпыныс.

Осы сұрақтарды мақсат етіп қойған оқу құралы барысында көтеріліп, талданған мәселелер шешімі мынадай қорытындылар мен тұжырымдарға саяды.

XI ғасырда түркілердің ислам әлемі мен Иранды жаулап алу қарсаңындағы араб халифаты құрамындағы Ирандағы саяси-діни ахуал осы аймақтың исламдануына байланысты күрделі жағдайда өрбіді. Дегенмен көне, дәстүрлі ирандық дүниетанымының жаңа дінмен идеялық ымырасыздығы нәтижесінде орын алған жергіліктілердің араб басқыншылығы мен ислам дініне қарсы ұзақ қарсыласуларына қарамастан Иран жері біртіндеп исламдана бастады. Араб билігі мен ислам діні жергіліктілердің ұзақ қарсыласуларымен қатар орнай бастады. Халықтың жаңа ислам дініне сүйенген билікке деген өшпенділігі мен мойынсынбаушылығы елдегі ислам билігіне бағынбайтын дербес мемлекеттер құруға талпынушылықтармен қатар жүрді. Арабтардың келуінен бастап X-XI ғасырларға дейін бірнеше мәрте қарсыласқан, кейбіреулеріне Иранның көне діндері – маздакизм мен зороастризмді ұстанушылар қатысқан әлеуметтік-саяси қозғалыстар болды. Бұл қозғалыстар исламның күшеюімен

әлсіреген соң да іс жүзінде исмайлышылар мен шииттер қозғалысы түрінде жалғасын тауып, интеграцияланып келе жатқан ислам әлемінде іріткі тудырды. Араб жаулап алулары нәтижесінде Иран жерінде араб халифатына қарсы негізде ұлттық дәстүрлі ирандық мемлекет идеясы елдің бытыраңқылыққа ұшырап, ұсақ мемлекеттердің құрылуына алып келді. Дейлемилік саяси белсенділік дәуірінде пайда болған бұл мемлекеттер Иранды тұтастыруға қауқары жетпеді. Халифат басшылығының іріп-шіруінің нәтижесінде ортодоксальды исламның беделіне көлеңке түсіп, исламның іштей алауыздыққа ұшырап дінге карама-қайшы келетін түрлі діни ағымдардың пайда болуына душар етті. Діни ағымдардың әсерінен мұсылмандар арасында діни қақтығыстар күшейді. Сондай-ақ осы ағымдарды өздеріне идеология еткен шағын мемлекеттер пайда болды.

Халифаттың ішкі әлсіреуін пайдаланып Византия мұсылман әлеміне табысты жорықтар ұйымдастыра, көп жерлерін қайтарып алып, ислам әлеміне тікелей қауіп төндіре бастады. Осындай күрделі саяси жағдайды реттеуге халифат басшылығы толық дәрменсіздік танытты. Оқиғаның бұдан әрі өріс алуы халифат иелігіне ғана емес, ислам әлеміне, дінге аса қауіпті еді.

Ислам әлеміндегі интеграциялануға төнген қауіпті сейілту, ислам дінінің іштей іру үрдісін тоқтату сырттан келетін үшінші бір күштің араласуынсыз іске аспайтыны барған сайын айқындала бастады. Бұл үшінші күш, сол дәуірдегі діни ғалымдар мен қарапайым мұсылмандардың діни жазбалар негізінде мойындап, күткен шығыстағы түркі жаулап алушылары еді.

XI-XIV ғасырларда даланың әртүрлі түркі топтары осы аймақты жаулап алып, өздерінің мемлекеттерін құрды. Түркілердің жаңа аймақта саяси табыстарға жетуіне оларға тән жоғары әскери дайындықпен қатар, олардың осы аймаққа ислам әлемін діннің ішкі жаулары (карматтар мен исмайлышылар сияқты әртүрлі күпірлік ағымдар) мен сыртқы жаулардан (Византия империясы, крестшілер қозғалысы, грузин-армян патшалықтары) құтқарушылар ретінде келуі де оң ықпал жасады. Осы тарихи маңызды оқиғаға талдау жасаған зерттеушілер түрлі себептерге байланысты ислам әлемі үшін аса маңызды кезеңге саяси ренді көбірек беріп, осы саяси үрдістердің түркілердің дүниетанымымен сабақтастығын көзге ілмеді. Әсіресе түркі

билеушілерінің сол кездегі жалпы түркілік тазалыққа негізделген жоғары жеке моральдық қасиеттерінің, олардың әзірше деспоттанған отырықшы билік дәстүрлерінің әсеріне ұшырай қоймаған билік жүйесінің алғашқы халифтер кезіндегі ислам қағидаларының талаптарына сәйкестігі олардың мұсылмандар арасындағы беделінің өсіп, түркілерді шын мәнінде ислам мен мұсылмандардың нағыз қорғанышы мен тірегі дәрежесіне жеткізді.

Дегенмен аталмыш мәселе төңірегінде зерттеу жүргізген ғалымдардың дені түркілердің орта ғасырлардағы мұсылман әлемі тарихындағы алар лайықты орнын көрсете білгенмен, көшпенділердің діни белсенділігінің себебін түсіндіре алмады. Әсіресе исламды қабылдағанға дейін әртүрлі діни нанымдарды ұстанған түркілердің кенеттен ислам жауынгерлері болып шыға келуі олардың заңды таңданысын тудырады. Бұл таңданыс зерттеушілердің түркілер қозғалысына тек саяси-экономикалық рең беріп, негізгі діни сипатына жеткілікті дәрежеде назар аудармауына себеп болып отыр. Бұл қателіктің басты себебі осы тақырыпта зерттеу жүргізген ғалымдардың түркілердің дүниетанымы мен ислам дінін бөле-жара қарап екі сенім арасындағы негіздік ұқсастықтарға назар аудармағандығында болып отыр. Жалпы, түркілердің исламға қатысын жан-жақты қарастыруға болады. Әрине, олардың ішінде талас туғызбайтын географиялық, саяси-әлеуметтік сияқты бірнеше маңызды факторлардың да болғаны рас. Дегенмен зерттеушілердің назарынан тыс қалған тағы бір маңызды факторына – исламның түркілердің дәстүрлі дүниетанымымен, әсіресе тәңірі сенімімен тамырластығына назар аудару мәселеге жаңаша қарауға негіз болады.

Ұлы Жібек жолы түркі даласына әртүрлі наным сенімдер мен әлемдік діндердің енуіне әсер етті. Бірақ олардың ешқайсысы да дәл ислам сияқты түркілер арасында табан тірей алмады. Тәңір дінінде исламның қағидаларына қарсы келмейтін, қайта адамның рухани дамуына бір-бірін толықтырып, бірдей қызмет ететін элементтердің мол болуы түркілердің жаңа дінді тез қабылдауына оң әсер етті. Бұған әсіресе екі діндегі абсолютті рухтың сипаттарының ұқсастығы себеп болды. Түркілер де Тәңірге серік қоспады, оны жалғыз деп білді.

Исламды қабылдаған соң түркілер өздерінің түсініктері жетпеген, үнемі мазалаған дүниетанымдардың сұрақтарына қасиетті Құран кітабы арқылы жауап тапты, діни түсініктерін кеңейтті.

Түркілердің исламды қабылдауда табысты болуларына түркілердің билік жүйесі мен исламдағы басқару принципінің тамырластығы да әсер етпей қоймады. Исламның алғашқы кезеңдеріндегі әлі деспоттана қоймаған мемлекетті билеу жүйесі мағыналық жағынан түркілік дәстүрмен ұқсас болды. Біртұтас мемлекет билеушісі ретінде көшпенділер табиғатына да монархия мен деспотизм жат болды. Түркілер мемлекетті басқаруда биліктің сатылы-еншілес жүйесін пайдаланды.

Оқу құралында Түркістан түркілерінің Иранды жаулап алуының негізгі екі кезеңі – селжүк түркілері мен моңғол-түркілері кезеңі қарастырылады. Аталмыш екі кезеңнің тарихи сабақтастығы, этникалық жақтары, олардың жаулап алуларының саяси себеп-салдарлары тұрғысынан болсын жақындықтары осы біріктіріп қарастырудың негізгі себебі болды. Екі жаулап алудың соңы мен нәтижесі де ұқсас қорытындымен бітеді. Дәстүрлі түркілік ел басқарудың жергілікті деспоттанған басқару тәсілімен алмасуы, осының нәтижесінде орын алған тақ таластары түркілік мемлекеттің құлдырауына әсер етті. Иран жерінде Орта Азия түркі көшпенділерінің жаулап алуынан соң ислам әлемінде орын алған дағдарысты құбылыстарға тосқауыл қойылғанмен, уақыт өте келе жаулап алушы түркілер, өздеріне жүктелген тарихи миссияны орындаған соң, жергілікті жағдайға бейімделіп билік жүйесі де, моральдық бет-бейнесі де өзгеріске ұшырайды. Бұдан соң тарих сахнасына орта азиялық көшпенді түркілердің жаңа легі шығады да, ислам әлемін жаулап алады.

Оқу құралында ең алдымен түркілер билігінің селжүк-түркілері билігі кезеңі сөз болады. Мұсылман әлеміндегі қазіргі кезде өте маңызды болып отырған сол кездегі берік іргетасы қаланған, исламның осы аймақта нығайып, дамуының тарихи алғы шарттары осы кезеңде негізделе бастады. Ислам әлеміндегі түркілер жаулап алулары қарсаңындағы күрделі саяси-діни ахуал, түркілер қозғалысына саяси-діни рең беруге арқау болды. Ислам әлемін түркілердің жаулап алуының діни сипат алуына

біріншіден, ислам әлемінде орын алған діни негіздегі саяси-әлеуметтік дағдарыс себепкер болса, *екіншіден*, ислам әлемінде осы бір қиын саяси-әлеуметтік дағдарыстан шығуға шығыстан келер түркі жауынгерлерінің ислам әлемін жаулап алулары әсер етеді деген сарындағы пайғамбар (ғ.с.) хадистері де түрткі болды.

Көптеген зерттеушілерге түсініксіз болып келген түркілердің исламды қабылдауының табысты болу себебін олардың дүниетанымымен байланыстыра қарастыру зерттеудің үлкен жетістігі болып табылады. Бұл арқылы ортағасырлық араб-парсы деректеріндегі мұсылмандардың түркілерді «Алла тағаланың қылышы» ретінде қарау себебі түсіндіріледі. XI ғасырдың екінші жартысынан бастап бірінен соң бірі келіп Иранды жаулап алған Түркістан түркілері ислам дүниесі тарихында аса маңызды міндеттерді атқарды. Олар өздерінің ислам әлеміне тәртіп орнатуға жіберілген Алла тарапынан жіберілген күш екендіктеріне сенімді болды және мұсылмандардың дінді құтқарушылар ретінде артқан үмітін абыроймен орындады. Олар жаңа жерлерге келгенде жергілікті халыққа өздерінің келісін «аспан мен жерді Жаратушының атымен дүние мен дінді жаратушының данқы арта берсін. Сендерге біздің құдай әскері екеніміз және құдайдың бізді өзінің көзінің қарашығынан жаратқаны белгілі. Және сендерден кек алу үшін үмметтерге сабақ болсын деп бізді жіберді» деп түсіндірді. Діни алауыздықтар мен дінбасылардың бас бұзарлығынан шаршаған мұсылмандар шынында да оларға өздері мен исламды құтқарушылар ретінде қарады. Ислам дінінің дәстүрлі болып табылатын сунниттік бағытына қолдау көрсету арқылы исламмен ымыраға келе алмайтын басқа, әсіре күпірлік ағымдарды қудалады. Түркілердің алдын ислам әлеміне ішкерілей еніп, мұсылман жерінің территориялық тұтастығына тікелей қауіп төндіре бастаған христиан мемлекеттерінің агрессиясының бетін қайтарды.

Бұған дейін көшпелілердің ислам әлемін жаулап алу себебін тек олардың шаруашылық қажеттілігіне орай немесе жергілікті билеушілердің саяси қол шоқпарларына айналулары себептерімен байланыстырылып келген түркілер қозғалысының жаңа қырлары ашылды. Өздерінің мекен ету аумағын тастап шығып,

ислам әлемін жаулап алушы түркілердің Иран жерін стихиялы түрде жаулап алмағанын, мұсылман әлемінде орын алған саяси-әлеуметтік дағдарыс, түркілер қозғалысының табысты болуына ықпал жасағаны белгілі болып отыр.

Түркілер билігі тұсында Иранда көшпелілер билік жүйесі уақыт өте келе жергілікті ирандық басқару институттарымен бірыңғайлыққа көшу үрдісін бастан кешірді. Сондай-ақ, осы кезде дәстүрлі түркілік басқару институттарының жергілікті парсылық жүйелермен синтезі де орын алды. Атабектер институты, удж институты, қаңқаш-кенесу жүйесі, мемлекеттік жүйедегі бинарлық жүйе сияқты түркілік мемлекеттік элементтер ирандық түркілік мемлекеттерде біршама уақыт салтанат құрды. Түркілік билік элементтері мен дәстүрлі парсылық басқару жүйесінің синтездену үрдісі барысында бәрібір ирандық жүйе басымдылық танытып үстем жағдайда қалды. Түркілер билігі тұсында Иранда көшпелілер билік жүйесі уақыт өте келе жергілікті ирандық басқару институттарымен бірыңғайлыққа көшу үрдісін бастан кешірді.

Жергіліктілердің түркілік мемлекет қызметіне тартылуы және солар арқылы дәстүрлі түркілік ел басқарудың жергілікті деспоттанған басқару тәсілімен алмасуы, осының нәтижесінде орын алған тақ таластары түркілік мемлекеттің құлдырауына әсер етті. Екі ұлы сұлтанның арқасында Хорезм мен Кіші Азияға дейінгі ислам иелігі еркін демалып, белгілі бір мөлшерде тәртіп орнағанда, жанұялық соғыс бұл жаңа әулетке теріс әсер етті де, енді ғана құрылған біртұтас күшті ислам патшалығының бытырауына алып келді.

Түркілердің аталмыш кезеңдегі билігі кезіндегі орнаған ислам әлеміндегі интеграциялық үрдістер, исламдағы алауыздықтардың ауыздықталуы, мұсылман иеліктеріне христиан мемлекеттері тарапынан жасалып отырған агрессиялық шабуылдарының тоқталуы енді түркілер билігінің әлсіреуімен қайта босандана бастады. Ислам әлемі қайта саяси-әлеуметтік, діни дағдарысқа ұшырап, енді ислам қоғамы діни жазбалар мен діни қайраткерлердің уәде еткен исламды құтқарушы шығыстағы дін жауынгерлеріне қажеттілікті қайта сезіне бастады. Бұл жолы Орталық Азияның дені түркілерді құраған Шыңғысхан әскері тарихи миссияны атқарушылар ретінде Иран мен ислам жерлерін жаулап алды.

Моңғол-түркілер билігі кезіндегі діни ахуалдың селжүктер билігі кезіндегі діни жағдайынан айырмашылығы алдыңғыларының Иранда табанын тіреген исламнан өзге де діндерге қолдау көрсетуі болып табылады. Тарихи деректерді талдау, моңғолдар-түркілердің басқа діндерді қолдағанымен, соңында ислам дініне тоқтап, осы дінді мемлекеттік дәрежеге жеткізгеніне көз жеткізеді. Бұған, әрине, ислам діні мен түркілердің дәстүрлі дүниетанымының сабақтастығы өз әсерін тигізбей қоймады. Ал исламнан басқа діндердің моңғол-түркі билеушілері тарапынан қолдауға ие болуы мен ильхандардың еуропалық христиан мемлекеттерімен одақтасуға ұмтылуы таза саяси қажеттілікке байланысты болды. Бұған ең басты дәлел Қазан ильханның мұсылман болуының да осы саясаттың өзгеруіне әсер етпеуі болып табылады.

XI ғасырдың екінші жартысынан бастап бірінен соң бірі келіп Иранды жаулап алған Түркістан түркілері ислам дүниесі тарихында аса маңызды міндеттерді атқарды. Ислам дінінің дәстүрлі болып табылатын сунниттік бағытына қолдау көрсету арқылы исламмен ымыраға келе алмайтын басқа, әсіре күпірлік ағымдарды қудалады. Түркілердің алдын ислам әлеміне ішкерілей еніп, мұсылман жерінің территориялық тұтастығына тікелей қауіп төндіре бастаған христиан қатерінің бетін қайтарды.

Бір ғасырдан аса уақыт Иран мен ислам әлемінің басым көпшілігін билеп-төстеген Орталық Азия көшпелілері келген жерлерінде бірыңғайлыққа душар болды. Ислам дінін қабылдауымен мәдениет пен салт-дәстүрде ғана емес, тіпті антропологиялық болмысында да жергілікті халықпен араласулар пайда болып, өзгеріске ұшырады. Моңғолдардың Қытай мен Иран сияқты өркениетті елдерді жаулап алуы, одан соң олардың қалаларында мекен етуі моңғолдар дәстүріне әсер етпей қоймады. Моңғол сұлтандары мен әмірлері осы мемлекеттердің көне падишахтары мен императорларының орнына келгендіктен, олардың ел басқарудағы дәстүрлі тәсілдері де уақыт өте келе өзгерді. Шыңғыс ұрпағы екі ұрпақтан соң өздерінің қылыштарының күшімен алған жерлерде қытай, ұйғыр, иран ғалымдары мен кеңесшілері, уәзірлері билікті ақылдылық пен тіл, дін және мемлекет басқару ісін моңғолдардан ақырындап өз қолдарына алды.

Міне, сондықтан да бірінен соң бірі мұсылман әлеміне келіп, бастапқыда көшпенділерге тән және Мұхаммед (ғ.с.) пен алғашқы дұрыс халифтар кезіндегі ислам әлеміндегі дұрыс моралдық, саяси құндылықтармен сабақтас саяси-экономикалық және мәдени ұқсастықтарының арқасында жергілікті мұсылмандардың құрметі мен сеніміне лайықты қызмет етіп, олар мен ислам әлемін дін жауларынан құтқарып отырған түркі көшпенділері уақыт өте келе ғасырлар бойы қалыптасқан өркениетті елдердің ислам қағидаларына қарсы мемлекеттік жүйесінің ықпалына түсті. Жергіліктілердің түркілік мемлекет қызметіне тартылуы және солар арқылы дәстүрлі түркілік ел басқарудың жергілікті деспоттанған басқару тәсілімен алмасуы, осының нәтижесінде орын алған тақ таластары түркілік мемлекеттің құлдырауына әсер етті.

Иранда билік құрған түркілер мемлекеттері кезеңі – ислам мен Иран мәдениетінің кемелденіп, өркендеу кезеңі болды. Бұл кезеңде біртұтас түркілік билік нәтижесінде ислам әлемінде интеграциялық үрдістер орын алып, әртүрлі мәдениеттердің тоғысуы іске асты. Иранды билеген түркілер дәуіріндегі дүниетанымдық ілгерілеушіктің бір көрінісі ол – сопылық ілімнің осы аймақта берік негізі қаланып, дамуы болды. Ислам мұраттарынан алшақтаған ресми ислам мен биліктен қалжыраған халықтың саяси-әлеуметтік наразылықтары нәтижесінде пайда болған діни ағымдардың ішіндегі көрнектісі – шиизм түркілер билігінің әлсіреуімен қайта жандана бастады. Түркілердің сопылыққа қолдау көрсетуімен, бұған дейін жасырын әрекет еткен шиизм сопылық ордендер арасынан пана тапты. Иран тарихы үшін аса маңызды осы кезеңде қайта жанданған шиизм бертін келе мемлекеттік сипат алып, Ирандағы бірден-бір ресми діни ағымға айналды. Бұл орайда айтылуға тиісті маңызды факт, шиизм аталмыш кезеңде өзінің бастапқыдағы әсіре күпірлік сипаттарынан біршама арылып, сопылықтың әсерінен ортодоксальды исламмен идеялық қарамақайшылықты ретке келтіріп, былайғы мұсылмандардың шыдамына лайықты исламдағы негізгі ағымдардың біріне айналды.

XI-XIII ғасырларда Иран мен Алдыңғы Азияны жаулап алып, бұл жерлерде өз мемлекеттерін құрған түркілер, қол астындағы жерлерде өзіндік мәдениеттерінің элементтерін

батыл енгізе отырып, дүниежүзілік ислам өркениетінің дамып, гүлденуіне қомақты үлес қосты. Түркілер билігі кезінде ислам сәулетіне көшпенділер мәдениетінен жаңа сәулет үлгілері мен түрлері қосылды. Ислам өркениеті түркілік сарынмен толығып, кемелдене түсті. Олар қол астындағы елдерді бір орталыққа біріктіріп, тәртіп орнатып қана қоймай, осы елдердің мәдениетінің қалыптасып, дамуын қадағалап, мұрындық болды. Бұл жерде баса назар салып айта кететін нәрсе, түркілердің ислам әлеміндегі жасаған мәдениеті кездейсоқтық немесе сол жерде ғана кенеттен пайда болған мәдениет емес, бұл мәдениет өз бастауын сонау түркі қағанатынан алған көне дәстүрлерге ие мәдениеттің жалғасы болды. Ислам өркениетінен сәулет, ғылым-білім салаларымен қатар тіл, өнер салаларында да дала көшпелілерінің қолтаңбасы айқын сезіледі. Осы қолтаңбаларды терең зерттеу тақырыптың тарихнамадағы олқы тұстарын толтырып қана қоймай, халқымыздың төл мәдениетіндегі өзіндік бет-бейнесі мен беймәлім қырларын ашады.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер: көпшілік оқырманға арналған. – Алматы: Білім, 1999. – 480 б.
2. Мюллер А. История ислама с основания до новейших времен / перевод с немецкого под ред. Н.А. Недикова. – Новосибирск: Сибирское издательство Л.Ф. Пантелеева, 1895. – 189 с.
3. Грюнебаум Г.Э. Классический ислам: очерк историй 600-1258 гг.: перевод с английского. – М.: Наука, 1988. – 215 с.
4. Гордлевский В.А. Избранные сочинения. – М.: Восточная литература, 1960. – 551 с.
5. Семенова Л.А. Из историй средневековой Сирий (сельджукский период). – М.: Наука, 1990. – 246 с.
6. Сириус Язди. Кіріспе // Бертельс, Евгений. Торихэ Адобият-э Форси. – Тегран: Хонарманд, 1373. – 23 б.
7. Лэн-Пуль С. Мусульманские династии / перевод с английского и примечания В.В. Бартольда. – СПб., 1899. – 344 с.
8. Босворт К.Э. Нашествия варваров: появление тюрков в мусульманском мире // Мусульманский мир 950-1150. – М.: Наука, 1981. – 312 с.
9. Абдольхусейн Зарринкуб. Карнамэйэ Эслам. – Тегран: Амир Кабир, 1369 х/ж. – 296 б.
10. Nathan Light. Qazaqs in the People Republic of China: The Local Processes of History. 1994. MacArthur Scholar Series. – Bloomington: Indiana. – С. 160.
11. Петрушевский И. Ислам в Иране в VII-XV веках. – Л.: Издательство ЛенГУ, 1960. – 400 с.
12. Азизолла Бейат. Тарихэ Иран аз зохурэ эслам та дэйоламэ. – Тегран: Энтешарат-э донешгах-э Шахид Бехешти, 1370 х/ж. – 405 б.
13. Истахри, Абу Исхак. Масолек ва мамолек. – Тегран: ВТНК, 1347 х/ж. – 37 б.
14. Босворт. Тарих-э сиоиси ва дудмониэ Иран (390-414 х-1000-1217 м.ж.) // Тарихэ Иран аз омаданэ салжукион та форупошиэ даулат-э ильханион. – Пезухеш-э донешгах-э Кембридж. Тегран: Амир Кабир, 1371 х/ж. – 160-192 б.
15. Босворт К. Мусульманские династии // Справочник по хронологий и генологии / перевод с англииского П.А. Гряневича. – Институт востоковедение АН СССР. – М.: Наука, 1971. – 123 с.
16. Бартольд В.В. Сочинение. 7 том / ред. коллегия Б.Г. Гафуров. – М.: Наука, 1971. – 663 с.
17. Реза Эсфахани. Иран аз зардошт та қиомхай ирани. – Тегран: Элхам, 1366 х/ж. – 203 б.
18. Мец А. Мусульманский ренессанс / перевод с немецкого Е.Б. Бертельса; отв. ред. В.И. Беляев. – М.: Наука, 1973. – 491 с.

19. Нахджевани, Хендушах бен Санджар. Тажарроб ас-салаф. – Тегран: Тахури, 1344 ж. – 355 б.
20. Абдол Али Дастгейб. Худжум-э ордуй-э могул бэ Иран. – Тегран: Элм, 1367 х/ж. – 235 б.
21. Прозоров С.М. Классификация мусульманских сект по «ат-табир фи-д-дин» Абул Музаффара ал-Исфара'ини // Ислам: религия, общество, государство. – М.: Наука, 1984. – С. 97-115.
22. Басани А. Дин дар охдэ салжукион // Тарихэ Иран аз омаданэ салжукион та форупошиэ даулат-э ильханион. – Пезухеш-э донешгах-э Кембридж. – Тегран: Амир Кабир, 1371 х/ж. – С. 36-64.
23. Буниятов Дж.З. Восстания карматов. – Баку: Элм, 1988. – 112 с.
24. Михайлова И.Б. Средневековый Багдад: некоторые аспекты социальной и политической истории города в середине X – середине XIII вв.). – М.: Наука, 1990. – 156 с.
25. Лауст А. Религиозные волнения в Багдаде в IV-V вв. // Мусульманский мир 950-1150. – М.: Наука, 1981. – С. 189-207.
26. Азизолла Бейат. Тарихэ Иран аз зохур-э эслам та дэйоламэ. – Тегран: Энтешарат-э донешгах-э Шахид Бехешти, 1370 х/ж. – 406 б.
27. Насер Хосроу. Сафарнамэ. – Тегран: Зауар, 1363 х/ж. – 347 б.
28. Аджайб ад-дунийа (чудеса мира). – Российская АН, отдел истории, – М.: Наука, изд. фирма «Восточная литература», 1993. – 539 с.
29. Басани А. Дин дар охдэ могул // Тарихэ Иран аз омадан-э салжукион та форупоши-э даулат-э ильханион. – Пезухеш-э донешгах-э Кембридж. – Тегран: Амир Кабир, 1371 х/ж. – 65-87 б.
30. Чоротегинт К. Расселение монгольских и тюркских племен в регионах Центральной Азии до монгольских времен (по мусульманским источникам IX-XIII вв.). – Бишкек: Ылым, 1995. – 257 с.
31. Агаджанов С.Г. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана // Проблемы современной тюркологии: материалы II всесоюзной тюркологической конференции. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 428 с.
32. Масанов Н.Е. Кочевая цивилизация казахов – основы жизнедеятельности кочевничьего общества. – Алматы: Социнвест, 1995. – 320 с.
33. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии XI-XIII вв. – Ашхабад: Илым, 1979. – 264 с.
34. Златкин И.Я. Концепция истории кочевых народов А.Тойнби и историческая действительность // Современная историография стран зарубежного Востока. – М.: Наука, 1971. – С. 131-163.
35. Плетнева С.А. Кочевники средневековья: поиски ист. закономерности. – М.: Наука, 1982. – 182 с.
36. Кумекон Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алматы: Ылым, 1987. – 121 с.
37. Эбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: Елтаным, 2014. – 328 б.
38. Кляшторный С.Г. Имперский фон древнетюркской цивилизации // XXI ғасыр: Ұлы дәстүр жолымен (қазақтың ұлы философы

- А.Х. Қасымжановтың туғанына 70 жыл толуына арналған ғылыми халықаралық конференция материалдары. 19-20 қазан, 2001 ж.). – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 386 б.
39. Иақуби Ахмад. Ал-Булдан. – Техран: ВТНК, 1347х/ж. – 371 б.
 40. Ходжайов Т.К. Этнические процессы в Средней Азии в эпоху средневековья. АН УзССР. – Ташкент: Фан, 1987. – 208 с.
 41. Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1997. – 137 с.
 42. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Изд-во АН СССР. Том I. – М., Л., 1939. – 612 с.
 43. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. – Алматы: Ғылым, 1993. – 248 с.
 44. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 259 б.
 45. Банзаров. Д. Собрание сочинений. – М.: Изд. АН СССР, 1955. – 375 с.
 46. Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1971. – С. 213-227.
 47. Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. – Новосибирск: Наука, сибирское отделение, 1980. – 364 с.
 48. Толеубаев А. Реликты до исламских верований казахов: афтореф. канд. филос. наук. – Алматы: КазГУ, 1992. – 33 с.
 49. Гумилев Л. Көне түркілер. – Алматы: Білім, 1994. – 381 б.
 50. Бартольд В.В. Сочинение. I том. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. – М.: Вост. лит., 1969. – 760 с.
 51. Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири (опыт ареального сравнительного исследования) / отв. редактор И.С. Гурвич. – Новосибирск: Наука, 1984. – 233 с.
 52. Есім Ғ. Шаманизм деген не? – Алматы: Ақиқат, 1996. – № 2. – 11-25 б.
 53. Басилов В.Н. Избранники духов. – М.: Политиздат, 1984. – 207 с.
 54. Сенигова Т.Н. Вопросы идеологии и культов Семиречья // Новое в археологии Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1968. – С. 51-68.
 55. Сағалаев А.М. Мифология и верования алтайцев (центрально-азиатское влияние). – Новосибирск: Наука, 1984. – 121 с.
 56. Сыздықов С.М. Мүнәжімбаши шейх Ахмедтің «сахайб әл-Ақбар» немесе «Қарахандар шежіресі». – Алматы: Отан тарихы, 1998. – № 1. – 77-78 б.
 57. Zeki Velidi Togan. Kuran ve Turkler. – Ankara, 1956. – 97 б.
 58. Кляшторный С.Г., Лившиц В.А. Согдийская надпись из Бугута. – М., 1971. – Вып. 10. – С. 33-54.
 59. Аманжолов А.С. Древнетюркская письменность Казахстана // Казахстан и мировое сообщество. – № 4. – 1996. – С. 14-35.
 60. Хара Даван Эренжен. Чингисхан как полководец и его наследия (культуро-исторический очерк Монголии XII-XIV вв.): перевод. – Алматы: Крамдс, Ахмед Яссави, 1992. – 284 с.

61. Демидов С.М. История религиозных верований народов Туркменистана / отв. ред. А.А. Росяков. АНТССР, институт истории имени Батырова. – Ашхабад: Ылым, 1990. – 251 с.
62. Бируни, Абурайхан. Избранные произведения. 1 Т. Памятники минувших поколений / под ред. академика Х.М. Абдуллаева. – Ташкент: Изд. АН УзССР, 1957. – 487 с.
63. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование): монография. – Алматы: Фараб, 2000. – 312 с.
64. Buyuk islam tarihi. dogustan gunumuze[[ilmi musavir ve redaktor Prof. Dr. Haki Dursun Yildiz. 6-cilt. – Istanbul: Cag yayinlari. – 615 s.
65. Байпаков К. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречье (VI-XIII вв.). АН КазССР. Инст. ист. и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 256 с.
66. Феодоров-Давыдов. Г.П. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – М.: Изд. МГУ, 1966. – 215 с.
67. Abu-l-Farakh tarihi. Turkce ceviren R.O. Dogrul. Cilt. 1. – Ankara: 1945. – 58 б.
68. Жандарбек З.З. Маулана Сафи ад-дин Орұн Қойлақидың «Насабнамасы» Оңтүстік Қазақстанның VIII-XII ғасырлардағы тарихы жөнінде: т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2000. – 22 б.
69. Орынбеков М.С. Исламның Қазақстанға келуі // Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері. I том. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының IV Халықаралық оқулары материалдары. 29-31 мамыр, 2001 ж. – Тараз. – 58-76 б.
70. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-томах. I том / отв. ред. А. Маргулан и др. – Алматы: Каз.сов.энцикл., 1984. – 310 с.
71. Таджикова К. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. – Алматы: Қазақстан, 1989. – 158 с.
72. Алиев А.Г. Заметки о суфийском ордене Сухравердиййа (по рукописи Омара Сухраверди «Книга даров познания» // Ислам в истории народов Востока: сборник ст. АН СССР. Инст. вост-ия / отв. ред. И.М. Смилянская. – М.: Наука, 1981. – С. 154-160.
73. Сухарева О.А. Ислам в Узбекистане. – Ташкент: Фан, 1960. – 251 с.
74. Снесарев Г.П. Реликты до мусульманских верований и обряды у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1965. – 218 с.
75. Демидов С.М. Суфизм в Туркмении (эволюция и пережитки) / под ред. Н. Байрамсахатова. – Ашхабад: Ылым, 1978. – 176 с.
76. Гумилев Л.Н. Удельно-лестичная система у тюрок в VI-VIII вв. – М.: Советская этнография. – № 3. – 1959. – С. 11-26.
77. Галиев А.А. Традиционное мировоззрение казахов. – Алматы: Фонд Евразии, 1997. – 167 с.

78. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. – М., Л., 1950. – 235 с.
79. Артомонов М.И. История Хазар. – М.: Наука, 1962. – 413 с.
80. Кочнев Б.А. Структура власти в караханидском каганате борьба кочевнических и оседлых культур // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути: тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО (Алматы, 15-19 июня 1991 г.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 120 с.
81. Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империй XIII в. Проблемы исторической преемственности. РосАН. Институт Росс. ист. – М.: Наука, изд. фирма «Вост. лит.», 1993. – 278 с.
82. Хатиби С. Персидские документальные источники по социально-экономической истории Хорасана XIII-XIV в. – Ашхабад: Ылым, 1985. – 128 с.
83. Грязневич П.А. Ислам и государство // Ислам: религия, общество, государство. – М.: Наука, 1984. – С. 61-87.
84. Лембтон Э.К.С. Аспекты расселения сельджуков-огузов в Иране // Мусульманский мир 950-1150. – Москва: Наука, 1981. – С. 123-145.
85. Зейдан Джоржи. Тарихэ тамаддонэ Эслам. – Техран: Амир Кабир, 1345 х/ж. – 805 б.
86. Шарифли М.Х. Государство саджидов. – М.: Изд. «Вост. лит.», 1960. – 45 с.
87. Гусейнов Р.А. Султан и халиф (из истории сюзеренитета и вассалитета на Ближнем Востоке XI-XII вв.) // Палестинский сборник (ПС). Вып. 19(82). – Л., Наука, 1969. – С. 17-36.
88. Машкур М.Дж. Тарихе Иронзамин. – Техран: Ентешороте Ашраки, 1363 х. – 187 б.
89. Әбушәріп С. Түркістан тарихы (б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысы). – Алматы: Білім, 2001. – 148 б.
90. Агаджанов С.Г. Вопросы этногенеза туркменского народа // Проблемы этногенеза туркменского народа. – Ашхабад: Ылым, 1977. – 356 с.
91. Агаджанов. С.Г. Средневековые этимологий названия «туркмен» // Проблемы этногенеза туркменского народа. – Ашхабад: Ылым, 1977. – 356 с.
92. Джикиев А. Народные предания о происхождения туркмен // Проблемы этногенеза туркменского народа. – Ашхабад: Ылым, 1977. – С. 127.
93. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). 1 т. – Алматы: Атамұра, 1974. – С. 429.
94. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. III / перевод с персидского А.К. Арендса; под ред. А.А. Ромаскевича. – М.: Наука, 1946. – 356 с.
95. Ибн Исхак, Абусайёд. Тарихэ Гардизи. – Техран: Армаған, 1365х/ж. – 550 б.
96. Раванди. Рахат ас-судур уа рауайэ ас-сурур дар тарих ас-салжук. – Техран: Амир Кабир, 1333 х/ж. – 321 б.
97. Хондмир. Тарихэ ал-Асир. 2-том. – Техран: Хайам, 1333 х/ж. – 480 б.

98. Ал-Хусайни, Садр ад-дин. Ахбар ад-даулат ас-Салджукиа (зубдат ат-таварих фи ахбар ал-умара ва л-мулук ас-салжукиа). Сообщения о Сельджукидских государствах. – М.: Наука, 1980. – 326 с.
99. Торгаев С.Ә. Орта ғасырлардағы шығыс елдерінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім Академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 135 б.
100. Агаджанов С.Г. Государство сельджукидов и Средняя Азия в XI-XII вв. – М.: Наука, 1991. – 255 с.
101. Микаелян Г.Г. История Киликийского армянского государства. – Ереван: Изд. АН АрмССР, 1952. – 356 с.
102. Гусейнов Р.А. Из истории отношений Византии с сельджуками (по сирийским источникам) // ПС. Вып. 23(86). – Л.: Наука, 1971. – С. 58-79.
103. Аксарай М.М. Тарихэ Саложақэ. – Тегран: Асатир, 1342 х/ж. – 239 б.
104. Бартольд В.В. Сочинение. I том / ред. коллегия Б.Г. Гафуров. 7 том. – М.: Наука, 1969. – 563 с.
105. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-кітап (көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: Білім, 2002. – 292 б.
106. Строева Л.В. Государства исмаилитов в Иране в XI-XIII в. – М.: Наука, 1978. – 274 с.
107. Ашурбейли С.Б. Государство Ширваншахов (VI-XVI). – Баку: Элм, 1983. – 130 с.
108. Бунятов З.М. Государство атабеков Азербайджана (1136-1225 гг.). – Баку: Элм, 1978. – 272 с.
109. Safa Z. A history of the islamic era. – Tehran: 1332 h (1954). – Vol. II. – С. 11.
110. Маркарян С.А. Общественно-политические изменения в Иране в эпоху «Великих Сельджукидов 1038-1092»: афтореф. канд. дисс. – Тбилиси, 1984. – 31 с.
111. Лембтон Э.К.С. Тарихэ мионе-э Иран / аударған Я. Ажанд. – Тегран: Нэй, 1372. – 470 б.
112. Гусейнов Р.А. Уджи – военно-феодальный институт в Малой Азии // ТС. 1974. – М.: Наука, 1978. – С. 123-149.
113. Гусейнов Р.А. Огузы, кыпчаки и Азербайджан XI-XII вв. // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. – ИЭ АН СССР. – М., 1990. – С. 96-117.
114. Мухаммед ибн Ибрахим. Салжукиан ва ғуз дар Керман. – Тегран: Тахури, 1964. – 310 б.
115. Абдол Али Дастгейб. Худжумэ ордуйэ моғул бэ Иран. – Тегран: Элм, 1367х/ж. – 343 б.
116. Рашид ад-дин. Сборник летописей. III том / под ред. А.А. Ромаскевича. – М.: Изд. АН СССР, 1946. – 254 с.
117. Лордкипанидзе М.А. История Грузии XI нач. XIII вв. – Тбилиси: Мецниереба, 1974. – 393 с.

118. Гусейнов Р.А. Иракские селбджукиды, ильдегизиды и Закавказье // Палестинский сборник. Вып. 21. – 1970. – С. 169-189.
119. Кадырбаев А.Ш. Тюрки в монгольской империи Чингисхана и его преемники XIII-XIV вв. – Алматы: Наука, 1983. – 277 с.
120. Сыздықов С.М. Қарлық мемлекетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 216 б.
121. Рашид ад-дин. Сборник. 1 том. 2-книга. – М.: Изд-во АН СССР, 1979. – 222 с.
122. Трубецкой Н.С. Наследие Чингиз хана. – М.: Аграф, 2000. – 560 с.
123. Григорьев А.П. Конкретные формуляры чингизидских жалованных грамот // Тюркологический сборник. 1974 г. – М.: Наука, 1978. – С. 54-67.
124. Сейфиддини М.А. Монеты ильханов XIV в. – Баку: Изд. АН АзССР, 1981. – 196 с.
125. Феодоров-Давыдов Г.А. Золотая Орда и монгольский Иран / Вестник МГУ. – М., 1978. – № 6. – С. 41-55.
126. Феодоров-Давыдов Г.А. Этнические процессы в Средней Азии в XIII-XVI вв. // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. Инст. этнографии АН СССР. – М., 1990. – С. 57-74.
127. Несеви, Шахаб ад-дин. Сират Джалал ад-дин Минкбурни / М. Минуйдің редакциясымен. – Тегран: Бомдод, 1365. – 352 б.
128. Бунятов З.М. Государство хорезмшахов-ануштегинидов 1097-1231 гг. АН АзССР. – М.: Наука, 1986. – 231 с.
129. Аманжолов К.Р., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы. – Алматы: Білім, 1999. – 320 б.
130. Ала ад-дин Ата Малек ал-Джувейни. Тарихе Джахангушой. III том. – Тегран: Бомдод, 1329/1911. – 345 с.
131. Эқбол Аштиани. Тарихе моғул. – Тегран: Амир Кабир, 1364. – 326 б.
132. Ализаде А.А. Социально-экономическая и политическая история Азербайжана XIII-XIV вв. – Баку: Изд.АН Аз ССР, 1956. – 288 с.
133. Бартольд В.В. Сочинение. V том. – М.: Наука, изд. АН СССР, 1968. – 431 с.
134. Шпулер Б. Тарихэ моғул дар Иран. – Тегран: Бомдод, 1972. – 377 б.
135. Аль-Кашани, Абулькасем. Тарихэ Олджайту. – Тегран: Бомдод, 1348 х/ж. – 293 б.
136. Хафиз Абру. Зейль джомэ ат-тауарих рашиди. – Тегран: Бомдод, 1345. – С. 356.
137. Төреқұлов Н. Шығармалары / ауд. С. Сахабат. – Шымкент: Қазақ Ұлттық Мәдени Қоры. 1996. – 165 б.
138. Ширин Байани. Иран дар бархурд бо моғул. – Тегран: Тахури, 1353 х/ж. – 285 б.
139. Книга Марко Поло. – М.: Государственное издательство Географической литературы, 1956. – 359 с.
140. Тарихе адаб сафа. – Тегран: Амир Кабир, 1364. – 334 с.

141. Кадырбаев. А. О Государственности кочевников средневекового Казахстана // Казахстан и мировое сообщество. – № 4. – 1996. – С. 16-29.
142. История Мар Ябалаха и раббан Саумы. – М.: Наука, 1958. – 128 с.
143. Вассаф Аль-Хазра. Тарихэ Вассаф Аль-Хазра дар ахуал ас-салатин моғул. – Тегран: Ибн Сина, 1337. – 252 б.
144. Хинаят Б. Жауырынның сакральды қызметінің тарихи-этнографиялық аспектілері // Отан тарихы. – № 3-4. – 2000. – 1-7 б.
145. Аль-Ахари, Абу Бакр Аль-Кутби. Тарихи шейх Увейс. – Баку: Элм, 1984. – 152 с.
146. Рубинчик Ю. Предисловие к первому изданию // Персидско-русский словарь. I басылым. – Тегран: «Башарат» баспасы, 1998. – 800 б.
147. Курпалдис Г.М. Государства Великих Сельджукидов. Официальные документы об адм. управлении и соц.-экон. отношениях. Росс. АН. Инст. востоковедения. – М.: Наука, 1992. – 298 с.
148. Leiser.G. Notes on the Madrasa in Medieval Islamic Societ. – MW: 1986. – Vol. 76. – № 1. – P. 17-29.
149. Gielbert. J.E. institutionalization of Muslim sholarship and Professionalisation of the 'ulama' in Medieval Damascus. S1. – 1980. Vol. 52. – P. 221.
150. Крымский А.Е. История Персии, ее литературы и дервишской теософий. Новое, обширное переработанное издание. 311-2. – М., 1914-1917. – 239 с.
151. Тримингэм. Суфийские ордены в исламе / перевод с английского А.А. Ставиской; под ред. и с предисл. У.Ф. Акимушкина. – М.: Наука, 1989. – 252 с.
152. Дэвид Морган. Иран дар садэхойэ мионэ. – Тегран: Бомдод, 1374 х/ж. – 198 б.
153. Заррин Куб. Корномейэ эслами. – Тегран: Шахид Бехешти, 1375. – 30 б.
154. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 163 б.
155. Асия Джавади. Ма'мориэ Ирани. I том. – Тегран: «Моджарад» баспасы, 1363. – 11 б.
156. Воронина В.Л. Архитектура средневекового Ирана // Всеобщая история архитектуры. VIII т. – М.: МГУ, 1969. – С. 136-169.
157. Афзал ад-дин Кермани. Тарихэ Афзал. – Тегран, Хонарманд, 1979. – 330 б.
158. Кызласов Л.Р. Городская цивилизация тюркских народов южной Сибири в эпоху средневековья // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – Алматы: Наука, 1989. – С. 389-409.
159. Кызласов Л.Р. Мартынов С.В. Из истории производства посуды в Южной Сибири в VI-IX вв. // Восточный Туркестан и Средняя Азия в системе. – С. 123-138.
160. Грабер А. Хонархойэ таджасми. 442-751х/1050-1350 м // Тарихэ Иран аз омаданэ салжукион та форупошиэ даулатэ ильханион. – Пезухешэ донешгахэ Кембридж. – Тегран: Амир Кабир, 1371 х/ж. – 46-63 б.

161. Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана. – Алматы: Өнер, 1987. – 235 с.
162. Кастанье А.И. Древности киргизской степи и Оренбургского края. – Оренбург, 1911. – 242 с.
163. Акишев К.А., Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1979. – 299 с.
164. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1966. – 328 с.
165. Байбосынов Қ. Өлкеміздегі көне наным-сенімдер мен діни ағымдар // Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері. I том. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының 4-халықаралық оқулары материалдары. 29-31 мамыр, 2001 ж. – Тараз. – 112-133 б.
166. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Наука, 1962. – С. 152.
167. Голамхусейн Но'й. Ұлттық дүниетаным және Иран сәулетіндегі өмірлік қасиеттер. – Тегран: Ираншехохт журналы. 13-сан. Жаз, 1378. – 251 б.
168. Хуг Дж. Хонарэ ма'мори дар сарзаминхой ислами / парсы тіліне аударған Парвиз Варжованд. – Тегран: Тегран университеті, 1348. – 294 б.
169. Палолези. Та'сирэ ма'мориэ конбадэ Солтанийэ Иран бе сохтемонэ конбадэ Санта Мария дел Фиориэ Италия / аударған Реза Касой. – Тегран: Моджарад, 1361. – 45 б.
170. Дональд. Н. Вильбер. Ма'мориэ Ислами дар доурейэ Ильханион / аударған Абдолла Фариод. – Тегран: Моджарад, 1346. – 333 б.
171. Кунель Э. Хонарэ Ислами / парсы тіліне аударған Хуршанг Тохери. – Тегран: «Тус» баспасы, 1355. – 395 б.
172. Феодоров-Давыдов Г.П. Очерки культуры и искусства народов Евразийских степей и Золотоордынских городов. – М.: Искусство, 1976. – 322 с.
173. Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті тай қазан // Яссауи тағылымы. – Түркістан: Мұра, 1996. – 112-115 б.
174. Мұхаммад Юсуф Кйани. Торихэ Хонарэ ма'мориэ Иран дар доурейэ Ислами. – Тегран: Самт, 1373. – 268 б.
175. Хухкем Хильда. Властитель семи созвездий / пер. с англ. Г. Хидютова. – Ташкент: Адолат, 1994. – 263 с.
176. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы: Наука, 1997. – 225 с.
177. Пуп А. Ма'мориэ Иран / парсы тіліне аударған Ғұламхусейн Садри Афшар. – Тегран: «Энзели» баспасы, 1366. – 204 б.
178. Қамбаров Қ. Қазақ ұлттық күнтізбесі // Парасат. – № 7. – 1998. – 14-15 б.

179. Загайнов В.И., Токбергенов О.К. Занимательный практикум по астрономии: учебное пособие. – Алматы: Респ. издательский каб. Каз. академии образования им. И. Алтынсарина, 2000. – С. 39-46.
180. Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Яссави. – Алматы: Өнер, 1989. – 264 с.
181. Тахсин Парлак. Сыр-Арал аймағындағы тоқымашылық дәстүрі және оны дамыту жолдары: тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001. – 27 б.
182. Жеменей И. Ислам өркениеті және түркілер // <http://turkiya.kz>.
183. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеттілігі: монография. Екі томдық ғылыми зерттеу. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
184. Бұлытай М. Иран және Түркістан // Ізгілік. – 9/29/2008 12:44:00 PM.
185. Худяков Ю.С., Хаславская Л.М. О пламевидном орнаменте в южносибирской торевтике. – С. 245-249.
186. Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи Евразии. – СПб., 1994. – С. 21.
187. Жеңіс Ж. Орта ғасырлардағы тұрандықтар және Иран (XI-XIV ғасырлардағы түркілер билігі тұсындағы Ирандағы діни, саяси және мәдени дамулар). – Түркістан: ХҚТУ, 2004. – 223 б.
188. Қыдыр Т.Е. Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI-XII ғ.): фил. ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 2005. – 144 б.
189. Эброхим Пурбабад. Ясна. I том. – Тегран: Тус, 1364 х/ж. – 245 б.
190. Бахрами А. Пойданэ марз ва хамосейе Араш // Ираншехохт. – Тегран: №13. – 200-218 б.
191. Тафазолли Ахмад. Минуйэ хорд. – Тегран: Тус, 1364 х/ж. – 268 б.
192. История Ирана с древнейших времен до конца XVIII века / под ред.: В.В. Струве, И.А. Орбели, И.П. Петрушевского. – Л.: Изд. ЛенГУ. – 390 с.
193. Кляшторный С.Г. Из истории борьбы народов Средней Азии против арабов (по руническим текстам). ЭВ. IX. – М-Л., 1954. – С. 55-64.
194. Джалилов А. Согд накануне арабского нашествия и борьба согдийцев против арабских завоевателей в первой половине VIII в. – Сталинабад: Изд. АН ТССР, 1961. – 167 с.
195. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
196. История Казахстана в западных источниках. – Алматы: Санат, 2005.
197. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1994.
198. Фирдауси А. Шахнаме. Толық мәтін. – Тегран: «Қатре» баспасы, 1374. – 1368 б.
199. Исмагулов О.И. др. Антропологические аспекты происхождения казахского народа // Известия АН РК. Серия общественных наук. 1(187). – 1993. – С. 18-34.

ҚОСЫМШАЛАР

А қосымшасы


Парсы тіліне түркі тілінен енген сөздер тізімі*:

- [аға] – мырза
- [орда] – әскер
- [арғун] – жүйрік ат
- [алтамға] – грамоталар мен жарлықтардағы мөр
- [амбесни] – абысын
- [аяқ] – ыдыс, кесе
- [илчи] – елші
- [баджанақ] – бажа
- [басқак] – салық жинаушы
- [байған] – мұрағат меңгерушісі, ақша жинаушы
- [байғани] – мұрағат
- [бандақ] – артиллериялық снаряд
- [бандақчи] – артиллерист
- [тарлан] – сұңқардың бір түрі
- [тарлық] – көйлек ішінен киетін киім
- [тошак] – көрпе
- [тансук] – оригинал, таңсық
- [танмық] – кітапты безендіру
- [танмықчи] – кітапты безендіруші
- [тымча] – кішкене дүкен, жабық базар, киоск
- [шау, чау] – қағаз ақша, купюр
- [шерік, чарик] – партизан
- [чимчақ] – сарбаз дорбасы
- [хасак] – аттың аяғына тастайтын тікенді сым
- [сурсат] – провиант
- [сурсатчи] – провиантмейстер
- [ияға] – қорамсақ
- [тархан] – салықтан босатылған адам
- [тоғра] – жарлық, декрет
- [тоғрай] – кеңсе басшысы
- [тайан] – штукатур
- [туйғуш] – құсаты
- [ғулташ] – дулыға, каска, шлем
- [ханум] – ханым


*Түркі тілінен парсы тіліне енген жекелеген сөздер туралы мәліметтер төмендегі әдебиеттерден алынды: 1. Абульхасем л-Кашани. Тарих-э Олджайту. – Техран: Бомдод, 1348 х/ж. – 293 б. 2. Хафиз Аbru. Зейль джомэ ат-тауарих рашиди. – Техран: Бомдод, 1345 х/ж. 3. Рубинчик Ю. Предисловие к первому изданию // Персидско-русский словарь. – I басылым. – Техран: «Башарат» баспасы, 1998. – 800 б.

- [қапу] – қақпа
- [қапуқ] – нысана, мишень
- [қачақ] – контрабанда
- [қалтақ] – шарлатан, дүмше, алаяқ
- [қаян] – қайын
- [қапан] – дәутаразы
- [қабарға] – қабырға
- [қарасұран] – конвой, патруль, қарауыл
- [қарашы] – қысат
- [қарашор] – үлкен қылыш
- [қаз] – жібек, шикізат
- [қазағанд] – сауыт ішінен киетін орама
- [қазлақ] – құлып
- [қарабан] – қарақұмық
- [қарағаз] – құсаты, баклан
- [қарақулақ] – сілеусін
- [қашау] – егеу, қашау
- [қошын] – әскер
- [қесрақ] – қысырақ бие
- [құба] – бөртпе
- [құндақ] – құндақ
- [қумани] – боза
- [қангаш] – кеңес
- [қанг] – қанат, қол, бұтақ
- [қанг] – күшті, мықты, батыр
- [ғезлик] – бәкі, кездік
- [гелин] – келін
- [ятаған] – жатаған, подшипник
- [яза, иаса] – жаза
- [ялғуз] – жалғыз
- [ясауыл] – әкімді ертіп жүруші аттылы
- [ярғу] – қала басшысы, күзет басшысы,
- [яғма] – тонау, ұрлық
- [яғмагер] – тонаушы
- [еғұп, иғұп] – дөрекі, ебедейсіз дәу
- [янге] – жеңге, келінді неке түніне дайындайтын әйел
- [яйлақ] – жайлау, дача

XI-XIV ғасырлардағы Ирандағы түркілер билігі тұсында салынған сәлет ескерткіштері, материалдық мәдениет үлгілері және қазақ халқының материалдық мәдениет үлгілері:




1-сурет. Тиграхауда сактарының парсыларға салым алып келіп тұрған сәттері




2-сурет. Иранның Йазд қаласындағы зороастр мазары




3-сурет. Шығыс Қазақстандағы Қозы Көрпеш – Баян Сұлу мазары мен
Ұлытаудағы мазарлар кешені



4-сурет. Рубруктың моңғол көшінің көліктерін суреттеуі (XIII ғ.)



5-сурет. Шыңғыс ханның 1209 жылы құрылтайда Ұлы Қаған болып жариялану салтанаты (ортағасырлық Иран миниатюрасы)



6-сурет. Әзірбайжан, Ауғанстан мен Ирандағы мұнара тәріздес мазарлар.
1 – Ғазна мұнарасы, 2 – Меймана қатын мұнарасы, 3 – мұнара мазары




7-сурет. Түркі тарихындағы қазандар (сақтар қазаны және Түркістан қаласындағы тайқазан)



8-сурет. Түркістандағы Яссауи кешеніндегі монша



9-сурет. Ирандағы Марага обсерваториясы (XIII ғ.)



10-сурет. Киіз үй обсерватория ретінде
(Загайнов В.И, Токбергенов О.К.)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I Ерте кезеңдердегі Тұран мен Иран	7
1.1. Ерте кезеңдердегі түркі-иран рухани байланыстары.....	7
1.2. Тұран мен Иран арасындағы саяси қатынастар.....	12
1.3. «Шахнаме» дастанындағы Тұран мен Иран	25
II Түркілердің жаулап алулары қарсаңындағы Иран мен Түркістан (IX-X ғ.)	38
2.1. Түркілер жаулап алулары қарсаңындағы аббасилік Ирандағы діни-саяси ахуал	38
2.2. IX-XI ғасырлардағы Түркістанның көшпенді түркілері және олардың исламды қабылдауы	52
III XI-XIV ғасырлардағы түркілер билігіндегі Иран	81
3.1. XI ғасырдағы селжүктердің Иранды жаулап алуы және оның діни-саяси сипаты мен салдарлары	81
3.2. XIII ғасырдағы Түркістан моңғол-түркілердің Иранды жаулап алуы және оның діни-саяси сипаты мен салдарлары	118
IV Түркілердің XI-XIV ғасырлардағы Иран мәдениетіне ықпалы	159
4.1. Түркілер билігі дәуіріндегі Ирандағы дін мен руханият саласындағы өзгерістер.....	159
4.2. XI-XIV ғасырлардағы Түркістан түркілерінің Ирандағы материалдық мәдениетке ықпалы.....	169
Қорытынды	1188
Библиографиялық тізім	197
Қосымшалар	207

Оқу басылымы

Жеңіс Жомарт Жеңісұлы

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕН ИРАНЫҢ МӘДЕНИ,
САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ**

Оқу құралы

Редакторы *К. Сәбит*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

Мұқабаны безендірудегі сурет
www.history-thema.com сайтынан алынды.

ISBN №10349

Басуға 23.01.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 14,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №86.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.